


ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Сулейман Демирель атындағы университет

Жолشاева Майра Сатыбалдиевна

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ:
ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ**

Оқу құралы

*(5B020500 - филология: қазақ филологиясы мамандығы
студенттеріне арналған)*

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 Қаз - 923

Ж 69

Оку құралы баспаға Сулейман Демирель атындағы университеттің Ғылыми Кеңесі (Хаттама №3, 28 қыркүйек 2017 жыл) және әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеттің жаңындағы КР БжФМ жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Гуманитарлық ғылымдар» мамандықтары тобы бойынша Оку-әдістемелік бірлестіктің мәжілісінде ұсынылған (Хаттама № 1, 25 қаңтар 2018 жыл).

Пікір жазғандар:

Т. Ермекова – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Н. Ильясова – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Қ. Мұхамади – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Жолшаева М.С.


**Ж 69 Қазіргі қазақ тілі: жай сөйлем синтаксисі: Оку құралы. /
М.С. Жолшаева. – Алматы: ЖК «Балауса» баспасы, 2018. – 192 бет.**

ISBN 978-601-7537-64-7

Оку құралында қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі қарастыратын мәселелер сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем (жай сөйлемдер) синтаксисі, сөйлем мүшелері синтаксисі бойынша топтастырылған. Әр салаға қа-тысты теориялық түсініктерді практикалық тұрғыдан бекіту мақсатында және кредиттік оқыту технологиясына сәйкес тақырыптардан кейін бақылау сұраптары, семинар тапсырмалары мен студенттің өзіндік жұмыс тақырыптары және оларды орындауға қажетті әдебиеттер тізім, зертханалық тапсырмалар берілген. Еңбек студенттерге, оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 811.512.122(075.8)

КБЖ 81.2 Қаз - 923



© Жолшаева М.С., 2018

© ЖК «Балауса», 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Тілдің басты қызметтерінің бірі – адамдар арасында өзара пікір алысу, қарым-қатынас жасаудың құралы болу қызметін атқа-руы. Тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «тілдің міндегі – ақылдың аңдауын аңдаған-ша, киялдың мензеуін мензегенінше, қонілдің тулоін түйгенінше айтуга жарада». Тілдің бұл қызметі сөйлеуден көрінеді.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық бағыттағы Қазақ тілі мен әдбіеті және ғылыми бағыттағы Филология (казак) мамандықтары бойынша мамандар даярлайтын білім беру бағдарламасы мазмұнын құрайтын лингвистикалық пәндердің қатарындағы іргелі теориялық курстың бірі – «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі».

Филолог мамандарды даярлауда «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі» пәні синтаксисті құрайтын үлкен саланың негізінде екі курсқа бөліп оқытылады: Қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі және Қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі. Алайда қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты арнайы жазылған бірнеше оқу құралы болғанымен, жай сөйлем синтаксисіне қатысты оқу құралы жоқтың қасы. Жай сөйлем синтаксисінің шеңберінде қарастырылатын мәселелер қазіргі қазақ тілі синтаксисіне қатысты жалпы мәселелерді қамтитын еңбектерде айтылады. Дегенмен, қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі арнайы теориялық білім беретін пән ретінде филология мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнында болғандықтан және бұл курс бойынша, бір жағынан, арнайы оқу құралының жоқ екендігін ескеріп, екінші жағынан, синтаксис саласы бойынша соңғы кездері жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қамту мақсатында, ушіншіден, синтаксистік бірліктерге құрылымдық тұрғыдан ғана емес, функционалды-семантикалық және коммуникативтік-прагматикалық аспекттен келу арқылы қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисінен оқу құралын дайындау ниетінен осы еңбек жазылды.

Ғылымда үнемі даму, жетілу, тың пайымдаулармен толығу үдерісі үздіксіз жүріп отырады. Тіпті бұрынғы зерттеу нысандары, қалыптасқан қағидалар мен тұжырымдар уақыт ете қайта назарға алынып, жаңа пайымдаулармен толығады, алмастырылады. Бұл үдерістен тіл ғылымы да сырт қалмайды. Тілтанымдағы зерттеудің жаңа қырлары құрылымдық грамматиканы тірек етеді және соның негізінде соны бағыттар сарапанып, қалыптасады. Бұға лингвистика тілдің функционалды жағын зерттеуге басымдық береді. Өйткені тілдік бірліктердің семантикалық қырлары олардың қолданысынан көрінеді. Бұл құрылымдық-семантикалық аспектінің ары қарай тіл функциясын зерттеуге барып ұласатындығын көрсетеді. Осылымен байланысты оку құралында синтаксистік бірліктердің құрылымдық аспектісі ғана емес, функционалды аспектісіне де назар аударылды. Осылыган орай, оку құралында толымды сөйлемдер мен толымсыз сөйлемдер, атаулы сөйлемдердің грамматикалық табиғатын түсіндіру барысында сөйлеу жағдаяты, сөйлеу мақсаты мен мәнмәтін мәселелері де ескеріліп отырды. Сонымен қатар, оку құралының мазмұнына валенттілік теориясына қатысты ақпараттар, парцеляцияланған сөйлемдер және олардың басқа синтаксистік құбылыстармен арақатынасын тілдік талдаулар арқылы көрсетіп сипаттайтын тақырыпшалар да енді.

Оку үдерісіндегі кредиттік оқыту технологиясының талаптары ескеріле отырып, оку құралында дәрістердің мәтіні ғана емес, дәріс мазмұнын ары қарай толықтыру және тереңдету мақсатында сол дәріс тақырыбының аясында семинар тақырыптары, студенттің өзіндік жұмыстарының тақырыптары мен оларды орындауга қажетті әдебиеттер тізімі берілді. Сонымен қатар, теориялық білімді практикалық тұрғыдан негіздеу мақсатында біріншіден, әр дәрістің сонынан пысықтау сұрақтары берілді; екіншіден, теориялық материалдарды негіздейтін зертханалық талдау тапсырмалары ұсынылды; үшіншіден, дәрістердің мазмұны бойынша білім алушылардың игерген білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында құрастырылған тест тапсырмалары берілді; төртіншіден, синтаксис саласы бойынша дәрістердегі ғылыми ақпараттарды игеруді оңтайландыруға септігі тиер деген мақсатпен глоссарий ұсынылды.

1 СИНТАКСИСТИҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРИ

1.1 Синтаксис: зерттеу нысаны, негізгі ұғымдары

1. Грамматиканың құрамдас бөлігі болып табылатын синтаксис саласы – иерархиялық тіл жүйесіндегі басқа тіл деңгейлерін өз ішінде қамтитын курделі және бәрінен жоғары тұратын тіл деңгейі.

Синтаксис термині гректің құрастыру, біріктіру деген мағынаны беретін *syntaxis* сөзінен пайда болған және бірнеше түсінікте қолданылады. Біріншіден, грамматиканың үлкен бір саласы; екіншіден, осы саланың зерттеу нысандарын түрлі қырынан қарастыратын ғылым; үшіншіден, сөйленімнің (высказывание) құрылышы, жүйесі деген мағынада қолданылады.


Грамматиканың өзара бірі-бірімен тығыз байланысты екі саласының бірі морфология сөздің құрамын, оның түрлі тұлғада түрлену тәртібін, сол арқылы туындастырын грамматикалық мағына түрлерін қарастыратын болса, синтаксис осы түрлі сөзтұлғалардың өзара семантикалық әрі тұлғалық үйлесімділікте келіп байланыска түсу заңдылықтарын, өзара тіркестен туындастырын синтаксистік қатынастың түрлері, сөз бен сөз тіркестерінің сөйлем құраудың заңдылықтары, сөйлемнің құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік жағынан түрлерге жіктелуі, сөйлем құраудың амал-тәсілдері, сондай-ақ жекелеген сөйлемдердің өзара бірігу жолдарын зерттейді. Яғни тіл білімінің бір саласы ретінде синтаксис пікір алысады (коммуникацияны) жүзеге асыратын синтаксистік бірліктерді түрлі аспектіден – құрылышы, мағынасы, қызметі, қолданылу мақсаты және т.б. жағынан қарастырады.

Тілдің басты қызметі пікір алысу десек, бұл үдеріс барысындағы басты коммуникативтік бірлік сөйлем болып табылады. Ол – адам ойын жарықта шығаруды жүзеге асыратын синтаксистік бірлік, ал сөз бен сөз тіркестері – осы сөйлем құраудың материалдары. Осымен байланысты синтаксистік зерттеу еңбектерінде бұл саланың зерттеу нысаны ретінде *сөз формасы*, *сөз тіркесі*, *сөйлем* және *мәтін* аталып жүр. Бұлардың барлығын бір сөзбен проф. Б.Шалабай *синтаксистік тұлға-бірліктер* деп атайды.

Қ.Жұбанов синтаксистің басты нысанының бірі сөйлем болып табылатындықтан, грамматиканың синтаксис саласын екінші сөзбен *сөйлем жүйесі* деп атайды [1, 34].

Синтаксис саласының мамандары оның нысаны ретінде сөз тіркесі, сөйлем және мәтінді атап, соның негізінде бұл саланы іштей күрамдас үш болікке ажыратып қарайды. Сөз тіркесін синтаксис аясында қарауда олардың (сөз тіркестерінің) сөйлемді құрайтын компоненттер екендігін басшылықта алса, сөйлемді синтаксистік басты нысаны ретінде алуда оның ойды білдіретін бірден-бір коммуникативтік бірлік екендігін негізге алынады. Ал тұтас ой ағыны мәтін арқылы ғана көрінетіндіктен, оны басты нысан ретінде алу осымен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен, синтаксис өз ішінде белгілі шарттармен сараланады:



Сызба 1. Синтаксистің үш саласы

Сөз тіркесінің синтаксисі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін, байланысу формаларын, тіркесу нәйкесінде пайда болатын синтаксистік қатынастың түрлерін анықтайды. Ол – синтаксистік парадигманың бастапқы сатысы, сөйлем синтаксисіне аппаратын жол. Бұл ойымызды профессор Б.Шалабайдың: «Сөз тіркесінің синтаксисі – жалпы тілдік жүйеде лексика-морфологиялық деңгей мен синтаксистік деңгейдің жалғастыруышы аралық өткермелі саты» [2, 6-7] деген пікірі негіздей түседі.

Сондай-ақ, Ж.Жақыпов та осы тұжырыммен сабактас болатын мынандай пікір білдіреді. Ол сөз тіркесін синтаксистік құбылыстардың қозғаушы нұктесі деп санай отырып: «Сөз тіркесі – шикізат қана, сөйлемнің материалы ғана емес, өзінің байланысу түрлері мен тәсілдері арқылы сөйлемнің ғана емес, орамды тілдің (связная речь) ой жалғастыру мақсатында дайындалған құрылымдық тетігі» [3, 14] деген ой қорытады. Сондай-ақ, сөз тіркесі коммуникация барысында қажетіне қарай сөйлем ішінде өзгеріп, «жылжып» отырады.

Тілдің маңызды қызметтерінің бірі саналатын коммуникация мен танымдық әрекет сөйлем арқылы жүзеге асады.

Сөйлем синтаксисі сөйлемдердің түзілу тетіктерін, құрылымы мен құрамын, түрлерін, күрделену жолдарын, жеке-жеке сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдерін, сол арқылы күрделі ой түзу зандылықтарын зерттейді. Сөйлем – синтаксистік жүйедегі басты категория және ойды сыртқа шығарушы ең кіші синтаксистік бірлік. Яғни тілдің коммуникативтік қызметін іске асыратын негізгі сөйлеу бірлігі болып табылады. Сөйлем синтаксисі іштей **жай сөйлем синтаксисі** және **құрмалас сөйлем синтаксисіне** сарапанаады. Жай сөйлем синтаксисіне нысан болатын сөйлемдер – бір ғана предикаттық қатынасқа негізделген жай сөйлемдер және оның күрделенген түрлері, яғни күрделенген жай сөйлемдер болып табылады.

Мәтін синтаксисі мәтін түзетін өзара мағыналық жағынан тығыз байланысты бірнеше дербес сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, олардың арасындағы функционалды-семантикалық қатынастарды және тағы басқаларды қарастырады. Ол синтаксистің құрамдас бөлігі ретінде соңғы кездері ғана айтылып келеді.

Мәтін деп сейлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлесімдер тізбегін айтамыз [8, 158]. Болмыстағы кез келген құбылыс туралы ақпаратты кейде бір сөйлем бойына сиғызыу мүмкін болмайды. Сондықтан да объективті шындықтың көріністерінің тілде толық көрініс табуы бір немесе бірнеше сөйлемнен тұратын тұтас мәтін арқылы жүзеге асырылады. Мәтін тілдің иерархиялық құрылымындағы ең жоғарғы деңгей бірлігі саналады. Мәтін – күрделі семантикалық және синтаксистік құрылымы бар сөйлеу туындысы. Ол мазмұн тұтастыры мен ой тиянактылығы жағынан бүтіндік сипатымен ерекшеленеді. Мәтін бірнеше жекелеген сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді. Дегенмен, лингвистикада бір сөйленімнен ғана тұратын сөйлеу туындыларының да мәтіннің ерекше түрі ретінде қарастырылатын жайттары бар. Мәселен, О.Москальская, В.А.Кухаренко, М.В.Никитин, М.Ахметова еңбектерінде мәтіннің көлеміне қа-тысты айтқан пікірлерін сарапай отырып, мәтіннің максимальды көлемінің шегі жоқ, ең кіші мәтін көлемі сөйленіммен тең түсетіндігін айтады. Мысалы: – Ерні кезеріп жатыр. Су ... – Сестра! ... – деді дәрігер айғайлан. Сырттан ақ халатты қыз жүгіріп

Синтаксис саласының мамандары оның нысаны ретінде сөз тіркесі, сөйлем және мәтінді атап, соның негізінде бұл саланы іштей күрамдас үш белікке ажыратып қарайды. Сөз тіркесін синтаксис аясында қарауда олардың (сөз тіркестерінің) сөйлемді құрайтын компоненттер екендігін басшылықта алса, сөйлемді синтаксистік басты нысаны ретінде алуда оның ойды білдіретін бірден-бір коммуникативтік бірлік екендігін негізге алынады. Ал тұтас ой ағыны мәтін арқылы ғана көрінетіндіктен, оны басты нысан ретінде алу осымен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен, синтаксис өз ішінде байланыстырылғанынан да:



Сызба 1. Синтаксистің үш саласы

Сөз тіркесі синтаксисі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін, байланысу формаларын, тіркесу нәиженде пайда болатын синтаксистік қатынастың түрлерін анықтайды. Ол – синтаксистік парадигманың бастапқы сатысы, сөйлем синтаксисіне аппаратын жол. Бұл ойымызды профессор Б.Шалабайдың: «Сөз тіркесінің синтаксисі – жалпы тілдік жүйеде лексика-морфологиялық деңгей мен синтаксистік деңгейді жалғастыруши аралық өткермелі саты» [2, 6-7] деген пікірі негіздей түседі.

Сондай-ақ, Ж.Жақыпов та осы тұжырыммен сабактас болатын мынандай пікір білдіреді. Ол сөз тіркесін синтаксистік құбылыстардың қозғаушы нұктесі деп санай отырып: «Сөз тіркесі – шикізат қана, сөйлемнің материалы ғана емес, өзінің байланысу түрлері мен тәсілдері арқылы сөйлемнің ғана емес, орамды тілдің (связная речь) ой жалғастыру мақсатында дайындалған құрылымдық тетігі» [3, 14] деген ой қорытады. Сондай-ақ, сөз тіркесі коммуникация барысында қажетіне қарай сөйлем ішінде өзгеріп, «жылжып» отырады.

Тілдің маңызды қызыметтерінің бірі саналатын коммуникация мен танымдық әрекет сөйлем арқылы жүзеге асады.

Сөйлем синтаксисі сөйлемдердің түзілу тетіктерін, құрылымы мен құрамын, түрлерін, күрделену жолдарын, жеке-жеке сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдерін, сол арқылы күрделі ой түзу зандылықтарын зерттейді. Сөйлем – синтаксистік жүйедегі басты категория және ойды сыртқа шыгарушы ең кіші синтаксистік бірлік. Яғни тілдің коммуникативтік қызыметін іске асыратын негізгі сөйлеу бірлігі болып табылады. Сөйлем синтаксисі іштей *жай сөйлем синтаксисі* және құрмалас *сөйлем синтаксисіне* сараланады. Жай сөйлем синтаксисіне нысан болатын сөйлемдер – бір ғана предикаттық қатынасқа негізделген жай сөйлемдер және оның күрделенген түрлері, яғни күрделенген жай сөйлемдер болып табылады.

Мәтін синтаксисі мәтін түзетін өзара мағыналық жағынан тығыз байланысты бірнеше дербес сөйлемдердің байланысу тәсілдерін, олардың арасындағы функционалды-семантикалық қатынастарды және тағы басқаларды қарастырады. Ол синтаксистің құрамадас бөлігі ретінде соңғы кездері ғана айтылып келеді.

Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлесімдер тізбегін айтамыз [8, 158]. Болмыстағы кез келген құбылыс туралы акпаратты кейде бір сөйлем бойына сиғызу мүмкін болмайды. Сондықтан да объективті шындықтың көріністерінің тілде толық көрініс табуы бір немесе бірнеше сөйлемнен тұратын тұтас мәтін арқылы жузеге асырылады. Мәтін тілдің иерархиялық құрылымындағы ең жоғарғы деңгей бірлігі саналады. Мәтін – күрделі семантикалық және синтаксистік құрылымы бар сөйлеу туындысы. Ол мазмұн тұтастыры мен ой тиянақтылығы жағынан бүтіндік сипаттымен ерекшеленеді. Мәтін бірнеше жекелеген сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді. Дегенмен, лингвистикада бір сөйленімнен ғана тұратын сөйлеу туындыларының да мәтіннің ерекше түрі ретінде қарастырылатын жайттары бар. Мәселен, О.Москальская, В.А.Кухаренко, М.В.Никитин, М.Ахметова еңбектерінде мәтіннің көлеміне қа-тысты айтқан пікірлерін саралай отырып, мәтіннің максимальды көлемінің шегі жоқ, ең кіші мәтін көлемі сөйленіммен тең түсетіндігін айтады. Мысалы: – Ерні кезеріп жатыр. Су ... – Сестра! ... – деді дәрігер айғайлап. Сырттан ақ халатты қыз жүгіріп

kirdi (Ә.Нұрпейісов). Мұндай тілдік қолданыстардағы бірнеше ой тізбегінің бір сөзben, сөйлеммен берілуін түсіндіруде контекст пен жағдаяттың атқаратын рөлі зор. Тағы бір мисал: *Бархан қой соңынан ерген жылдарда қашама су ақты, қашама жасырақ саргайды, қашама рет құстар келіт қайтты ...* (О.Бекей) деген мәтін арқылы білдірілетін белгісіз созылыңқылық – «Барханның бірнеше жыл қой багу» әрекеті тұтас мәтін мазмұнынан туындал жатқан мағына болып табылады.

Сөйлемдегі ой тиянақсыздығы мен мазмұнның берілуі немесе оның толық ашылуы екінші бір сөйлемнің ықпалын қажет ететін, сөйлемнің тәуелділігін көрсететін ұластыруши тілдік бірліктер арқылы жүзеге асатын бірнеше сөйлемдер тізбегінен тұратын мәтін арқылы көрінеді. Сөйлем құрамында оның контекстке тәуелділігін көрсетіп тұратын белгілері болады. «Қазақ тілінде ондай көрсеткіштерге есімдіктер, шылаулар, қыстырма-модаль сөздер, сан есімдер, ұстеулер, сөйлем құрамында «иесі» қатыспай тұрған тәуелдік тұлғадағы сөздер жатады. Бұлардың синсемантикалық реңктері әр түрлі болады: бірінде айқын, бірінде көмескі» [9, 58].

Мисалы: *Олар үйлеріне түн жасыримда кеп от жасағып, ыстық қаумет жасасап ішіп, ақыреттей сұық көрпенің астына кіріп, көздері үйқыга кеткеніше бойлары жылынбайтын.*

Жылынбаган бойы үйықтап кетеді.

Тістерінің сақылдаганы қатты үйқыга кеткенде гана тоқталауды.

Тұстеріне лаулаган от, ыстық монша кіреді.

Бойлары енді жылынғанда сібірлеп таң атып, бұлар орында-рынан тұрып кетеді.

Ертең тағы да осы күн (Д.Исабеков). Осы мәтінде соңғы сөйлем арқылы түйінделген қимылдың қайталану мағынасы алдыңғы сөйлемдер арқылы түсіндірілген. Яғни күнделікті қайталанатын әрекеттер санамалап көрсетіліп, мәтін соңында бір ғана шылаудың (жалғаулық пен демеулік) қызметі арқылы алдыңғы сөйлемдер мен соңғы сөйлем арасында мағыналық тәуелділік пен байланыс орнап, олар өзара тұтас тиянақты ойды беретін мәтін түзген. Әрине, мәтін құрамындағы кейбір сөйлемдерде кездесетін қимылдың қайталануынан хабар беретін грамматикалық көрсеткіштердің болуы

тұтас мәтін арқылы берілетін мазмұнды толықтыруға, нақтылау мен күшетуге қызмет етеді. Мағыналық тәуелділікке ие соңғы сөйлемді мәтіннің алдыңғы бөлігімен байланысқа түсіріп, ұластышуры қызмет атқарып тұрган *осы* сілтеу есімдігі болып табылады.

Келесі мәтінге назар аударалық: *Бар жақсылықты шалынан күтіп үйде қалған кемтірі мен ала жаздайғы еңбегі желге үшін, өксін жатқан қаршадай немересін ойлаганда қанша бекем болам десе де Тоқсанбайдың көзінен жазғы жаңбырдан екі тамшы ытқып шығып, сақалына сіңіп кетті. Содан соң тағы да, тағы да* (Д.Исабеков). Бұл үзіндіде де соңғы сөйлемдегі жалғаулық арқылы берілетін қимылдың қайталану мағынасы алдыңғы сөйлем мазмұны арқылы ашылып, екі бөлік өзара мағыналық тәуелділік негізінде тұтас мәтін құраган. Сөйтіп, лексикалық бірліктер (осы, содан) арқылы бір жағынан, соңғы сөйлемдердің контекске тәуелділігі көрсетілсе, екінші жағынан, бірін-бірі толықтырып тұрган екі бөліктің қосындысы арқылы біртұтас мәтін деңгейіндегі қимылдың қайталану (бірінші мәтіндегі – *от жасау, тамақ жасау, үйқыга кету, тоңу, тұс көру, таң атқанда орындарынан тұру; екінші мәтіндегі – жылау*) сипаты шылау сөз арқылы берілген.

Бүгін – сегіз сагат жұмыс, бір сагат – үзіліс, кешкі ас, жеті сагат үйқы. Ертең – сегіз сагат жұмыс, бір сагат – үзіліс, кешкі ас, жеті сагат – үйқы. Осылай кете барады, кете барады. *Өмір бойы!...* (Д.Исабеков). Келтірілген мысалда соңғы атаулы сөйлем түрінде келген «өмір бойы» құрылымы мәтіннің алдыңғы бөліктеріне тәуелді болып келеді де, тұтас синтаксистік құрылым арқылы қимылдың қайталану мағынасы имплицитті берілген.


Сонымен, түйіндей айтқанда, бір немесе бірнеше сөйлем тізбегінен тұратын синтаксистік бірлік – мәтін, соңғы жағдайда синтаксистік құрылымдардың өзара бірінің екіншісіне тәуелділігін көрсететін грамматикалық құралдар, мәтіннің ішкі беліктерін құрайтын мәтін түзетін сөйлемдер арасындағы синтаксистік қатынастар және т.с.с мәселелерді қарастыру мәтін синтаксисінің еншісінде болып табылады.

М.Балақаев сөз, сөз тіркесі, сөйлем бәрі ортақтаса келіп, коммуникативтік қызметті бірлесе атқаратындығын айтады. Сөз – зат пен құбылысты аттайтын номинативті бірлік, белгілі бір ұғым ата-

уы. Солай бола тұра, сөз грамматиканың да нысаны болып табылады. Жоғарыда айтып өткендей, морфология саласында қарастырылатын сөздердің түрлену нәтижесінде басқа сөз формаларымен түрлі байланысу тәсілдері арқылы тіркесіп келіп, синтаксистік қатынасқа тұсу заңдылықтарын қарастырады. Осы жағынан алғанда, морфологияның нысаны ретінде алынатын сөздердің түрлену формалары белгілі бір деңгейде синтаксистік қызмет атқаратындығы талас тудырмайды, яғни сөйлемде сөз формаларының атқаратын қызметтері болады. Сондыктан бұл, бір жағынан, сөз формаларының да синтаксистің зерттеу нысаны бола алатындығын танытса, екінші жағынан, олардың (сөз формаларының) морфология мен синтаксисті байланыстыруши аралық форма-бірліктер болып табылатындығын көрсетеді.

Сөз және сөз формаларының синтаксистік қызметтері де синтаксиске нысаны ретінде алынып, белгілі бір грамматикалық формада келген сөздің бағыныңқы немесе басыңқы сынарда тұруы, өзге сөзді өзіне бағындыра алуы немесе оған бағынуы, сондай-ақ олардың сөйлем мүшесі бола алу мүмкіндіктері де синтаксисте зерттеледі. Осылайша байланысты Т.Ермекова синтаксис ілімінің іштей саралануына жоғарыда көрсетілген үш салаға қоса, *сөз және оның формалары синтаксисі* дегенді қосып, зерттеу нысандарының сипатына қарай синтаксис саласын іштей төртке бөліп көңейтеді.

Сонымен, синтаксистің зерттеу нысаны – сөз және сөз формалары; сөз тіркестері: сөздердің байланысу тәсілдері; байланысу формалары; сөз тіркесінің түрлері; тіркескен сөздер арасында туындастырылған синтаксистік қатынастар; сөйлем; құрамы мен күрылымы; дербес сөйлемдердің күрделі синтаксистік бірліктерге бірігу жолдары; сейлемдер арасындағы функционалды-семантикалық қатынастар мен олардың түрлері және т.б. мәселелер. Осы аталғандардың ішіндегі күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем мен мәтін синтаксисінен басқалары жай сөйлем синтаксисінің аясында қарастырылады. Мұны сыйзбаға былайша жинақтал беруге болады:



Сызба 2. Синтаксистің зерттеу нысаны

2. Тіл деңгейінің қай саласын алсақ та, олардың өзіне тән неғізгі ұғымдары болатыны секілді синтаксис саласының да өзіне тән неғізгі ұғымдары бар. Олар: *синтаксистік форма, синтаксистік мағына, синтаксистік қатынас, синтаксистік категория*. Синтаксистік бірліктерді қалыптастыратын амалдардың көрінісі *синтаксистік форма* деп аталады. Синтаксис саласын зерттеуші ғалымдар Н.Ю.Шедова, Р.Әмір және т.б. түбір қалпында тұрган сөздің бойында да синтаксис форма болады деп санайды және олар мұндай тұжырым жасауда сөздің грамматикалық сипаттың неғізге алады. Сөз лексикалық бірлік қана емес, грамматикалық та бірлік болып табылады. Сол себепті сөздің грамматикалық сипаттының бір қыры олардың қандай синтаксистік қызметке бейім келуінен де байқалады. Мысалы, сан есім мен сын есім сөздер анықтауыш қызмет атқаруға бейім болса, еліктеуіш сөздер мен үстеулер анықтауыш қызметін атқаруға бейім тұрады. Ал баяндауыш формаларын етістіктің жақ, шақ көрсеткіштеріне неғізделеді: *Кеше келдік; Осында күтіп отырмын*. Осыған сүйене отырып, сөздердің өз бойында синтаксистік форманы таныта алатын сапа бар деп санауга болады. Яғни морфологиялық формалардың қызметі синтаксис арқылы көрінеді.

Сөйлемнің, сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің өзара байланысы-нан, синтаксистік формалардан туындағы мағына – *синтаксистік мағына*. Р.С.Әмір синтаксистік мағына туралы былай деп жазады: «Синтаксистік мағына – грамматикалық абстракция сапасындағы мағына. Ол сөз бен сөздің, синтаксистік единицалардың арасындағы абстрактылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіреді» [4]. Мысалы: *университетке кетті* – бағытты білдірсе; *окуға кетті* – мақсатты көрсетіп тұр. Сонымен қатар,

кетті – әрі өткен шақ мезгілін, әрі 3-інші жақта тұрып, жақтық қатынасты көрсетеді. Бұл тұстан шығатын тұжырым, синтаксистік форма арқылы берілетін грамматикалық мағына оның құрамындағы сөздің лексикалық мағынасына тәуелді болмайды.

Синтаксистің негізгі іргелі ұғымдарының біріне *синтаксистік қатынас* та жатады. Синтаксистік қатынастар синтаксистік құрылым (сөйлем, сөз тіркестері) сынарларының арасында болатын, олардың категориялды-семантикалық және грамматикалық қасиеттеріне негізделген қатынастар. Синтаксистік қатынастың түрлері: предикаттық (бастауыш-баяндауыштық), атрибутивтік (анықтауыштық), объектілік (толықтауыштық), адвербиалдық (пысықтауыштық) қатынас.

Синтаксистік категория да синтаксистегі негізгі ұғымдардың қатарына жатады. Әрбір ғылым белгілі бір тәсілмен ұйымдасады ортақ қасиетке ие ұғымдар жиынтығы категорияларға негізделеді. Грек тілінен енген *категория* термині екі ұғымда қолданылады: бірі – болмыстағы зат пен құбылыстардың маңызды әрі жалпы қасиеттері мен белгілері, сондай-ақ, олардың арасындағы қатынастарды бейнелейтін философиялық ұғым; екіншісі – осымен байланысты туындастын ортақ қасиет мен белгілер негізінде біріgetін зат пен құбылыстар тобы, жиынтығы ретінде ұғынылуы. Категория үш аспектіде қаралады: онтологиялық аспект; гносеологиялық аспект; лингвистикалық аспект. Онтологиялық аспект – объективті шындықтың мәні; гносеологиялық аспект – әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі; лингвистикалық аспект – олардың тілдік көрінісі.

Лингвистикада тілдік жүйе элементтері ортақ қасиеттері мен белгілері негізінде өзара топтасып, категория құрайды. Сөйтіп, жалпы ерекшеліктері негізінде біріgetін тілдік элементтердің кез келген тобы категория деп түсіндіріледі. Тіл элементтері бір-бірімен байланысып жатқан және өзара қарым-қатынаста болатын иерархия құрайтын күрделі жүйе түзеді десек, кез келген жүйенің құрылымы болатыны белгілі. Жүйелі-құрылымдық нәрсенің ішкі жіктелісі жүйе элементтерінің өзара байланысы, олардың бір-біріне қатысы т.б. тұрғысынан айқындалады. Сол себепті тілдік бірліктердің топтарға, категорияларға жіктелу негізdemесі әр түрлі

болып келеді. Тілдік бірліктерді категорияларға топтастыруда, ең алдымен, қандай белгінің шарт ретінде алынатындығы анықталып, соның негізінде оларға тән жалпы белгілер мен қасиеттер көрсетіледі. Олар категорияны сипаттайтын белгілер тілдік құбылыстарды топтастыруға негіз болады.

Синтаксистік категория термині В.В.Виноградов, Н.Ю. Шведова еңбектерінде предикативтілік ұғымын түсіндіру барысында модальділік, синтаксистік жақ және синтаксистік шақ категорияларына қатысты қолданылған. А.М. Мухин оппозитивті және эквивалентті қатынастардан басқа синтаксистік семантика негізінде пайда болатын түрлі (субстанционалды, квалификативті, процессуалды т.б.) синтаксемаларды қамтитын жүйелі қатынастарды синтаксистік категория деп таниды [5, 25].

А.М. Мухин синтаксистік категорияны екіге ажыратып қарайды: морфологиялық категориямен байланысты болып келетін синтаксистік категория және морфологиялық категорияға байланыссыз синтаксистік категория. Алғашқы түріне морфология деңгейінде парадигмалық жүйесі қалыптасқан категорияларды жатқызады. Мысалы: *септік категориясы, шақ категориясы, рай категориясы, тәуелділік категориясы* т.б.. Бұл категорияның мағынасы тек морфологиялық көрсеткіштермен шектелмей, синтаксистік құралдар арқылы да беріле береді немесе нактыланады, толықтырылады. Ал кейінгі морфологиялық категориялармен байланыссыз синтаксистік категориялардың мағынасы морфологиялық көрсеткіштері жоқ, сондыктan мағына синтаксистік деңгейдің бірліктері арқылы берілуімен ерекшеленеді. Мұндағы морфологиялық көрсеткіштері жоқ деген ұғым морфологиялық парадигмасы жоқ деңгенді білдіреді [5, 118-119].

А.М.Мухиннің пайымдауынша, синтаксистік категория морфология деңгейінде көрініс табатын және морфология деңгейінде көрініс таба алмайтын ұғымдық категориялардың синтаксистік құралдар арқылы берілуі болып шығады. Бұл тұжырым функционалды-семантикалық өріс теориясына бір қадам жақын келеді. Айырмашылығы А.М.Мухин ұғымдық категорияның тұгас тілдік жүйе, тілдің барлық деңгейлерінен емес, тек грамматика (морфология және синтаксис) деңгейіндеған көрініс табуын қарастырады.

Морфологиялық категория да, синтаксистік категория да қандай да бір ұғымдық категорияның тілде тұлғалық жағынан қалыптасқан көрінісі болып табылады. Бұл категориялар тіл деңгейлеріне сәйкес келетіндіктен өзара аттас болып келеді және деңгейлік грамматика категориялары деп те атала береді.

Сонымен, категорияны тар түсінікте бірынғай тілдік бірліктердің жиынтығы деп қарайтын болсақ, синтаксистік парадигмада *сөз тіркесі категориясы, сөйлем категориясы, сөйлем мүшелері категориясы* деген категория түрлері бар.

Бақылау сұрақтары:

1. Синтаксистің зерттеу нысандарын атап, мысал келтіріңіз.
2. Негізгі синтаксистік ұғымдарды мысал келтіре отырып баяндаңыз.
3. Синтаксистік форма ұғымын мысал келтіре отырып түсіндерініз.
4. Категорияны үш аспектіден қарастыруды мысал негізінде баяндаңыз.
5. Грамматикалық категория мен оның түрлеріне түсінік беріңіз.
6. Синтаксистік категорияға қатысты пікірлерге тоқталыңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Сөз және сөзтүлгі – синтаксистің зерттеу нысаны.
2. Синтаксистің тіл білімінің басқа салаларымен байланысы.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -А.: Абзат-Ай, 2013. -640 б.
2. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012 ж. -5-8 бб.
3. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Монография – оқулық. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. -7-10 бб.
4. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А.: Санат, 1998. -192 б.

5. Мухин А.М. Морфологические категории и функциональный синтаксис. – СПб.: Наука, 2002. – 178 с.
6. Ермекова Т.Н. «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. –А.: Білім, 2002. -132 б.
7. Ахметова М. Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. -Орал: Ағартушы, 2008. –148 б.
8. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің pragmalingвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 198 б.
9. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі: филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1999. – 66 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Синтаксистік қатынас – синтаксистің негізгі ұғымы.
2. Синтагма – интонациялық-мағыналық бірлік.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012 ж. -186 б.
 2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – А.: Словарь-Сөздік, 2002. – 304 б.
 3. Виноградов В.В. Понятие синтагмы в синтаксисе русского языка // Кітапта: Вопросы синтаксиса современного русского языка. –М., 1950.
- <http://dic.academic.ru>
4. Базарбаева З. Интонация мен синтаксистік арақатынасы // Кітапта: Қазақ грамматкасының өзекті мәселелері. –Алматы: Кие: лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 397-423 бб.

1.2 Синтаксисті зерттеудің аспектілері

1. Қазіргі кезде тіл білімін зерттеу тарихында үш ғылыми парадигма көрсетіліп жүр. «Парадигма» сөзінің термин ретінде нақты белгіленген анықтамасы болмағанымен, жалпы мазмұны «ғылыми зерттеулердің методологиясы» деген түсінікке саяды. Ғылыми мәселенің қойылу үлгісі және оларды шешудің жолдары ретінде түсінілеттің парадигма туралы мәселе өткен ғасырдың елуінші жыл-

дарынан кейін көтерілді. Оған 1962 жылы жарық көрген американдық тарихшы әрі философ Томас Кунның «Структура научных революций» деген еңбегі түрткі болды. Онда Т.Кун парадигманы өзінің зерттеу еңбектері бойынша зерттеуде басшылықта алынатын белгілі бір нысанды зерттеуге қажетті жиынтықтар ретінде түсіндіріп, оны ғылыми қауымдастық ретінде қарайды және парадигма деп атауды ұсынады.

Энциклопедиялық сөздікте парадигма бастапқы концептуалды сыйба, ғылыми ортада белгілі бір уақыт арасында үстемдік еткен мәселенің қойылу үлгісі және оның шешімі ретінде анықталған және парадигмалардың ауысуы ғылыми төңкеріске әкелетіндігі айтылған.

Кез келген нысан ғылыми зерттеу тұрғысынан үш жақты сипатталады:

- 1) зерттелініп отырған нысанның қазіргі кезге дейінгі жеткен жетістіктерінің даму тарихы мен генезисі;
- 2) нысанның қазіргі даму жағдайындағы құрылымы;
- 3) нысанның біршама курделі жүйенің құрылымындағы компонент ретіндегі қолданымы (жұмсалымы).

Нысанның осы әр қырының зерттелуі ірі үш ғылыми парадигмаға негіз болып табылады. Дәстүрлі түрде көрсетіліп жүрген ғылыми парадигманың үш түрі: *салыстырмалы-тарихи парадигма; жүйелі-құрылымдық парадигма; антропоөзектік парадигма*.

Салыстырмалы-тарихи парадигма лингвистикадағы алғашқы ғылыми парадигма болып табылады, өйткені тілді арнайы зерттеу осы салыстыру және тарихи-салыстыру әдісінен басталады.

Жүйелі-құрылымдық парадигма «Тіл қандай жүйеден тұрады? Ол жүйенің құрылымдық сипаты? Әр жүйенің бірліктері? Тіл бірліктері арасындағы иерархиялық қатынас» деген мәселелерге жауап іздеді. Осы парадигма негізінде тілдің әр жүйесі бойынша жазылған жекелеген зерттеулер, іргелі зерттеулер, академиялық грамматикалар осы парадигма аясында іске асырылды.

Тіл білімінің қазіргі кезеңінде *антропоөзектік бағыт*, оны функционалды бағыт деп те атайды, басымдықта ие болып келеді. Тілдің қолданыстық сипатын зерттеудің бір жолы – оны адам факторымен бірлікте алып қарастыру. Осымен байланысты Г.А.Золо-

това заттардын табиғи және адекватты шынайы көрінісіне жақынырақ келудің жолы осы жол екендігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, Г.А.Золотованың «Вся картина мира, вся жизнь человека (точнее, человеческого общества) в мире пропущенная сквозь коллективное человеческое сознание, отражается в языке и, находя в каждом языке соответствующие формы выражения становится содержанием коммуникации» деп жазады [1, 5]. Бұл ұстаным форма мен мазмұн бірлігін, тілдік құбылыстардың өзара байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Синтаксистік құбылыс кешенді құбылыс болып табылатындықтан оны әр қырынан қарастыруға болады. Фылыми парадигма түрлері мен синтаксистік құбылыстарды зерттеудің бағыттарын байланыстырып көрейік.



Сызба 3. Синтаксисті зерттеу аспектілерінің ғылыми парадигмалармен байланысы

Осы сыйбаны талдар болсақ, қазақ тілінің синтаксис саласы құрылымдық, семантикалық, функционалды аспектілерден әр түрлі деңгейде қарастырылып келгендейгін және зерттелу үстінде екендігін байқауға болады.

Синтаксисті зерттеудің құрылымдық аспектісі. Синтаксистік бірліктерді құрылымдық аспектіден зерттеудегі басты мақсат – олардың құрылымына талдау жасау. Синтаксистің зерттеу нысандары, сөз тіркестері құрылымдық аспектіден қарастырылғанда мына төмөндегі жайттар басты назарда болады: сөз тіркестерін оны құрайтын құрамдық бөліктеріне қарай талдау. Яғни басынқы

және бағыныңқы сынарларын көрсету және олардың қандай сөз таптаратынан болғандығын анықтау; тіркескен екі сөздің өзара байланысу тәсілдерін айқындау; сөз тіркестерінің сынарларының жай немесе күрделі сөздерден немесе түйдекті тіркестерден құралуына қарай түрлерін ажырату. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің басынқы сынарында келген сөздің қай сөз табынан болуына қарай негізінен *есімді сөз тіркестері* және *етістікті сөз тіркестері* деген екі түрі сараланып көрсетіліп жүр. Сонымен қатар, К.Аханов пен М.Сергалиев үsteу сөз табының басынқы сынарда келуіне байланысты *үsteулі сөз тіркесі* деген түрді қосса, Т.Сайрамбаев есім сөз берін көмекші етістіктің түйдектеліп келуінен жасалған күрделі құрама басынқы сынардан болған сөз тіркесінің түрін *орталық басынқылы сөз тіркесі* деп атап, сөз тіркесінің құрамына қарайғы бір түрі ретінде ажыратып қарайды.

Сөз тіркестерінің құрамында келген бағыныңқы және басынқы сынардағы сөздердің өзара байланысу тәсілдері үш түрлі жолмен іске асады: аналитикалық тәсіл; синтетикалық тәсіл; синтетика-аналитикалық тәсіл (бұл туралы алда арнайы тақырып барысында толығырақ баяндаймыз). Сөздердің байланысу тәсілдері негізінде сөз тіркестерінің байланысу формалары (түрлері) анықталады. Қазақ тіліндегі сөздердің байланысу түрлері:

- қабыса байланысқан сөз тіркестері;
- матаса байланысқан сөз тіркестері;
- менгеріле байланысқан сөз тіркестері.

Сонымен қатар, кейбір енбектерде жанаса байланысқан сөз тіркестері өз алдына жеке байланысу түрі ретінде көрсетілсе, енді бірде бұл байланыстың түрі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің аясында қарастырылады.

Сөйлемді құрылымдық аспектіден қарастырғанда басты на-зар олардың құрылымдық үлгісінде немесе сөйлемнің құрылымдық типтерінде болады. Мұнда сөйлемнің құрылымдық типтері деп аталуы қандай сөйлем болмасын оның лексикалық құрамы әртүрлі болып келгенімен белгілі бір үлгіге сай құрылады. Сол себепті де казақ тіліндегі сөйлемнің құрылымдық үлгілеріне қарап, оларды бір негізді (бір құрамды) және екі негізді (екі құрамды), толымды және толымсыз, жақты және жаксыз, жалаң және

жайылма, тағы да сол сияқты іштей түрлі шарттарға сай бірнеше түрге бөлуге болады. Мәселен, екі негізді сөйлемдер құрылымы жағынан бастауыш пен баяндауышка ажыратылса, тек бастауыш пен баяндауыштан ғана тұратын сөйлем жалаң, ал олардың аясы басқа бір тұрлаусыз мүшемен кеңейетін болса, жайылма сөйлемге айналады. Сөйлемнің құрылымдық аспектісі осы сөйлемдердің құрылуындағы ерекшеліктерді қарастырады. Жалпы синтаксисте сөйлемді құрылымдық қырынан зерттеу маңызды болып табылғынымен, оның толыққанды табигаты сөйлемді семантикалық, қолданыстық немесе коммуникативтік сипаттарымен бірлікте алып қарастырғанда ашылады.

Құрылымдық аспектіден алып қарастырғанда сөз тіркестерінің «бағыныңқы – басыңқы» сынарлардан, сөйлемнің «бастауыш – баяндауыштық қатынасқа» негізделіп құрылатындығы белгілі. Алайда сөйлем мүшелеріне сарапанбайтын немесе мүшеленбейтін синтаксистік құбылыстар – атаулы сөйлемдер мен вокатив сөйлемдер де бар екені белгілі. Мұндай сөйлемдердің табигатын түсіндіру оларды семантикалық, коммуникативтік аспектіден қарастырғанда ғана толықтай түсінікті болады. Сондықтан синтаксистік құбылыстарды зерттеуде бір жақты құрылымдық немесе басқа аспектілерді жеке-дара емес, өзара байланыста кешенді түрде қарастыру маңызды нағижендерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Синтаксистік бірліктерді зерттеудің семантикалық аспекті. Сөйлемнің құраушы бөліктері – сөз тіркестері мен сөз. Сөз тіркестерін де құраушы материал сөз болып табылады. Сөз лексикалық мағынаға ие тілдік бірлік болғанымен, синтаксистік деңгейдегі семантика осы синтаксистік бірліктерді құрайтын сөздердің жалпылануынан, жинақталуынан пайда болатын тілдік мағына грамматикалық мағына болып табылады. Синтаксистің құбылыстарды семантикалық қырынан қарастырғанда, әдетте, тілдік семантика мен сөйлеу семантикасы ажыратылып қарастырылады. Жоғарыда айтып кеткендей, тілдік мағына дегеніміз – бұл синтаксистік құрылымды құрайтын лексикалық бірліктердің лексикалық мағыналарының жалпылануынан пайда болатын грамматикалық мағына және ол синтаксистік құрылымды құраушы сынарлардың арасындағы қатынастан көрінеді. Мысалы: ыстық жел – анықта-

уыштық қатынас, *кітапханага бару* - бағыттық-мекендік мағына; *тұган жердің ауасы* – меншіктік мағына; *саяныштан көзіне жас алу* – себеп-салдар мағыналы сөз тіркесі; *оқуға кету* – мақсат мағыналы сөз тіркесі және т.б..

Сөйлемдердің семантикалық аспектіден қарастыру – олардың хабарлау, сұрау, етіну, бұйыру сияқты тағы да басқа мағыналарын түсіну. Сонымен қатар, синтаксистік құрылымдардың сынарларының арасындағы қатынастар туындастын тілдік мағына – грамматикалық мағына сипатына қарай төмөндегідей де сөйлемдердің мағыналық топтары бар: мезгіл мәнді сөйлем, шарт мәнді сөйлем, ыңғайлас мәнді сөйлем, түсіндірме мәнді сөйлем, мақсат мәнді сөйлем, амал мәнді сөйлемдер және т.б..

Синтаксистік бірліктерді қураушы сынарлардың арасындағы қатынас пен осы қатынастар келіп шығатын тілдік мағына қай деңгейдің бірлігі, яғни сөз тіркесі, жай сөйлем, күрмалас сөйлем болмасын негізінен үйлес, бірыңғай болып келеді. Ал сөйлеу семантикасында жағдаят пен мәнмәтін (контекст) маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда, сөйлеу мағынасын сипаттауда сөйлемнің сөйлеу әрекетінің құралы, яғни сөйленім семантикасы немесе сөйлемнің динамикалық сипаты басты назарда болса, статикалық сипаттағы сөйлемнің мағынасы тілдік мағына ретінде қаралады.

Синтаксистік бірліктерді зерттеудің функционалдық аспекті. А.Байтұрсынұлының тілдің атқаратын қызметіне қатысты: «Тілдің міндегі – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың мензеуін меңзегенінше, көңілдің тулоғын түйгенінше айтуға жарапу. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [2, 141] деген тұжырымы тіл мен оның қолданыстық жағын айқын сипаттап тұр. Мұнда галымның тілдің атқаратын міндегі ретінде көрсеткен «ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың мензеуін меңзегенінше, көңілдің тулоғын түйгенінше айтуға жарапу» деп отырғаны – адамның ойын сыртқа шығаратын құрал ретінде тілдің ішкі мүмкіндігі турасында болса керек. «Жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» дегені – тілді адам факторымен тығыз байланыста қарастыру дегенге саяды.

Адам тілдік құралдарды қолданған кезде қажетіне, коммуникативтік мақсатына сай таңдап, икемдеп пайдала жаратады. Бастысы

– жұмсай білетін адамы табылса, тіл міндетін толыққанды атқаруға жарайды. Бұл бүтінгі лингвистикалық зерттеулерде басымдыққа ие болып отырған тілдің қызметін, сөйлеуді ғылыми парадигма бойынша антропоцентристік бағыттың тіл мен адамды бөліп жармай, өзара тығыз бірліктегі алып қарауға негізделген басты ұстанымына толықтай сай келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен сейлеу мәселесі, тілдің функционалды сипаты қазақ тілтанымында өткен ғасырдың басында-ақ ғалымдар назарынан тыс қалмаган деп нық сеніммен айтуга болады.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым А.Байтұрсынұлының «біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз» деген тұжырымы бүтінгі таңда прагматика термині аясына енетін түсінікті, сондай-ақ, коммуникативтік талап пен тілдің функционалды сипаты мәселе-сін мензеп отыр. Тілдің құдіретін толық түсіну және сезіну үшін осы тіл бірліктерінің, оның ішінде синтаксистік бірліктердің қызметін, қолданыстағы ерекшеліктерін, жұмсалу тетіктерін білу оларды функционалды бағытта зерттеу дегенге саяды.

Адам тілдік құралдарды пайдалына жаратпас бұрын, өз мақсатын айқындаپ, соған сәйкес келетін тіл бірліктерін өзара ұйымдастыра отырып, сөйлеу бірлігін тудырады. Ендеше, тілдің табиғатын толық және дұрыс тану үшін оны статикалық қалыптағана емес, оның «жанды қалпын» – сөйлеу үдерісін, сөйлеушінің прагматикасын және коммуникативтік талаптарды ескере отырып қарастыру қажет.

Тіл бірліктерінің сөйлеудегі жұмсалымын қарастыру тілдің коммуникативтік мәнімен байланысты және тіл бірліктерінің семантикалық жақтан қолданыс аясы шенберінің анықталуы олардың мағыналық жүкті көтеру элеуетін тануға мүмкіндік береді. Сөйлемдерді оның қолданысы тұрғысынан қарастыруға қатысты коммуникативтік деген термин де қолданады. Бұл туралы Ж. Жақыпов былай деп жазады: «Сөйлемге коммуникативтік тұрғыдан қарау деген сөз – оның функционалды мүмкіндігін қарау, сөйлемді сөйлеу единицасы ретінде контекст арқылы динамикалық тұрғыдан түсіндіру деген сөз» [3, 12].

Синтаксистік бірліктер құрылымдық аспектіде статикалық қалыпта, ортамен байланыссыз қарастырылса, функционалды аспектіде олар сөйлеу деңгейінде, динамикалық тұргыда алып зерттейді. Мұнда синтаксистік бірліктер және олардың сөйлеудегі қызметі, жүмсалымы немесе қолданысы сөйлеу жағдаятымен, мәннәтінмен бірлікті зерттеледі. Сөйлеу жағдаят тілден тыс, контекстік орта тілдік болып табылады. Бұдан біріншіден, ортаның екі түрлі – тілдік (парадигмалық) орта және сөйлеу ортасы (тілдік емес) болатындығы, соғысының күрделі екендігі көрінеді. Екіншіден, синтаксистік бірліктер қызметі үшін міндепті түрде ортаның қажет екендігі. Басқалай айтқанда, синтаксистік бірліктердің жүмсалымы белгілі бір ортада жүзеге асады.

Синтаксистік бірліктер коммуникативтік аспектіден қарастырылғанда екіге сарапанады: *коммуникативтік бірліктер және коммуникативтік емес бірліктер*. Ең кіші коммуникативтік синтаксистік бірлік сөйлем болып табылады. Сонымен қатар, олардың қатарын құрмалас сөйлемдер, мәтін толықтырады. Ал коммуникативтік емес бірліктер қатарына сез формалары мен сез тіркестері жатады.

Синтаксистік бірліктерді зерттеудің логикалық аспектісі. Синтаксистің басты нысаны болып табылатын сөйлем – ойды жарайқа шығарудың құралы. Яғни логиканың нысаны болып табылатын байымдау категориясының тілдегі көрінісі сөйлем болып табылады.

Сонымен, синтаксистік бірліктер құрылымдық аспектіден құрамы мен түрлеріне, сөздердің, сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдеріне қарай анықталады. Ал семантикалық аспектіде олардың (сөз, сез тіркестері, сөйлем) өзара тіркесуінен туындайтын синтаксистік қатынастар тұрғысынан қаралса, функционалды аспектіде олардың қолданымдық қызметтері негізге алынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тілдік зерттеулерге қатысты ғылыми парадигма ұғымына тоқталыңыз.
2. Жүйелі-құрылымдық парадигма туралы баяндан беріңіз.
3. Синтаксистік құбылыстарды зерттеудің семантикалық аспектісін мысал көлтіре отырып түсіндіріңіз.

4. Синтаксистік бірліктерді кешенді қарастырудың (бірнеше аспектіден) артықшылықтарын атаңыз.
5. Синтаксистік бірліктерді коммуникативтік жағынан зерттеудің қажеттілігін мысалмен дәйектеп айтыңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Фылыми парадигмалар және синтаксистік бірліктерді зерттеудің түрлі аспектілерінің арасындағы байланыс.
2. Синтаксистік бірліктерді статикалық (тілдік) және динамикалық (сөйлеу) қырынан қарастыру.

Әдебиеттер:

1. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М.: Едиториал УРСС, 2003. - 368 с.
2. Байтұрынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.– А.: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Жакупов Ж. Қазақ тілінің функционалды синтаксисі. Филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. автореф. –А., 1999. – 64 б.
4. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012 ж. -5-8 бб.
5. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің pragmalingвистикалық аспектісі. –А., 2001, -194 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Сөйлеу жағдаяты және синтаксис.
2. Контекст және синтаксистік бірліктер.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің pragmalingвистикалық аспектісі. –А., 2001, -194 б.
2. Жакупов Ж. Қазақ тілінің функционалды синтаксисі. Филол. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. автореф. –А., 1999. – 64 б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – А.: Словарь-Сөздік, 2002. – 304 б.
4. Большой энциклопедический словарь. –М., 2002.

1.3 Синтаксистің зерттелу тарихы

Кез келген ғылым саласының дүниеге келу, қалыптасу және даму тарихы болады. Тілдің грамматикалық құрылышына қатысты зерттеулер тарихы ерте заманнан басталады. Антик дәуірінен бастау алатын болмыс, ойлау және мағына (сөз) үштігіне қатысты мәселенің бірі – атальм теориясына бағытталса, екіншісі – грамматикаға қатысты болып келді. Тіл тарихында бастапқыда грамматика теориясы тілді дұрыс қолдану ережесін белгілеуді мақсат ететін грамматикалық өнер мәселесі ретінде қарастырылды (Т.Қордабаев, Ф.Қалиев).

«Жалпы тіл білімі» атты еңбекте «грамматикалық өнер тілдің құрылышын түсіндіруді мақсат етпеген, тілді дұрыс қолданудын, дұрыс сөйлеудің ережелерін жасауды, жазу тілі мен сөйлеу тілі арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруді көздеген. Соңдықтан грамматикалық өнер пікірді дұрыс, әдеби етіп бере білуге үйрететін тәжірибелік білім деп саналады» деген тұжырым берілген [1, 128].

Грамматикалық зерттеулер тарихында синтаксис ілімінің мақсат-міндеттері мен тарихын көрсетуде үш түрлі бағытта көрініс тапқандығын аңгаруға болады. Олар:

- 1) *синтаксисті логикалық категорияның көрінісін немесе көріну тәсілдерін зерттейтін ілім ретінде қарастыру;*
- 2) *синтаксисті сөз тіркестері мен сөздердің кең үзімдә туынілетін бірлестіктерін туралы ілім деп тану;*
- 3) *синтаксисті сөйлем мен сөз тіркестері туралы ілімнің бірлігі ретінде тану* [12, 6].

Жалпы тіл білімі, оның ішінде орыс тіл білімінде де синтаксис XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін логикалық категорияның берілуі, көрініс табу тәсілі ретінде қарастырылды. О.Есперсен синтаксисті тілдік құбылыстардың құрылымы мен функциясын қарастыратын грамматиканың бір саласы ретінде таныса, А.Шахматов ойды табудың тәсілдерін синтаксис зерттейді деп көрсетеді. Сонымен қатар, синтаксистің міндетін пайымдау, субъект, предикат сияқты логикалық категориялардың тілдегі көріністерін табу деп қарастырушылық Ф.Н.Бусланов да тән болып келеді. Тұгастай алғанда, тіл біліміндегі логикалық бағыттың өкілдері логика-

лық категорияларға жататын ұғым, *байымдау, предикат, субъект* және олардың тілдегі баламалары болып табылатын *сөз, сөйлем, баяндауыш, бастауыш* сияқты тілдік категориилар арасында өзара үндестік бар деп санады.

Синтаксистің зерттеу нысанын сөз тіркесі мен оның түрлері болып табылады деп көрсетуші формальды-грамматикалық бағыттың өкілдері (Ф.де Соссюр, Ф.Ф.Фортунатов, Ш.Балли, А.А.Реформатский) сөз тіркестерінің «өмір сүру ортасын» негізге алып, синтагма теориясын дамытты.

Синтаксистің нысаны ретінде сөйлем мен сөз тіркестерін және олардың бірлігін алатын үшінші бағыт XX ғасырдың басында қалыптасты (А.М.Пешковский, В.В.Виноградов, М.Закиев, Н.Ю.Шведова, М.Балақаев).

Ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуының ғасырлық тарихы бар қазақ тілтанымда грамматика саласы бірнеше бағытта зерттелді.

Қазақ тілтанымында құрылымдық бағытта синтаксис мәселелері қарқынды зерттеліп, нәтижесін берді. Оның басты назары тілдік жүйені құрайтын тіл деңгейлерінің бірліктері тұлғалық және қызметі жағынан терең зерделеу болды, нәтижесінде синтаксистік бірліктердің әрқайсысы жеке-дара арналы талдауга түсті.

Ал қазақ тіл білімінде синтаксистік зерттеулердің функционалды бағытқа қарай ойысуы өткен ғасырдың соңынан басталады. Синтаксистің құрылымдық жағы мен функционалды қыры екі түрлі дамитын нәрсе емес, олар бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі дамытып отыратын өзара тығыз байланыста болады.

Сонымен, синтаксистік зерттеулерді тәмендегідей екі бағытта қарастыру басымдыққа ие болып келеді:



Сызба 4. Синтаксистік зерттеулердің екі бағыты

Хронологиялық түрғыдан қазақ тілі синтаксисіне қатысты мәселелердің зерттелу жайын былайша жіктеп көрсетуге болады:

Кесте 1. Синтаксистік зерттеулердің хронологиялық жүйесі

Синтаксистік зерттеулер			
Кезеңдер	Қамтитын уақыт ара-лығы	Сипаты	Өкілдері
1 – кезең	1860-1912 жылдар	Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең	Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский еңбектері;
2 – кезең	1912-1930 жылдар	Ұлттық тіл білімінің қалыпта-са бастаған кезең	Алаш зиялдыларының ең-бектері
3 – кезең	1930 – 1988 жылдар	Құрылымдық бағыттарға зертте-улер	К.Жұбанов, А.Аманжолов, С.Жиенбаев, М.Балақаев, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, А.Аблақов, С.Исаев, М.Серғалиев, О.Төлегенов және т.б.
4 - кезең	1990 жыл-дан кейін	Зерттеулердің ан-тропоцентристік бағытқа ойысуы	С.Аташев, Ж.Жакупов, З.Ерназарова және т.б.

Ескерту: 1) ф.ғ.д. О.Жұбаеваның қазақ тіл білімінің тарихын жүйелеуге ұсынылған кестесі негізге алынды (Қараңыз: Қазақ тіл білімінің қалыптасып, даму жолдары. – А: Дайк-Пресс, 2011 ж.; 2) құрмалас сөйлем синтаксис мұнда есепке алынған жок.

Синтаксистің зерттелуіне қатысты жинақталған шартты кезеңдердің алғашқы екеуінде сөз тіркесі синтаксисі деген мәселе арнайы көтерілген жоқ. Бұл кезеңдерде жалпы сөйлем құрылышы мен сөйлем түрлері, сондай-ақ сөйлем мүшелеріне қатысты ерекшеліктерге көбірек дең қойылды.

Кестеде көрсетілгендей 1-кезең XIX ғасырдың екінші жарысынан бастап, XX ғасырдың оныншы жылдарына дейінгі ара-

лықты қамтиды. Бұл кезеңде жарық көрген еңбектерде синтаксис мәселелер белгілі бір деңгейде синтаксистік бірліктердің сипаттамалы түрде берілуімен шектелді. Мысалы: 1894, 1897 жылдары жарық көрген П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» еңбегіндегі сөйлем мүшелері, жай сөйлем мен олардың түрлері, құрмалас сөйлем туралы алғашқы пікір, тұжырымдарды айтуда болады.

2- кезең XX ғасырдың оныншы жылдары мен отызыншы жыл арасын қамтиды және бұл ұлттық тіл білімінің қалыптаса бастаган кезең болып саналады. Осы кезеңде А.Байтұрсынұлының үш кітаптан тұратын «Тіл құралы» еңбегінің үшінші кітабы қазақ тілінің сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған. 1925 жылы Қызылорда қаласынан түзетіліп, толықтырылып қайта үшінші рет басылып шығарылған нұсқасында «Сөйлем жүйесі» деп аталатын тақырып үлкен екі бөлімге бөлінген: сөйлем мүшелері және сөйлем түрлері. Сөйлем мүшелерін іштей саралай отырып, олардың әрқайсының жасалу жолдарына тоқталады. Сөйлем мүшелерін құрылымдық жағынан (жай, құрделі) саралайды және олардың жасалуы мен ерекшеліктеріне тоқталады [2, 162; 171]. Фалым курделі бастауыш, құрделі баяндауыш деген терминдердегі курделі сөзін сонымен қатар қосарлы деп те алады.

Ал сөйлем түрлеріне қатысты тұжырымдарын талдай отырып, А.Байтұрсынұлының сөйлемдерді құрылымдық және мағыналық жағынан ажыратып қарайтындығына көз жеткіземіз. Фалымның сөйлемдерді *толымды сөйлем* және *толымсыз сөйлем*, *болымды сөйлем* және *болымсыз сөйлем*, *жалаң сөйлем* және *жайылма сөйлем* деп ажыратуы сөйлемнің құрылымдық сипатына қатысты болса, айтылуына қарай көрсеткен төрт түрі – *хабарлы сөйлем*, *лепті сөйлем*, *тілекті сөйлем*, *жай сөйлем* олардың семантикалық ерекшелігін негізге алған. Мұндағы *тілекті сөйлем* деп отырғаны қазіргі қазақ тілінде *бұйрықты сөйлем* деп аталып жүр және оның іштей *тілек*, *өтініш*, *угіт*, *бұйрық* мәнде айтылатын түрлері сараланып беріледі. Ал *жай сөйлем* деп отырғаны қазіргі терминмен айтқанда *хабарлы сөйлемдер* болып табылады.

Қ.Жұбановтың 1936 жылы орта мектепке арнап жазған қазақ тілі грамматикасының бағдарламасында синтаксиске орын беріл-

ген. Қазақ тілі грамматикасының екінші бөлімі синтаксиске арналған. Оnda сөйлем және оның айтылу сазына қарай түрлері, сөйлем мүшелері, сез қисыны, жетек сез бен жетекші сез, сейлем мүшелерінің орны деген тақырыпшалар аясында түсіндірілген. Бұл тұстағы жетек сез бен жетекші сез деп аталғандар *багыныңқы сыңар* және *басыңқы сыңар* деген түсініктегі сез тіркесі синтаксисінде қолданылса, сез қисыны туралы былай деп жазады: «Сез қисыны келу үшін екі шарт керек: алдымен, сөзді орын-орнына дұрыс қою керек; екіншіден, бір сөзді екінші өзге байлан беретін жалғаулар бар, соны дұрыс жалғау керек» [3, 41]. Бұл аталғандар валенттілік теориясы шенберінде қарастырылатын мәселелер болып табылады. С.Аманжоловтың еңбегінде де синтаксистің басты нысаны болып табылатын сөйлем және оған берілген анықтама, сез таптарының сөйлем мүшесі қызметін атқаруындағы ерекшеліктері және т.б. қарастырылды.

Қазақ тілінің синтаксис мәселелері 3-кезенде құрылымдық жағынан терең зерттеліп, өз межесіне жетті. Басты синтаксистік бірліктер сез тіркестері, сөйлем сөйлеуден тыс, оқшау алып қарастырылды. Сейтіп, тұлғалық (формасы) түзілісі, олардың бір-бірімен синтаксистік-мағыналық қатынастары жеке-дара сипатталды.

Қазақ тілтанымында М.Балақаев есімі сез тіркесі синтаксисі саласымен бірге айтылады. Себебі сез тіркесі синтаксисін синтаксистің бір саласы ретінде тек қазақ тіл білімінде гана емес, түркітанымда жеке қарастырылуына М.Балақаевтың зерттеулері негіз болды. Ол өз еңбектерінде сез тіркесі синтаксисіне қарастырылуы керек нысандар мен категорияларды, сез тіркесі болудың шарттарын, яғни оған тән белгілерді айқындал берді [4, 327-522]. Сейтіп, XX ғасырдың алпысыншы жылдарына қарай қазақ тілтанымында сез тіркесінің синтаксистегі орны белгіленді. Сез тіркестеріне берілген анықтама, сез тіркестерінің багыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары бола алатын сез таптарына қарай іштей саралануы былайша анықталып келді. Мәселен, Р.Әмір сез тіркестерін құрылымдық жағынан байланысу формаларына қарай тәмнедегіше жіктейді:

1) қабыса байланысқан сез тіркестері: «сын есім + зат есім» типті сез тіркестері, «зат есім + зат есім» типті сез тіркестері, «сан

есім + зат есім» типті сөз тіркестері, «есімдік + зат есім» типті сөз тіркестері, «есімше + зат есім» типті сөз тіркестері, «ұстей + зат есім» типті сөз тіркестері;

2) матасу амалы арқылы байланысқан сөз тіркестері және олар іштей синтаксистік қатынастың түріне қарай семантикалық жағынан сараланды (меншіктік қатынас, бүтіннің бөлшегі, зат пен заттың арсындағы қатынас);

3) менгеріле байланысқан сөз тіркестері (есімді және етістікті сөз тіркестері) және т.б. [5, 13-42].

Р.Әмір сейлемдерді құрылымдық жағынан бір негізді және екі негізді деп ажыратса, айтылу мақсатына қарай хабарлы, *сұраулы, бұйрықты, лепті* сейлемдер деп ажыратады. Сонымен қатар, сұраулы сейлемдерді қызметі жағынан (негізгі сұрақты білдіретін, жетек сұрақты білдіретін, анықтаушы сұрақты білдіретін сейлемдер) және мәғынасына қарай (ашық сұрақты білдіретін, альтернативті сұрақты білдіретін, риторикалық сұрақты білдіретін сейлемдер) тағы да іштей саралайды.

Р.Әмір жай сейлемдерді құрылымдық жақтан ғана емес, коммуникативтік қырынан да қарастырады. Алдымен, сейлемді коммуникативтік тұлға деп тани отырып, пікір мен сейлемді өзара салыстырады және олардың қарым-қатынасына мән береді. Осылайша, синтаксистік құбылыстарды қарастыру құрылымдық әрі функционалдық сипатта болды.

Жай сейлем синтаксисіне қатысты мәселелер ары қарай төрнеділе Т.Сайрамбаев, А.Аблақов еңбектерінде жалғасын тапты. Т.Сайрамбаевтың сөз тіркесіне қатысты зерттеулерінде сөз тіркестерінің күрделену жолдарына, сөз тіркестерінің байланысу формаларының аударса, сонымен қатар 1991 жылы жарық көрген «Сейлемнің тұрлаулы мүшелері» атты еңбегінде сейлемнің баставыш пен баяндауыш мүшелеріне қатысты теориялық мәселелер қамтылды [6].

А.Аблақов бір ғана байланысу формасы, менгеру негізінде жасалған қазақ тіліндегі есімді және етістікті сөз тіркестерін құрылымдық және семантикалық аспектіден қарастырды. Сонымен қатар, қазақ тілі сөз тіркесі синтаксисі саласында әр сөз табының бағыныңқы сынарда келуі және басынқы сынардағы ва-

ленттілігі сияқты мәселелер жеке-жеке А.Тұрарова, М.Жолшаева, Ы.Балқымбаева, М.Әлиева т.б. кандидаттық диссертацияларына негіз болды. 1990 жылдарға дейін жай сөйлем синтаксисіне қатысты жазылған еңбектер қазақ тілтанымында оның құрылымдық жағынан мәресіне жете зерттелгендігін көрсетеді.

Синтаксис – кешенді құбылыс, сондықтан да оның әр түрлі қырынан қаралуы заңды болып табылады. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінде байқалатын бірқатар синтаксистік құбылыстарды түсіндіру үшін олардың қолданысын ескермесе, таза құрылымдық немесе семантикалық тұрғыдан табиғатын айқындау мүмкін болмайтын жағдайлар аз кездеспейді. Мысалы: *Таңертең далага шықсан, бар маңай аттақ көрте жамылдыты. Қыс. Ақша қар! Төңіректегі құлқайырлар мен қурайлар сидиып-сидиып үнсіз тұр. Есік алдында қар көміт қалған ер-тоқым, алаша дегендерді қағып-сілкіт Ыбыш жүр* (Д.Исабеков). Сондай-ақ:

- Айыма әкелдің бе?

- Иә.

- Бере гой. Қаным кеүіп тұр еди ...

- Түх, шөлден өліп қала жасадап ем. *Салқынын-ай!*... (Д.Исабеков). Осындағы *Қыс. Ақша қар. Салқынын-ай!* деген атаулы сөйлемдердің мән-мағынасын мәнмәтін (контекст) арқылы ғана анықтай аламыз. Өйткені атаулы сөйлемдер – мәнмәтінге тәуелді сөйлемдердің бірі.

Міне, осындағы сөйлеу жағдаяты мен мәнмәтін арқылы анықталатын синтаксистік бірліктердің ерекшеліктері оларды функционалды тұрғыдан, динамикалық сипатта қарастырганда тани аламыз. Бұл қазақ тіл білімінде синтаксистік құбылыстарды функционалды қырынан қарастыру қажеттігін алдыңғы кезекке шыгаруға ықпал етті. Сейтіп, синтаксис мәселелері құрылымдық аспектің ақырындан функционалды бағытқа қарай аудиса бастады.

Қазақ тілі материалдары бойынша коммуникативтік синтаксистегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі, ремалық белгіктің берілу жолдары мен тәсілдері, аудиокі тілдегі сөйлеу заңдылықтары (Р.Әмір), сөйлеудегі тіл бірліктері синонимиясы және берілетін хабардың мазмұнынына әсері (М.Серғалиев), синтаксистің бірліктердің қызметін контекст проблемасы тұрғысына қарастырылуы

(Ж.Жакупов), коммуникативік бірліктердің мақсатты қолданысы және олардың тіл бірліктерінің қызметі арқылы көрініс табуындағы ерекшеліктер (З.Ерназарова), ғылыми проза синтаксисінің құрылымдық және коммуникативтік негіздері (С.Әлісжанов), сөйлемдердің тема-ремалық бөліктерге ажыратылу тәсілдері мен жолдары, сөйлемдердің арасындағы контексттік байланыс мәселесі (Ж.Жакупов, С.Аташев) өткен гасырдың сонына қарай арнайы зерттеудің нысанына алынып, қазак тілі синтаксисі функционалды тұргыдан қарастырыла бастады. Бұл, әсіресе, шартты түрде жинақтап көрсетілген хронологиялық кестенің 4-кезеңіндегі, 1990 жылдардан кейінгі жазылған еңбектерде (Ж.Жакупов, З.Ерназарова, К.Есенова, С.Аташев) басты бағдар болды.

Бұл бағыттағы зерттеулерде синтаксистің динамикалық сипаты, сөйлеу әрекеті тұргысынан, ал синтаксистік бірліктер «жанды» сөйлеу құралдары ретінде нысанға алынып зерттелді. Функционалды синтаксистің басты мақсаты – тілдік бірліктерді мақсатқа сай ірік-теп өзара байланыстыра отырып, сөйлеуді іске асыратын тіл бірліктерінің қызметін айқындау. Басқаша айтқанда, сөйлеуді қамтамасыз ететін құралдар болып табылатын тіл бірліктерінің қызметтерін анықтау, қандай жағдайда? және қалай? жүзеге асатындығын бағамдау. Бұл жағдайда синтаксистік бірліктердің қолданысы контекст және сөйлеу жағдаятымен бірлікте, солардың аясында алынаады. Сондай-ақ, сөйлемнің коммуникативтік сипатын көрсететін олардың актуалды мүшеленуі де функционалды синтаксистің басты нысандарының бірі болып табылады. Актуалды мүшелену дегеніміз – нақты фраза құрамындағы оның маңызды деген бір бөлігін ерекшелеп айту арқылы тындаушы назарын өзіне аударту. Сөйлемді актуалды мүшелеу бірінші кезекте сөйлемнің коммуникативтік мақсатына байланысты болып келеді. Адам нақты қарым-қатынас барысында алдына түрлі коммуникативтік мақсат қоюы мүмкін. Осылаймен байланысты бір сөйлем сөйлеушінің алдына қойған мақсатына сәйкес әртүрлі коммуникативтік мазмұнға ие бола алады. Ал оның іске асырылуы сөйлемнің актуалды мүшелену мәселесімен байланысты. Бұл сөйлеуде түрлі интонация, сөздерге екпін түсіріп айту, сөздердің орнын ауыстыру және т.б. тәсілдер арқылы көрінеді. Мысалы: Ертең кешке қонаққа // барамыз; Ертең кешке // қонаққа ба-

рамыз; Ертең кешке // қонақта барамыз. Мұнда сөйлем логикалық екпін түсіру арқылы актуалданған.

Сонымен қатар, осы сөйлемдердегі сөздердің орнын ауыстыру арқылы да сөйлемді акуталдауға болады. Мысалы: *Қонақта // ертең кешке қонақта барамыз; Қонақта ертең // кешке барамыз.*

Коммуникативтік синтаксисте сөйлемнің кімнің? кімге? нені? айтқандығы басты мәселе болып табылады да, осы айтылғандар негізінде сөйлем темалық және ремалық бөліктерге ажыратылады. Сейтіп, коммуникативтік мәні жағынан сөйлем екі бөлікке саралады: тема және рема.

Сөйлемнің не туралы (тема) және оған қатысты әлдебір ақпаратқа (рема) назар аударылады. Сөйлемді актуалды мүшелерге бөлгендеге сөйлем мазмұндыңдағы білдірілуі тиіс жаңа ақпарат оның ремасында болады.

Қазақ тілінің синтаксисіне қатысты 2016 жылы жарық көрген соңғы басылымның бірі «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» атты енбекте синтаксистік бірліктер құрылымдық қана емес, коммуникативтік жағынан да мазмұндалады. Осылайша, дәстүрлі синтаксистік парадигмаларды сипаттаумен қатар, олардың қатары синтаксистік бірліктердің функционалды-семантикалық және функционалды-коммуникативтік сипаттап толықтырылған. Атап айтқанда, дәстүрлі оқулыктар мен оқу құралдарында құрылымдық жағынан анықталып, сол негізде сипатталып жүрген толымсыз сөйлемдер, мүшеленбейтін сөйлемдер коммуникациядағы қолданысы жағынан қаралып, олардың табиғаты жаңаша мазмұнда сипатталады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі синтаксисі құрылымдық түрғыдан гана емес, қолданысы, яғни функционалды-коммуникативтік қырынан да айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Бұл – заңды да. Өйткені синтаксисте, бір жағынан, тілдің басқа деңгейлері бірліктерінің қолданысы көрініс тауып жатса, екінші жағынан, синтаксистің өзін – «сөйлеу» болып табылады. Ал қазақ тілі синтаксисін құрылымдық жағынан қарастыруда ғылыми пікірлерде бірізділік басым болып келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Грамматика тарихындағы синтаксистік зерттеулерде қандай бағыттар қалыптасты?
2. Синтаксисті құрылымдық аспектіден қарастыру дегенді қалай түсінесіз?
3. Синтаксистік бірліктерді функционалды аспектіден қарастырудың қажеттілігі неде?
4. 1912-1930 жылдар аралығында жазылған еңбектердегі синтаксис мәселесінің қарастырылуы туралы баяндаңыз.
5. 1930-1990 жылдар аралығындағы еңбектерде құрылымдық синтаксистік қандай мәселелері басты назарда болды?
6. Функционалды синтаксистің басты зерттеу нысандарын атаңыз?

Семинар тақырыптары:

1. Қазақ тілі жай сөйлем синтаксисінің зерттелу тарихына талдау.
2. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі синтаксистік құбылыстардың функционалды аспектісінің нышандары.
3. Функционалды синтаксис пен құрылымдық синтаксистік ортақ тұстары мен өзіндік ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

1. Қордабаев Т., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі: Окулық. – А: Дәуір, 2014. – 240 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –А.: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –А.: Абзал-Ай, 2013. –640 б.
4. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Арыс, 2008. – 592 б.
5. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А.: Санат, 1998. -192 б.
6. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –А.: Арыс, 2010. -640 б.
7. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –А.:Санат, 1997. – 240 б.

8. Аташев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің акуталды мүшеленуі. Филол. гыл. канд. фыл. дисс. автореф. –А., 1995. – 20 б.
9. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің pragmalinguisticaлық аспектісі. –Алматы, 2001. – 194 б.
10. Әліжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – А.Арыс, 2007. – 304 б.
11. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Монография – оқулық. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
12. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі. – А.: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Тіл тарихындағы грамматикалық (синтаксистік) ой-пікірлердің даму тарихы.
2. Қазақ тілі синтаксисінің зерттелу тарихын қатысты бір еңбекті алып, оған анализ, синтез жасау.

СӨЖ тапсырмасын орындауга қажетті әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012 ж. -5-6 бб.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Монография – оқулық. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. -12-160 бб.
3. Аташев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің акуталды мүшеленуі. Филол. гыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. автореф. –А., 1995. – 20 б.
4. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А.: Санат, 1998. -192 б.
5. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –А.:Санат, 1997. – 240 б.

1.4 Валенттілік теориясы және синтаксистік валенттілік

Лингвистикада валенттілік теориясы сөздердің тіркесімділігі және сөйлем құрылымын зерттеуде негізгі синтаксистік бағыттардың бірі болып табылады. «Валенттілік» термині лингвистикаға

жаратылыстану ғылымдарынан, химиядан келген. Бұл салада химиялық элемент атомының басқа атомдармен химиялық байланыс жасай алуға қабілеттілік валенттілік деп аталады.

Сөздердің сөйлем құрамында өзара тіркесіп келуі үшін олардың бір-бірімен мағыналық және грамматикалық жағынан сәйкестікте болуы керек. Тілде толық мағыналы сөз белгілі бір синтаксистік жағдайда ғана өзінің толықанды мағыналық қырын көрсете алатындығын айта келе, С.Д.Кацнельсон: «Это свойство слова, определенным образом реализоваться в предложении, выступать в определенные комбинации с другими словами можно было бы назвать его синтаксической валентностью» [1, 126] деп жазады.

Ал кейінірек бұл терминге берген анықтамасы «валенттілік – сөздердің белгілі бір топтарының өзіне басқа сөздерді тарта алу қасиеті» деп нақтылана түседі. Сөйтіп, С.Д.Кацнельсон алғаш рет ғылыми айналымға 1948 жылы *валенттілік* терминін енгізеді.

«Валенттілік» сөзі латынның *Valentia* – күш деген сөзінен пайда болған. Сөздің валенттілік қабілеті тіл деңгейлерінің синтаксис пен лексикологияның семасиология саласы үшін маңызды болып келеді.

С.Д.Кацнельсон атап өткендей семасиологиядағы маңыздылығы мынада: валенттілік «бос орынды сырттан толықтыруды қажет ететін мағынаның қасиеті» болып табылады. Осылайша, валенттілік ұғымы «имплицитно содержащееся в нем (в слове) указание на необходимость восполнения его другими словами определенных типов предложения» (С.Д.Кацнельсон) деген түсінікпен астасады.

Бұл теорияны одан ары қарай дамытқан Л.Теньєр валенттілік терминін тек етістіктерге ғана қатысы қолданылады. Кейін валенттілік мәселесі Ю.Д.Апресян, В.Г.Адмони, М.Д.Степанова, Н.Д.Шмелев, Н.И.Степаненко еңбектерінде әрі қарай терендетіліп, зерттеу нысанына басқа сөз таптары да алынды.

М.Д.Степанова тілдің әр түрлі бірліктеріне байланысты валенттіліктің әр түрлі деңгейде қарастырылатындығын айтады. Бұл тұжырымнан оның валенттілік пен тіркесім ұғымдарын бөле-жармай, бірге қарастыратындығын көреміз. Автор валенттілікті екіге

бөледі: ішкі валенттілік және сыртқы валенттілік. Сөздердің сейлем күрамында келіп басқа сөздермен байланыста айтылуын сыртқы валенттілік, сөздердің ішкі элементтері арасындағы байланысты ішкі валенттілік [2, 13] деп таниды.

Аталған екі «валенттілік» пен «тіркесім» ұғымдарын В.Г.Адмони деп бірлікте алып қарайды [3, 43].

З.С.Зейналова тіл білімінде валенттілік теориясы алғашқы кезде синтаксистік деңгейде танылса, кейін мұның *синтаксистік валенттілік* және *семантикалық валенттілік* деп беліп қарастырылып жүргендігін айта келе, валенттілік пен тіркесімділік арасында белгілі бір шек бар деп жазады [4].

Лингвистикалық сөздіктерде валенттілік теориясының синтаксистік қырына баса назар аударылып, әдетте сөздің басқа сөздермен синтаксистік байланыс жасау қабілетін валенттілік деп анықтайды.

Қазақ тіл білімінде валенттілік теориясының мәселелері М.Оразов, А.Салқынбай, М.Жолшаева, Г.Сыздықова, М.Әлиева, Д.Қарағойшиева зерттеулерінде әр қырынан қарастырылды. Бұл мәселеге Қ.Жұбановтың да кезінде көніл аударғаны оның мына пікірінен аңғарылады: «Грамматиканың мақсаты жалғыз-ақ сөздің қандай мағыналарының болатындығын баяндау ғана емес, қандай формаларға қандай мағыналар сәйкес келетінін баяндап, дұрысы, қандай мағына шығуы үшін сөзді қалайша құрастыру керек екендігін баяндау» [5].

Валенттілік жөнінде М.Оразов валенттілік теориясы бойынша сөздер екінші бір сөзben байланысқанда белгілі бір мағыналық және тұлағалық сыйбайластығы жағынан ғана байланысатындығын айта келе, сөздердің тұлғалық жағынан байланысуын сыртқы валенттілік деп атайды және олардың мағыналық жақтан да байланыста болу керектігін көрсетеді Сонымен қатар, ғалым семантикалық валенттіліктің жеке кездеспей, синтаксистік валенттіліктің ішкі мазмұны ретінде ғана өмір сүретіндігін айтады [6].

А.Салқынбай бір сөздің семантикалық әлеуетінің мүмкіндігі мен екінші сөз мағынасының байланысу мүмкіндігінің сәйкес келуін *семантикалық валенттілік* деп анықтаса, сөздің синтагмада басқа сөзben синтаксистік қатынасқа түсуінің потенциалды мүм-

кіндіктерін синтаксистік валенттілік деп түсіндіреді [7].

Г.Сыздықова тіл біліміндегі валенттілік теориясына байланысты зерттеулер мен тұжырымдарды саралай келіп, соның негізінде валенттіліктің семантикалық, синтаксистік, морфологиялық және сөзжасамдық валенттілік деген түрлерін бөліп көрсетуге болатындығын және мәтін лингвистикасының негізінде контекстуалды валенттілікті бөліп көрсетуге болатындығын айтады [8, 10].

Қазақ тіл біліміне *тіркесім* (сочетаемость) терминін енгізген С.Нұрханов оның тілдің барлық қабаттарында болатын құбылыс деп санап, тіркесімнің тілдік единицалардың (фонема, морфема, лексема) бойындағы мүмкіндік, тұма қасиет екендігін айтады. Бұлардың ішінде синтаксис аясында қарастырылатыны – сөз тіркесімі.

С.Нұрханов сөз тіркесімі сөздің ең кіші синтаксистік контекст (фон) құрайтын конструктивтік, яғни жалғастыруышылық қасиетін және ең кіші синтаксистік контекст еki элементтен (лексемадан) құралатындықтан қос мүшелі тіркес болып табылатындығын айтады. Автор мұндай қос мүшелі тіркеске төмендегілерді жатқызады:

- аналитикалық формалар;
- түйдекті тіркестер;
- сөз тіркестері;
- предикаттық қатынастагы сөз орамдары [9, 72].

Бұл айтылғандардан шығатын түйін: біріншіден, автор қос мүшелі тіркестердің қурылымдық жағын негізге алған; екіншіден, мұнда көрсетілгендердің барлығы бірдей синтаксистік нысанды бола алмайды, осымен байланысты атап өтетін үшінші жайт, С.Нұрханов тіркес ұғымын кең түсініктеп алып қарайды, яғни автордың пайымдауында тіркесімділіктің тіл деңгейлерінің барлық саласында көрініс беретін құбылыс болып табылатындығы.

Валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының арақатынасы келсек, олардың ортақ тұстарымен қатар, өзіндік ерекшеліктері де бар. Біріншіден, тіркесімділік пен валенттілік ұғымдарының ортақ тұсы «ортак семаға» байланысты. Таратып айттар болсақ, өзара тіркес қурайтын сөздерді біріктіретін ортақ семантың болуы. Бұл туралы Г.Сыздықова егер тіркесімділіктегі бағыныңың сыңар басыңының сыңарға тәуелді болса, валенттіліктегі өзекті сөз берілген актант сөздің


арасында екіжақты байланыс болатындығын айтады және мұны валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының арақатынасындағы ерекшеліктер деп анықтап, валенттілік пен тіркесімділік қатынастағы сөздердің семантикалық құрамындағы үйлесімділік олардың арасындағы байланысты көрсететіндігіне тоқталады.

Ғылыми әдебиеттердегі валенттілік пен тіркесімділікке қатысты тұжырымдарды жинақтай келе, екеуіне ортақ белгілер ретінде мұналарды атап көрсетуге болады:

- *tіrkесу қабілеті;*
- *семантикалық жағынан үйлесімділік.* Бұл қасиеттердің екі ұғымға да қатыстырылығын Д.Қарағойшиева да атап көрсетеді.

Айырмашылығы мынада: валенттілік ұғымына қарағанда тіркесімділік ұғымының қамтитын ауқымы кең болып келеді. Яғни тіркесімділік әртурлі тіл деңгейінде көрініс берсе, валенттілік синтаксистік деңгейге тән саналады. Бұган қатысты тұжырымын А.Салқынбай сөз мағынасының дамуы тұрғысынан түсіндіреді, яғни валенттілік тұлғалар арасындағы семантикалық және синтагматикалық байланыстардан тұрса, тіркесімділік кейде мұндағы зандалықтарға бағына бермейтіндігін айтады. Сөйтіп, ғалым мұнда валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының арақатынасын олардың семантикалық және синтагматикалық байланысқа қатысы болу / болмауы тұрғысынан түсіндіреді [10, 38].

Сонымен, валенттілік – сөздердің бір-бірімен семантикалық және синтаксистік жағынан үйлесімді байланысуы. Мұның өзі екі жақты қарастырылады: синтаксистік валенттілік және семантикалық валенттілік.



Сызба 5. Валенттіліктің екі түрі

Семантикалық валенттілік негізінен сөздердің мағыналық жағынан сәйкес, үйлесімділікте келуімен анықталады. Сонымен қатар, сөздердің семантикалық жағынан бір-бірімен мағыналық

үйлесімділікте келуінің өзі белгілі бір модельдер арқылы іске асады. Сөздер өзара тіркесу қабілеті жағынан бір-бірінен ерекшеленді. Бір сөздің тіркесімдік қасиеті жоғары болса, екінші сөздікі керісінше болуы мүмкін. Мәселен, сын есімдер зат есімдермен жиі тіркессе, етістіктермен тіркесімдік қасиеті төмен; екіншіден, сын есімдердің өзі бәрі бірдей кез келген зат есіммен тіркес құрай алмайды; үшіншіден, сын есім мен зат есімнің арасындағы тіркесу тұлғалық жағынан еш қосымшасыз, қатаң орны жағынан қатар тұру тәртібі арқылы іске асады. Жинақтап айтқанда, мұнда әрі мағыналық байланыс бар, әрі осы мағыналық байланысты іске асыратын арнаій үлгі (модель) бар.

Валенттілік теориясындағы негізгі ұғымдардың қатарына *актант* пен *сирконстант* ұғымдарын жатқызуға болады. Лингвистикалық сөздіктерде *актант* термині етістік арқылы белгіленген іс-әрекет үдерісіне қатысы бар адам немесе затты білдіретін сөйлемнің кез келген мүшесі ретінде анықталған.

Бұл терминнің тілдік қолданысқа енүі тікелей валенттілік теориясымен байланысты және оны 1959 жылды Л.Теньер ұсынған. Онын анықтауында актант бастапқы кезде жағдаятқа белсенді қатысушы, әрекет етуші тілдік бірлікті білдірсе, кейін бұл термин кең қолданыс табуына байланысты жаңаша сипат алды. Актант – предикат сөздің валенттілігін толықтыруға қатысатын мағына элементі, яғни тілдік құрал. Ол – сөз валенттілігін басқарушы негізгі сөз болып табылады. Мысалы: *беру* етістігі қандай да бір нәрсені табыс ету дегенді білдіріп, оны толықтыруға іске асыруши-субъект (A), берілетін зат, объект (B) және әрекеттің кімге бағытталғаны (C) актанттары қатысады. Бұлар беру әрекетіне (ұғымына) қатысты жағдаятты толықымен сипаттайды. Осы аталғандардың бірі қамтылмай қалған жағдайда жағдаяттың сипаты толықтай ашылмай қалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Валенттілік терминің мазмұнына түсініктеме беріңіз.
2. Тіркесімділік терминің мазмұнына түсініктеме беріңіз.
3. Сыртқы валенттілік пен ішкі валенттілік ұғымдарын мысалмен түсіндіріңіз.

4. Синтаксистік валенттілік дегеніміз не?
5. Семантикалық валенттілік дегеніміз не?

Семинар тақырыптары:

1. Валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарының арақатынасы.
2. Семантикалық және синтаксистік валенттіліктің сипаты.

Әдебиеттер:

1. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. – Л: Наука, 1986. – 300 с.
2. Степанова М.Д. О «внешней» и «внутренней» валентности слов. ИЯШ, 1967. №3, 13-19 сс.
3. Адмони В.Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики. –Ленинград: Наука, 1988. – 240 с.
4. Зейналова З.С. Семантическая структура и валентность глаголов обозначающих понятие «перемещение предмета в пространстве при динамическом воздействии на него» в современном английском и азербайджанском языках. Автореферат канд. диссер.. –Тбилиси, 1986.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -582 б.
6. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 176 б.
7. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қымыл есімінің семантикасы мен функциясы. Филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1991.
8. Сыздықова Г. Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік. Филол. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Астана, 2010. – 40 б.
9. Нұрханов С. Тіркесім және оның түрлері // Қазақстан мектебі, 1965. №12. -71-74 бб.
10. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Филол. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1999. -47 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Валенттілік теориясының негізгі ұғымдары.
2. Сөз таптарының валенттілігі және синтаксис.

СӨЖ тапсырмасын орындауга қажетті әдебиеттер:

1. Сыздыкова Г. Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік. Филол. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Астана, 2010. – 40 б.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – А.: Словарь-Сөздік, 2002. – 304 б.
3. Арнольд И.В. Основы научных исследований в лингвистике. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2016. – 144 с.
4. Жолشاева М.С. Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі. Алматы: Тоганай Т, 2007. – 176 б.
5. Сыздыкова Г. Валенттілік байланыстағы сөз таптарының сипаты // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2010. № 3 (1). – 171-175 бб.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

ретінде танып, сөз тіркесін сөйлем құрамында келуі арқылы қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеудің коммуникативтік категориялар жүйесіне енетіндігін айтады. Ал Н.С.Валгина болса, объективті шындық құбылыстарын атауға қызмет ететін толық мағыналы екі немесе одан көп сөздің мағыналық және грамматикалық тобының бірлестігін сөз тіркесі деп аныктайды.

Қазақ тіл білімінің қалыптасу тарихын XX ғасырдың басы деп қарайтын болсақ, бұл кезеңдегі синтаксиске қатысты еңбектерде сөз тіркесі деген терминді кездестіру қыын.

1894, 1897 жылдары жарық көрген И.П.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» кітабының кейінгі жылы шыққаны синтаксис мәселелерін қамтиды. Бірақ сөз тіркесі деген термин кездеспегенімен, жай сөйлем синтаксисіне қатысты мәселелерді түсіндіру барысында айтылғандардың қазіргі кезде сөз тіркесі аясында қаралып жүрген жайттарға қатысы бар.

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» кітабының үшінші тіл таңытқыш кітабы сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған. Галымның сөйлем мүшелері, атап айтқанда анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш болатын сөз таптарына тоқталып, оларды жеке-жеке сипаттауға қатысты айтқандары жанама түрде сөз тіркесіне қатысы бар. Сөз тіркесі – бұл сөз таптарының бір-бірімен тіркесімі.

1936 жылы жарық көрген Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасында» II бөлім синтаксиске, оның ішінде сөйлем жүйесіне арналған. Осы бөлімдегі «Жетек сөз бер жетекші сөз» деген айнайы тақырыпшада көтерілген мәселе қазіргі кезде сөз тіркесі синтаксисінде айтылып жүрген сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары, сонымен қатар бастауыш пен баяндауыш қызметінде келген сөздердің арасында туындастын предикаттық қатынас, олардың қандай грамматикалық тұлғалар арқылы көрініс табатындығы туралы мәселелерге қатысы бар болып табылады. Мәселен, галымның жалғаулы сөзді бұрма сөз деп атап, «бұрма сөздің бәрі жетек сөздер, тұра сөз жетек те, жетекші де бола алады» дегендегі сөз тіркестері құрамындағы сөздің бағыныңқы сыңар немесе басыңқы сыңарда жұмсалуы дегенге мензейді. Алайда тұластай алғанда сөз тіркестеріне тән іргелі мәселелер қарастырылмайды.

С.Аманжоловтың 1940 жылы жарық көрген «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» деген кітабында да сөз тіркесі синтаксисінің мәселелері қамтылмаған, бірақ ғалымның «сөйлем мүшелерінің тіркесі» турасында білдірген пікірлерінің сөз тіркесіне қатысты болып келетін тұстары да жоқ емес. Мысалы, ғалымның сөйлем мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды қысу, жанасу, қабысу, менгеру-менгерілу, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі деген түрлерге бөлуі, дәллек айтқанда, алғашқы төртеуі синтаксистік қатынасқа құрылған толық мағыналы екі сөздің тіркесу амалдарының көрінісі, түрі болып табылады. Яғни бұлар сөз тіркесі синтаксисінің шеңберінде қарастырылатын мәселеге жатады.

Сонымен қатар, С.Аманжоловтың басқа авторлармен бірлесе жазған 1939 жылғы мектеп грамматикасында сөз тіркестерін түсіндіруге «синтаксистік қатынас» деген термин қолданылады және бұл термин сөз тіркесі синтаксисіндегі тіркескен екі сөздің арасынан туындағы грамматикалық мағыналар арқылы анықталатын басты синтаксистік ұғымдардың бірі болып табылады.

Қазақ тілтанымында, сондай-ақ жалпы түркологияда сөз тіркесі синтаксисінің синтаксистік құрамдас бір саласы ретінде орынып, өз алдына қалыптасуы XX ғасырдың 50-жылдарына сәйкес келеді және бұл М.Балақаевтың сөз тіркесі саласына қатысты іргелі зерттеулерімен тығыз байланысты болды.

Қазақ тілі деректері негізінде 1954 жылы жарық көрген алғашқы іргелі «Қазіргі қазақ тілі» атты академиялық еңбекте сөз тіркесі сөйлем синтаксисінен ажыратылып беріледі және бұл бөлімнің авторы М.Балақаев болды. Ол сөз тіркесіне анықтама беріп, оның құрамындағы сөздердің өзара салаласа ері сабактаса байланысып келетіндігін айтады. Фалым 1957 жылы жазылған «Основные типы словосочетаний в современном казахском языке» атты монографиясында сабактаса байланысқан сөздерді ғана сөз тіркесін құрайтындығын айтқан. М.Балақаев сонымен қатар, алғаш рет сөз тіркесі синтаксисінің нысанын анықтап, сөз тіркесі мен сөздің, сөз тіркесі мен сөйлемнің арақатынасын ашып көрсетеді, тіркесетін сөздер арасындағы синтаксистік байланыстың түрлері мен тәсілдеріне, сөз тіркестерінің құрамының қай сөз табынан болуына қарай түрлерін ажыратып, олардың сипаттамасын жасайды.

ХХ ғасырдың бел ортасында сөз тіркесі сейлемнен бөлініп зерттеле бастағанымен, толық мағыналы кез келген екі сөздің тіркесі сөз тіркесі болып табыла ма? сөз тіркесіне номинативтілік қасиет тән бе? сөз тіркесі болу үшін толық мағыналы екі сөздің тіркесімі қандай шарттарға жауап беру керек? деген сауалдарға келгендे ғалымдардың пікірі екіге жарылды.

Бір топ ғалымдар (В.Виноградов, А.С.Смирницкий, А.Н.Басаков, К.Аханов) сөз тіркестеріне номинативтілік тән деп сана-са, екінші топ (Ю.В. Фоменко, М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, А.А-блақов) сөз тіркестерінің номинативтілік мәні жайындағы пікір-мен келіспейді. Бұл туралы Т.Ермекова: «Расында да, екі номина-тивтілік мәні бар сөздер тіркесінен үшінші бір номинативтілік мән пайда болмайды, олардың арасында жаңа грамматикалық қатынас – анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастар пайда болады» деп жазып, мынандай мысал келтіреді: «жаңа – сыйнық мәнді, *kıtap* – заттың атын білдіретін сөз, екеуінің тір-кесінен жаңа лексикалық мән пайда болмайды, екі сөздің арасында анықтауыштық қатынас пайда болады» [5, 6-7].

Сонымен, қазақ тілтанымында М.Балақаев негізін қалаған сөз тіркесі синтаксисінің теориялық мәселелері ары қарай К.Аханов, Р.Әмір, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, А.Аблақов, Б.Шалабай, С.И-саев, А.Тұрарова, М.Жолшаева, М.Әлиева және т.б. зерттеу енбек-терінде жалғасын тапты.

2. Сөз тіркесі синтаксисінде сөз тіркесіне берілген анықтама-лар негізінен бірізді болып келеді. Дегенмен қазақ тіл білімінде сөз тіркесі және оған тән белгілерді анықтауда, көрсетуде бір-біріне жақын, алайда өзара ерекшеленетін екі түрлі сипаттаманы кездес-тируге болады. Бірінші - М.Балақаевтың ұсынған анықтамасы. «Кемінде толық мағынальық сөзден құралып, сабактаса байланы-сып, синтаксистік қатынасты білдіретін сөздер тобын *сөз тіркесі* дейміз» [4, 300].

Мұнда сөз тіркестерінің мынандай белгілері қамтылған:

- кемінде толық мағыналы екі сөздің тіркесі;
- тіркескен сөздердің өзара сабактаса байланысуы;
- сөз тіркестері құрамындағы сөздердің бағыныңқы және ба-сынқы сыңарға ажыратылуы;

- тіркескен сөздердің арасында синтаксистің қатынастың пайда болуы.

Б.Шалабай сөз тіркесі болудың шарттары ретінде төмендегі белгілерді атайды:

- құрамында кем дегенде толық мағыналы екі сөз болуы тиіс;
- олардың мағыналары өзара жуық, байланысты болуы керек;
- олар салаласа емес, сабактаса байланысады;
- олардың арасында жаңа грамматикалық мағына пайда болуы қажет;

- предикативтік емес қатынаста түрүш шарт [6, 25]. Осы шартты белгілер негізінде ғалым тарапынан ұсынылатын анықтамада «предикативтілік емес қатынаста түрүш, сабактаса байланысқан кемінде толық мағыналы екі сөздің жаңа грамматикалық мағына білдіретін сөздер тобы *сөз тіркесі*» деп тұжырымдалады.

Предикаттық қатынас бастауыш пен баяндауыштық арасында болатын синтаксистік қатынас түрі және ол сөйлемге тән болып келеді. Яғни предикаттық қатынасқа құрылған сөздердің тіркесімі (тізбегі, құрылым) сөз тіркесі емес, сөйлем қатарына жатады. Мысалы: *Жәдігер балаларына қарай құшагын жаса ұмтылды* (Д.И-сабеков). Мұнда предикаттық қатынаста тұрған сөз байланысы – *Жәдігер ұмтылды*.

Сонымен қатар, сөз тіркесін құрайтын бағыныңқы және басыңқы сынарлардың әрқайсысына жеке сұрақ қойылады. Сонымен, сөз тіркесіне тән осы көрсетілген шарттар негізінде мына сөйлемді талдаң көрейік: *Ол кітапты сарт еткізіп жаса салды* (Д.Исабеков). Сөйлемдегі сөз тіркестері:

1) *кітапты жаса салды* – толықтауыштық қатынастағы менгеріле байланысқан етістікті қурделі сөз тіркесі. Осы анықтаманы таратып көрейік: *кітапты* – бағыныңқы сынар, *жаса салу* – басыңқы сынар; сәйкесінше, бағыныңқы сынар мен басыңқы сынардағы сөздер өзара сабактаса байланысқан; *нени?* *жаса салу* – *кітапты жаса салу* – толықтауыштық (объектілік) қатынасты көрсетіп тұр;

2) *сарт еткізіп жаса салды* – пысықтауыштық қатынастағы қабыса байланысқан етістікті қурделі сөз тіркесі. Мұнда: *сарт еткізу* – бағыныңқы сынар, *жаса салу* – басыңқы сынар; екі сөз өза-

ра аналитикалық тәсіл арқылы еш қосымшасыз қатар тұрып, орын тәртібімен сабактаса байланысқан; қалай? жаба салу – *сарт еткізіп жаба салу* – пысықтауыштық (адвербиалдық, әрекеттің қалай өткенін сипаттау) қатынасты көрсетіп тұр. Сөз тіркестері болудың негізгі шарттары мен сөз тіркесіне берілген жоғарыдағы анықтама басқа еңбектерге де тән болып келеді.

Сөз тіркесіне беріліп жүрген екінші анықтамада оның (сөз тіркесі) құрамындағы сөздер сабактасып қана емес, салаласа да байланысатындығын да есепке алады. Бұл бағыттағы анықтаманы қолдаушылар – Р.Әмір, М.Серғалиев, Ж.Жақыпов, А.Тұрарова.

Сонда, сөз тіркесіне берілген анықтама мынандай мазмұнда болып келеді: толық мағыналы екі не одан да көп сөздердің синтаксистік қатынасты білдіру үшін өзара сабактаса және салаласа байланысқан тобы *сөз тіркесі* деп аталады.

Кесте 2. Сабактаса байланысқан және салаласа байланысқан сөз тіркестерінің салыстырмалы кестесі

Түрі	Құрамы	Сындар-лар ара-сындағы қатынас сипаты	Синтак-систік қа-тынастың түрлері	Мысалы
Сабакта-са бай-ланыс қан сөз тіркес-тері	кемінде толық мағыналы екі сөздің тіркесі	сөздер өзара бағы-ныңқылық-бағыңқылық қатынаста болады	анықта-уыштық (атрибу-тивтік), толықта-уыштық (объек-тілік), пысықта-уыштық (адверби-алдық)	<i>Секретарь оған бұрылып қарады</i> (Д.И). Сөз тіркесі: <i>оған қарады</i> – меңгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі; <i>бұрылып қарады</i> – қабыса бай. пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі.

Салаласа байланысқан сөз тіркестері	кемінде толық магыналы екі сөздің тіркесі	сөздер өзара тең катынаста тұрып байланысады (сөйлемнің бірынғай мүшелерінің арасындағы катынас)	ыңғайластық, карсылықты, талғаулық	<i>Ол ... опера театрына, фонтандарға, адамдарға ұзак қаралды (Д.И.). Салаласа байланысқан тіркестер бірынғай сөйлем мүшелерінің арасындағы тең дәрежеге құрылған.</i>
--	---	--	------------------------------------	--

Салаласа байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы әр сөз сөйлем ішіндегі басқа сөздермен жеке-жеке сабактаса байланысып, сабактаса байла-нысқан сөз тіркестерінің бір сыңары ретінде жұмсағала береді. Қорыта айтқанда, қазақ тілінде салаласа байланысқан сөз тіркестері де сөйлемнің құраушы материалы болып табылады; салаласа байланысу тәсілі сөйлемнің бірынғай мүшелері қызметін атқаратын сөздердің арасында болады; салаласа байланысқан сөз тіркестерін сөйлеуде қолданыста жиі кездеседі.

Сөз тіркесі құрылымы жағына бағыныңды сыңар және бағыныңды сыңарға ажыратылады. Басыңды сыңар – сөз тіркесінің негізі, ұйытқысы, ейткені ол бағыныңды сыңарды өзіне тұлғалық жағынан менгеріп, семантикалық жағынан игеріп тұрады. Бұл сабактаса байланысқан сөз тіркестеріне тән ерекшелік болса, салаласа байланысқан сөз тіркесінің сыңарлары өзара тең дәрежедегі синтаксистік катынас құрайды.

Салаласа да, сабактаса да байланысқан сөз тіркестерінің екеудіне де ортақ тұс мұналар: құрамының толық магыналы сөздерден тұруы; тіркескен сөздердің арасында синтаксистік катынастың болатындығы.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөз тіркесін синтаксистің нысаны ретінде қарастыратын тұжырымдар арасындағы айырмашылықтар неде?
2. В.В.Виноградов пен Ф.Ф.Фортунатовтың сөз тіркестеріне берген түсініктемелерін салыстырыңыз.

3. Сөз тіркестерінің багыныңқы және басыңқы сынарларына тән еркшеліктерге тоқталыңыз.
4. Сөз тіркестері сынарларының арасындағы синтаксистік қатынас дегенді қалай түсінесіз?
5. М.Балақаев пен Б.Шалабай көрсеткен сөз тіркестеріне тән шартты белгілерден қандай айырмашылықты көрдіңіз?
6. Р.Әмірдің сөз тіркесіне берген анықтамасын мысал келтіре отырып талдаңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Сөз тіркесіне тән грамматикалық белгілер.
2. Сабактаса және салаласа байланысқан сөз тіркестері.
3. Сөз тіркесіне берілген анықтамалар.

Әдебиеттер:

1. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. –Москва, 1956.
2. Виноградов В.В. Избранные труды. Исследование по русской грамматике. –Москва, 1978.
3. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Абзат-Ай, 2013. – 640 б.
4. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. -323-416 бб.
5. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис) курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. – Алматы: Білім, 2002. – 132 б.
6. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Салаласа байланысқан сөз тіркестеріне тән еркшеліктер.
2. Синтаксистік тіркес құраушы сынарлар арасындағы синтаксистік қатынастың түрлері.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
3. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.

2.2 Сөз тіркесінің басқа тілдік бірліктермен арақатынасы

Сөз тіркесі болудың басты шарттарының бірі – толық мағыналы екі сөздің тіркесі. Алайда тілдегі кез келген толық мағыналы екі сөздің тіркесі синтаксистік тіркес болып табылмайды. Мысалы: *оку залы, бал арасы*. Екі сөзден кұралып бір лексикалық бірлік болып табылатын тіл бірліктері, сондай-ақ екі немесе одан да көп толық мағыналық сөздердің тіркесінен тұтасып келіп бір номинативті бірлік болатындардың сөз тіркесінен ажыратып, өзіндік белгілерін көрсетудің маңызы зор.

Тілдегі атаулық тіркестер (номинативті бірліктер) сыртқы тұлғасы жағынан синтаксистік сөз тіркестеріне ұқсағанымен, олардың арасындағы грамматикалық мағына немесе синтаксистік қатынас солғынадап, екі сөз өзара жылдасып, бір ұғымды беретін дәрежеге жеткен. Мысалы: *сынақ кітапшасы, қант қызылшасы*.

Сөз тіркесінің сыртқы тұрпаты *күрделі сөздер, тұрақты тіркестер, етістіккік аналитикалық формалары, құранды етістіктер, түйдекті тіркестерге ұқсас болып келеді*. Олардың өзіндік айырмашылықтарын жеке-жеке қарастырып көрсетейік.

1. Сөз тіркесіңе күрделі сөз. Күрделі сөз дегеніміз – екі (кей жағдайда одан да артық) сөздің өзара бірігіп, кіргіп, тіркесіп, қосарланып келіп бір ғана ұғымды білдіруі. Күрделі сөздердің ішінде тіркесті күрделі сөздер синтаксистік сөз тіркестеріне құрылымы жағынан ұқсас, тіпті бірдей болып келеді десек те болады. Мысалы:

Күрделі сөздер	Сөз тіркесі
<i>Жер шары, әлеуметтік желі, еңбек кітапшасы</i>	<i>университеттің ғылыми зертханалары, телефонмен сөйлесіп отыру</i>

Ұзын бойлы, сары ала, қара торы, жалпақ бетті	сары ала жасырақтар, қысқа жеіп, ұзын бойлы жігіт, бүйіра шашты қызы
Жиырма жеті, он бесінші, тогыз жуз алпыс екі, он бес	Жиырма төртінші қатар, тогыз жуз отыз екінші рейс, қырық екі парта

Осы екі бағанда берілген күрделі сөздер мен сөз тіркестерін салыстырып карайтын болсақ, ұқастығы:

1) *әлеуметтік желі* (күрделі сөз) және *университеттің ғылыми зертханасы* (синтаксистік тіркес) екеуін де құрылымы жағынан ұқсас, күрделі сөз толық мағыналы екі: *әлеуметтік* (сын есім) және *желі* (зат есім) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалса, келесі бағандагы сөз тіркесі үш: университет (зат есім) – *ғылыми* (сын есім) – зертхана (зат есім) сөздерінің тіркесуінен жасалған;

2) күрделі сөздер де, сөз тіркестері де сөйлем құраудың материалы болып табылады.

Айырмашылығы:

1) күрделі сөз – сөзжасамның, лексикологияның нысаны; сөз тіркесі – синтаксистің нысаны;

2) күрделі сөздер тұтасымен бір ғана атауды білдіруге қызмет етеді. Мәселен, *ақ сары* (тыс), *отыз бес* (сан) – тіркескен екі сөздің арасында ешқандай синтаксистік қатынас жоқ, сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер өзара үш синтаксистік қатынастың – анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастың біріне құрылады: *ғылыми зертхананы таныстыру* – толықтауыштық қатынастағы менгеріле байланысқан сөз тіркесі;

3) күрделі сөздер тұтасымен бір ұғымды білдіретіндіктен бір ғана сұрапқа жауап береді: *ортада бойлы* – қандай? ал сөз тіркесінің әр сыңарына сұрап қойылады: *отыз екінші пойыз* – *отыз екінші - нешінші?* *пойыз* - не?;

4) күрделі сөздер тұтасымен бір лексикалық бірлік болғандақтан сөз тіркесінің құрамында не бағыныңқы, не басыңқы сыңарда келіп, сөз тіркесінің құрылымы жағынан күрделі түрін жасауға қатысады. Мысалы: *қара торы кісі* - бағыныңқы сыңа-

ры күрделі сын есімнен (*қара торы*) жасалып, қандай? деген бір ғана сұраққа жауап беріп түр, басыңқы сыңардағы *kisi* сөзімен орын тәртібі арқылы байланысып, анықтауыштық қатынаста жұмсалған; - *Молда-еке*, құда құдалық жағымен. *Мынау ақ ниет, ақ көңілмен ұсынған достық белгім болсын, алыңыз, - деп күміс сапты қамишысын ұсынды* (Д.Исабеков) осы сөйлемдегі ақ көңілмен ұсыну – пысықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркесі болып табылады, ақ көңіл сөзі бұл тіркесте бағыныңқы сыңарда жұмсалған.

2. *Сөз тіркесі және тұрақты тіркес*. Сөз тіркесімен құрылымдық жағынан ұқсас болып келетін тілдік бірліктердің бірі – фразеологизмдер немесе тұрақты тіркестер. Грамматикада тұрақты тіркеске антоним ретінде қолданылатын *еркін тіркес* термині басқаша айтқанда *синтаксистік тіркес* және *сөз тіркестері* деген ұғымда қолданылады. Бұл екі аталған тіркес түрлерінің ұқсастығы:

1) екеуі де кемінде екі сөзден тұрады: *Біз көзді ашып-жүрганша қалага да жетіп қалдық* дегендегі көзді ашып-жүрганша фразеологиялық бірлік, құрамы күрделі; *қалага жетіп қалу* – уш сөзден құралған мәнгеріле байланысқан сөз тіркесі;

2) фразеологиялық тіркес те, сөз тіркесі де сейлем құрауга қатысатын тіл бірліктері;

Айырмашылығы:

1) тұрақты тіркестің құрамындағы сөздерден неше сөзден құралса да, тұтасып келіп бір ғана мағынаны береді: *ит арқасы қиянда* – уш түрлі мағынаны беретін сөз өзара тіркесіп келіп, бір ғана мағынаны жеткізуге жұмылдырылған, бұл тұрақты тіркестің мағынасы *алыс*. Сөз тіркесінің құрамындағы әр сыңардың мағынасы сақталады: *автобустен келу; кітаптың бағасы*;

2) сөз тіркесінің әр сыңары жеке-жеке сұраққа жауап берсе, тұрақты тіркестерге бір ғана сұрақ қойылады. Мысалы: *Үйге кіріп, тамақ жеселініп болған соң Тоқтарбек Ергабылға көз тастады да, тамагын кенеп, ұшатын құстай қомданып қойды* (Д.Исабеков). Осы сейлемдегі сөз тіркестеріне талдау жасап көрейік: *тамагын кенеп* – мәнгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, әр сыңарына жеке-жеке сұрақ қойылады, *тамагын – нени?*

кенеп – қайтты? Ал *Ергабылга көз тастады* деген тіркес мәнгеріле байланысқан толықтауыштық қатынасқа құрылған. *көз тастау – не істеді?* деген бір ғана сұраққа жауап береді;

3) жоғарыдағы ерекшелігімен сабактас болып келетін тұрақты тіркестің тағы бір айырмашылығы сөйлемде тұрақты тіркестер бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарса, синтаксистік сөз тіркесінің бағыныңды сыңары мен басыңды сыңары әр түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Жоғарыда берілген сөйлемегі тұрақты тіркесті талдайтын болсақ, мысалы *Ергабылга көз тастады* дегендеге бағыныңды сыңарда тұрған сөз толықтауыш қызметінде, *көз тастады* фраземасы баяндауыш қызметін атқарып тұр;

4) тұрақты тіркес құрамы қанша сөзден тұрса да, сол тұтасымен келіп сөз тіркесінің бір ғана бағыныңды немесе басыңды сыңар ретінде жұмсалады. Мысалы: *Надя мен Тайман кинодан шыққан бетте әлгі үшеуінен он-оңай көз жазды да қалды* (З.Қабдоллов) деген сөйлем құрамындағы үшеуінен көз жазып қалу тіркесі менгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы күрделі сөз тіркесі болып табылады. Бағыныңды сыңар – үшеуінен, ал басыңды сыңар – көз жазып қалу деген фразеологизмнен болған. Сонда басыңды сыңар құрамы жағынан үш сөзден тұрғанымен, тұтасымен бір ғана *адасу мағынасын* білдіреді.

3. Сөз тіркесі мен түйдекті тіркес. Түйдекті тіркес термині екі түрлі, тар және кең ұғымда қолданылады. Кең түсініктегі түйдекті тіркес ұғымы дербес мағынасы бар сөздердің тіркесі дегенді білдіріп, күрделі сөздер (елу жеті, қара ала), тұрақты тіркестерді (ит арқасы киянда, жүрек жұтқан) қамтыса, тар ұғымда түйдекті тіркес негізгі сөз бен көмекші сөздердің тіркесі дегенге сайды. Осымен байланысты кейбір еңбектерде түйдекті тіркестің екі түрі бар деп көрсетіледі [1].

Негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі арқылы жасалған түйдекті тіркестер сыртқы тұрпаты жағынан екі сөзден құралуына қарай үқсас болып келеді. Мұндай құрылымдағы түйдекті тіркестер құрамы жағынан негізгі сөзге көмекші есім (үйдің айналасы, аудиторияның іші), көмекші етістік (мұғалім деген), шылаулар (университеттен кейін) және т.б. тіркесуінен жасалады. Түйдекті тіркеске тән белгілерге мыналар жатады:

- сөз тіркесінің бір сыңары, бағыныңқы немесе басыңқы сыңары ретінде жұмсалады. *Ерте Наурыздан қара күзге дейінгі жұмыс қалжыратып, он шақты күн бойы қимылсыз жатқан ауылдың бұйығы тыныштығы кенет бұзылды* (Д.Исабеков) деген сөйлемдегі қара күзге дейінгі жұмыс – анықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түйдекті тіркес болып келеді;

- түйдекті тіркес құрамындағы сөздер өзара синтаксистік қатынас құрамайды және түйдекті тіркес бір ғана сұраққа жауап береді. Мысалы: *Өздеріңе белгілі, делқұлы Демесін атына мініт алып, туні бойы тарсылатып мылтық атып, уш күннен бері ауылды айналғашауыт шығатын болды* (Д.Исабеков) деген сөйлемдегі туні бойы мылтық ату – қабыса байланысқан пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түйдекті тіркестен болған. Ол қашан? деген сұраққа жауап береді.

4. Сөз тіркесі және етістіктің аналитикалық формалары. Сөздің аналитикалық формасы дегеніміз – лексикалық мағыналы сөз бер көмекші сөздің грамматикалық мағына беретін тіркесі [2, 6].

Ал етістіктің аналитикалық формалары негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесін келуі арқылы жасалады. Мысалы: -ып/-іп, -п және -а/-е, -й тұлғасында келген сөйлеу етістіктері мен көмекшілік қызметте келген жүр етістігінің тіркесуі арқылы жасалған аналитикалық формалы етістіктер: *айтып жүр, айта жүр, сұрап жүр, сұрай жүр, сөйлеп жүр, сөйлей жүр; хабарлап жүр, хабарлай жүр, жеткізіп жүр, жеткізе жүр, әзілдесіп жүр*. Етістіктің аналитикалық формаларының құрамындағы негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінің жүзеге асу тетігін былайша көрсетуге болады: *Сөйле етістігі мынадай семалардан тұрады:*

- ақпаратты жеткізу, сөзбен ойды білдіру – архисема;
- ‘ауызша сөйлеу’ дифференциалды сема;
- қимылдың жасалу қарқыны созылыңқы;
- сөйлеу кезінде тындаушы мен сөйлеушінің болуы шарт;
- ‘нысанға бағытталған әрекет’ – потенциалды сема; жасалу қалып-күйіне қатысты бейтарап. *Сөйлеу етістігінің семалық құрамындағы ‘жасалу қарқынына қатысты созылыңқылық’* және

‘жасалу қалып-күйіне қатысты бейтарап’ семалар жүр етістігінің кұрамында бар ‘созылыңқылық’ пен ‘қалып-күй (жағдай)’ семаларымен байланысқа түсіп, екі сөз тіркессен: *Мен келгенде ылғи да үйде болатын кемтір сол баяғы қалтымен алдене деп сөйлем жүреді* (Д.Исабеков). Сонымен, сөйлеу етістіктері мен жүр көмекші етістігі қимылдың уақытқа қатысты өту ұзақтығын білдіретін сема арқылы тіркеседі.

Сөйлеу етістіктеріндегі «қимылдың жасалу ұзақтығына қатысты бейтарап» сема жүр етістігінің «созыңқылық» семасымен байланыста айтылуға кедергі келтірмейді; сөйлеу етістіктері мен жүр етістігінің тіркесу ‘қимылдың жүзеге асу қалып-күйіне қатысты’ сема арқылы да жүзеге асады. Өйткені кез келген қимыл белгілі бір қалыпта (жағдай) жүзеге асады және бұл сема барлық етістіктің бойында бар.

Сөйлеу етістіктеріндегі «жасалу әрекетінің түрлі қалыпта іске асу» семасы мен жүр етістігінің «қозғалыс» семасы екі сөздің тіркесуіне себеп болған. Осы мысалдардан байқалғандай, аналитикалық формалы етістіктерді құрайтын негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінде синтаксистік қатынас жоқ, өзара мағыналық байланыс бар, ол байланыс грамматикалық мағынаны жасауга қызмет еткен. Тагы бір мысалы: *Палау... палаудан соң үзім суы, одан әрі шай...* Эйтеуір, ел жарататын уақыттан асып, қалың үйқының бір мөлшеріне барғанша төрт болме дамыл алмай, болдым демей жеп, жұтып, ішіп жаратты (М.Әуезов) деген сөйлемдегі ішіп жаратты, жұтып жаратты, жеп жаратты тіркестері етістіктің аналитикалық формалары болып табылады. Олар сыртқы тұрпаты жағынан синтаксистік сөз тіркестеріне ұқсайды. Етістіктің аналитикалық формалары да, синтаксистік тіркестер (сөз тіркестері) екеуі де кемінде екі сөзден тұрады.

Кесте 3. Сөз тіркесі мен етістіктің аналитикалық формасының салыстырмалы сипаты

№	Сөз тіркестері	Етістіктің аналитикалық формасы
1	Бағыныңқы және басыңқы сыңардан тұрады.	Тұтасымен сөз тіркесінің бір ғана сыңары ретінде жүмсалады.
2	Әр сыңарына жеке-жеке сұрақ қойылады.	Бір ғана сұраққа жауап береді.
3	Әр сыңары жеке сөйлем мүшесі қызметін атқарады.	Бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарады.
4	Сыңарлары синтаксистік қатынас құрайды.	Сыңарлардың арасындағы байланыс синтаксистік қатынасқа негізделмейді.

Сонымен, сөз тіркесі мен етістіктің аналитикалық формаларының арасындағы ұқсастық екеуінің де сөйлем күраудың материалы болып табылатындығында. Ал айырмашылықтарын салыстырмалы кестеде жинақтап көрсетіп, содан кейін мысалмен дәйектейміз. *Бәрінен бұрын Айганиша талатын емес. Қара торы беті нұрланағып, гүл-гүл жайнап кеткен. Қоңыр көлеңке үйде қап-қара көзі де қатты ұшқындалат, бір әннен соң бір әнді шырқап отыр* (Ә.Нүрпейісов) деген сөйлемдегі әнді шырқап отыр тіркесі – менгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы етістікті күрделі сөз тіркесі. Басыңқы сыңардагы шырқап отыр тіркесі етістіктің аналитикалық формасы болып табылады. Шырқап отыр аналитикалық формалы етістігінің құрамындағы көсемше тұлғасында келген шырқап негізгі етістігі мен отыр көмекші етістігінің тіркесінен туындастырылған – қимылдың жасалу үстіндегі сипаты, процестілік, созылыңқы әрекетті білдіруі.

Бақылау сұраптары:

1. Сөз тіркесіне ұқсас болып келетін тілдік құбылыстарды атаңыз.
2. Синтаксистік тіркестер мен күрделі сөздердің ортақ тұстарын мысал арқылы көрсетіңіз.
3. Сөз тіркесі мен тұрақты тіркестердің айырмашылықтарын атаңыз, мысал келтіріңіз.
4. Етістіктің аналитикалық формаларының жасалу жолдарына мысал келтіріңіз.
5. Сөз тіркесі мен етістіктің аналитикалық формаларына салыстырмалы талдау жасап, ерекшеліктерін табыңыз.
6. Түйдекті тіркестер туралы ой-пікірлерге талдау жасаңыз. Өз ойыңызды білдіріңіз.
7. Күрделі етістік пен етістіктің аналитикалық формалары және сөз тіркестерінің (синтаксистік тіркес) ортақ тұстарын мысалмен көрсетіңіз.

Семинар тақырыптары:

1. Сөз тіркесі болудың шарттары.
2. Түйдекті тіркестерге (күрделі сөз, тұрақты тіркес, етістіктің аналитикалық формасы) тән белгілер және сөз тіркесі.

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік ілді дамыту институты, 2016. – 18-23 бб.
2. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылышы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 196 б.
3. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Арыс, 2008. – 592 б.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Сөз тіркестерінің тән синтаксистік қарым-қатынастың түрлері (сөз тіркесінің бір сыңары ретінде *түйдекті тіркес*, *күрделі сөз*, *тұрақты тіркес*, *етістіктің аналитикалық формасын* алғып қарастыру).

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. –Алматы: Арыс, 2010. – 640 б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. -18-23 бб.

2.3 Сөздердің синтаксистік байланысу тәсілдері мен байланысу түрлері

1. Сөйлем құрамындағы сөздердің тіркесімі олардың өзара синтаксистік байланыста болуы арқылы жүзеге асады. Сөздердің өзара байланысу тәсілдері үш түрлі жолы бар: бірінші – әртүрлі қосымшалар арқылы, басқаша синтетикалық тәсіл деп аталса, екінші – сөздердің орын тәрітібі, интонация арқылы байланысу жолы аналитикалық тәсіл деп аталады. Ал үшінші – осы екі байланысу тәсілінің де элементтің қамтитын аналитика-синтетикалық тәсіл.

Сөздердің синтаксистік байланысу тәсілдеріне негіз болатын факторлар-дың қатарына олардың мағынасы мен сөздердің тұлғасы жатады. Егер синтаксистік байланыс дұрыс құрылып, алайда сөздердің арасындағы мағыналық байланыс болмаса, ондай жағдайда сөз тіркестері жасалмайды. Мысалы, *Тұтін арасында ерсілі-қарсылы жосылтып Омар жүр* (*F.Мусірепов*) деген сөйлемдегі *ерсілі-қарсылы жүр; жосылтып жүр, тұтін арасында жүр* деген сөз тіркестерінің бағыныңқы сынары мен басыңқы сынары арасында мағыналық байланыс бар, ейткені бағыныңқы сынардағы *ерсілі-қарсылы, жосылту жүру* әрекеттің сипаттай алады. Егер осы сөздердің орнын *шалқасынан* (*жұру*), *кең* (*жұру*) сөздерімен алмастырсақ, олардың арасындағы мағыналық байланыс жойылады, сәйкесінше мұндай сөз тіркестері де жасалмайды.

Сонымен, синтаксистік байланысу тәсілдері арқылы байланысқа түскен өзара сөз тіркестерін құрайтын сөздер мағыналық әрі тұлғалық үйлесімдікте болуы керек.

Синтаксистік байланыс синтаксистік бірліктердің, сөз тіркесі, сөйлем, мәтіннің жасалуын іске асыратын амал болғандықтан синтаксистегі маңызды құбылыстардың қатарына жатады. Сейлемдегі сөздердің байланысы түрліше амалдар арқылы іске асып жатады, солардың бірі – қосымшалар. Қосымшалардың жүрнақ және

жалғау болып бөлінетіндігі белгілі. Сөздердің байланыстыруышы дәнекерлер ретінде казак тілінде жалғаулар да, жұрнақтар да, оның ішінде етістіктің көсемше тұлғалары мен шарттырай тұлғалары белсенді қызмет атқарады. Қосымшалар арқылы байланысу тәсілі басқаша синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп те аталады.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдерін іске асыратын синтаксистік амалдарды жинақтап, былайша беруге болады:



Сызба 6. Синтаксистік байланыс тәсілдері

Қазақ тілінде сөздердің байланысына ерекше қызмет ететін **жалғаулардың** бірі – септік жалғаулары. Мысалы: *Жұрт жазғы ул-кен үйлерді қоймаларға тастап, енді кішілеу-кішілеу қоңырқай үйлер көтерісken*. Улкендер де мұның сәлемін дауыстап алды (М.Әуезов) сөйлеміндегі үйлерді *тастау*, қоймаларға *тастау*, сәлемін алу деген тіркестерде септік жалғауларында тұрған сөздер сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарында келген, сонымен қатар бұл мысалдарға қарап, біріншіден, морфологиялық тұлғалардың сөйлеуде потенциалды мүмкіндіктерінің іске асатындығын; екіншіден, морфологиялық амалдардың синтаксистік сипат алатындығын байқаймыз. Септік жалғаулары өздері жалғанған сөздерге түрлі грамматикалық мағыналар үстейді. Септік жалғауларының сөздерді байланыстырудагы қызметіне тән ерекшеліктерге мыналарды жатқызуға болады:

- септік жалғаулы сөз келесі өзіне қатысты сөзі бағындырып тұрады: *Артынан келген адамдарга осы арага үй тіккізуге, сусын әкелуге бүйрық берді де, сұзы жылы сор көлге күні-түні шомыла берді, шомыла берді* (Ғ.Мұсірепов) деген сөйлемдегі бағыныңқы сынар мен басыңқы сынар өзара септік жалғауы арқылы байланысқан сөз тіркестері: *адамдарга үй тіккізу, көлге шомыла беру;*
- зат есім емес сөздерге жалғанып, оларды заттандырады: *жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын;*
- ілік септік жалғауымен келген сөздер өзімен байланысқа түсетін сөз тіркесінің келесі сынарының тәуелдік жалғауында келуін қажет етіп, екі сөз өзара матаса байланысады. Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуга кірісті (М.Әuezов) сөйлеміндегі әжесінің төсегі деген сөз тіркесінің бірінші сынары ілік септікте, екіншісі тәуелдік жалғауында келген. Мұнда ілік септік жалғаулы сөздің екінші сөздің міндетті түрде тәуелдік тұлғадағы көрсеткішінің болуын қажет етіп тұрган-дығын аңғару қыын емес.

Тәуелдік жалғаулары жалғанған сөз сөз тіркестерін құраганда екінші орында тұрып, алдындағы өз қатысты сөздің ілік септігінде келуін қажет етеді. Ал өзінен кейінгі сөзді өзіне бағындыру қызметін тікелей атқара алмайды, яғни өзінен кейін септік жалғауын қосып алып барып қана басқа сөзді бағындырады. Мысалы: *Әй, азаматым. Әй, қасымдағы қарам! ... Қашанғы үйықтай бересің? Тұрсаңы ... сен бір козіңді аисайшы, - деп үйықтап жатқан баланың мұрнын шымшилады* (Ә.Нұрпейісов) сөйлеміндегі баланың мұрны – матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінің құрамындағы сынарлар өзара ілік септігі мен тәуелдік жалғауының үйлесімділікте келуі арқылы байланысса, мұрнын шымшилады – менгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып табылады. Бағыныңқы сынардагы мұрнын сөзі тәуелді септеу тұлғасында келген және оның екінші сөзді өзіне бағындыруы тікелей септік жалғауының ықпалымен іске асып тұр.

Көптік жалғауы сөздерді байланыстыруда өзіндік қызмет аткарғанымен, бағындырушы тұлға болып табылмайды. Мысалы: *Агаң екеуің бала кездеріңде үйықтар алдында бір-бірлерің ертегі айтып беретінсіңдер деген сөйлемдегі агаң екеуің айтып*

беретінсіңдер предикаттың қатынастары сөз байланыстары болып табылады. Бастауыш қызметіндегі *агаң екеуің* (сендер) көптік ұғымды білдіріп түр және оған қатысты баяндауыш қызметіндегі *айтып беретінсіңдер* сөзі де сандық жағынан өзара байланыста болып, көптік тұлғада келген. Дегенмен көптік жалғауларының бір сөзді өзіне бағындыра байланыстыру қызметі жоқ.

Жіктік жалғау баяндауыш қызметінде келген сөзге жалғана-тындықтан, оның екінші атауы баяндауыштың қосымша немесе предикаттың қосымша деп аталауды. Өйткені бұл қосымша сөйлем-дегі баяндауыш қызметіндегі сөзге ғана жалғанады, сөйтіп ол сөзді бастауышпен байланыстырады. *Біз күнде таңертең ортекедей ойнап, шабынган Асқардың дүбірінен оянатынбыз* (Қ.Жұмаділов).

Синтетикалық тәсілге сөздердің **жүрнәктар** арқылы байланы-суы да жатады. Бұл орайда етістіктің көсемше тұлғасы мен шартты рай тұлғаларының қызметі ерекше болып келеді. Дегенмен синте-тикалық тәсілдің ішінде сөздердің бұл жүрнәктар арқылы байланы-суы жалғаулар сияқты өнімді тәсілдің қатарына жатпайды. *Насы-байды атып алып, мұлгіп тыңдайды да отырады* (Қ.Жұмаділов); *Көш жолдарына, айдалған мал ізіне түсіп, тұмсықтарын көтеріп үзақ тұрады* (Қ.Жұмаділов); *Атты жасақ он еki орданы күні-түні міз бақпай күзетеді* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдерде мұлгіп оты-рады, мұлгіп тыңдайды, тұмсығын көтеріп тұрады, міз бақпай күзетеді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында келген сөздер көсемшениң -ып/-іп, -п және -а/-е,-й жүрнәктары арқылы байла-ныскан. *-Алдияр, құдай өмір берсе, дәм жазып сіздермен кездесер күн туса, бүкіл қазақ даласының батысынан шығысына дейін сар-санды сапар жайын айта жетармын* (К.Сегізбаев) сөйлеміндегі кездесер күн туса айта жетар тіркесінде сөздердің байланысуы-на – са шартты рай тұлғасы ықпал етіп түр.

Аналитикалық тәсіл екі сөздің өзара орын тәртібі арқылы қа-тар немесе алшак тұру, шылау сөздермен тіркесу арқылы жүзеге асады. Аналитикалық тәсілді басқаша синтаксистік тәсіл деп те атайды. Сөйлемде жалғаулар арқылы байланысатын сөздердің орны еркін болса, жалғаусыз байланысатын сөздердің орын тәртібі берік, қатаң сақталады. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланы-суына қатысты М.Балақаев жалғаусыз келіп, орын тәртібі арқылы

байланысқан сөздердің байланысының берік болатындығын айтады. Егер олардың орнын ауystарса мағынасыздық пайда болады, немесе кейбір жағдайларда сөздердің арасында туындастын синтаксистік қатынас өзгеріп кетеді. Мысалы: *Парашиканың жузін анық көрдім. Көз жасы қызыарып кеткен томпақ бетіне бұршақтай тамишылат, солқылдаған өксігін жұтып, шырылдан ән бастап кетті* (Т.Ахтанов) деген сөйлемдегі *томпақ бет, бұршақтай тамишылат* тіркестеріндегі бағыныңың сынарда тұрган сөздердің басыңыңы сынардан кейін қояр болсақ мағыналық байланысты жоғалтып аламыз. Сөздердің жалғаусыз байланысу тәсілі белгілі бір зандалықтарға бағынады. Қазақ тілінде анықтайдын сөз еш қосымшасыз анықталатын сөздің алдында тұрады: *қызық кітап, бесінші қабат, осы аудитория, келген кісілер, оқитын журнал*.

Сөздердің орын тәртібімен тығыз байланысты қарастырылатын аналитикалық тәсілдің бірі интонация болып табылады. Интонацияның байланыстырушылық қызметі есім сөздерден болған бастауыш пен баяндауыш мүшениң өзара байланысынан анық көрінеді. Мысалы: *Маржан – студент. Мұндай бастауыш пен баяндауыштан құрылған жалаң сөйлемдерде екі негізгі мүшениң байланысуында дауыс екпіні маңызды рөл атқарады*.

Сөздерді байланыстыруды шылаулардың да атқаратын рөлі күшті. Оның азық-түлік екенін білеттін *Бәйбек пен Итжемес білектерін сыйбанып іске кірісті кетті* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемде *пен шылауы Бәйбек және Итжемес сөздерін байланыстыруға дәнекер болған*. Мұндағы сөздер өзара салаласа тен дәрежеде байланысқан. Ал тәменде берілген сөйлемде сөз тіркестері құрамын-дағы сөздерді байланыстыруды шылауғана қатысып тұрган жоқ. *Тамақ піскеніше біраз уақыт бар, оған дейін қарның ашып қалады, шай іше тұр* (Ж.Кәдірбекұлы) деген сөйлемдегі *оған дейін қарның ашып қалады* сөз тіркесінің құрамындағы *оған сөзі мен қарның ашып қалады* сөздері өзара дейін шылауы арқылы байланысқан. Мұнда бағыныңың сынардағы *оған сөзі сонымен қатар септік тұлғасында келген*. Яғни мұнда сөздерді байланыстыруды әрі қосымша, әрі шылау қатысқандықтан, мұндай байланыстың түрі синтетика-аналитикалық тәсіл деп аталады.

2. Сөздердің байланысу тәсілдерінің негізінде байланысу түрлері (формалары) қалыптасады. Қазақ тілінде сөздердің мынандай байланысу түрлері бар: 1) қысыу; 2) матасу; 3) меңгеру; 4) қабысу; 5) жанасу.

Қысыу – сейлемнің негізгі тірегі болып табылатын бастауыш пен баяндауыштың арасындағы байланыс формасының түрі. Бастауыш пен баяндауыштың қысысуы жақтық, сан-мөлшерлік жағынан сәйкес болады. Мысалы: *Көңке дейін біз тілсіз хат арқылы сөйлесіп жүрдік* (*О.Бекеі*). Бұл байланысу формасында бастауыш мүшениң қай жақта және жекеше немесе көпше түрде келуіне байланысты баяндауыш та сол жақта тұрады. Жоғарыдаға мысалда бастауыш *біз* көпше түрде бірінші жақта келіп, баяндауыштың да осы жақтық, сан-мөлшерлік түргыдан үйлесімді сәйкестіктен келуін талап еткен: *жүрдік*.

Кей жағдайларда баяндауыш мүше есім сөз табынан болады. Мұндай жағдайда бастауыш пен баяндауыш арасындағы қысыуда соңғысының жіктік жалғауын қабылдап та, қабылдамай да келе беруі мүмкін. Б.Шалабай есімдерден болған баяндауыштардың жіктік жалғауларын жалғап айтылуы мен жалғамай айтылуы арасында мағыналық әрі стильдік ерекшеліктердің болатындығын айтады.

I жақтың -мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін және -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз жалғаулары сан-мөлшерлік мағынаны да қоса білдіреді. Соңдықтан да қазақ тілінде сейлемде жақ көрсеткіші болып табылатын бастауыш қызметіндегі сөздің кейде түсіріліп айтылуы жиі кездеседі, ейткені баяндауыш қызметін атқаратын сөзге жалғанған предикаттық қосымша жақ пен сан-мөлшерді көрсете алады.

II жақта бастауыш пен баяндауыштың қысысуы анайы, сыпайы түрде және жекеше, көпше тұлғада келеді. Мұнда көптік ұғымды беру көптік жалғаулары арқылы іске асырылады.

III жақта бастауыш көптік тұлғада келгенде онымен қызыса байланысатын баяндауыш мүшениң көптік жалғау тұлғасында келу/келмеуі оның қандай сөз табынан болуына байланысты болып келеді. Мысалы: *Ораз-Мұхамед Томан би риза, хош айтысып, ордадан шығып кеткен соң да, шырынды қымызды сораптай ішип, үнсіз, қимылсыз қалыпта ұзақ отырды* (*М.Магаун*); *Құрметтеп жатыр достарым, Жатырмын сүйіп мен де оны. Тілекке*

тілек қосқан үн, барады кернеп кеудені (Т.Айбергенов). Осындағы *Ораз-Мұхамед отырды; Достарым құрметтеп жатыр* - бастауыш пен баяндауыш арасындағы қыса байланысуда бірінші жағдайда III жақ жекеше түрде болса, екінші жағдайда бастауыш көпше түрде келгенімен, баяндауыш мүше көптік тұлғада айтылмаған. Егер баяндауыш есім сөз табынан болса, онда ол бастауышпен көбінесе, көптік тұлғада тұрып қысады: *Олар – оқытушылар*.

Сонымен, қысу дегеніміз – бастауыш пен баяндауыштық жақтық, тұлғалық жағынан үйлесімділіктे байланысуы.

Mamatysy – ілік септік жалғаулы сөз берін тәуелдік жалғаулы сөздің арсындағы байланыстың түрі. Ілік жалғаулы сөз – меншіктеушіні немесе меншік иесін білдірсе, тәуелдік жалғаулы сөз – меншіктелетін нәрсені көрсетеді: *студенттің үйрекі, билеттің бағасы, университеттің автобусы*.

Жалпы түркологияда матаса байланысқан сөз тіркестерін әр түрлі терминмен атау бар, мәселен Н.К.Дмитриев, И.А.Батманов, А.Н.Кононов қысу деп таныса, С.Аманжолов, А.Әбілқаев, И.Ұйқыбаев менгеру деп көрсетеді.

Түркологияда есім сөздердің өзара анықтауыштық қатынасқа құрылудынан жасалған сөз тіркестеріне қатысты *изафет* термині қолданылады және оның үш түрі белгілі. Изафеттің бірінші түрінде сөздер еш қосымшасыз қатар тұру арқылы байланысқа түседі: *алтын сағат, күміс қасық*; изафеттің екінші түрінде сөз тіркесі құрамындағы сынарлардың бірі жалғаулы, бірі жалғаусыз келсе (*дала баласы, автор сөзі*), изафеттің үшінші сөз тіркесін құрайтын сынардың екеуі де қосымшалы болып келеді, бірі ілік септігінде, екіншісі тәуелдік жалғауында тұрады: *кабинеттің кілті, кітаптың авторы, іс-шараның бағдарламасы*.

Матаса байланысу формасындағы сөз тіркесін құрайтын сынарлар бағыныңқы сөз және басынқы сөз деп ажыратылмайды. Өйткені мұндай сөз тіркестерінде байланыс екі жақты болады, сол себепті де байланысу формасының өзі матасу деп аталады. Мысалы: *Келген шаруасына бірден кіріспей, ауыл-аймақтың хабарын айттып, әңгімемен отырды* (Ә.Кекілбаев); *Қаскениң денсаулығы жақсы деді. Бұрынғыдай мазасыз емес. Сенбі, жекененбіде үйде отырады* (М.Магаун). Осындағы ауыл-аймақтың хабары,

Қаскениң денсаулығы тіркестері – матаса байланысқан анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері. Қазақ тілінде матаса байланысқан сөз тіркестеріне қатысты мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады:

1) сөйлеу үдерісінде тәуелдік жалғаулы сөздің ілік жалғаулы сөзсіз қолданылуы жиі кездеседі, бірақ бұл сөз ілік жалғаулы сөзben логикалық байланыста тұрады. Мысалы: *Қара торы беті нұрланып, гүл-гүл жайнап кеткен. Коңыр қолеңке үйде қап-қара көзі де қатты ұшқындалап, бір әннен соң бір әнді шырқап отыр* (Ә.Нұрнегісов). Осы сөйлемдегі қара торы беті тіркесін меншіктейтін оның сөзі сейлемде камтылмаған, алайда оның аталған тіркеспен логикалық байланыста жалпы сөйлем мазмұнынан және бет сөзіндегі тәуелдіктің З-жағының жалғауы -i арқылы көрініс тапқан. Мұның себебін Б.Шалабай сөйлем ішінде ілік септік жалғаулы сөздің айырықша мәнге ие болмайтындығымен түсіндіреді;

2) ілік септік жалғаулы сөз берін тәуелдік жалғаулы сөздің байланысы тұлғалық жағынан үнемі толық болып келе бермейді: бірде ілік септік жалғауы түсіріліп айтылса, бірде тәуелдік жалғауы түсіріліп айтылады. Мысалы: *Үстіндеңі тонына шашырап барып қатқан қара қан тамишылары ол көрініп түр. Сейіт жыларап отыр. Қашаннан жылаулы? Үндемейді* (М.Әуезов). Осы сөйлемдегі қара қан тамишылары деген тіркесте қанның сөзі үнемдеу құбылысына ұшырап, қан (тамишылары) тұлғасында ілік жалғауынсыз келген.

Менгеру – бағыныңқы сыңары атая мен ілік септікten басқа септіктің бірінде келіп басыңқы сыңармен байланысқа түсетін сөз байланысының түрі. Мысалы: *Бүгінгі оқиғаларды ол Мәлікеге түргел айтып берді* (Д.Исабеков); *Жарты бетке толар-толмас хатты мен оған үш қайтара оқып бердім* (Д.Исабеков); *Әуелде апта бойы өзінің қысқы күркесінде жатқан* (М.Магаун); «*Біссімілә!*» *Коңыр інгеннің жеселінін шықсан алғашқы тамишылар темір шелектің түбіне тыз-тыз тамып жатыр* (Ә.Кекілбаев); *Еденде күніне екі рет кіріп, котелокпен ас әкеп беріп кететін күзетшінің ізі жатыр* (Ә.Нұрнегісов); Осы сөйлемдердің құрамындағы айтып беру, оқиғаларды айтып беру, Мәлікеге хатты оқып беру, күркесінде жату, жеселінін шықсан, котелокпен әкеп беру деген сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары барыс септік, табыс септік, жатыс

септік, шығыс септік, көмектес септік жалғауларында келуі арқылы басыңқы сыңардағы сөздермен синтаксистік байланысқа түскен. Септік жалғауындағы бағыныңқы сыңарда келген сөздер – меңгерілуші сөздер. Мұндай сез тіркестерінде менгеретін сез басыңқы сыңарда жұмсалады. атқаратын қызметі тұргысынан қарағанда менгеретін сез, кебінесе, баяндауыш қыметінде келсе, менгерілетін сез, көп жағдайда, толықтауыш, кейде пысықтауыш мүше болады.

Менгеретін сөздің қай сез табынан болуына орай оның түрлері ажыратылады. М.Балақаев қазақ тіліндегі менгеру амалымен құрылған сез тіркестерінің түрін үшке ажыратып қарайды: 1) етістікті менгеру; 2) есімді менгеру; 3) ортақ басыңқылы менгеру. Фалым менгеретін сөздің етістік пен есім сөздің ортақ түйдегінен болатындығын негізге ала отырып, осы үшінші түрді қазақ тілтамына бірінші енгізген болатын. Автордың берген мысалдары мыналар: *айтуға тілім жеттейді, жүртқа күлкілі болды*.

Осы көрсетілген менгерудің түрлерінің ішінде ең жиі ұшырасатыны – етістікті менгеру. *Қабыргада ілулі тұрған төртбұрыш радиодан жеңіс күніне орай саңқылдан хабар беріп жатыр* (О.Бекей) деген сөйлемге талдау жасар болсақ, мынандай менгеріле байланысқан етістікті сез тіркестері бар: *қабыргада ілулі тұр; радиодан беріп жатыр; жеңіс күніне беріп жатыр*. Менгеретін сөздің есім сөздерден болуы алдыңғы тұрге қарағанда сирек кездеседі. Б.Шалабай есімді менгеруге құрылған сез тіркестерінде менгеретін сөздің бастауыштың күйін, халин білдіру үшін жұмсалатын есім сөздер болып келетіндігін айтады. Мысалы: *бәрімізде осындаі, оларда екеу, тастан қатты, айтуға оңай, бәріне түсінікті, бетегеден бік, жусаннан аласа және т.б..* Менгеріле байланысу формасында бағыныңқы сыңар басыңқы сыңардағы сөздің ыңғайына еріп, белгілі бір септік жалғауында келеді. Бұл жағынан алғанда бастауыш пен баяндауыш мүшелер арасында болатын қыыса байланысу формасына ұқсас болып келеді. Алайда қыисуда бастауыш пен баяндауыш мүше қызметіндегі сөздерде баяндауыш қызметіндегі сез бастауыштың грамматикалық мағынасы мен грамматикалық тұлғасына орайлас тұлғаланатын болса, менгеруде «менгерілуші сез бен менгеруші сез» арасында екі жақты тұлғалық орайласу болмайды, мұнда бағыныңқы сыңардағы сез

басыңқы сыңардағы сөздің лексикалық мағынасының ерекшелігіне сай тұлғаланады.

Менгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сыңардағы сөздің қандай септік тұлғасында келуіне байланысты іштей төмөндегідей түрлерге ажыратылады:

- барыс септік жалғаулы сөз тіркестері;
- табыс септік жалғаулы сөз тіркестері;
- жатыс септік жалғаулы сөз тіркестері;
- шығыс септік жалғаулы сөз тіркестері;
- көмектес септік жалғаулы сөз тіркестері.

Барыс септік жалғаулы менгеріле байланысқан сөз тіркестерін күрайтын сыңарлар арасындағы синтаксистік қатынас толықтауыштық және пысықтауыштық сипатта болады. Толықтауыштық немесе объектілік қатынасқа негізделген барыс жалғаулы сөз тіркестері қымылдың кімге, неге арналғанын, ал пысықтауыштық қатынасқа құрылған тіркестерде қымылдың бағытын, мекенін, мезгілін, мақсатын білдіреді. Мысалы: *мұғалімге беру, оқуга кету, кітапханага бару, демалысқа шыгу, Арманга көрсету, терезеге қарау, кешке келу*.

Табыс септік жалғаулы менгеріле байланысқан сөз тіркестері объектілік қатынаста жұмсалып, басыңқы сыңары сабакты етістіктер болып келеді: *көйлекті тігу, баланы оқыту, жастарды тәрбиелеу, шөпті шабу*.

Жатыс септік жалғаулы менгеріле байланысқан сөз тіркестері мекендік, мезгілдік мағыналарды білдіреді: *үйде отыру, ауежайда күту, көктемде бару, жасында танымал болу*.

Шығыс септік жалғаулы менгеріле байланысқан сөз тіркестері толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Сәйкесінше, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері істің шығу тегін, заттың, ерекеттің шығу көзін білдіреді: *агаштан түйін тую, сүттен пісіру, кірпіштен соғу*; ал пысықтауыштық қатынастағы тіркестерде мекен-бағыт, мезгілдік, себептік, амалдық мағыналар беріледі: *ауылдан келу, қыркүйектен бері отыру, былтырдан қалған, қуанғаннан жылап жіберу, даусынан тану*.

Көмектес септік жалғаулы менгеріле байланысқан сөз тіркестері қымылдың қалай жүзеге асқандығын білдіреді: *інісімен сойлесу, қасықпен ұрттау, қошеметпен қарсы алу*.

Қабысу – сөздердің ешқандай қосымшасыз қатар тұру арқылы синтаксистік байланысқа түсіуі. Мысалы: *Кіши ханым Әміршінің қолына еркін басып, ағының астына ғұрс құлап тұсті.* Екі шығы селк-селк етіп, ағыл-тегіл жылап жастыр (Ә.Кекілбаев); *Қазақ баласының алыс шетелде ел мәртебесін котеріп, үлкен жеңіске қол жеткізуіне бүкіл қазақ халқы қуанып жастыр* («Жас Алаш») деген сөйлемдердегі қабыса байланысқан сөз тіркестері: *ғұрс құлап тұсті, ағыл-тегіл жылау, селк-селк етіп жылау, алыс шетел, үлкен жеңіс, бүкіл қазақ*.

Қабыса байланысқан сөз тіркестері екі түрлі синтаксистік қатынаска құрылады: анықтауыштық қатынас және пысықтауыштық қатынас. Қабыса байланысатын сөздердің орны тұрақты болып, байланысатын сөзінің алдында тұрады. Егер олардың орны аудыратындағы жағдай болса, онда сөйлем мазмұны өзгеріп кетеді немесе мағынасындағы пайда болады, сөйтіп сөздердің арасындағы байланыс үзіледі.

Жанасу – бағыныңқы сынардағы сөздің басыңқы сынармен бірде қатар, бірде алшақ тұрып, еш қосымшасыз байланысуы. Кейбір ғалымдар жанасуды қабысудың бір түрі ретінде қарап, өз алдына жеке байланысу формасы ретінде көрсетпейді. Мысалы: *Аспанда таңертеңнен бері қара бұлт басып тұр* немесе *Таңертеңнен бері аспанды қара бұлт басып тспанды қара бұл таңертеңнен бері басып тұр.* Осындағы таңертеңнен бері бұлт басу тіркесіндегі бағыныңқы сынардағы таңертеңнен бері түйдекті тіркесінің орнын сөйлемде аудыстырып айтуға болады және ол өзі қатысты сөзben іргелес те, алшақ та тұрып байланыса береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөздердің байланысу тәсілдері. Түрлері. Ерекшеліктері.
2. Синтетика-аналитикалық байланысу тәсілін мысал келтіре отырып, түсіндіріңіз.
3. Сөздердің байланысу формаларын атаныз, оған қатыстығалымдардың пікіріне тоқталыңыз.
4. Бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыстың ерекшеліктері.
5. Менгеріле байланысқан сөз тіркестерінің түрлерін мысал келтіре отырып баяндаңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Синтаксистік байланыс тәсілдері және синтаксистік байланысу формалары (екеуін сабактастыра отырып түсіндіру).
2. Синтаксистік байланысу формалары және синтаксистік қатынастың түрлері (екеуін сабактастыра отырып түсіндіру).
3. Қыса байланысу формасы және мәнгеріле байланысу формасы (салыстырмалы талдау жасау).

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. -23-37 бб.
2. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. -186 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Изает туралы түсінік. Түркі тілдеріндегі изафеттің түрлері.
2. Пысықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркестері.
3. Матаса байланысқан сөз тіркестерін мәнгеріле және қыса байланысқан сөз тіркестерімен салыстырмалы талдау.

СӨЖ тапсырмасын орындауга қажетті әдебиеттер:

1. Майзель С.С. Изает в турецком языке. –М.-Л., 1957. – 184 с.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – А.: Словарь-Сөздік, 1998. -304 б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. –М., 1990.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Ермекова Т. «Қазіргі қазақ тілі (синтаксис)» курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. – А.: Білім, 2002. -9-12 бб.

2.4 Сөз тіркестерінің түрлері

Сөз тіркестерінің құрылымдық түрлерін екі жақты қарауға болады. Біріншісі, тіркесті құрайтын сөздердің санына қарай ажырату. Бұл жағдайда толық мағыналы өзара синтаксистік қатынасқа құрылған екі сөздің тіркесі *жай сөз тіркесі* деп аталса, сөз тіркесінің бағындықы не басынқы сыңары, болмаса екеуі де екіден

артық, бірнеше сөзден тұратын болса (мәселен, түйдекті тіркес, күрделі сөз, тұрақты тіркестер), мұндай сөз тіркестері құрылымы жағынан күрделі болып келеді де, *күрделі сөз тіркестері* деп аталады. Мысалы: *Жаңа гана қыыр шеті көз ұшына асып, сіресіт жетқан жалтақ мұзға зобалаң туған; мұз бар аумагымен қозғалып, аңгарға қарай жөңкіп бара жатты* (Ә.Нұртейісов). Осы сөйлемдегі құрылымы күрделі сөз тіркестері: *аңгарға қарай жөңкіп бара жатты* – меңгеріле байланысқан пысықтауыштық қатынастағы етістікті тіркестің бағыныңқы сыңар зат есім + шылаудан тұратын түйдекті тіркес (*аңгарға қарай*), ал басыңқы сыңары көсемше + етістіктің аналитикалық формасынан тұратын (*жөңкіп бара жатты*) күрделі құрылым болып келеді. Сонымен қатар мына сөз тіркестері де құрылымы жағынан күрделі болып келеді: *бар аумагымен қозғалу, сіресіт жетқан мұз, мұзға зобалаң туу*. Ал құрылымы жай сөз тіркесі: *жалтақ мұз*. Құрылымдық жағынан сөз тіркестерінің күрделену жолдары бағыныңқы, басыңқы сыңарларда тұрақты тіркестердің келуі арқылы да іске асырылады. Мысалы: *қас пен көздің арасында жоқ болу, ит өлген жерден келу*.

Екіншісі, сөздер өзара тіркесу барысында кейбірі есім сөздің, енді бірі етістіктің айналасына топтасады. Сөз тіркесінің түрлері, әдетте, басыңқы сыңардың қай сөз табынан болуына орай ажыратылады. Тіл білімінде сөз тіркестерін басыңқы сыңарына қарай топтастырудың бірізді пікір жоқ. Т.Сайрамбаев жалпы сөз тіркестерін құрайтын сөз таптарын үш бағытта қарастыруды ұсынады:

- 1) әр сөз табының негізінде қалыптасқан сөз тіркестері;
- 2) бір сөз табының негізінде қалыптасқан сөз тіркестері;
- 3) бір сөздің қайталануы негізінде жасалған сөз тіркестері [1].

Сонымен қатар, сөз тіркестерінің түрлерін көрсетуде басыңқы сыңарды негізге алу да тілтанымдағы ең көп тараған нұсқа болып табылады және бұл тұргыдан сөз тіркесінің түрлері екіге саралады: *есімді сөз тіркестері* және *етістікті сөз тіркестері*. Тұркологияда бұлайша топтастыру Е.И.Убрайтова, А.Н.Кононов, А.Н. Басқаков, қазақ тілтанымында М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, С.Исаев еңбектерінде орын алған. Есімді сөз тіркестерінің басыңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөз таптарының бірінен бол-

са, етістікті сөз тіркестерінде аты атап көрсетіп тұрғандай етістіктерден құралады. Мысалы: *Бітік қамыс арасында жолбарыс көне жолмен сыйбырысyz*, *жесңіл басып келе жетқан* (М.Магауин) деген сейлемдегі есімді сөз тіркестері: *бітік қамыс*, *көне жол*; етістікті сөз тіркестері: *жесңіл басу*, *сыйбырысyz басу*.

К.Аханов пен М.Серғалиев сөз тіркестерінің басынқы сынары қай сөз табынан болуына қарай үшке топтастырады:

- 1) есімді сөз тіркестері;
- 2) етістікті сөз тіркестері;
- 3) үстеулі сөз тіркестері.

Сөз тіркесінің тұрларін осылайша үш топқа бөліп қарастыру орыс тіл білімінде В.В.Виноградов, Н.С.Валгина еңбектерінде де кездеседі. М.Балақаев бір байланысу формасы негізінде, дәлірек айтқанда менгеріле байланысқан сөз тіркестерін есімді, етістікті және ортақ басынқылы деп жіктейді. Автордың мұндағы ортақ басынқылы менгеру деп отырганы басынқы сынардағы сөздің есім сөз берілгенде етістік арқылы жасалған түрі: *айтуға тілім жетпейді*. Осындағы басынқы сынар зат есім (*тілім*) мен етістік (*жетпейді*) тіркесінен түйдектеліп жасалған. Т.Сайрамбаев *ортақ басынқылы менгеру* деген М.Балақаев тұжырымдамасын ары қарай дамыта отырып, мұның тек менгеруге ғана емес, барлық байланысу амалдарына тән екендігін айта келе, арнайы сөз тіркесінің бір түрі ретінде қарастырады. С.Исаев басынқы сынары есім сөз берілгенде етістіктен болған тіркестерді *аралас қабысу* деп атағанымен, жалпы қабыса байланысқан сөз тіркестерін екіге бөледі: есімді және етістікті. Есім сөз тіркестерінің басынқы сынары негізінен негізінен зат есім мен заттанған сөзден, кейде сын есім, сан есім, есімдіктен, сирек жағдайда үстеуден болатындығын көрсетеді. С.Аманжолов, А.Әбілқаев, И.Ұйықбаевтар сөз тіркестерінің тұрларын есімді және етістікті деп бөле отырып, басынқы сынардың зат есімнен, сын есімнен, кейде үстеуден болатындығын айта келе, үстеуді де есімдер тобында қарайды. Тілдік даму барысында үстеулер сөз тіркестерінің басынқы сынарында жұмсалу дәрежесіне ие болғандығы белгілі. Үстеулер басынқы сынарда таза үстеулік мәнде жоне заттанып та келе береді. Мысалы: *таңертеннен қара кешке дейін, биліккүмар орташаалар*.

Тұлдік деректерге жүгінсек, лексика-грамматикалық табигаты жағынан кимылдың түрлі сипатын білдіретіндігімен ерекшеленетін еліктеуіш сөздер де сез тіркесінің басынқы сынарында жұмсала алады. Мұндай жағдайда еліктеуіш сөздер басынқы сынар қызметінде *ет* көмекші етістігімен түйдектеліп келеді. Мысалы: *Дөп-дөңгелек қара козі қунғе шағылысын ұшқындағы жалт-жұлт етеді* (К.Толыбаев).

Сөздік құрамдағы барлық сөздер белгілі бір сөз табына қатысты болып келеді. *Бар*, жоқ сөздері туралы олай дей алмаймыз. Бұл сөздер сөз тіркестерінің басынқы да, бағыныңқы да сынарында жұмсала береді. Мысалы: *Үйдегі жоқты қайдан табуды мен гана білемін* («Газеттен»).

Бақылау сұрақтары:

1. Сөз тіркесінің түрлерін ажыратуға қатысты пікірлерге тоқталыңыз.
2. Қазақ тіл білімінде көрсетіліп жүрген сөз тіркесінің түрлерін атаңыз.
3. Сөз тіркестерінің күрделену жолдарын атаңыз.
4. «Ортақ басынқы» деген терминді қалай түсінесіз?
5. «Аралас қабысу» деген сөз тіркесінің түрін көрсеткен ғалым.

Семинар тақырыптары:

1. Сөз тіркесі синтаксисіндегі «ортак басынқылы сөз тіркесі» туралы түсінік (ғалымдардың тұжырымдарына тоқталыңыз, осы сөз тіркесінің түріне қатысты өз ойыңызды білдіріңіз).
2. Басынқы сынарда жұмсалатын сөз таптары.

Әдебиеттер:

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сейлем синтаксисі. –А.: Рауан, 1991. – 30-31 бб.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. –А.:Санат, 1996. -202-203 бб.
3. Балакаев М. основные типы словосочетания в казахском языке. – Алма-Ата: Из-во АН КазССР, -18-19с с.
4. Исаев С. Қазақ тілі жайындағы ойлар. –Алматы, 1997. -210-211 бб.

5. Аманжолов А., Әбілқаев А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. –Алматы: Ғылым, 1962. -17-18 бб.
6. Сайрамбаев Т., Ибраимов Ә. Үстегердің басынқы сынарда жұмсалуы. ҚазМУ Хабаршысы, филология сериясы. № 18, 1998.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Бір сөздің қайталануы арқылы жасалған сөз тіркестері.
2. Сын есімдердің басынқы сынардағы валенттілігі.
3. Есімдіктердің басынқы сынардағы валенттілігі.

СӨЖ тапсырмасының орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Балқыбекова Ы. Қазіргі қазақ тілінде бір сөздің қайталануы арқылы жасалған сөз байланыстары. Фил. ғылм. канд. дисс. –Алматы, 1998.
2. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. –Алматы: Арыс, 2010. – 640 б.
3. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі сын есімердің валенттілігі. –Алматы: Тоганай Т, 2007. -176 б.
4. Әлиева М. Есімдіктердің басынқы сынардағы валенттілігі. Фил. ғылм. канд. дисс. –Алматы, 2001.

3 ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ

3.1 Сөйлем және оған тән басты грамматикалық белгілер

Синтаксистің басты нысаны сөйлем – ең кіші коммуникативтік бірлік, өйткені сөйлемге дейінгі тіл бірліктері, атап айтқанда фонема, морфема, лексема, сөз тіркесі, біріншіден, коммуникативтік қызметті атқара алмайды; екіншіден, бұл аталғандар сөйлем құрадын материалы ғана болып табылады. Адамның өзгеге айтар ойы сөйлем арқылы сыртқа шығады. Сөйлем – ойды жарықта шығарудың құралы, сол себепті де сөйлемге берілетін анықтамаларда негізгі дінгек ретінде «ой» алынады.

Тіл мен ойлаудың арақатынасына қатысты ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Олардың бір тобы тіл мен ойлау бір деп санап, оған бір құбылыстың екі жағы ретінде қарайды. Мәселен, ойлау мен тіл қатынасына органикалық бірлік деп қарайтын К.Беккер логикалық категория мен тілдік категорияны тепе-тең құбылыстар деп түсіндіреді [1, 8]. К.К. Кошевойдың пайымдауынша, тіл мен ой ажырамас бірліктे және олардың бірінсіз-бірінің болуы мүмкін емес [2, 14]. Келесі бір көзқарас бойынша тіл мен ойлау өзара байланысты екі түрлі құбылыс ретінде сипатталады. Мұнда тілдік бірліктің мағынасы мен ұғым ажыратылып қарастырылады. Б.А. Серебренников ойдың тіл арқылы көрініс табуы ойлаудың бір түрі ғана екендігін айтады [3, 85]. Бұл ойлаудың тілден тыс тұратындығын көрсетеді.

Тіл ғылымы тарихында сөйлемге беріліп жүрген анықтаманың көптігі және әр түрлі мазмұнда болуы нысанның (сөйлем) қай қырынан анықталуына байланысты болып келеді. Бұл орайда сөйлем табигатын түсіндірудегі негізгі екі бағытты көрсетуге болады: бірі – сөйлемді анықтауда лингвистикадан тыс межені басшылыққа алу, бұл басқаша айтқанда, сөйлемнің мәнін логикамен байланысты түсіндіру, сондай-ақ, сөйлемге психологиялық тұрғыдан келу; екіншісі – сөйлемнің табигатын анықтауды лингвистиканың шенберінде алып қаралу.

Сөйлемді ойды жарықта шығарудың құралы ретінде тани отырып, сөйлем мәнін логикалық тұрғыдан қарастыратындар логика мен тілдік категорияларды теңестіріп, өзара бара-бар қарайды. Мы-

салы, Ф.И.Буслаевтың пайымдауында сөйлемге берілетін анықтама бастауыш пен баяндауыштың тіркесіне негізделген пайымдау болып табылады, яғни пайымдаудың сезбен бейнеленген түрін сөйлем деп таниды. Бұл тұрғыдан алғанда, автордың түсіндіруінде бастауыш субъектіге (логикалық ұғым) тең, баяндауыш предикатқа (логикалық ұғым) сәйкес келеді, ал сөйлем пайымдаумен (логикалық ұғым) бара-бар, тең болып шығады. Сонда, тіл мен ойлау категориялары бірдей деген түсінік қалыптасады. Алайда логикалық категориялардың тілдік категориялармен сәйкестенетін де, сәйкес келмейтін де тұстары бар. Өйткені кез келген пайымдау сөйлем арқылы көрініс таба алғанымен, барлық сөйлемде пайымдау бар деп айтуға болмайды. Мысалы, *Еңсеп тақтай тасты дурс-дурс түйгіштей жөнелді* (Ә.Кекілбаев) деген субъект Еңсеп сөйлемде бастауыш қызметінде тұrsa, предикат *түйгіштей жөнелді* баяндауышқа сәйкес келіп тұр. Пайымдаудың тілдегі көрінісі хабарлы сөйлем десек, бұл сөйлемде логиканың категориялары тілдік категориялармен сәйкес келіп тұр. Яғни «пайымдау арқылы «ой» мақұлданады немесе жоққа шығарылады» деген қағиданы басшылыққа алатын болсақ, тілдегі сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдер арқылы көрініс табатын ой мазмұндары пайымдау бола алмаса керек. Мысалы: - *Ana, шұлғау! – деп жұлдызы сөгіліп кеткен етігін сытыра бастады* (Ғ.Мұсірепов) деген сөйленімде бұйыру, әрекетке барғызу нақтылы сөйлеу жағдаяты арқылы айқындалған.

Аристотель заманынан бастау алатын «сұрау мен бұйыру пайымдау жасай алмайды» деген тұжырымға сүйенер болсақ, хабарлы сөйлем ғана пайымдаудың тілдегі көрінісі болып табылады. Алайда сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдердің де түрлі мақсаттарды қөздегенімен, қандай да бір ойға негізделетіндігін жоққа шығаруға болмайтындықтан, сөйлемге байланысты ойды зерттеушілер тарапынан үшке бөліп қарастыру орын алған:

- 1) ой – хабар;
- 2) ой – сұрау;
- 3) ой – тұрткі. Сонда соңғы екеуінде «ойдың» тілдік көріністері болып табылатын сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдердің мақсаты немесе қызметі де қандай да бір ойды білдіреді дегенге саяды.

3 ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ

3.1 Сөйлем және оған тән басты грамматикалық белгілер

Синтаксистің басты нысаны сөйлем – ең кіші коммуникативтік бірлік, өйткені сөйлемге дейінгі тіл бірліктері, атап айтқанда фонема, морфема, лексема, сөз тіркесі, біріншіден, коммуникативтік қызметті атқара алмайды; екіншіден, бұл аталғандар сөйлем құрадының материалы ғана болып табылады. Адамның өзгеге айтар ойы сөйлем арқылы сыртқа шығады. Сөйлем – ойды жарықта шығарудың құралы, сол себепті де сөйлемге берілетін анықтамаларда негізгі дінгек ретінде «ой» алынады.

Тіл мен ойлаудың арақатынасына қатысты ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Олардың бір тобы тіл мен ойлау бір деп санап, оған бір құбылыстың екі жағы ретінде қарайды. Мәселен, ойлау мен тіл қатынасына органикалық бірлік деп қарайтын К.Беккер логикалық категория мен тілдік категорияны тепе-тең құбылыстар деп түсіндіреді [1, 8]. К.К. Кошевойдың пайымдауынша, тіл мен ой ажырамас бірліктे және олардың бірінсіз-бірінің болуы мүмкін емес [2, 14]. Келесі бір көзқарас бойынша тіл мен ойлау өзара байланысты екі түрлі құбылыс ретінде сипатталады. Мұнда тілдік бірліктің мағынасы мен ұғым ажыратылып қарастырылады. Б.А. Серебренников ойдың тіл арқылы көрініс табуы ойлаудың бір түрі ғана екендігін айтады [3, 85]. Бұл ойлаудың тілден тыс тұратындығын көрсетеді.

Тіл ғылымы тарихында сөйлемге беріліп жүрген анықтаманың көптігі және әр түрлі мазмұнда болуы нысанның (сөйлем) қай қырынан анықталуына байланысты болып келеді. Бұл орайда сөйлем табигатын түсіндірудегі негізгі екі бағытты көрсетуге болады: бірі – сөйлемді анықтауда лингвистикадан тыс межені басшылықта алу, бұл басқаша айтқанда, сөйлемнің мәнін логикамен байланысты түсіндіру, сондай-ақ, сөйлемге психологиялық тұрғыдан келу; екіншісі – сөйлемнің табигатын анықтауды лингвистиканың шеңберінде алып қаралу.

Сөйлемді ойды жарықта шығарудың құралы ретінде тани отырып, сөйлем мәнін логикалық тұрғыдан қарастыратындар логика мен тілдік категорияларды теңестіріп, өзара бара-бар қарайды. Мы-

салы, Ф.И.Буслаевтың пайымдауында сөйлемге берілетін анықтама бастауыш пен баяндауыштың тіркесіне негізделген пайымдау болып табылады, яғни пайымдаудың сезбен бейнеленген түрін сөйлем деп таниды. Бұл тұрғыдан алғанда, автордың түсіндіруінде бастауыш субъектіге (логикалық ұфым) тең, баяндауыш предикатқа (логикалық ұфым) сәйкес келеді, ал сөйлем пайымдаумен (логикалық ұфым) бара-бар, тең болып шығады. Сонда, тіл мен ойлау категориялары бірдей деген түсінік қалыптасады. Алайда логикалық категориялардың тілдік категориялармен сәйкестенетін де, сәйкес келмейтін де тұстары бар. Өйткені кез келген пайымдау сөйлем арқылы көрініс таба алғанымен, барлық сөйлемде пайымдау бар деп айтуға болмайды. Мысалы, *Еңсеп тақтай тасты дұрс-дұрс түйгіштей жөнелді* (Ә.Кекілбаев) деген субъект *Еңсеп* сөйлемде бастауыш қызметінде тұrsa, предикат *түйгіштей жөнелді* баяндауышқа сәйкес келіп тұр. Пайымдаудың тілдегі көрінісі хабарлы сөйлем десек, бұл сөйлемде логиканың категориялары тілдік категориялармен сәйкес келіп тұр. Яғни «пайымдау арқылы «ой» макұлданады немесе жоққа шығарылады» деген қағиданы басшылыққа алатын болсақ, тілдегі сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдер арқылы көрініс табатын ой мазмұндары пайымдау бола алмаса керек. Мысалы: - *Ana, шүлгau!* – деп жұлығы сөгіліп кеткен етігін сұтыра бастады (F.Мұсірепов) деген сөйленімде бұйыру, әрекетке барғызу нақтылы сөйлеу жағдаяты арқылы айқындалған.

Аристотель заманынан бастау алатын «сұрау мен бұйыру пайымдау жасай алмайды» деген тұжырымға сүйенер болсақ, хабарлы сөйлем ғана пайымдаудың тілдегі көрінісі болып табылады. Алайда сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдердің де түрлі мақсаттарды қөздегенімен, қандай да бір ойға негізделетіндігін жоққа шығаруга болмайтындықтан, сөйлемге байланысты ойды зерттеушілер тарапынан үшке бөліп қарастыру орын алған:

- 1) ой – хабар;
- 2) ой – сұрау;

3) ой – тұрткі. Сонда соңғы екеуінде «ойдың» тілдік көріністері болып табылатын сұраулы сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдердің мақсаты немесе қызметі де қандай да бір ойды білдіреді дегенге саяды.

Логикалық субъект пен грамматикалық бастауыштың, сондай-ақ логикалық предикат пен грамматикалық баяндауыштың тере-төң түсіп сәйкестенбейтіндігін мына мысалдан байқауға болады: *Бізге сағат алтыға дейін осында болу керек* деген сөйлемді алып қарасақ, логикалық субъект *біз* болғанымен, оның грамматикалық көрсеткіші бастауыш сөйлемде жоқ, логикалық субъектіге *бізге* деген грамматикалық толықтауыш мүше сәйкес келіп тұrsa, *осында болу керек* предикаттың көрсетіп тұр. Осылайша субъект (логикалық бастауыш немесе грамматикалық толықтауыш мүше) пен предикаттың байланысынан туындаған пайымдау сөйлем түрінде «көріктеніп», қарым-қатынас құралы болу қызметін атқарып тұр. Осылайша, сөйлем мүшелері мен пайымдау мүшелерінің бірдей бола бермейтіндігіне көз жеткізу қыын емес.

Сонымен, сөйлемнің мәнін логикалық тұрғыдан түсіндіру шілердің (К.Ф.Беккер, Ф.И.Буслаев) тұжырымына қатысты тәмендегідей түйін жасауга болады:

- 1) сөйлемге анықтама беруде логиканы, «ойды» негіз етіп алу орынды, өйткені сөйлем ойды сырта шығарудың бір тәсілі болып табылады;
- 2) сөйлем мен логикалық пайымдауды теңестіріп жіберу, сөйлемнің мүмкіндіктерін шектеуге әкеліп тірепті. Өйткені пайымдауды тілде әр түрлі сөйлемдер арқылы беруге болады.

Сөйлем мен пайымдауды теңестіре қарау лингвистикада синтаксистегі логицизмге қарсы психологиялық бағыттың пайда болуына өз ықпалын тигізді. Бұл бағыттың өкілдері логикалық категориялар мен грамматикалық категорияларды теңестірмей, олардың арасындағы байланысты теріске шығарады. Тіл мен ойлау жайында Г.Штейнталъ тілдік және ұғымдық категорияларды «шенбер» мен «қызыл» ұғымдары сияқты «сыйыспайтын» түсініктер болып табылатындығын жазады. Осындай пікірді В.З.Панфилов та білдіреді. Ол тіл мен ой өзара диалектикалық байланыста болғанымен, тіл өз алдына жеке құбылыс болып табылады деп көрсетеді [4, 3]. Логикалық пайымдау мен грамматикалық сөйлемнің өзара тең құбылыстар еместігін А.А.Потебня, А.А.Шахматов та көрсетеді. Осылайша сөйлемді анықтауға психологиялық тұрғыдан келетін бағыттың өкілдері сөйлем арқылы берілетін ойды бірі

«апперцепция» (А.А.Потебня) деп атаса, енді бірі «психологиялық коммуникация» (А.А.Шахматов) деген атап ұсынады. А.А.Шахматов сөйлемді психологиялық коммуникацияның сез арқылы грамматикалық құрылымға бірігуі деп көрсетеді және оның психологиялық коммуникация деп отырганы «ой» болып шыгады. Жалпы сөйлемге анықтама беруде психологиялық бағытты ұстанушылардың басты дәйектемесі – сөйлемді сөйлеу сәтіндегі сөйлеушінің психикалық жай-күйімен байланысты анықтауы. Мұндай пікір Г.Паульдің сөйлемге берген тұжырымынан да байқалады. Оның анықтауында сөйлем сөйлеуші психикасындағы көріністердің бейнелеушісі, символы болып шыгады [7, 148].

Қазақ тіл білімінде сөйлем табиғатын анықтауға байланысты айтылған ғылыми пайымдауларды хронологиялық тұрғыдан көрсетер болсақ, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы «сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой» деген анықтама беріп, тұжырымын былайша жағастырады: «... ауыздан шықкан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [8, 157]. А.Байтұрсынұлының сөйлемге берген анықтамасында негізге алынған факторлар:

- 1) сөйлемнің ойды жеткізу құралы екендігі;
- 2) сөйлемнің коммуникативтік бірлік болып табылатындығы (сөйлемнің «айтушының ойы» мен «тыңдаушының ұғуы» тұрғысынан анықталуы);
- 3) сөйлем мазмұнының көлемі коммуникативтік мақсаттың орындалу тұрғысынан айқындалуы (тыңдаушы ұғарлық дәрежеде болуы). Яғни бұл тұста ойды жеткізетін коммуникативтік бірлік – сөйлем бірнеше сөздер тізбегінен тұратын құрылым да, сондай-ақ бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін түрінде болуы да ықтимал. Бұл айтушының коммуникативтік мақсатына байланысты болып келеді.

Қ.Жұбанов «аяқталған ойды білдіретін бір із бірнеше сез сөйлем» деп анықтаған [9, 34]. Бұл анықтамада қазіргі кезде атаулы сөйлем аталып жүрген синтаксистік бірліктердің ойды білдіру құралы бола алатындығы қамтылған. Яғни бір сөзден болған синтаксистік құрылымның сөйлем ретінде танылуы коммуникативтік

жағдаят, контекст мәселесімен бірлікте алып қараганда анықталатын жайт десек, сөйлемге берілген бұл анықтамадан коммуникативтік синтаксистің нышанын көруге болады.

С.Аманжолов сөйлемнің тиянақты ойды білдіруін шартты нәрсе деп қарайды. Оған дәлел ретінде ақынның не жазушының шығармасындағы айтар ойы мен оның тілдегі берілуін салыстырмалы түрде былайша сипаттап түсіндіреді: автордың шығармасы күрделі бір ойға байлаулы болады, туынды аяқталғанда гана ой «бітеді» дей келе, сөйлемді кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін қамтитын сөздер тобы ретінде анықтайды [10]. Сөйлем табиғатын анықтауга қатысты мұндай пікірді М.Балақаевтан да кездестіреміз. Ол сөйлемді тілдің грамматикалық занылышына сай сөздер мен сөз тіркестерінен құрылып, ойды білдірге қызмет ететін сөйлеу бірлігі деп анықтайды [11, 417]. Фалым сөз бен сөз тіркестері ұғымды білдірсе, сөйлем салыстырмалы түрде алғанда аяқталған ойды, пайымдауды, бұйыруды және т.б. білдіреді деп, сөйлемнің ерекшелігін сөз, сөз тіркестерімен салыстыра отырып түсіндіруге тырысады. Сонымен қатар, М.Балақаев аяқталған ойдың берілуін үнемі бір сөйлеммен шектелмейтіндігін, өзара мазмұндас, бірбірімен байланысты бірнеше сөйлемдермен берілетіндігін де көрсетеді. 1961 жылы жарық көрген еңбегінде сөйлемге тән белгілер ретінде мыналарды атайды: 1) сөйлемнің біршама аяқталған ойды білдіруі; 2) предикаттық қатынасқа құрылуы; 3) әрбір сөйлемнің айтылу интонациясының болатындығы. Осылайша, сөйлемге тән маңызды белгі ретінде оның біршама аяқталған ойды білдіретін сөйлеу бірлігі екендігін атап көрсетеді.

Тіл мен ойдың тығыз байланысты екендігін, ойдың тілдік көрінісі сөйлем болып табылатындығын, сөйлемнің ойды білдіруде бір синтаксистік құрылым ретінде және өзара байланысты бірнеше сөйлемдердің тұтастыры арқылы көрініс табуына байланысты айтылған Т.Қордабаев, Р.Әмір, О.Төлегеновтың пікірлері үндес болып келеді және тұтастай алғанда, сөйлемді логикадағы пайымдаудың көрінісі ретінде таниды. Мәселен, Т.Қордабаев ойдың бірнеше сөйлемдер арқылы берілетіндігі тәжірибеден белгілі дей келе, сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіретін коммуникативтік бірлік деп көрсетеді [12].

Т.Сайрамбаев сөйлемге тікелей анықтама бермегенімен, өзіне үқсас басқа тілдік құбылыстардан коммуникативтік қызметі және шындық болмыстың бір белшегі жайында хабар беру жағынан ажыратылатындығын айтады. Бұдан автордың сөйлемді сөйлеу бірлігі және логикалық пайымдаудың тілдік көрінісі ретінде таниндығын байқаймыз.

Сөйлемге берілген анықтамаларда, ең алдымен, оның коммуникативтік қызмет атқаратын бірлік екендігі; екіншіден, пайымдауды жеткізу қызметі қамтылған. Сөйлемнің сөйлем екендігін танытатын негізгі грамматикалық белгілерге мыналар жатады: 1) предикативтілік; 2) модалділік; 3) интонация.

Сөйлемге тән грамматикалық белгілерді анықтауда ғалымдардың арасында бірізді пікір болмағанмен, негізінен тұжырымдар бір-біріне жақын келеді. Мәселен, В.В.Бабайцева сөйлемге тән белгілер ретінде *предикативтілік* пен *интонацияны* көрсетсе, Н.С.Валгина, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, Б.Шалабай бұл аталғандардың қатарына *модалділікті* қосады.

Предикативтілік сөйлемнің негізгі ұйымдастыруышы тірепі бастауыш пен баяндауыштың арасындағы синтаксистік байланыс ретінде түсініледі. Бұл терминнің мазмұны сөйлемдегі хабарламаның үш шақтың, өткен шақ, осы шақ және келер шақтың бірінде іске асуын көрсету дегенге сәйді. Яғни шақ тұлғалары сөйлемде айтылған пікірдің болмысқа өту мезгілі тұрғысынан қатынасын білдіреді. Сондай-ақ, предикативтілік ұғымын түсіндірушілер оның сөйлемде жақ тұлғалары арқылы да жүзеге асатындығын айтады. Жақ тұлғалары әрекет пен оның субъектісінің сөйлеушіге қатынасын білдіреді. Мысалы: *Тұра келген екпінімен Жұман жүргіріп келіп күміс самауырды бәйбішеге қарай теуіт жібереді* (F.Мұсірепов); *Жәбірленушілер бірінің соңынан бірі мінбеке көтеріліп, кезек-кезек сөйлеп жатыр* (К.Жұмаділов). Осы сөйлемдерде іс-әрекет бірінші жағдайда сөйлеу сәтінен бұрын болып өтсе, екінші сөйлемде сөйлеу әрекетімен қабат, осы шақта өтіп жатыр. Ал субъектілер үшінші жақ жекеше (Жұман - ол) және көпше (жәбірленушілер - олар) түрде келген тұлға болып табылады. Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы грамматикалық байланыс немесе синтаксистік қатынас *предикаттық қатынас* деп аталады. Предикаттық қатынастың

тілдік көріністері шақ, шақ, рай тұлғалары болып табылады. Сейлемде бұл тұлғалар баяндауыш мүше арқылы көрінетіндіктен баяндаушыты *предикат мүше* деп те атайды.

Сейлемге тән келесі белгі – *модальділік*. Модальділік – сейлемінде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасын (объективті) және сөйлеушінің қатынасын (субъективті) көрсететін категория. Сейлем мазмұны шындық болмысқа ғана қатысты болмай, сонымен бірге ол пікірге не мазмұнға сөйлеушінің қатысын, сөйлеушінің пікір-кезқарасын қоса қамтиды. Сөйлеуші-нің сейлемде айтылған ойға қатысты көзқарастарына мыналар жатады: ойды құптау, құптамау, болжау, шамалау, жорамалдау, іске асыра алу, алмау мүмкіндігі, қажеттілік және т.б.. Бұл грамматикалық мағыналардың негізгі грамматикалық көрсеткіштері модаль сөздер, грамматикалық рай тұлғалары, демеулік шылаулар болып танылады. О.Төлегенов модальдік мағынаның берілу жолдарын үшке топтастырып қарайды: морфологиялық, лексика-синтаксистік және интонациялық синтаксистік тәсіл. Бұлардың алғашқысы морфологиялық көрсеткіш, атап айтқанда рай категориясының грамматикалық тұлғалары және етістіктің аналитикалық форманттар жатады. Мысалы: *-Тінми, туспей-ақ сонда тұра берсе қайтеді, - деді жалпы бөлімнің бастығы. – Үйіне түнде-түнде барып кеп тұрап* (Д.Исабеков) деген сейлемінде *-н тұр* аналитикалық форманты мүмкіндік мағынаның, сөйлеушінің көзқарасын да білдіріп тұр. Модальділікті білдірудің лексика-синтаксистік тәсіліне оның модаль сөздер және баяндауыш қызметтегі етістіктермен келген демеуліктер арқылы жасалуы жатады: *Келесі айда жолақысы қымбаттайды-мыс... (Ауызекі тіл)*. Бұл модальділік мағына сейлем тұтастай мазмұнынан туындалп тұр. Ал модальділікті білдірудің интонациялық-синтаксистік тәсілі сейлемнің баяндау мазмұнынан көрінеді. *Ол тамаша күлдіргіш еді, байсалды кейітпен тұрып-ақ жүртты қалаі күлдірудің есебін табады* (Ш.Хұсайынов) деген сейлемде мүмкінділік модальділігі көрініс береді.

Модальділік шақ ұғымымен ажырамас бірлікте болады. Соңдықтан предикативтілік ұғымын жақ, шақ және модальділіктің бірлігі ретінде қарау орнықсан пікір деп санауға болады. Демек, «*предикативтілік* дегеніміз – хабарланған жайдың шындыққа жалпы

қатыстылығын белгілейтін грамматикалық категория. Ал жалпы қатыстылық өз ішіне хабарланған жайдың белгілі уақыт ішінде (синтаксистік шақ) өтуін және хабарланған жайдың шындыққа қатысын (модальділік) қамтиды» [5, 34]. Модальділік пен предикативтілік және олардың өзіндік ерекшеліктеріне қатысты О.Төлегенов «қызметі жағынан алғанда предикативтілікті сөйлемнің шындық туралы баяндауды білдіру қабілеттілігі десе, модальділікті баяндау мазмұны (шындық) туралы айтуши қатынасын білдіру қабілеттілігі» [14, 18] деп тұжырымдайды. Осылайша, предикативтілік пен модальділік бірлікте анықталғанымен, мәні жағынан екеуін бір деп қарауга болмайды.

Сөйлемге тән келесі белгі – интонация. Кез келген тілде сөйлемнің қай түрінде болмасын оның құрылымындағы бір компонент интонация болып табылады. Яғни интонацияның көрініс табатын тұсы – сөйлеу, дәлірек айтқанда сөйлеудегі сөйлемдерден көрінеді. Сөйлемге тән интонация тиянақтылығымен ерекшеленеді. Ал синтаксистік құрылымның аяқталмағандығы олардың паузага бөлінулерінен байқалады. Сонымен қатар, З.Базарбаева синтаксистік пен интонацияның байланысын олардың мағынаға қатысты ортақ тұсы тұргысынан анықтайды, яғни тәуелділік-тәуелсіздік және аяқталу-аяқталмау шартын алады. Бұл пайымдау бойынша, жалпы сөйлеуде интонацияның жоғары көтеріле айтылатын тұсы – мазмұнның тәуелділігін немесе ойдың аяқталмағандығын білдірсе, керісінше интонацияның төмендейтін түрі – мазмұнның тәуелсіздігін, яғни ойдың аяқталғандығын білдіреді.

Синтаксис үшін интонацияның қызметі мен маңыздылығын оның сөйлем мазмұнын ажыратудағы рөлі мен мазмұнды түрлендірудегі қызметінен де көрінеді. Синтаксистік құрылымдар мен интонацияның байланысына синтагма дәлел бола алады. Синтагма дегеніміз – сөйлеу тілінің ең шағын интонациялық-мағыналық бірлігі. В.В.Виноградов синтагманың тілдің өзіне тән құбылыс екендігін және шынайы сөйлеу құбылысына сәйкес келетіндігін айта келе, «синтагма отражает кусочек действительности, представляя сводный элемент речевого целого» деп жазады [13, 24].

Интонация сөйлеудің коммуникативтік түрлерін, атап айтқанда қабарлау, сұрау, бұйыру, етінуді анықтайды. Мысалы: – *Өлтірдің,*

жібер! ... Ya, жібер деймін! – деп Дос айгайлат келеді. Балжан оның сөзін құлагына ілмestен багана бір дегеннен қыл шылбырмен қылғындырып алған Кенжекейді үй айналдыра сүрей берді (Ә.Нұрнайісов).

Қазақ тілінде сөйлемнің негізгі өзегі саналатын бастауыш пен баяндауыштан тұратын екі құрамды сөйлемдерден басқа, бір гана бас мүшеге негізделетін, мүшеленбейтін сөйлемдер де бар екені белгілі. Жекелеген есім сөздерден, не сөздердің тіркесімінен тұратын тілдік құралдардың сөйлем ретінде танылуына (атаулы сөйлемдерге қатысты) бірден-бір фактор интонация болып табылады, ейткені олар міндетті түрде сөйлемге тән тиянақты интонациямен айтылады. Мысалы: *Жаңбыр. Күздің суық жауыны.* Бұл келтірілген атаулы сөйлемдер бір жағынан, негізінен айналаны, ондағы болып жатқан жағдайды суреттеп, бейнелі түрде жеткізу қызметін атқарып тұр. Екінші жағынан, осы суреттеу арқылы жасалу үстіндегі әрекет имплицитті түрде көрінеді. Яғни: *«Жаңбыр. Күздің суық жаңбыры – Күзгі суық жауын жауып тұр».* Атаулы сөйлемдер, әдетте, осы шақта тұрып, қазіргі жағдаятта болып жатқан объективті шындықты бейнелейді. Сонда, мұндай атаулы сөйлемдердің сөйлем ретінде танылуына қажетті предикативтілік (шақ, жақ) белгі мен модальділік (сөйлем мазмұнының шындыққа қатысы) имплицитті, сөйлеу жағдаяты арқылы анықталса, сөйлем ретінде танылуына бірден-бір айқын фактор ретінде әсер етіп тұрғаны – атаулы сөйлемнің айтылу интонациясы.

Интонация сөйлеуде бір сөзді немесе сөз тіркесін ерекше интонациямен айту арқылы ойдаң мәнін белгілеуге қызмет етеді; сөйлемді эмоционалды құруга тікелей ықпал етеді; сөйлеудің жалпы тұтастығын қамтамасыз етеді; сөйлеудің астарлы мәнін анықтауға қызмет етеді. Бұлар интонацияның синтаксистің құрылымдық аспектісі де, коммуникативтік аспектісі үшін де маңызды екендігін дәйектейді.

Б.Шалабай интонацияны негізгі интонация және қосалқы интонация деп бөліп қарастырады. Фалым алғашқысына сөйлемге тән жалпы алғандағы интонацияларды – хабарлау интонациясы, сұрау интонациясы, бұйыру, іске қосу интонациясын жатқызса, бұларға қосымша сенімділік, таңырқау, болжамдық мәнді көрсе-

туге қызмет ететін интонацияларды қосалқы немесе жеке пландагы интонациялар деп атайды. Ал интонацияның бұл екі түрінің сөйлемде көрінуіне қатыстыбы лайша тұжырымдайды: «негізгі интонациялар сөйлемнің жалпы коммуникативтік мақсатына байланысты болса, қосалқы интонация сөйлемнің нақты лексикалық құрамына байланысты болып келеді» [5, 35]. Бұл тұжырымнан интонацияның алғашқы түрі сөйлеу жүйесіне, ал кейінгісі тілдік жүйеге қатысты екендігі көрінеді. Интонация синтаксистік құрылымдармен бірде тікелей, бірде жанама түрде байланысқа түсіп отырады.

Бақылау сұраптары:

1. Тіл мен ойлаудың арақатынасына қатысты тұжырымдарга тоқталыңыз.
2. Сөйлемге логикалық тұрғыдан берілетін анықтаманы айтып беріңіз.
3. Психологиялық бағыт өкілдерінің сөйлемге берген анықтамалары.
4. Сөйлемге тән грамматикалық белгілерді атаңыз.
5. Предикативтілік терминіне түсініктеме беріңіз.
6. Предикаттық қатынас және оның грамматикалық көріністерін атаңыз.
7. Интонацияның атқаратын қызметтерін мысал арқылы айтып беріңіз.
8. Модальділік деген не? Оның грамматикалық көрінісіне мысал келтіріңіз.

Семинар тақырыптары:

1. Предикативтілікке қатысты ғылыми тұжырымдар.
2. Сөйлемге берілген анықтамалар: талдау және қорыту.
3. Сөйлемге тән грамматикалық белгілер.
4. Интонация – синтаксистік мағынаны білдірудің тәсілі.

Әдебиеттер:

1. Колшанский Г.В. Логика и структура языка. – М.: Высшая школа, 1965. - 240 с.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
3. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
4. Базарбаева З. Интонация мен синтаксистік арақатынасы // Кітапта: Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы: Кие: лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 397-423 бб.
5. Пешковский А.М. Интонация и грамматика // Известия по русском языку и словесности. Кн.2, – Рязань, 1928.
6. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлемнің типтері. – Алматы, Мектеп, 1976. – 180 б.

3.2 Жай сөйлемнің түрлері

Сөйлемдер бір-бірінен құрылымы, құрамы, қызметі мен мақсаты жағынан ажыратылады, соган сай бірнеше түрге жіктеледі. Сөйлем түрлерінің жіктемесі олардың айтылу мақсатына, сөйлемнің тірегі болып табылатын негізгі сөйлем мүшелері бастауыш пен баяндауыштың оның құрылышына қарай, синтаксистік мүшелерге бөліну немесе белінбеуіне байланысты, сөйлем құрамында түрлаусыз сөйлем мүшелерінің болу, болмауына қарай, сөйлем құрамындағы ойға қатысты мүшелердің толық келуі немесе толық болмауына орай сараланды.

Болымды, болымсыз сөйлемдер. Болмыстағы зат пен құбылыс, қимыл мен сапа екі жақты – болымды және болымсыз сипатқа ие. Объективті шындыққа тән бұл сипаттар адам санасында болымдылық және болымсыздық ұғымдарын калыптастырып, ол өз кезеңінде тілде белгілі бір тәсілдер арқылы көрініс табады. Сөйлемдер ойды жарыққа шығарудың, коммуникативтік қарым-қатынастың басты құралы болғандықтан, ең алдымен мазмұның шындыққа қатысты болуы (объективтілігі) жағынан *болымды сөйлем* және *болымсыз сөйлем* деп жіктеледі. Болымды сөйлемдердің мазмұны шындыққа қатысты болса, болымсыз сөйлемдерде керісінше. Болымсыз сөйлемдер етістіктен болған баяндауыш мүшеге жалғанатын морфологиялық көрсеткіштер (-ма/ме, -ба/-бе, -па/-пе), *жоқ, емес* сөздері, сондай-ақ болымсыз мәнді тұрақты тіркестер, интонация арқылы жасалады. Мысалы: *Бірде бір сөзі оширілмеген екі*

2. Кошевой К.К. Суждение и предложение и павловское учение об условных рефлексах. – Пермь: Пермское книжное изд-во, 1959. – 101 с.
3. Серебренников Б.А. Язык отражает действительность или выражает ее знаковым способом? // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
4. Панфилов В.З. К вопросу о соотношении языка и мышления // Мысление и язык. – М.: Политиздат, 1957. – 407 с.
5. Шалабай Б. Қаіргі қазақ тілі: синтаксис. – А.: Қазақ университеті, 2012 ж. – 186 б.
6. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – Алматы: Мемлекеттік Тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
7. Пауль Г. Принципы истории языка. – М.: Иностранная литература, 1960.
8. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзат-Ай, 2013. – 640 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзат-Ай, 2013. – 640 б.
10. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қыскаша курсы. – А.: Санат, 1994.
11. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Арыс, 2008. – 592 б.
12. Қордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. – Алматы, 1975.
13. Виноградов В.В. Понятие синтагмы в синтаксисе русского языка // Вопросы синтаксиса современного русского языка. – М., 1950.
14. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлемнің типтері. – Алматы, Мектеп, 1976. – 180 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Синтаксис пен интонацияның арақатынасы.
2. Сөйлемнің құрылымдық және функционалдық аспектілері.

СӨЖ тапсырмасын орындаудаға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
3. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
4. Базарбаева З. Интонация мен синтаксистік арақатынасы // Кітапта: Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы: Кие: лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 397-423 бб.
5. Пешковский А.М. Интонация и грамматика // Известия по русском языку и словесности. Кн.2, – Рязань, 1928.
6. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлемнің типтері. – Алматы, Мектеп, 1976. – 180 б.

3.2 Жай сөйлемнің түрлері

Сөйлемдер бір-бірінен құрылымы, құрамы, қызметі мен мақсаты жағынан ажыратылады, соған сай бірнеше түрге жіктеледі. Сөйлем түрлерінің жіктемесі олардың айтылу мақсатына, сөйлемнің тірегі болып табылатын негізгі сөйлем мүшелері бастауыш пен баяндаушытың оның құрылышына қарай, синтаксистік мүшелерге беліну немесе белінбеуіне байланысты, сөйлем құрамында тұrlаусыз сөйлем мүшелерінің болу, болмаудына қарай, сөйлем құрамындағы ойға қатысты мүшелердің толық келуі немесе толық болмаудына орай сараланады.

Болымды, болымсыз сөйлемдер. Болмыстағы зат пен құбылыс, қимыл мен сапа екі жақты – болымды және болымсыз сипатқа ие. Объективті шындыққа тән бұл сипаттар адам санаудың болымдылық және болымсыздық ұғымдарын қалыптастырып, ол өз кезеңінде тілде белгілі бір тәсілдер арқылы көрініс табады. Сөйлемдер ойды жарыққа шығарудың, коммуникативтік қарым-қатынастың басты құралы болғандықтан, ең алдымен мазмұнның шындыққа қатысты болуы (объективтілігі) жағынан болымды сөйлем және болымсыз сөйлем деп жіктеледі. Болымды сөйлемдердің мазмұны шындыққа қатысты болса, болымсыз сөйлемдерде керісінше. Болымсыз сөйлемдер етістікten болған баяндауш мүшеге жалғанатын морфологиялық көрсеткіштер (-ма/ме, -ба/-бе, -па/-пе), жоқ, емес сөздері, сондай-ақ болымсыз мәнді тұрақты тіркестер, интонация арқылы жасалады. Мысалы: *Бірде бір сөзі өшірілмеген екі*

жарым беттік диалогсыз текст. Жалпы ол өшіріп жазғанды ұнаттайтын (Д.Исабеков); *Мұндай сұрақтың қажеті жоқ, - деді Жасын қабақ шытып* (Д.Исабеков); *Ал тату өмір сүру деген – әркім өз дегенін жүзеге асыруға, өз ойының дұрыстығын дәлелдеуге таласудан тұрмақ емес* (Д.Исабеков). Интонация арқылы жасалатын болымсыз сейлемдерде мәнмәтін мен коммуникативтік жағдаят үлкен рөл атқарады.

Сейлемнің болымсыз түрі болымды үлгі негізінде қалыптасады. Мысалы: *Жаңыр басылған* (Ш.Айтматов) – болымсыз түрі: *Жаңыр басылмаган*. Яғни қымылға қатысты болымсыз мағынаның бір көрінісі болымсыз етістіктер арқылы істің, амалдың іске аспағандығын білдіреді. Лексикалық мағынасында тежеу семасы бар етістіктердің болымсыз формада келуі арқылы жасалады да, бұл «болымды мағынаға» тең келеді. Яғни сейлем құрылымдық түрпаты жағынан болымсыз, ал мазмұн жағынан болымды болып саналады. Мысалы: *Кар қылмықтаганын қоймады* (Ш.Мұртаза). Бұл келтірілген сейлемде жалпы мазмұннан туындейтын болымсыздық мағына іс-әрекеттің жасалу үстінде екендігін, әлі аяқталмағандығын көрсетіп тұр. Яғни сейлемнің мазмұны «*Кар әлі қыламықтап тұр*» дегенге сай келеді. *Уш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр* (М.Әуезов); *Арада тағы бір-екі жұма отер-әттесте Тектігұлдың қатал тағдыры маңдайына жазған қазасы жетті*. Ол қайтыс болды. Артында: «*Қанатым едің, арыстандай арысым едің, не жазығың бар еді? Сен не көрседің? Мен тірі қалғанша бірге неге өлмедім*», - деп, өксіп-өксіп кеп жылап Бақтығул қалды. Көз жасы інісінің қырқына жеткенше тыйылмады (М.Әуезов). Бұл берілген сейлемдерде болымсыз тұлғада келген етістіктер арқылы болымсыз сейлемдер жасалып, сол болымсыздық мағына арқылы іс-әрекеттің жасалу үстіндегі немесе процестілік сипаты берілген. Яғни алдыңғы «*Уш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр*» деген сейлемнің мазмұны «*Ақ жауын уш күннен бері жауып тұр*» дегенге сәйкес келсе, соңғы «*Көз жасы інісінің қырқына жеткенше тыйылмады*» деген сейлем мазмұны «*Бақтығул інісінің қазасын қырқына дейін қатты қайғырып жоқтады*» дегенге сәйкес келеді. *Сүйеу бұрын бір-екі қамиши сілегесін қоятын*. Бұл жсолы тоқтамады (Ә.Нұрпейісов)

деген сөйлем мазмұны да жасалу үстіндегі әрекеттің тұр, ол мазмұнды беруге болымсыздық элемент қызмет еткен. *Хан ордадагы сол гу-гу, сол кеу-кеу бір аптаға дейін басылмады* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемнің мазмұны мынадай болымды мағыналы сөйлем мазмұнына сәйкес келеді: «*Хан ордадагы сол гу-гу, кеу-кеу бір аптаға созылды*».

Екі құрамды және бір құрамды сөйлемдер. Сөйлемдер белгілі бір ережеге сай құрылады. Сөйлемдердің құрылымдық ұлғалары санаулы және олар сөйлемдердің типін белгілеуге негіз болады. Осы сөйлемнің құрылымдық ұлғі-тұлғалары арқылы сөйлеуде үнемі жаңа сөйлемдер жасалып отырады. Сөйлем, негізінен, бастауыштық-баяндауыштық құрылымға негізделеді. Сондай-ақ, тұрлаулы мүшелерге талданбайтын атаулы сөйлем, одагайлы сөйлем түрлері де бар. Осымен байланысты О.Төлегенов сөйлемдерді құрылымдық тұрғыдан жіктеуде ең алдымен мүшеленетін сөйлемдер және мүшеленбейтін сөйлемдер деп екіге бөліп алу керектігін айтады. Сөйлемдерді жіктеуде ұстанатын шарт ретінде олардың грамматикалық-құрылымдық ерекшелігін алғанда сөйлемдер негізгі құраушы қаңқа бастауыш пен баяндауыштың қатысына қарай *бір құрамды* (бір негізді) және *екі құрамды* (екі негізді) деп бөлу дәстүрі бар. Бастауыш-баяндауыштық негізде құралған сөйлемдер *екі құрамды сөйлем* деп аталады. Екі құрамды сөйлемдер баяндауыштарының қандай сез табынан болуына байланысты іштей есімді және етістікті деп ажыратылады. Мысалы: *Қандауырдай қадалған осы екі құрақша жауап таба алмай, қарт түрмеде бір жыл жатты* (Қ.Жұмаділов); *Олар – біздің университеттің студенттері*. Сөйлеуде екі құрамды сөйлемдер құрылымдық тұрғыдан құбылып, «тольымсыз» түрде де қолданыла береді. Мұндай жағдайларда тұрлаулы мүшениң бірі, кейде екеуі де түсіріліп, олардың орны жалпы сөйлеу жағдаяты мен мәнмәтін мазмұнын арқылы толығып отырады. Мысалы: *Құрылыстың әр түсінде, биік тұргы бағдарында мылтық ұстаган қарауылдар тұр. Анда-санда қытай, үйгыр, қазақ тілдерінде*:

- *Бол, тұрма!*
- *Неге тоқтадың?*
- *Сөйлесуге болмайды ...*

- Басыңдар аяқтарыңды! – деген әмірлі дауыстар шығып қалады (К.Жұмаділов).

Бастауыш пен баяндауыш қатынасына негізделетін сөйлемде жақ нақты көрініп түрады, яғни сөйлемде субъект не зат бастауыш қызметіндегі сөз арқылы көрінеді.

Сөйлем, негізінен, бастауыштық-баяндауыштық құрылымға негізделеді десек те, тұрлаулы мүшелерге талданбайтын атаулы сөйлем, одагайлы сөйлем сияқты сөйлемдердің бар екені белгілі. Мұндай сөйлемдерге қатысты қолданыста мүшеленбейтін сөйлем, сөз сөйлем, бір құрамды сөйлем деген бірнеше термин бар. Бір құрамды сөйлемдер тұрлаулы мүшениң біреуіне ғана, баяндауыш арқылы құрылуына негізделеді. Мұндай сөйлемдерде айтылатын ой мазмұны баяндауыш арқылы жарыққа шығады да, сөйлем бір бас мүшелі болып қалыптасады. Бір құрамды сөйлемдерді бір бас мүшениң лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай Б.Шалабай екіге бөліп қарастырады: бас мүше рай, шак тұлғалы етістік немесе етістікке модаль сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады; бас мүше атая септік тұлғасындағы есімдер арқылы жасалады.

Сөйлем құрылымын сипаттауда Ж.Жақыпов сөйлем моделін негізге алуды ұсынады. *Сөйлем моделі* дегеніміз – коммуникативтік бірлік болып табылатын белгілі бір типтік мағынаға ие шағын предикативтік тіркес. Мұнда қамтылатын басты шарттар: предикативтіліктің болуы; коммуникативтік қызметі іске асыру бірлігі екендігі; белгілі бір типтік мағынаның тән болуы. Осы тұрғыдан алып қарастырганда қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді жіктеудің дәстүрлі құрылымдық мүшеленетін сөйлемдер, мүшеленбейтін сөйлемдер деп белгінетін түрлері басқаша сипатта көрінеді.

Жақты және жақсыз сөйлемдер. Сөйлемдердің құрылымдық түрлерін жіктеуде қалыптасқан дәстүрлі топтастыруды басты өлшем ретінде «жақтылық», «жақсыздық», яғни сөйлемде жақтың болу, болмауы негізге алынады. Баяндауыш арқылы құрылатын сөйлем түрлері жақтық мағынада айтылады. Жақты сөйлемнің басты критерий ретінде сөйлемде бастауыш мүшениң болуы немесе бастауыш болмаған жағдайда оны баяндауыш арқылы тауып алудың мүмкін екендігі.

Ал жақсыз сөйлемдерде баяндалатын жай үш жақтың біріне немесе үшеуіне де бірдей қатысты болып келеді. Сөйлемді жақты және

жақсыз деп ажырату, әдетте, бір құрамды және екі құрамды сөйлем түрлерімен сәйкестенеді. Мәселен, бастауыш пен баяндауыштық катынасқа негізделген екі құрамды сөйлемдер жақты болып табылады. Мушеленбейтін немесе бір құрамды сөйлемдерге келгенде жай сөйлем синтаксисіне қатысты еңбектерде «жақтылық», «жақсыздық» мәселесіне қатысты екітүрлі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі – бір құрамды сөйлемдер жаққа қатыстылығы жағынан былайша топтастырылады: жақсыз сөйлемдер; белгісіз жақты сөйлемдер; жалпылама жақты сөйлемдер (Б.Шалабай; Ж.Сәдуақас); екіншісі – бұл аталған белгілі-жақты, белгісіз-жақты, жалпылама-жақты сөйлемдерді бір құрамды сөйлемдерге жатқызыбау, оларды жақты білдірудің үш нұсқалық мәні, субъектінің білдіру, көрсетудің үш тәсілі ретінде қарастыруды ұстанатын көзқарас (Ж.Жақыпов). Сөйлемде субъектінің айтылуы да, айтылауы да мүмкін екендігін ескерсек, оның үстіне бастауыштың атап тұлғада келмеуі тұргысынан сөйлемді жақсыз деп тану немесе бір құрамдыға жатқызу біржакты пікір болып шығады.

Жақты және жақсыз сөйлемдерге қатысты мәселеде екі нәрсені ескеру керек: біріншісі, құрылымдық тұрғыдан алғанда «жақтылық» бастауыш қызметінде келген атап септіктең сөз болып табылады. Мысалы: *Нұрбек үй иесінің әңгімесін ұйып тыңдауды* (К.Жұмаділов); екіншіден, құрылымдық жағынан логикалық субъект қызметін тілде бастауыш мүше ғана емес, басқа сөйлем мүшесі атқаруы мүмкін. Яғни логикалық субъектінің тілдегі грамматикалық тұлғасы атап септікте емес, басқа септік тұлғасында да келе беруі мүмкін. Мысалы: *Маган сағат екіде әуежайда болу керек*. Осында *маган* сөзі грамматикалық тұлғасы жағынан барыс септікте келгенімен, қызметі жағынан алғы қараганда логикалық субъектінің тілдік көрсеткіші болып табылады. Ж.Жақыпов мұндай сөйлемдердің субъектісі атап септікте тұрған сөйлемдерден айырмашылығы семантикалық-грамматикалық мағыналарында екендігін айтады: олар іс-әрекет немесе қымыл субъектінің еркімен болды ма, жоқ әлде еркінен тыс болды ма, осы жағынан ғана ерекшеленеді. Мысалы: *Мен теңізге бармаймын – Маган теңізге бару жоқ*. Осылайша, Ж.Жақыповтың анықтауында, мұндай жақсыз сөйлемдер бір құрамды сөйлемдер қатарына жатпайды, олар

екі құрамды сөйлемнің мәннендеңдік немесе стилистикалық нұсқасы болып келеді.

Ж.Жақыпов егер субъекттің белгілі бір модельдерде белгілі бір септік тұлғалары арқылы көрінетін, белгілі бір тұлға мен мағынадағы предикатпен байланысқа түсетін предикативтілік белгінің иесі деп түсінсек, тілде субъектісіз сөйлем болуы мүмкін еместігін айта келе, субъектілік пен субъектсіздікті қарсы қою сөйлемнің мәнді белгісі бола алмайтындығын айтады.

Жалпы «жақсыз сөйлем» термині шартты түрде алынғанын Б.Шалабай да атап көрсетеді. О.Төлегенов жақсыз сөйлемді «жанама жақты» деп атайды. Ғылыми еңбектерде жақсыз сөйлем деп көрсетілген сөйлем түрлерін іштей саралауды көрсетілетін сөйлемнің белгісіз жақтын жалпылама жақты деген терминдердің өзі қалай болғанда да жақтылықтың болатындығына мәнзеп тұр. Жақсызық категориясы іс-қимылдың, жай-күйдің субъект еркіне байланыссыз туындауы дегенді білдіреді. Мысалы: *Ымырт түсті. Таң атты* деген құрылымдарда жақсыздық мән бар.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөйлемнің болымды, болымсыз деп жіктелуіне негіз болатын не?
2. Болымсыз сөйлемдердің берілу жолдарын мысалмен түсіндеріңіз.
3. Болымды мәннің етістіктің болымсыз тұлғасы арқылы берілуіндегі ерекшеліктерді атандыз.
4. Сейлем, оның жақтылық, жақсыздық ұғымдарымен арақынасы.
5. Жақсыз сөйлемге қатысты пайымдауларға тоқталыңыз.
6. Субъектілік пен грамматикалық бастауыштық арақынасы.

Семинар тақырыптары:

1. Жай сөйлемдерді құрылымдық тұрғыдан жіктеуге қатысты ғылыми көзқарастар (Ж.Жақыпов, О.Төлегенов, Б.Шалабай еңбектеріне салыстырмалы талдау).
2. Жақты сөйлемдер мен жақсыз сөйлемдер: грамматикалық белгілері.

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
2. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – А.: Қазақ университеті, 2012. -186 б.
3. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – А.: Мектеп, 1968. – 180 б.
4. Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері (етістік бас мүшелі сөйлемдер). Фил. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1997.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Жақсылық сөйлемге қатысты ғылыми пайымдаулар.
2. Сөйлемдердің құрылымдық түргыдан жіктеудің ұстанымдары.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – А.: Мектеп, 1968. –102-122 бб.
2. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.
3. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. –Алматы: Білім, 2002. – 132 б.

3.3 Сөйлемниң айтылу мақсатына қарай бөлінуі

Кез келген сөйлем коммуникативтік бірлік ретінде белгілі бір мақсатқа сайнан құрылады және сол мақсатқа сайнан интонациямен айтылады. Сөйлем мазмұнындағы хабарлама сөйлеуші жақтың қандай да бір ақпаратты, мәліметті жеткізу түрғысынан немесе біреуден жауп алу мақсатында сұрақ қою үшін, сондай-ақ тыңдаушыны әрекетке барғызу немесе оған тікелей талап білдіру мақсатында болады. Сөйлемдер сөйлеу үдерісінде сөйлеушінің мақсатына сайнан құрылымда түзіліп, мақсатқа сайнан интонациямен айтылады. Осыған сәйкес тілтанымда сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай топтастыруда негізінен бір-бірінен алшақ кете қоймайтын екі түрлі көзқарас

қалыптаскан. Бірі – сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай *хабарлы, сұраулы, бұйрықты* деп үшке жіктесе, екінші – осы аталғандардың қатарына төртінші сөйлемнің түрін, *лепті* сөйлемдерді қосады. Б.Шалабай хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің әрқайсысы айырықша көңілді интонациямен айтылған жағдайда лепті сөйлемдерге айналады деп көрсетеді. Ал 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» атты қолемді еңбекте лепті сөйлем сөйлеу мақсатына сай жіктелетін сөйлемдердің төртінші түрі ретінде бөлек көрсетілген.

Ой мазмұнын жеткізуге хабарлау, баяндау түріне құрылған сөйлемдердің орамды келетіндігі белгілі. *Хабарлы сөйлемдер* объективті шындықтың үзіктерін, қандай да бір әрекет, құбылыс пен заттар туралы ақпаратты хабарлау мақсатында айттылады. Мысалы: *Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербелімен үйықтайтын* (М.Әуезов). Мұндай хабарлау мәнді сөйлемдер мағыналық жағынан бірнеше түрге ажыратылады. Оларды іштей саралауда ғалымдар әр түрлі шартты басшылыққа алады. Мәселен, С.Аманжолов хабарлы сөйлемнің қимыл хабарлы, себеп хабарлы, сын хабарлы, мекен хабарлы, мақсат хабарлы, анықтама хабарлы, тақырып хабарлы түрлерін көрсетіп, олардың болымсыз тұлғада да келе беретіндігін айтады. М.Балақаев хабарлы сөйлемдерді құрылымына қарай жай және күрделі, сөйлем мазмұнының шындыққа қатысына қарай болымды және болымсыз деп ажырата отырып, олардың күмән, болжал, қалау сияқты модаль мәнді реңктермен де келе беретіндігін айтады.

Хабарлы сөйлемдердің қолданылу аясы өте кең болып келеді және құрылымы жағынан мүшеленетін, мүшеленбейтін, жалаң және жайылма, жақты және жақсы, дара және күрделі түрлерге ажыратылады. Хабарлы сөйлемдердің көп жағдайда ашық райда және түрлі модальдік мағынаны білдіруі оларга тән негізгі грамматикалық ерекшеліктің бірі болып келеді. Сөйлем мазмұнының шындыққа қатысы жағынан хабарлы сөйлемдер болымды сөйлем және болымсыз сөйлемдер деп екіге ажыратылады. Хабарлы сөйлемнің мазмұнына сөйлеушінің қатынасы да көрсетілуі мүмкін. Осымен байланысты баяндау мазмұнына сөйлеушінің қатынасы тұрғысынан хабарлы сөйлемдерде сенімділік, сенімсіздік, мүмкін-

ділік, мүмкін еместік, қажеттілік, қалау, болжалдылық, белгісіздік, күмәнділік, міндеттілік сияқты модальдік мағыналар да беріледі. Бұл модальдік мағыналар лексика-грамматикалық бірліктер, атап айтқанда морфологиялық көрсеткіштер: -ар, -ер, -р тұлғалары: *Аударма сөздіктермен де жұмыс жасайтын шыгармыз; Аспанды қара бұлт торлаганына қараганда жауын жауатын болар* (*Ауызекі тіл*); қалау мәнді білдіретін -ғым келеді, -са иғі еді, -са екен, -уга бол, -а/-е, -й біл, -й ал аналитикалық форманттары: *Қатысуши бірнеше жесеңдіктің біреуін ғана таңдай алады; Қазір барлық құжаттардың көшірмесін жасап алсан иғі еді;* сондай-ақ деймін, емес көмекші етістіктері: *Бұл қайырымдылық шарасына барлықтарыңыз қолдау көрсетсеңіздер деймін; Есте сақтау қабілетін жақсартуға кітапты қөп оқу жақсы көмектеседі деседі;* сияқты, секілді, тиіс, қажет, шығар, мүмкін, көрінеді деген модаль сөздер: *Қасқа маңдай, қара мұртты бағлан жігіт қырандай түйіліп төнген сияқты* (*F.Мұстафин*); *Пойызга алған билетімді басқа күнге ауыстыруым керек; Жолаушылар пойызы уақытынан біраз кешігетін шыгар; Қатысушилар үйімдастыру жарнасын төлеуі тиіс;* Мереке қарсаңында бұл тауарларға жесеңдіктер болуы мүмкін. Олар қосымша қызмет түрлерін ұсынған корінеді; демеуліктер: -мыс, -ды, -ты арқылы беріледі: *Бір кездері мұнда улken көл болыпты-мыс.*

Сұраулы сөйлемдер қандай да бір жауап, хабар алу мақсатында айтылады және оларға ерекше интонация тән болып келеді. Бұл интонация сөйлемдегі сұрау мәнді білдіретін сөздің басқа сөздерден өзгеше айтылуына негізделеді. Сұраулы сөйлемге тән интонацияның түрлі ырғақта айтылуы сейлем мазмұны мен сұрау мәнін жасауышы тілдік құралдарға және олардың жұмсалу орнына байланысты. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің жасалу жолын екі жолы бар: синтаксистік тәсіл; лексика-грамматикалық тәсіл.

Сұраулы сөйлемдердің жасалуында интонациядан басқа, *болов, шыгар, білем, деймін, қайтеді* деген модаль сөздер және *гой, – ау, да, ше, ма, ме, ба, бе, па, не* демеулік, сұраулық шылауларда қатысады. Мысалы:

- *Баратын жеріңіз өз үйіңіз ба? – деді алдында отырган жігіт бері қарай мойнын бұрмастан.*

- Сіз маган айтып отырсыз ба?- деді Багила таңданып (Д.И-
сабеков). Немесе тағы бір мысал:

- Бар. Тұнде екі грейдер кеткен.

- Тұнде? Мен келеді деген соң? Ал, мен келмесем ше? Құс бол
қатынайтын ба едіңдер? (Д.Исабеков). Осы диалогтағы сұраулы
сөйлемдер демеулік, интонация және сейлеу жағдаяты мен мән-
мәтін қатысу арқылы жасалған. Диалогтағы Тұнде? Мен келеді де-
ген соң? сөйлемдерінің ерекше интонациямен айтылуына олардың
эмоционалды сипаты да айтарлықтай ықпал етіп тұр. Билемінді
басқа күнге ауыстырысам қайтеді? Жөндеу жұмыстарын аяқтап
қалған шығарсыңдар? деген сөйлемдерде сұраулық мән модаль
сөздер арқылы беріліп тұр.

Сұраулы сөйлем жасаудың өнімді жолының бірі – сұрау
есімдіктерінің қатысуы арқылы жасалуы немесе лексика-грамма-
тикалық тәсіл. Мұндай сөйлемдерде негізгі сұрау мәні лексикалыш
көрсеткіштер арқылы беріледі де, интонация қосымша қызмет
атқарады.

- ... Біз жоқта ешкім телефон соқпады ма?

- Соқты.


- Кім?

- Танымадым. Бір ер адам. Сізді сұрады.

- Даусы қандай?

Ол иығын қозгады (Д.Исабеков).

Сұраулы сөйлемдер мағыналарына қарай және жұмсалу мақ-
сатына қарай іштей болінеді. Диалогқа құрылған сөйлеу жағда-
яттарында сұраулы сөйлемдер жауап алу мақсатын көздейді. Бұл
сөйлем түрінің мағыналық тұрғыдан жіктемесін жасауда қойыла-
тын сұрау мәнінің қызметі межеге алынады. Сұраулы сөйлемдер
жіктеудің шарттары:



Сызба 7. Сұраулы сөйлемді бөлудің шарттары

Сұраулы сөйлемдер негізінен жауап алуды көздегенімен, сұрақтың негізгі мақсатына қарай іштей бір-бірінен қызметі жағынан ерекшеленеді. Р.Әмір сұраулы сөйлемдерді қызметіне қарай үшке бөледі: негізгі сұрақты білдіретін сөйлемдер; жетек сұрақты білдіретін сөйлемдер; анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер. Негізгі сұрақты білдіретін сөйлемдер сұрау есімдіктері мен сұраулық шылаулар арқылы жасалып, қызметі жағынан зат пен құбылыстың атын, белгісін, әрекеттің мерзімін, орнын және т.б. нақты білу мен жауап алуға бағытталады. Мысалы: -*Атың кім, айналайын?* – деді *Күдереі есін енді жиснаган қызга тіл қатып. Балжан* (К.Жұмаділов). Тағы бір мысал:

- *Ол не? – деді түк түсінбеген Едіге.*
 - *Не? Не екенін сен білуге тиіссің? Міне, тақырыбына қара: «Раймалы ағаның інісі Әбділханға айтқан сөзі».*
 - *Е, дұрыс, бұл да аңыз гой, – дей берді Едіге* (Ш.Айтматов).
- Сұраулы сөйлемнің келесі түрі – жетек сұрақты білдіретін сөйлемдер. Мұндай сөйлемдер негізгі сұраққа жауап алушмен қатар, тағы да қосымша қойылған сұрақты да қамтиды. Мысалы:
- *Бұл кім? – деп дауыстады қасына арқан бойы таянғанда.*
 - *Накеңбісіз? Бұл өзіміз гой, – дед салт атты да дыбыс беріп.*
 - *Өзің болғанда кімсің?*
 - *Омармын. Нұғыманның Омары* (К.Жұмаділов). Ал анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер көбінесе диалогтерде екінші жақтың сөзін нақтылау мақсатын көздейді және алдыңғы сұрақтың сөздерін қайталу арқылы жасалады. Мысалы: - *Папа, – деді қызы әкесін аймалат, – Дауыл мен Ермек кетіп қалды?*
 - *Кетіп қалғаны неси?*
 - *Мұлде кетіп қалды. Мамасымен бірге кетті. Пойызга мінди де, кетті де қалды.*
 - *Кеткені неси? Қашан кетті? – деп Едіге не болғанын әлі түсіне алмай, қызының көзіне қарады* (Ш.Айтматов).

Сұраулы сөйлемдер коммуникацияда атқаратын қызметі жағынан ғана емес, сұрақтың ішкі логикалық мазмұнына қарай да сараланады. Логикалық түрғыдан сұрақтар жалпы сұрақ және альтернативті сұрақ болып екіге бөлінгенімен, бұлардың өзі коммуникация барысында әр түрлі өң алады. Осымен байланысты сұра-

улы сөйлемдер мағынасына қарай үшке бөлінеді: 1) ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер; 2) демеу мәнді сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер; 3) риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер (О.Төлегенов, Б.Шалабай, Т.Ермекова). Бұл аталғандардың қатарына Р.Әмір сұраулы сөйлемнің төртінші мағыналық түрі ретінде тұрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдерді қосады және демеу мәнді сұраулы сөйлемнің орнына альтернативті сұрау мәнді деген терминді қолданады.

Ашық мәнді сұраулы сөйлемдер – қолданыстық жиілігі жоғары тұрган сұраулы сөйлем түрі. Мұндай сөйлем түрлері көбінесе диалогте қолданылады. Диалогта сұрақ сөйлеуші жақтан қарсы тарапқа, тындаушыға қарата айтылып, жауаптын берілуін қажет етсе, монологта сұрау сөйлеушінің өзіне арналады. Мысалы: *Кешегі тысықсын жүрген жандардың бірі де табылмады қасымнан. Неге бұлай? Бәрі қайда кетті? Бәлкім, мен өмір бойы шын мәнінде жалғыз болған шығармын? Жауапсыз сан сауда ...* («Жалын»). Ашық мәнді сұраулы сөйлемдерде сұрақтың берілу мақсаты сөйлеушінің ақпаратын, мәліметін толықтыру, нақтылау, кеңейтуді көздейді және бұл екінші жақтың жауабы арқылы іске асырылады. Мысалы:

- *Отаржан, мәшинеңді ашып, посылкеңді берे қал, - деді.*

Ол бермеймін деді.

- *Е, неге?*

- *Кеңсеге барып тіркеу керек.*

- *Одан қашан келесің?*

- *Ертең (Д.Исабеков).*

Мұндай сұраулы сөйлемнің бұл түрінің қолданылуындағы келесі мақсат – сөйлеушінің көзқарасын нақтылау. Бұл мақсатты көздейтін сөйлемдерде сөйлеушіге ой мазмұны алдын ала белгілі болып келеді. Сөйлеушінің көздейтіні – қарсы тараптың, тындаушының оны құптауын не құптамауын білу. Мысалы: - *Мениңше, бар идеяның басы сіз гой деймін?*

- *Иә, мен! – деді Мәлике ши қалпағын тұзу тұрса да жөнден қойып (Д.Исабеков).*

Ашық мәнді сұраулы өйлемдерді О.Төлегенов *tіke сұрақ* және қарсы сұрақ (қайталама сұрақ) деп бөледі. Тіке сұрақ екінші жақтан жауап алуды қажет етсе, қарсы сұрақта жауап берілгенде

кейде сөйлеушінің сөзіндегі кейбір сөздер жауап барысында қайталаңып қолданылады. Мысалы: - *Өзіңіз не әрекет жасап жатырызы?* - *Менде не әрекет болады? Күдай жалғыз.. мен жалғыз ...* (Д.Исабеков).

Б.Шалабай демеу мәнді сұраулы сөйлем сөйлеуші тараптың кезқарасын анықтау болғандықтан оны ашық мәнді сұрақтың бір стильдік түрі деп қарауга болатындығын айтады. Оның ашық мәнді сұраулы сөйлемнен өзгешелігі сөйлеушінің тындаушыны (екінші тарапты) іске қосуға ықпал етуі, жанама түрде іс істеуге итермеледе мәнін айтуға болады. Мұндай мазмұндағы сұраулы сөйлемді Р.Әмір *тұртқи сұрақты білдіретін сөйлем* деп атайды да, оның ерекшелігін бұйыру және іске жұмсаудың бұйрық формасында емес, сұраулы сөйлем түрінде айтылуымен түсіндіреді. Мысалы: *Бөлменің іші ысып кеткен жоқ па?*

Альтернативтік сұрақты білдіретін сөйлем мазмұнда сұраққа жауап болатын «бағдар, із» қамтылады. *Осы жейдені киесің бе, кимейсің бе?* Кейде альтернативті сұраулы сөйлемдерде болымсыз етістіктің орнына жоқ па сөзі қолданылады: *Мына сөздікке тапсырыс береміз ба, жоқ па?* Бұл сөйлеуді үнемдеуге құрудың амалы болып табылады. Сонымен қатар, альтернативті сұрақты білдіретін сөйлемдерде болымсыз тұлғада келген баяндауыш мүше болымды мағынаны білдіруге қызмет етеді: *Хатының қызды көрмедің бе?*

Риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдерде ой мазмұны эмоционалды, экспрессивті беріледі. Сұраулы сөйлемнің бұл түрі айтылған ой мазмұнына тындаушыны сендеру және оның назарын өзіне аударту мақсатын көздейді. Мұндай сөйлемдерде баяндауыштар кері мағынада жұмсалуға құрылады және сұраулық ма де-меулігі мен есімдіктер арқылы жасалады. Мысалы: *Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?* (Абай). Риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдер ерекше екпінмен, жігермен айтылады.

Бұйрықты сөйлемдер сөйлеушінің тындаушысын немесе сол арқылы басқа біреудің қандай да бір істі жүзеге асыруына ықпал ету мақсатын көздейді. Сөйлеушінің біреуді іс-әрекетке барғызу үшін айтқан пімірін білдіруге қызмет ететін бұйрық мәнді сөйлемдер, әдетте, етістіктер арқылы білдіріледі. Бұйыру мағынасы

етістіктің бұйрық рай формасына қатысты А.Байтұрсынұлы, Ы. Маманов, А.Ысқақов, С.Исаев, Л.Дүйсембекова, ал синтаксисте бұйрықты сөйлем түріне қатысты Р.Әмір, О.Төлегенов еңбегінде айтылса, З.Ерназарова коммуникативті-прагматикалық жағынан қарастырады. Бұйрықты сөйлемдер негізінен басым интонациямен айтылады, ал бұйрықтың мағына сөйлеуде түрлі ренкте білдіріледі. Мысалы: *-Тұрманңар мұнда! Кетіңдер бұл жерден, кетіңдер! - деп бажылдағы фонарлық қатын* (Ш.Айтматов). Бұл сөйлем басым интонациямен айтылса, келесі сөйлемның айтулу интонациясы бәсен болып келеді: *- А, Едеке, кел, кел, үйге кір, – деп қорыққаннан боп-боз болып, шегіншектей берді* (Ш.Айтматов).

Бұйрық мағынаның берілуі етістіктің бұйрық рай формасымен ғана шектелмейді. О.Төлегенов бұйрық мәнді сөйлемдердің тек етістіктен ғана емес, әр түрлі септік тұлғадағы есім сөздер, ұстулер мен одағай сөздер арқылы да берілетіндігін көрсетеді. Бұйрық мәнді сөйлемдердің етістіктен басқа түрлі септік тұлғадағы есім, ұсту және одағай сөздер арқылы да берілуі бұйрық мағынаның сөйлеу кезінде әр қылыш ренкте көрінетіндігімен байланысты болса керек. Бұйрықты сөйлемдерді жасалу жолына қарай етістікті бұйрықты сөйлемдер және етістіккіз бұйрықты сөйлемдер деп бөлуге болады.

Етістік арқылы тікелей берілетін бұйрықты сөйлемдерде бұйрық берушінің басымдығы байқалады да, тындаушы, яғни бұйрықты орындаушы оған тәуелді болып келеді. Мысалы: *Хазірет ас үйдің есігін қатулана ашип, босагадан зекіре бұйрық берді*:

- *Бөшкеде дым жоқ. Су әкел!* (Д.Әбілов);
- *Әй, тұр! ...тұр! Әліби қозғалмады. Кемпір әй-шәйга қарамай жүлкүлай бастады* (Ә.Нұрпейісов).

Бұйрықты сөйлемдер жасалу жолдары:

- 1) етістіктің бұйрық рай тұлғасы арқылы жасалады. Баяндауыш қызметіндегі етістік II және III жақ тұлғаларында қолданылады. Мысалы: *-Дауыл, тоқта! Кетпей тұр, тоқта! Мамаңның қолынан ұста!* – деп зулап бара жатқан пойыз дөңгелектерінің тарсыл-тұрсылынан асыра айқай салды (Ш.Айтматов); *Айжан, қызметкерлер есептерін сағат беске дейін өткізсін!* Ауызекі сөйлеу тілінде бұйрық мәнді етістіктер алғын, келген тұлғасында қол-

даныла береді;

2) сөйлем мазмұнында бұйрық етініш, тілек ретінде білдірілгенде:

а) етістік баяндауыштар -*гай/-гей*, -*қай/-гей* жүрнақтарымен келеді: *Оңаша жалғыз қалғанда, Есіңе мені алғайсың* (М.Мақатайев);

ә) етістік баяндауыштар -*ши/-ши* қосымшалы болып келеді: *Қараңызышы, даラда қар жасаудың түр, - деді әлі онынысы мен өкініши арылмаган үнмен* (Д.Исабеков); *Енді сөйлемей-ақ қойыңызышы, сіз онсыз да бүгін мазамды алып біттіңіз* (Д.Исабеков);

б) белгілі сөйлеу жағдайында ашықрай арқылы қалыптасып, соған сәйкес арнаулы интонациямен айттылады және ауыспалы осы шақ, болжалды келер шақ тұлғасымен, -*айық/-ейік* тұлғалы баяндауыш арқылы беріледі: *Жарар, - деп дөгарды Едіге оны. –Турегел былай, адамша сөйлесейік. Әйеліңнің көзінше сөйлесейік. ... Бұл әңгімені енді қозғамайық* (Ш.Айтматов);

3) бұйрықтық мағына етістіксіз сөйлемдер арқылы да беріледі. Іс-әрекетке барғызу мағынасын имплицитті жеткізу етістіксіз бұйрықты сөйлемдердің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Бұл оларды етістікті сөйлемдермен салыстырғанда анық байқалады. Етістіксіз бұйрықты сөйлемдер етістікті сөйлемдермен қатар, тен дәрежедегі бірлік ретінде сөйлеуде кең қолданысқа ие. Бұл сөйлемдер сыртқы тұрпаты жағынан атаулы сөйлемдерге ұқсас болып келеді. Мысалы:

– Ерні кезеріп жасыр. Су ...

– Сестра! ... – деді дәрігер айғайлап. Сырттан ақ халатты қыз жүгіріп кірді (Ә.Нұрпейісов);

Екінші, сен қазір моншаңды жақтыйр ... – бес минутта әзір болады. Тілесен, май айынан бері сурленіп жасқан қайың сырыштеп өзім-ақ жоныңды жосылтып, қып-қызыл қылып берейін...

– Жоқ, Степан бар гой ...

– Марфа! ... Естімісің? ... Монша! – деді Зотов, ас үйге қарап айғайлап (F.Мұсірепов);

Ортага шығып ап, жын ұргандай биледі.

– Барабан! – деді айғай салып арасында.

– Барабаны несі!?

— Дайте мне мой барабан! Мен барабанга арнап концерт жазғанмын (Д.Исабеков). Бұл текстес (Су. Монша. Барабан. Сепстра) сөйлемдерде іс әрекетке барғызу, іске қосу қымыл емес, сол қымыл жүзеге асқанда болатын нәтижениң көрсетілуі арқылы беріліп тұр және олардың грамматикалық формасы атап тұлғада келу болып табылады. Яғни жоғарыда көлтірілген мысалдарда толық нұсқа былай болады: «Су — Су әкел» немесе «Монша — Монша жақ»; «Барабан — Барабанды беріңдер». Бұл сипатына қарап, біз етістіксіз бұйрыкты сөйлемдер, көбіне, толымсыз сөйлем түрінде келетіндігін байқаймыз. Бірақ мұнда сөйлем мазмұны сөйлеу жағдаятымен, сөйлеу ортасымен тығыз байланыста анықталатындықтан тындаушыға айқын, түсінікті болады. Яғни сөйлемдегі толымсыздықтың мазмұнға ешқандай қатысы болмай, ол тек құрылымдық жағынан ғана толымсыз болып келеді. Құрылымдық жағынан толымсыздық етістікті қайталауда талабынан, коммуникациядағы ықшамдылық талабынан туындаған. Бұл туралы Ж.Жакупов «бұйрық атаулы сөйлем атаулы сөйлем емес, нақты ситуацияға байланысты ықшамдалып эллипсистенген сөйлем» [3, 47] деп жазады.

Сөйлеуші тараپынан бұйрылған іс-әрекеттің жүзеге асуы да, аспауы да мүмкін. Қазақ тілінде іске асатын, орындалатын қымыл мынадай **мақсаттарды** көздейді:

- жалпы қымылды жасауға тұрткі болу;
- үзіліп қалған қымылды жалғастыруға тұрткі болу;
- іс-әрекеттің толық жасалуына тұрткі болу;
- қымылдың сапасын, бағытын өзгертуге тұрткі болу;
- қымыл әрекетті тоқтату;
- жасалу үстіндегі әрекеттің көрсетілуі. Мысалы:

1) бұйрыкты сөйлемдердің бұл семантикалық түрі кең таралған және ол етістіктің бұйрық рай тұлғасында келуі арқылы ашық беріледі де, **әрекеттің жасалуына тұрткі** болады. Мысалы: *Құй деймін, мыналарға!* Кесеге емес, анау үлкен шарайққа құй! — деп бұйырды (К.Жұмаділов); *Қымыз ал!* - деп ол қонағына сырлы зерендей ысырып қойды (Ә.Нұрпейісов). Мұнда сөйлеуші тындаушыны құю және ішу әрекетін жасауға итермелеп отыр. Ал етістіксіз,

яғни түрлі септік тұлғаларында келген зат есімнен болған бұйрықты сөйлемдер арқылы астарлап жеткізіледі: *Күйдіріп басқан құрыш киіздің күлі көзін тесіп бара жатқандай*.

— Сусын, — деді Жабай ернін тілімен әрең жасап. Назыкеш үнсіз гана орнынан тұрып, кірлі кетік агаши аяқты жуып жіберіп, Жабайдың аузына шалап тосты (F.Мұсірепов). Мұндай есімді бұйрықты сөйлемдерде бұйыру семантикасы қимыл әрекет іске асқанда қол жеткізілетін нәтижені атау арқылы көрінген.

Етістіксіз бұйрықты сөйлемдер жасалу үстіндегі қимылды имплицитті білдіруге де қызмет етеді: *Кеудесін аңы өксік қысып, солқылдан жылап жібере жазадады. Бірақ дыбысын шыгармай булығып тоқтап қалды*.

— Ана, қан!

— Қан! — деді естияр екі бала шырқырап (Ә.Нұрпейісов).

2) Едіге жегулі түйеге «шу!» деді де, қамишы басты. Шана қайтадан разъезге қарай зырлады (Ш.Айтматов) деген сөйленімде субъект – Едіге түйенің қозғалу әрекетін жалгастыру үшін оған әсер ететіндегі әрекет жасайды (түйеге қамшы басады). Мұндағы бұйрықты семантика «шу!» одағайы арқылы берілген. Қимылдың (шананың зырлауы) жалғасын табуы екінші сөйленімде қайтадан лексемасы арқылы нақтыланған. — Шу, шу, жсануар! — деп атын тебіне бастады (Ә.Нұрпейісова) деген сөйлемде қимылдың басталуына, жасалуына итермелейтін бұйрық одағай сөз арқылы берілген.

Қарсы алдынан кеше базарда сөмкесін тартып алып қашқан кісі шыға келді. Мені бірден таныды. Тұла бойым қалышылдан кетті, біткен жерім осы екен дедім ...

— Сосын! Ары қарай не болды? («Жаңа өмір»). Мұнда сөйлеушілердің бірі әрекетін (айту) тоқтатқан, екіншісі одан ақпарат алу мақсатында сейлеу әрекетін ары қарай жалғастыруды бұйырады. Сөйлемдегі сосын, ары қарай сөздері «сейлеу» әрекетін жалғастыруға берілген бұйрықтың көрінісі. Қандай да бір акпаратты білу, қимылдың іске асуы (процесс) бұйыруши жақ үшін маңызды. Сондықтан мұндай сөйлемдерде бұйрықты семантика сөзтұлғамен гана емес, интонацияның катысы арқылы да қүшейтіле беріледі. Үзілген қимылды жалғастыруды көздейтін бұйрықты жағдаят

етістікті сөйлемдерде *сөйле*, *жалгастыр*, *айт* етістіктері арқылы ашық та беріледі: *Оспан мен Смагұлды жасалындырып алды да, екі үйректі қапжығасынан шешіп беріп жатып:*

– *Жаман енеңді ... қос қара!* Ертеңді-кеш суды ылайлалғанша, *тым құрыса бұлдірген терсеңдерші!* – деді.

– *Бұлдірген?*

– *Қай бұлдірген?*

– *Бұлдірген қайда?*

– *Ей, ағатай, айтшы!* – деді, *Оспан мен Смагұл тагы жасалынды* (М.Әуезов).

3) бұйрықты сөйленімдердің бұл түрі *қимылдың толықтай жүзеге асуына, жасалу тәсіліне* түрткі болады және белгілі бір нәтижені қажет етеді:

– ... , *тарагым қайда?*

– *Іздейін...*

– *Тез! Бол!*

– *Қазір, қазір...* (Ә.Нұршайықов) деген бұйыру жағдаятында іздеу әрекеттің толықтай жүзеге асуы бол, *тез* лексемалары арқылы көрінеді.

4) бұйрықты сөйленімдердің келесі түрі қимылдың өту барысында *сапасын, қалпын, бағытын өзгертуге* қозғау салу мақсатын көздейді.

– *Сүйре деймін! Сүйре бері!*

– *Тарт, тезірек!* (Ш.Айтматов) деген сөйленімде бұйырушы әрекеттің қарқынын қүштейтуді талап етіп тұр.

– *Жайырақ!* Балам үйықтан жасатыр, оянып кетеді (Ауызекі тіл) деген сөйленімде бұйырушы дауыстың сапасын өзгертуді, яғни қатты сөйлеп тұрған адамнан себебін көрсете отырып, жайырақ сөйлеуін талап еткен. Жалпы тілдік деректерге сүйенсек, бұл топтагы бұйрықты сөйлемдердің жасалуы қатты (*қаттырақ*), *жай* (*жайырақ*), *тез* (*тезірек*), *акырын*, *жылдам* сияқты бірнеше сөздермен шектеледі екен.

Енді қайтадан артқа беріп көрейік. Бәлкім қатты қарқын алсақ шығып та кетерміз.

– *Қане, артқа! Тагы!* («Жалын»).

– *Алға! Тегістеу жерге!* – деді *Қара-батыр.*

— Іргеге берік болыңдар. Найза! Найзага! (М.Магаун). Бұл іспеттес бағытты өзгерту мәніндегі бұйрықты сөйленімдер мекен үстеулер, барыс жалғаулы есім сөздер арқылы беріледі.

5) сондай-ақ бұйрықты сөйленімдер *іс-әрекеттің тоқтату*, *тәжсеуге* түрткі болу арқылы қымылға (қалыпқа) өзгеріс жасауды қамтамасыз етеді. Басқа топтағы сөйлемдер сияқты бұл мағына да етістік және етістік емес лексемалар арқылы беріледі:

— Мені жаратқан жалғыз Қараашекпенниң байы емес еді гой. Бұл қай қорлаганы? Жібер қолымды! — деп жүлқынып еді, Еламан:

— Өшір үніңді, жүр-р! — деп жекіп, кішкентай қазылez жігітті дедектеміп сүйреп жөнелді (Ә.Нұрпейісов);

Шәкірттер қүйсеуік дуанага «Мың бір тұннен» ертек айттырып, тыңдаотырып екен.

-Ертеғінді ертең айттарсың, дуана, жүр! Менімен бірге! — деді Сұлтанмахмұт ентиге сойлең (Д.Әбілов).

Етістік емес бұйрықты сөйленімдер одагайлар (ишарап) арқылы беріледі: Жалғызымының көзі едің ... деп күйікті ала уйреншікті көй-көйіне салып бара жатқанды, Сүйеу қарт:

— Тәйт, тәйт! Найсан! ... деп зәрін төзекіп, тыйып тастады (Ә.Нұрпейісов); - Тәйт әрі, суырылмай! — деп баласына зекіп ұрысып тастады (Қ.Жұмаділов).

6) кейбір атая тұлғада келген эллипсистенген бұйрықты сөйлемдер арқылы *іс-әрекеттің жасасалу кезеңі* көрсетіледі. Мысалы: Үркімбайдың кішкене тұлымды қызы есіктен қашып кеп әкесінің қолтығына кіріп кетті де:

— Атшабар! Атшабар! — деді (М.Әуезов).

Лепті сөйлемдер шындық болмыс туралы ақпарат беріп қана коймай, соған қатысты және белгілі бір субъект жайында сөйлеушінің эмоциясын, сезімін арнайы не үстемелей білдіреді. Сөйлемнің лепті немесе лепсіз айтылуы көп жағдайда интонацияға неғізделеді. Лепті сөйлемдерді сөйлемдердің жіктемесін жасауда қай топқа жатқызуына байланысты ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Бір топ ғалымдар бұл сөйлем түрін айтылу мақсатына қарай жіктетелетін сөйлемдер қатарына қосса, енді бір тобы бұл жіктемедегі сөйлемдер қатарына оны қоспайды.

Сөйлемге эмоциялық түр беретін тілдік құралдар қатарына арнаулы баяндауыш тұлғаларды, құрылсы жағынан тұтас эмоцияны білдіруге бейімделіп қалыптасқан сөйлемдерді, атаулы сөйлемдерді және интонацияны да жатқызамыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөйлемдердің жіктеудің басты критерийлерін атаңыз.
2. Риторикалық сұрақтың білдіретін сөйлемге тән ерекшеліктерді атаңыз.
3. Бұйрықтың сөйлемдердің жасалу жоларын көрсетіңіз.
4. Етістіксіз бұйрықтың сөйлемдердің ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
5. Лептің сөйлемге тән грамматика-семантикалық ерекшеліктер.

Семинар тақырындары:

1. Лептің сөйлемдердің жасалу жолдары.
2. Лептің сөйлемдердің семантикалық түрлері мен прагматикасы.
3. Жалаң және жайылма сөйлем туралы түсінік.

Әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.
2. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
3. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі: филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1999. – 66 б.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – А.:Саанат, 1994. -162-175 бб.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Сұраулы сөйлемнің мағыналық түрлері.
2. Бұйрықтың сөйлемдердің прагматикасы.

СӨЖ тапсырмасын орындауда қажетті әдебиеттер:

1. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. –102-122 бб.

2. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 198 б.

3.4 Толымсыз сейлемдер

Синтаксистік құрылымдар коммуникативтік талапты өтеуге бейімделіп түзіледі. Коммуникацияда барысындағы ең басты талаптардың бірі ретінде сейлемнің айтуға ықшамды, құрылымы жағынан үнемді болып келуі басты назарда болады. Сейлемді мағыналық жағынан тығыз байланысты бөліктеге бөліп қолдану – ауызекі сөйлеуге тән құбылыс. Ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тіл қашан да бір-біріне әсерін тигізе отырып дамиды. Сондықтан ауызекі сөйлеуге тән ойдың айтуға женіл және түсінікті болу үшін ықшамды етіп құрылуы, құрделі ойды білдіретін сейлемдердің мағыналық-интонациялық тұтастығын сақтай отырып сегменттелуі, айтар ойдың дайындықсыз, емін-еркін сөйлеу үстінде құрылатындықтан сейлем компоненттерінің арасындағы байланыстың әлсіз болып келуі және нормативті грамматикалық талаптарға сай құрыла бермеуі, сейлемдердің эмоциялық сипатының басым болуы сияқты ерекшеліктердің жазба тілден көрініс беруі занды құбылыс болып табылады.

Тілдік бірліктерді құрылымдық жүйенің негізгі ұстанымдары тұрғысынан зерттеумен ғана шектелу оларға қатысты туындастын барлық мәселелерді шешіп бере алмайды. Осылынан байланысты соңғы кездері тілдік бірліктерді, оның ішінде синтаксистік бірліктерді де тілдік жүйеде ғана емес, сөйлеу деңгейінде, оларды функционалды-коммуникативтік тұргыда қарастыру қажеттігі туындаиды. Бұл орайда тілдік бірліктерді зерттеуде тілдік жағдаят ғана емес, тілдік емес жағдаят, коммуникациядағы түрлі прагматикалық жағдайлар қамтылатындықтан нысанға алынған тілдік бірліктің табиғаты жүйелі-құрылымдық ғана емес, функционалды-коммуникативтік жақтан да құрделене түседі.

Тілде коммуникативті жағдайдың орайына қарай сейлемдер толымды/толымсыз, сегментті тұрде, сондай-ақ бір сөзді актуалдау мақсатында қалыпты тұлғадан тыс өзгеше құрылымда айтылуы мүмкін. Сейлем жүйесіндегі өзгерістерге әсер ететін тілдік зандылықтардың қатарына үнемдеу құбылысын жатқызуға бо-

лады. Үнемдеу заны арқылы адам ойын аз сөзбен білдіреді және сол арқылы ол сөйлеуге жұмсайтын уақытын да үнемдейді. Бұл сөйлемнің құрылымдық жағынан өзгеріске түсіне немесе оның құрылымында болуы тиіс мүшелердің түсіріліп айтылуына әкеледі. Осыдан келіп сөйлемнің грамматикалық толымсыздығы келіп шығады.

Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде толымды және толымсыз сөйлем түрлерін ажыратуда түрлі меже басшылыққа алынып жүр. Сөйлемнің мазмұны толық берілетін сөйлемдер толымды сөйлем, ал дербес айтылғанда сөйлем мағынасының мазмұны толық берілмей, ой олқылығы байқалатын сөйлемдер толымсыз сөйлем деп анықталып жүр. Мәселе басқаша айтқанда, толымды және толымсыз сөйлемдердің құрылымында сөйлем мүшесінің не мүшелерінің сөйлемге толық қатысу-қатыспауы дегенді білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, бір құрамды сөйлемдерді немесе мүшеленбейтін сөйлемдерді толымды сөйлем және толымсыз сөйлем деп болуға келмейді де, толымды және толымсыз деп ажыратылатын сөйлемдер екі құрамды сөйлемдер болып шығады. Қазақ тіліндегі толымсыз сөйлемдерді арнайы қарастырган А.Бозбаева толымсыз сөйлемдерге: «толымсыз сөйлем дегеніміз – тұрлаулы я тұрлаусыз мүшелерінің бірі немесе бірнешеуі контекстке байланысты түсіріліп, оның түсіп қалғандығын іргелес не алшақ тұрған сөйлемдерге қарап білуге болатын жай сөйлемнің түрін айтамыз» деген анықтама береді.

Ж.Сәдуақасұлы сөйлемді толымды сөйлем немесе толымсыз сөйлем деп тануда басшылыққа алынуы керек өлшемдерді көрсетеді. Оның пайымдауынша сөйлемнің толымсыздығы ондағы кез келген мүшениң түсірілуімен байланысты; сөйлем мүшесінің түсірілуі сөйлеу жағдаяты, мәнмәтінге, стильдік құрылымға толымсыздық екі құрамды сөйлемдерге де, бір құрамды сөйлемдерге де тән екендігін; ал мәнмәтін мен жағдаяттың толымсыз сөйлемдер мен толымды сөйлемдердің ара жігін ажырату үшін алу қажеттігін атап көрсетеді.

Бір құрамды сөйлем мен екі құрамды сөйлемнің айырмашылығы сөйлемнің негізгі тірегі болып табылатын бастауыш пен бајнадауыштың арасындағы, яғни субъектілі-предикаттық қатынасқа

байанысты болады. Ал сөйлемнің толымды немесе толымсыз болуына бұл аталған қатынастың ықпалы жоқ. Сөйлемге ойға қатысты мүшениң толық қатысуы немесе қатыспауды анықтау киын. Осыған сүйене отырып, Ж.Жақыпов сөйлемнің толымдылығы мен толымсыздығының өзін салыстырмалы түрде алып қарастырған дұрыс деп санды.

Т.Ермекова толымсыз сөйлемдер мен ықшамдалған сөйлемдердің бір тілдік заңдылық, үнемдеу құбылысының нәтижесі болып табылғанымен, бұл сөйлем түрлерінің екі түрлі «толымсыздық» меже тұрғысынан анықталу қажеттігін айтады. Сөйлемнің толымдылығы мен толымсыздығын ажыратуда семантикалық ұстанымды, ал сөйлемнің ықшамдалуы мен ықшамдалмауын ажыратуда құрылымдық ұстанымды басшылыққа алу аталған сөйлемнің өзіндік ерекшеліктерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Т.Ермекова бұл ұстаным тұрғысынан алып қарағанда мынадай сөйлем түрлерінің келіп шығатындығын көрсетеді:

- 1) магынасы да, құрылымы да жағынан толымды сөйлемдер;
- 2) магынасы жағынан толымды, құрылымы ықшамдалған сөйлемдер;
- 3) магынасы жағынан толымсыз, құрылымы ықшамдалған сөйлемдер. Мысалы: *Шәуешек, негізінен, ертедегі Орта Азия қалаларының үлгісімен салынған* (К.Жұмаділов) – магыналық та, құрылымдық та жағынан толымды (ықшамдалмаған) сөйлем; *Бұл сөзге Ұзақ әжептеуір марқайып қалды* (К.Жұмаділов) – магынасы толымсыз, құрылымы толымды (ықшамдалмаған сөйлем); - *Қандай қаталдық еді?!* *Иә, бәрін де күтүгे болады* (К.Жұмаділов) – магынасы да, құрылымы да толымсыз (ықшамдалған) сөйлем.

Сонымен, жоғарыда талданған пікірлерге сүйене отырып, сөйлемнің толымсыздығы тілдік әрі сөйлеу аспектілерінен қарастырылатынын байқаймыз.



Сызба 8. Толымсыз сейлемдерді зерттеу аспектілері

Толымсыз сейлемдерде қажетті мүшениң сөйлем құрамына қа-
тыспай тұруына екі түрлі себеп бар:

- 1) сөйлеу жағдаятының әсері;
- 2) мәнмәтіннің ықпалы. Сөйлемде жоқ мүшени осы көрсетіл-
ген екі фактор – мәнмәтін мен жағдаят арқылы тауып алуға бола-
ды. Мысалы:

- *Бәйбіше, мынауың бір табылған ақыл еken, - деді Жолбарыс
әйелін бірден қостап. –Осы бүгінгі күн сенбі емес ne? Несіне кейін-
ге қалдырамыз? Қонақты бүгін-ақ шақырайық.*

- Улгереміз бе?

- *Несі бар улгермейтін? Сен дастарқанга салатын ол-пұлтың-
ды дайында, мен кеңседен айтығымды алғып, базардан тоқты-то-
рым сатып әкелейін. Әдейі шақырган соң Нұрбекке бір малдың
басын тартпасақ ұят шыгар (Қ.Жұмаділов). Берілген үзіндіде
«Улгереміз бе?» - ремалық қызмет атқарып тұр, ал оған жетіспей-
тін мүшени немесе ақпаратты мәнмәтіннен, алдыңғы сөйлемнен
табамыз. Сонда сөйлемнің толық мазмұны «қонақты бүгін шакы-
руға үлгереміз бе?» болып шығады.*

Кейде сөйлемнің мазмұны тыңдаушыға түсінікті, толымды бо-
лып тұрғанымен, құрлымдық жағынан ықшамдалып, толымсыз болып келеді. Мысалы: «Асыл – тастан, ақыл – жастан» дегенде
баяндау мазмұны адамға түсінікті болғанымен, сөйлем құрлымы
жағынан толымсыз, «шығады» деген баяндауыш мүше түсіріліп қолданылған.

Ж.Жақыпов толымсыз сөйлемдерді жіктеуде сөйлемнің мағына-мазмұн толықтығын және формалдық-грамматикалық құрамының толықтығын емес, төменде келтірілген үш жайтты ескеру қажеттігін айтады:

- 1) толымсыз сөйлемнің пайда болуындағы контекст пен ситуация факторы;
- 2) қатыспай түрган сөйлем мүшесінің синтаксистік қызметі;
- 3) сөйлемнің нақты формалды-грамматикалық құрамы [1, 12]. Сәйкесінше толымсыз сөйлемдер тілтанымда үш түрге ажыратылып қарастырылады:
 - 1) мәнмәтіндік толымсыз сөйлемдер;
 - 2) жағдаяттық толымсыз сөйлемдер;
 - 3) эллипсистік толымсыз сөйлемдер. Бұл аталған толымсыз сөйлем түрлері сөйлеумен байланысты және оларға мәнмәтіннің ықпалы құшті болып келеді.

Сөйлем коммуникативтік бірлік болғандықтан, сөйлеушінің айткан сөзі тыңдаушысына толық ақпаратты жеткізе алса, керісінше, тыңдаушы тарарапынан ешқандай сұрау туындараса, онда коммуникативтік мақсаттың орындалғаны. Бұл жағдайда толымсыздық туралы сөз қозғау артық болып шығады. Коммуникация барысында адам өзіне қажетті ақпаратты толық алуға тырысады. Алайда бір сөйлемнің мазмұнына барлық ақпаратты сыйғызу киын, мүмкін емес деуге де болады. Сол себепті де хабардың, баяндау мазмұнының толымдылығы мәтін, күрделі синтаксистік бірлікпен тиянақталады. Жалпы сөйлеуде толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады. Өйткені сөйлемді толымды етіп құру және мазмұнды бір сөйлем ішінде толық қамтып жеткізу қарым-қатынасқа икемді бола бермейді және кейде түсініксіздікке әкеліп соғуы да мүмкін.

Толымсыз сөйлемдер ауызекі сөйлеу тілінде, әсіресе сөйлеудің диалогтік түрінде жиі қолданылады. Мұнда сөйлеу әрекеті сұрап-жауапқа құрылады, монологта толымсыз сөйлемдер бір жағынан, қайталаамау мақсатын көздесе, екінші жағынан, бірін-бір толықтыруға қызмет етеді.

Толымсыз сөйлемдердің жіктемесі құрылымдық жағынан сөйлемге қатыспай түрган сөйлем мүшелері түрғысынан да жасалады. Олар: бастауышсыз толымсыз сөйлемдер; баяндауышсыз толым-

сыз сөйлемдер; анықтауышсыз толымсыз сөйлемдер; толықтауышсыз толымсыз сөйлемдер; пысықтауышсыз толымсыз сөйлемдер. Бұл аталған толымсыз сөйлемнің түрлері мәнмәтіндік толымсыз сөйлемдер қатарына жатады. Мұндай сөйлемдерде қай сөйлем мүшесінің қатыспай тұрғандығын мәнмәтінге сүйеніп, көрші сөйлемдерден тауып алуға болады.

Бастауышсыз толымсыз сөйлемдер сөйлемнің негізгі мүшесі бірнеше себептен түсіріліп айтылуы мүмкін:

1) орынсыз қайталаудан сақтану үшін алдыңғы сөйлемдерде аталған бастауыш мүше кейінгі сөйлемдерде қайталаңбай, ой жалғастығы субъектінің қосымша белгілері мен іс-әрекеттері арқылы көрсетіледі. Мысалы: *Қанагат ояу жатыр еken. Әлсіз қолын созып, баласының басынан сипады. Тамағына әлдene кептелгендей, қайта-қайа жұтынып, біразга дейін үнсіз жатты* (К.Жұмаділов). Мұндагы соңғы екі сөйлем – бастауышсыз толымсыз сөйлемдер. Олардың бастауышы *Қанагат* бірінші сөйлемде көрсетілген;

2) жақтық мағына баяндауыш мүше арқылы көрінетін сөйлемдер бастауышсыз келе береді: *Барлық кітаптарды осында жинап қоятынын.*

Баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер тілтанымда эллипсистенген, яғни ықшамдалған сөйлемдер деп те аталады. Жалпы «эллипсис» терминін екі түрлі, тар және кең ұғымда түсіндіруге болады. Тар ұғымда алып қарағанда «эллипсис» баяндауыш мүшесі түсіріліп айтылған сөйлемдерге қатысты қолданылатын термин. Мысалы: Үл үяты – әкеge, қыз үяты – шешегe (Мәттел) дегенде «келеді» деген баяндауыш мүше түсіп қалған. Бірақ сөйлемдегі бұл олқылық тек құрылымдық жағынан ғана байқалғаны болмаса, мағыналық жақтан сөйлем мазмұнын толық түсінуге болады. Екіншісі, «эллипсис» терминін кең түсініктеге алып қарастыратындар, мәнмәтін мен жағдаят арқылы орны оңай толықтырылатын элементтің сөйлемнен түсіп қалуы. Яғни мұнда баяндауыш мүше ғана емес, кез келген сөйлем мүшесінің түсірілуі. Ал етістігі түсіріліп айтылған сөйлемдерге қатысты пікірдің езінде де бірізділік байқалмайды. Мәселен, Г.А.Золотованың эллипсистенген сөйлемдерді толымсыз сөйлемдер қатарында қарауға келісе бермейтіндігін: «Етістікіз сөйлем-

дерді эллипсистенген сөйлемдер қатарына қосатын болсақ, онда толымды сөйлемдерге етістікten тұру керек деген шартты таңамыз. ... орыс тілінің синтаксистік құрылымында етістікті де, етістіксіз де сөйлемдер бүріннан бар» деген пікірінен аңғарамыз.

Баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерде баяндауыштың қызметі қалай іске асырылатындығына мысалдарды талдау арқылы тоқталаіык:

1) *Ит тоған жеріне, ер туған жеріне* деген мәтелде құрылымдық жағынан баяндауыштың жетіспей түргандығы анық байқалады. Мағыналық тұрғыдан келгенде, ой мазмұнынан олқылық байқалмайды, сөйлемде баян-дауыш мүшениң қызметі барыс септіктең сөз арқылы актуалданған;

2) - *Ana, шұлғау! – деген жұлығы сөгіліп кеткен етігін сиптира бастады. Су болған шылғауларын аяғымен сілкіп, кез келген жағына лақтырып жатыр* (F.Мусірепов) деген сөйлемде табыс септік (нөлдік тұлғада) актуализатор қызметін атқарып тұр. Сөйлеу жағдаятына сүйене отырып, мәннәтін арқылы сейлемді «беріңіз» деген сезбен толықтыруға болады;

3) *Бар, жоқ және қалып етістіктерінен (отыр, тұр, жатыр, жүр)* болған баяндауыш мүшениң түсірілуі. Мысалы: ... басында – шошақ төбесінде асыл тас орналыған айыр қалпақ (К. Жұмаділов); Баласы үлкен қалада оқуда (Т.Айтбайұлы).

4) *Жұзден жуірік, мыңнан тұлтар* деген мәтелде «шығады» деген сөз түсірілген де, оның қызметін атқарып түрған актуализатор шығыс септіктең сөз болып табылады. Ж.Жақыпов шығыс септік жалғаулы сөздің кез келген білдіретін грамматикалық магынасы баяндауышсыз толымсыз сөйлемдерде актуализатор бола алмайтындығын айтады. Ол мұндай міндетті шығыс септігінің іс-әрекет, құмылдың шыққан орнын, неден, қай жерден басталатынын, себебін, нысанадан қашықтап, ұзап бара жатқанын, үлес-мөлшерін, заттың шығу тегін білдіретін мағыналары атқаратындығын атап көрсетеді.

Тұрлаусыз сөйлем мүшелерінсіз (анықтауышсыз, толықтауышсыз, пысықтауышсыз) толымсыз сөйлемдер де сөйлеуде кең қолданылады. Анықтауышсыз толымсыз сөйлемдерде анықталатын сөз бірінші сөйлемде айтылып, оны анықтайтын сыйдық, сапа-

лық белгілер келесі сөйлемдерден көрінеді. Мысалы: *Сүйткеніше, сырттан Оспан кірді. Кішкене інісі* (М.Әуезов). осы сөйлемдегі *кішкене інісі* деген тіркес бір жағынан, алдынғы сөйлемдегі Оспан сөзінің анықтауышы болса, екінші жағынан, парцеляцияланған сөйлемнің бөлшегі, парцеллят болып табылады (Бұл туралы келесі тақырыпта толығырақ айтылады). Тағы бір мысал: *Дәл сол мезетте сахна жақтан шырқап салған ән көтерілді. Құлақты жарғандай аңы дауыс залды кернеп әкемп барады* (К. Жұмаділов). Осы сөйлемдегі ән сөзінің сапалық түргыдан анықталуы келесі сөйлемнен көрінеді.

Толықтауышсыз толымсыз сөйлемдер етістікті сөйлемдерде жиі байқалады. Толықтауыш мүшениң сөйлемге қатыспай түргандағын анықтауга ондағы (сөйлемдегі) салт және сабакты етістік бағдар болады. Мысалы: *Өзі арлы адам, бергеніңді алмайды, ренжиді. Содан соң сыйлық деп, немесе, балалардың туган күні, иә болмаса әйтейір бір қуанышты күнді ойлат тауып оған ет, май, қант апарамын. Ол сонда гана алады* (Д.Исабеков). Осы үзіндідегі соңғы «Ол сонда гана алады» деген сөйлем толымсыз болып табылады. Мұнда оның нені алатындығы айтылмайды. Яғни – толықтауышсыз толымсыз сөйлем. Толықтауышсыз толымсыз сөйлемдер сөйлемдегі тұра немесе жанама толықтауыштың түсірілуімен байланысты екіге ажыратылады: 1) тұра толықтауышсыз толымсыз сөйлем; 2) жанама толықтауышсыз толымсыз сөйлем.

Пысықтауышсыз толымсыз сөйлемдердің құрылымы анықтауышсыз толымсыз сөйлемдерге ұқсас болып келеді. Өйткені екеуі де сын, сапаны анықтайтын мүшелер, бірі зат пен құбыльстың сындық, сапалық белгілеріне қатысты сөйлем мүшесі болса, екіншісі – қимылды түрлі сипаты жағынан «анықтайтын» сөйлем мүшесі. Мысалы: - *Әлде екеуінің кездесеміз деген уәделерің бар ма еді? – деп Сәлім әткесіне жармасты. Байқа, атама айтып жаңыңды шығартамын.*

Дүрия да ыңғайсызданып, інісін қалай тоқтатарын білмей қатты қысылды. Жыларман болып, Сәлімнің иығынан жүлжып-жүлжып қалды.

- *Қой, Сәлім, үят қайда .. Неге жала жабасың кісіге? Мени бүгін үйде отыргызбай, каникулга шықсан күні кинога апармай-*

сың деп, зорлан ертіп алған өзің емес не? (К.Жұмаділов). Осындағы *Дүрия да ыңғайсызданып, інісін қалай тоқтатарын білмей қатты қысылды*. Жыларман болып, Сәлімнің шығынан жүлкүнжүлкүп қалды деген сөйлемдерде не себепті? деген сауалға жауап жоқ, ал оның жауабын алдыңғы сөйлемдерден таба аламыз.

Сонымен, сөйлемде түсірілген мүшени, «бос» орынды табуға грамматикалық көрсеткіштер көмектеседі. Сөйлемде түсірілген бастауышты жақ тұлғалары, ал меншіктің анықтауышты тәуелдік жалғаулы сөз, толықтауышты сөйлем құрамындағы салт, сабакты етістіктер арқылы тауып алуға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөйлемдерді толымды және толымсыз деп ақыратуға қатысты тұжырымдарға токталыңыз.
2. Толымсыз сөйлемді тудыратын факторларды мысал келтіре отырып атаңыз.
3. Құрылымдық толымсыздық пен мағыналық толымсыздық үғымдарының арақатынасы.
4. Толымсыз сөйлем жіктемесіне қатысты ғалымдардың пікірі.
5. Сөйлемнен бастауыш мүшениң түсірілу себептерін атаңыз.
6. Эллипсистенген сөйлем туралы түсінік.

Семинар тақырындары:

1. Толымсыз сөйлемдердің монолог пен диалогте көріну ерекшеліктері.
2. Толықтауышсыз толымсыз сөйлемдер.
3. Анықтауышсыз толымсыз сөйлемдер.
4. Пысықтауышсыз толымсыз сөйлемдер.

Әдебиеттер:

1. Жақыпов Ж. Толымсызбен толықтыру. – Қарағанды: Болашақ, 2010. – 69 б.
2. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. –Алматы: Білім, 2002. – 132 б.
3. Керімбекова Ұ. Бастауышсыз толымсыз сөйлемдер. Қазақстан мектебі. 1976. №2. - 45-47 бб.

4. Керімбекова Ұ. Анықтауышсыз толымсыз сөйлемдер. Қазак тілі мен әдебиеті мәселелері. 7- шығуы. 1976. –Алматы, 1971. 83-88 бб.

5. Бозбаева А. Толымсыз сөйлем: құрылышы, синтаксистік жүйедегі орны. Фил. ғыл. канд. дисс... авторефераты. –Алматы, 2005. – 25 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. «Эллипсис» термині туралы түсінік. Бұл терминге қатысты ғылыми тұжырымдарға талдау.

2. Мәнмәтін мен жағдаят ұғымдары туралы түсінік (Р.Әмір, Ж.Жақыпов, В.Я.Мыркин, З.Ш.Ерназарова және т.б. еңбектері негізінде).

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983.

2. Мыркин В.Я. Текст, подтекст и контекст. Вопросы языкоznания. 1976, № 2, С. 86-93.

3. Мыркин В.Я. Типы контекстов. Коммуникативный контекст. Филологические науки. 1978, № 1, С. 95-98.

3.5 Парцеляцияланған сөйлемдер

Сөйлемнің қалыптасқан құрылымдық түрлері сөйлеуде өзгеріске түсіп, қалыптан тыс «түрпат» иеленуіне әсер ететін фактордың бірі – үнемдеу құбылыс. Ол коммуникативтік талаптан туындаиды. Кез келген синтаксистік құрылым коммуникативтік талапты өтеуге бейімделіп құралады. Коммуникативтік талаптар сөйлемнің үнемді және эмоциялы, сондай-ақ актуалды құрылуын қажет етеді. Сөйлеудің үнемділік пен актуалдылық талабы сөйлемдерде түрліше көрінеді. Басқаша айтқанда тілде коммуникативті жағдайдың орайына қарай сөйлемдер толымды және толымсыз, сегментті түрде, сондай-ақ бір сөзді актуалдау мақсатында қалыпты тұлғадан тыс өзгеше құрылымда айтылуы мүмкін.

Үнемдеу – ойды мейілінше аз сөзben жеткізу десек, бұл белгілі бір ойды жеткізу үшін қажетті сөйлем мүшелерінің сөйлем құрамына түгел енбеуіне әкеледі. Мұның өзі синтаксистік жүйеде екі

жақты көрініс береді: бірі – грамматикалық жақтан сөйлемнің толымсыз болып келуі; екінші – коммуникация процесінде түрлі себептерге байланысты сөйлемдердің сегменттелген түрде көріні.

Сөйлемнің мағыналық-интонациялық жақтан тығыз байланысты бөліктерге бөліну дәстүрі – ауызекі сөйлеуге тән құбылыс. Ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тіл қашан да бір-біріне әсерін тигізе отырып дамиды. Сондықтан ауызекі сөйлеуге тән ойдың айтуда женіл және түсінікті болу үшін ықшамды етіп құрылуы, күрделі ойды білдіретін сөйлемдердің мағыналық-интонациялық тұтастығын сақтай отырып сегменттелуі, айтар ойдың дайындықсыз, сөйлеу үстінде құрылатындықтан сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыстың әлсіз болып келуі және нормативті грамматикалық талаптарға сай құрыла бермеуі, сөйлемдердің эмоциялық сипатының басым болуы сияқты ерекшеліктердің жазба тілден көрініс беруі заңды құбылыс болып табылады. Мұндай сөйлемдер тілде қалыптасқан норма бойынша талдауга келе бермейтіндігімен ерекшеленеді. Осындағы сөйлем түрінің бірі мағыналық-интонациялық жағынан тұтастықта айтыла отырып, құрылымдық жағынан бөлшектенуіне негізделетін түрі – парцеляцияланған сөйлемдер.

Тілде жи ұшырасатын, тұтас бір сөйлемнің өзара нүкте арқылы ажыратылатын дербес фразаларға бөлінуі тілтанымда түрлі терминдермен аталып жүр және бұл құбылысқа әр ғалым өзінше түсініктеме береді. Л.В.Щерба аталған құбылысқа қатысты *присоединение* (қосылу, тіркесу) терминін қолданды және бұл В.В.Виноградов, С.Е.Крючковтар тарапынан қолдау тапты. Аталған ғалымдар бөлшектелген сөйлемдерді синтаксистік байланыстың ерекше түрі ретінде қарастырды және оларға тән белгілерді айқындауга тырысты. Мәселен, Л.В.Щерба тіркесудің немесе қосалқы сөйлемнің санада екінші элемент ретінде бірінші сөйленімнен кейін пайда болатындығын айта келе, оның «алдын ала ниет етілмейтін» сипатын негізгі белгі ретінде көрсетеді.

В.В.Виноградов сөйлем бөліктері бір мағыналық кеңістікке сыймайтын, логикалық жағынан бір бүтінге бірікпейтін күрделі құбылысты тіркесу деп, оның табиғатын стилистикалық қызметі тұрғысынан түсіндіруге тырысады. С.Е.Крючковтың көрсетуінше, сөйлемнің бөлшектелген бөлігі санада болатын сөйленімді

толықтыратын қосымша пайымдау болып табылады. Осылайша С.Е.Крючков қосалқы сөйлемнің семантикалық сипатына көніл бөледі. Ал А.П.Сквородников парцелляцияланған сөйлемдердің стилистикалық қызметіне назар аударып, оларды көркемдеуіш құрал ретінде қарастырады. Сондай-ақ, негізгі сөйлем мен қосалқы сөйлем арасындағы байланыс мәселесіне де көніл бөледі, соның негізінде парцелляцияланған сөйлемдердің жіктемесін жасайды.

Түркітанимда парцелляция мәселесін арнайы зерттеген Ф.С. Сафиуллина татар тілі деректері бойынша бөлшектелген сөйлемдердің стилистикалық қызметі мен сөйлем мүшелерінің фразаларға беліну мәселесіне тоқталса, қазақ тілі материалдары негізінде парцелляцияланған сөйлемдер А.Ақыжанованаң зерттеуінде басты нысанга алынған. Онда жалпы осы құбылыстың қазақ тіліндегі көрінісі, бөлшектелген сөйлемдердің құрылымы мен негізгі сөйлемге қатысы, интонациясы секілді жалпы мәселелер қарастырылған [6]. Ал М.Жолшаева бөлшектелген сөйлемдер арқылы аспектуалды семантиканың берілу жолдарын қарастырган. Бұл пікірлерден мынадай түйін жасауға болады:

- бөлшектелген сөйлемдердің мағыналық жағынан курделі құбылыс болып табылады;
- бөлшектелген сөйлемдер тұлғалық жағынан да курделілігімен сипатталады;
- бөлшектелген сөйлемдер стилистикалық қызметі жағынан да курделі саналады;
- сөйлемнің беліктеге белінүі арнайы мақсатты көздейді.

Бұл айтылғандарды негізге алсақ, бірнеше беліктеге белінген осындай сөйлемдерді семантикалық, құрылымдық, стилистикалық, прагматикалық аспекттіден қарастыру мүмкіндігі келіп шығады. Бүгінгі таңда лингвистикада аталған құбылысқа ұшыраған сөйлемдерге қатысты *парцелляция* термині қолданылып жүр.

Парцелляция [латын сөзі – *partialis* – жекелеген] шет тілдер сөздігінде «турпаты жағынан жеке сөйлем деп тануға болатын сөйлемнің интонация арқылы өте қысқа беліктеге белінетін жазба әдеби тілдің көркем синтаксистік тәсілі» деп анықталса [1, 673], лингвистикалық сөздіктері түсіндірмесі де осы мазмұндас болып

келеді. Онда былай деп жазылған: «парцелляция – тұтас синтакстік құрылым болып табылатын сөйлемнің бірнеше коммуникативті бірлік фразаларға белінген сөйлеудегі көрінісі» [2, 163].

«Парцелляция» сөзінің негізгі беретін ұғымы – бөлшектелген сөйлем немесе сөйлемнің сегменттелген бір белігі екендігі. Осымен байланысты парцелляция термині алғашқы кезде лингвистикада көркемдік тәсіл ретінде қаралса, кейін арнағы сөйлеудегі коммуникативтік бірлік ретінде қарала бастады. Парцелляцияланған сөйлемдерге анықтама берушілердің тұжырымы бойынша екі нәрсені атап көрсетуге болады:

1) парцелляцияланған сөйлемдерді мағынасы басқа сөйлем негізінде айқындалатын өзіндік мағына дербестігі жоқ толымсыз сөйлем ретінде тану;

2) тұтас сөйленімнің бір белігі.

Бұл парцелляцияланған сөйлемге берілген екі анықтамада оған екі түрлі аспектіден келген: алғашқыда парцелляцияланған сөйлемдер статикалық түргыдан қараса, кейінгіде динамикалық жағы негізге алынған. Екі анықтама-дағы ортақ идея – парцеллятың сөйлемнің бөлігі екендігі. Мұндай сөйлем бөліктерін тілдік жүйеде және сөйлеу жүйесінде де қарастыруға болады.

Бөлшектелген сөйлемдерді статикалық және динамикалық аспектіде қарастыруда «тіркесу» мен «парцелляция» ұғымдарының арақатынасына, тіркесті құрылымдар мен бөлшектенген сөйлемдер бір ме әлде екі түрлі құбылыс па? деген саяул туындаиды. Аталған мәселеге қатысты ғалымдар тұжырымдарын негізінен екіге топтауға болады:

1) парцелляция тіркесті құрылымдардың бір түрі (Ж.Е.Петровская; В.Н.Стрельцов);

2) парцелляция мен тіркесу екі түрлі құбылыс. Бұл топтағы ғалымдардың көзқарасы әр қылы:

- бірі (тіркесу) тіл деңгейіне, екіншісі (парцелляция) – сөйлеуғе тән құбылыс (В.А.Белошапкова);

- екеуі бір-біріне қарама-қарсы құбылыс: парцелляциялық құрылым тілде бір бүтін болып келеді, сөйлеуде бөлшектенеді, ал тіркесті құрылымдар тілде бөлшектеніп келгенімен, сөйлеуде бірігіп, тұтас құрылым түзеді (В.К.Покусаенко);

- тіркесті құрылымдар тек қана сөйлеуге тән құбылыс (М.Е. Шафиро).

Соңғы кездері парцелляция тіркесуден бөлек құбылыс, оның бір түрі болып саналмауы тиіс деген көзқарас үстем болып келеді, яғни *тіркесу* және *парцелляция* ұғымдарын ажыратып қарау қажет. «Олар өзара бара-бар, бір деңгейдегі құбылыстар емес: парцелляция – сөйлемнің коммуникативті-функционалды сипатымен байланысты болса, тіркесу – сөйлемнің статикалық сипатына қатысты құбылыс» [3, 27]. Тіркесті құрылымдар грамматикалық құбылыс ретінде тілде бүтін бірлік түзеді, керісінше, сөйлеуде бөлшектенуі де, бөлшектенбейі де мүмкін.

Бөлшектелген сөйлемдерге қатысты А.Байтұрсынов іргелес сөйлем терминін қолданады да, оған мынадай анықтама береді: «Іргелес сөйлемдер тек ой іргесімен жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрган басқа ешиәрсе жоқ, сондықтан бұлардың аралары да біріне-бірі қосылмай-ақ ашық-ашық, үзіліп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі – нүктө койылады» [4, 300].

Сонымен, парцеллят – біртұтас сөйленімнен оған магыналық және функциялық жағынан тәуелділігін сақтай отырып, дербес фраза ретінде бөлініп шықкан бөлігі. Тілдік деректерге талдау жасай отырып, сөйлемнің барлық мүшесінің парцелляция құбылысына ұшрайтындығын байқадық. Бірақ сөйлем мүшелерінің парцелляциялану мүмкіндігі түрліше болып келеді.

Ю.В.Ванников синтаксистік қатардағы сөздердің байланысы на қарай парцелляцияның интенсионал және экстенсионал деп атаптын екі түрін көрсетеді. Сөйлемнің интенсионал элементтерін тұрлаулы мүшелер мен толықтауыш, пысықтауыш мүше құраса, керісінше, экстенсионал элементтер анықтауышқа қатысты болып келеді. Зерттеуші парцелляциялануға бейім келетін эксенсионал элементті сөйлемдер деп көрсетеді.

Қазақ тілінің деректеріне сүйенсек, сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелерінің парцелляцияланатыны байқалды: *Оқуға сырттай түсіп, ауылға кетеді*. Әжесінің үйине (М.Магаун); *Басы зеңгіп ауырып, миң шытынап түр*. Үйқыдан (М.Магаун); *Нагиманың атасы да олген. Баяғыда. Согыста. Жиырма жаста екен* (М.Магаун); *Арамызда ушінші кластан тек екі оқушы гана*

жоқ. Майра мен Жанбосын (Б.Соқпақбаев). *Шақан кешке жет-несі анық. Жүрсө де, жатса да* (М.Магауин).

Тілдік деректер негізінде парцелляцияланған сөйлемнің мынадай белгілерін көрсетуге болады:

1) негізгі сөйлем мен парцелляттың арасында тығыз мағыналық және интонациялық байланыс болады: *Жанды автоинспектор біреу-ақ. Ағдарбек. Қала сыртында, шыгар ауызда тұрады. Айрықта* (М.Магауин);

2) негізгі сөйлем пен парцеллят нүктे арқылы ажыратылады: *Негіма окуын бітіреді. Оныны қласты. Институтқа туследі. Кешкілікке* (М.Магауин);

3) парцелляттың мағынасы негізгі сөйлемнен тыс алғанда түсініксіз болады, басқаша айтқанда парцелляттың мағынасы негізгі сөйлеммен бірге алғандаған түсінікті болады: *Ақыры ұштышы ау. Таң ата. Құн көтеріле* (М.Магауин);

4) парцеллят негізгі сөйлемге қатысты алғанда оның алдында, сонында, тіпті екі дербес сөйлем ортасында да орналаса алады: *Облыстық мекемеде мұнды жақсы қарсы алады. Ұлken қызметкер. Орталықтан келген* (М.Магауин); *Тағы үш қамиши. Аямай согады. Құлаштан тұрып согады* (М.Магауин); *Электрқызызырығыш сатып алдым. Рақат болды. Үй әрі жылы, әрі тыныш* (М.Магауин).

Парцелляцияланған сөйлем мен толымсыз сөйлем қатынаска келер болсақ, алғашқысы бір ойды бірнеше бөлшектелген сөйлемдер арқылы жеткізеді де, құрылымы жағынан кем дегенде екі фразадан тұрады. Бірі - негізгі, ал екіншісі – оған мағыналық жағынан тәуелді қосалқы бөлік. Соңғысының қызметі – негізгі сөйлемді мағыналық жағынан толықтыру. Бірақ екі бөлік өзара мағыналық және интонациялық тұтастықта айтылады. Бұл жағынан келгенде, яғни құрылымдық жағынан барлық ойфа қатысты мүшениң айтылмасы бойынша анықталатын синтаксистік бірлік толымсыз сөйлемдерге жакындайды. Сөйлемнің толыққанды ақпаратты жеткізуі парцеляцияланған сөйлемдерді тұтастықта алып қарагандаған жүзеге асады. Әр парцеллят немесе сөйлемнің сегменттелген бөлігі жеке мәнмәтіннен тыс толыққанды ақпаратты бере алмайды, ой түсініксіз болып шыгады. Бірақ парцелляция-ланған сөйлемдерді толымсыз сөйлем деп те тани алмаймыз. Толымсыз сөйлемдерде

ойға қатысты мүшелер түгел айтылмағанымен, олар белгілі бір контексте тұрып, жалпы сөйлемге тән коммуникативті қызметті өтей алады. Олардағы толымсыздық тек құрылымдық жағынан болмаса, мазмұны жағынан толымды саналады. Себебі оның мазмұның көп бөлігі алдыңғы не кейінгі сөйлемнің мазмұнына немесе сөйлеу жағдаятына сүйенеді. Сөйтіп, сөйлемдердің арасында түрлі мезгілдік, түсіндірмелі, себеп-салдарлық, жалпы-жекелік секілді синтаксистік қатынастар орнайды. Толымсыз сөйлемге предикативті интонация тән болып, олар предикативтілік мән иелене алады. Сонда толымсыз сөйлемдерде тұлғалық олқылықтың орны контекст, жағдаят арқылы толығып, мазмұн түсінікті болады. Ал парцеляцияланған сөйлемдердің қосалқы бөліктері жеке, негізгі бөлігіне байланыссыз алып қарастырганда мағынасы түсініксіз құрылым болып шығады. Олар (парцеляцияланған сөйлемдер) негізгі сөйлеммен бірігіп келіп, біртұтас сөйленім түзеді. Сондай-ақ, парцеляттар тұлғалық жағынан да аяқталмаған формада келуі мүмкін. Мысалы: *Эйтсе де мына сөздеріңізді қайтып алыңызыга тұра келеді. Қателігіне өзіңіздің-ақ көзіңіз жетеді. Жүріңіз. Біздің үйге* (М. Мағауин);

— Менен ауыз тұшыр әңгіме табылмайды, — дейді бейтаныс танысым.

Жай мысал. *Бастан откен* (М. Мағауин). Осы сөйленімдердегі *Біздің үйге. Жай мысал. Бастан откен* секілді қосалқы сөйлемдер:

біріншіден, құрылымдық жағынан, құрмалас сөйлемнің екінши компоненті бола алмайды;

екіншіден, синтаксистік қызметі мен семантикасы жағынан, негізгі сөйлеммен байланыссыз алғанда толыққанды мағыналық жағынан түсінікті ойды білдіре алмайды;

үшіншіден, предикативтілік талаптарына жауап берे алмайды. Сондықтан сөйлемдік қасиеті айқын емес, өз алдына оқшау тұратын мұндан синтаксистік топтың негізгі қызметі базалық сөйлемдегі ойды толықтыру, айқындау, нақтылау болғанымен, оларды ешқандай синтаксистік категория қатарында қарастыра алмаймыз. Бірақ сөйлемнің сөйлеуде дербес фразаларға бөлінуі белгілі бір мақсаттан туындағандықтан, мақсатты түрде жүзеге асады.

Сөз, сөздердің тіркесі, сөйлем түрінде келетін парцеллят бас сөйлемге толығымен немесе оның құрамындағы бір сөзге ғана қатысты болып келуі мүмкін. Мысалы: *Ақыры тіркемелі трамвайдай сүйретілген ұзын "Икарус"* жетеді. *Іши кең. Жүрісі жайлы* (М. Мағауин) деген сөйленімде *Іши кең. Жүрісі жайлы* парцелляттары негізгі сөйлемдегі бір ғана сөзге ("Икарус") қатысты. *Қыста да қала сыртына шыгады. Тек күн жылы болса ғана. Сырганаш тебеді* (М. Мағауин) дегендеге *Тек күн жылы болса ғана* фразасы тұтасы негізгі сейленімге қатысты болып тұр. Жалпы парцелляттың негізгі сөйлемге мағыналық жағынан қатыстылығы және мағыналық жағынан тәуелді болуы оның жеке қолданылуына мүмкіндік бермейді.

Парцелляцияланған сөйлемнің қосалқы бөлігі мен толымсыз сейлемнің екеуі де мәннәтінге тәуелді. Оларды салыстырып қарайтын болсақ, *біріншіден*, екі синтаксистік бірлік те құрылымдық жағынан толымсыз болып келеді. Бұл – сөйлем құрылымына қатысты грамматикалық толымсыздық. *Екіншіден*, ой мазмұнның толымсыздығына келер болсақ, толымсыз сейлемдерде мазмұн біршама түсінікті болса, кейбір парцелляцияға ұшыраған сейлемдерде ой мүлде түсініксіз болып шыгады. Мысалы: *Өзі арлы адам, бергеніңді алмайды, ренжиді. Содан соң сыйлық деп, немесе, бағалардың туган күні, иә болмаса әйттеуір бір қуанышты күнді ойлап тауып оған ет, май, қант апаралын. Ол сонда ғана алады* (Д.Исабеков). Осы үзіндідегі соңғы «Ол сонда ғана алады» деген сейлем толымсыз болып табылады. Мұнда оның нені алатындығы айтылмайды. Яғни – толықтаушысыз толымсыз сейлем. Бірақ сейлемде қандай да бір мазмұнда ақпарат бар. Ал енді парцелляцияланған сөйлемге келсек: *Басы зеңгіп ауырып, миң шытынап тұр. Үйқыдан* (М. Мағауин) деген сөйлеу бірліктерінің қосалқы бөліктері «Үйқыдан» деген фразалар өз алдына қандай да ақпаратты жеткізіп, коммуникативтік қажеттілігікті өздігінен өтей алмайды. Дегенмен, сейлемнің толымсыздығы парцелляцияланған сейлемдер арқылы да көрінеді. Бірақ барлық парцелляцияға ұшыраған кез келген сейлем құрылымдық жағынан толымсыз болғанымен, мазмұндық жағынан ұғынықты бола бермейді. Сөйтіп, парцелляцияланған сейлем мен толымсыз сейлем құрылымы мен қызметі

бойынша әр бөлек құбылыс болып табылады. Бірақ ойға қатысты алғанда сөйлемнің сөйлеуде дербес фразаларға бөлінуі мен то-лымсыз сөйлемдердегі ойға қатысты кейбір мүшелерінің түсіріліп айтылуы белгілі бір мақсаттан туындағандықтан, мақсатты түрде жүзеге асады.

Бақылау сұрақтары:

1. Парцелляция құбылысы дегеніміз не?
2. Парцелляцияланған сөйлем табигатына қатысты қандай пікірлер бар?
3. Парцелляция мүше дегеніміз не? Мысал арқылы түсіндіріңіз.
4. Толымсыз сөйлем мен парцелляцияланған сөйлемнің ұқса-стығы неде?
5. Толымсыз сөйлем мен бөлшектелген сөйлемнің айыр-машылығы неде?
6. Қосалқы сөйлемдерге тән ерекшеліктерді атаңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Коммуникативтік талаптардың синтаксистік жүйедегі көрінісі.
2. Парцелляцияланған сөйлемдердің прагматикасы.

Әдебиеттер:

1. Новый словарь иностранных слов. Минск, 2005.
2. Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990.
3. Белошапкова В.А. Сложное предложение в современном русском языке. –М., 1967.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
5. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. Москва, 1957.
6. Виноградов В.В. Стиль «Пиковой дамы» // «Пушкин. Временник пушкинской комиссии», 2. М.-Л., 1936.
7. Крючков С.Е. О присоединительных связях в современном русском языке. // Вопросы синтаксиса современного русского языка. Москва, 1950.
8. Сквородников А.П. О классификации парцеллированных предложений в современном русском литературном языке // Науч-

ные доклады высшей школы. “Филологические науки”, №2, 1978. 58-67 с.

9. Сафиуллина Ф.С. Явление парцеляции в современном татарском языке // Советская тюркология. № 4, 1974. 3-9 с.

10. Ванников Ю.В. Синтаксические особенности русской речи (явление парцеляции). Москва, 1969.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Парцеляцияланған сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері.

2. Бөлшектелген сөйлемдердің семантика-синтаксистік ерекшеліктері.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Ақыжанова А.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі парцеляция құбылысы: филолог. ғылым. канд. ... автореф. Алматы, 1999. – 25 б.

2. Жолшаева М.С. Аспектуалды семантиканың парцеляцияланған сөйлемдер арқылы берілуі. «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы, 2009. – 160-164 бб.

3. Сквородников А.П. О классификации парцеллированных предложений в современном русском литературном языке // Научные доклады высшей школы. “Филологические науки”, №2, 1978. 58-67 с.

3.6 Атаулы сөйлемдер

Бастауыш-баяндауштық қатынастан тұратын сөйлемдер екі негізді деп танылса, атаулы сөйлемдер бір негізді сөйлемнің түрі ретінде қаралады. Атаулы сөйлемдер мүшелік қатынасқа талдан-байтындықтан ерекше грамматикалық құрылымға ие болып келеді. Мұндай сөйлемдерде предикативтіліктің негізі болып табылатын бастауыш-баяндауштық қатынас болмағанымен, сөйлемге тән предикативтілік интонация арқылы көрініс табады. Атаулы сөйлемдер – мәнмәтінге тәуелді сөйлемдер. Өйткені оларға сөйлемдік сипат беретін предикативтіліктің рөлін мәнмәтін мен интонация аткарады. Атаулы сөйлем зат пен құбылыстың атавы ретінде

және арнаулы коммуникативті мақсатпен байланысты жұмсалады. *Жаз. Жайлай. Шұбала қонған киіз үйлер* (Б.Сокпақбаев) деген сөйлем айналаны суреттеу және ойды әсерлі жеткізу мақсатын көздеген. Мұнда *жаз*, *жайлай* сөздерін жеке-жеке сөйлем ретінде жұмсалуына, оларды тиянақты синтаксистік форма етіп, сөйлемге тән қасиет беріп тұрған – интонация. Келтірілген сөйлемдерді жеке-жеке предикативті мән иеленген синтаксистік бірлік ретінде талдай аламыз.

Атаулы сөйлемдерді екі аспектіден жіктеуге болады.



Сызба 9. Атаулы сөйлемдерді жіктеудің екі қыры

Атаулы сөйлемдерге тән негізгі белгілер:

- атаулы сөйлемдер күрылымы жағынан мүшеленбейтін сөйлемдер болып табылатындықтан олар тұрлаулы мүшелерге талданбайды;
- атаулы сөйлем семантикалық жағынан баяндауға құрылмайды, олар зат пен құбылысты, мезгіл мен мекенді, заттың сынын атап қана көрсетеді;
- атаулы сөйлемдерге тән предикативтілікті білдіруде хабарлау интонациясының рөлі ерекше;
- атаулы сөйлемдер жакқа қатысты бейтарап болады;
- атаулы сөйлемдер шаққа қатысты алғанда сөйлеу сәтімен сәйкес келетіндіктен осы шаққа тұра келеді; сонымен қатар, шақтың мағына мағынасы жағынан жуық келетін көрші сөйлемдер, мән-мәтін арқылы да анықталады;
- атаулы сөйлемдердің грамматикалық формасы – атау тұлғасы. Атау сөз сөйлемге негіз, тірек болады. Мұндай қызметте зат есім, сын есім, есімше жиі жұмсалады. Сөйлем құрамындағы осы негізгі мүшеге бағыныңызық қатынаста тұратын басқа мүше де кіреді. Мысалы: *Шағылтақ қоктем* (Ә.Кекілбаев). атаулы сөйлемдердің грамматикалық формасы – атау тұлғасы. Атау сөз сөйлемге негіз, тірек болады. Мұндай қызметте зат есім, сын есім, есімше жиі жұмсалады. Сөйлем құрамындағы осы негізгі мүшеге бағыныңызық қатынаста тұратын басқа мүше де кіреді. Мысалы: *Шағылтақ қоктем* (Ә.Кекілбаев).

лемнің негізгі мүшесі ретінде сын есім, есімше жұмсалғанда олар заттанып келетіндіктен олар септік тұлғада келеді. Негізгі мүшесі атау септікте, ал сын есім, тұйық етістік табыс септік тұлғасында келіп, атаулы сөйлемдегі негізгі мүшесі қызметін атқара береді. Мысалы: *Суығын-ай!*

Атаулы сөйлем коммуникативтілік қажеттіліктен туындаиды. Олардың қалыптасуына ықпал етуші факторлар қатарына ықшамдау құбылысы, эмоцияны білдіру жатады. Яғни коммуникацияда жағдайды үнемді жолмен жеткізу мақсатынан туындаиды.

Атаулы сөйлемдердің грамматикалық сипаты сөйлемнің тірек мүшесі саналатын негізгі сөздің қай тұлғада тұруына қарай ажыратылады:

- негізгі мүшесі зат есімнен болған атаулы сөйлем;
- негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлем;
- негізгі мүшесі -ған/-ген тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлем;
- негізгі мүшесі тұйық етістікten болған атаулы сөйлем.

Атаулы сөйлемдерді атқаратын қызметіне қарай Р.Әмір ұшке бөледі:

- 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер: *Тұн. Шалқыған-ай!;*
- 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер: *Күлуін!;*
- 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер: *Қаңғыған неме! Өркениң өскір!* [1].

Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер арқылы құбылыс сипаттамалы түрде беріледі, зат пен құбылыс атауы атап көрсетіледі. Мысалы: *Тыста боран* (М.Әуезов); *Әдемі кең көшө. Ағылған халық. Зәулім крандар. Бес қатарлы үйлерден анағұрлым басы сорайған алтын дөмна* (З.Шашкин); *Жаңбыр. Күздің сүйк жсауыны* («Жаңа өмір»). Бұл келтірілген атаулы сөйлемдер бір жағынан, негізінен айналаны, ондағы болып жатқан жағдайды суреттеп, бейнелі түрде жеткізу қызметін атқарып тұр. Екінші жағынан, осы суретте арқылы әрекеттің өту сипаты имплицитті түрде көрінеді. Яғни: «*Тыста боран – тыста боран согып тұр*»; «*Әдемі кең көшө. Ағылған халық – әдемі кең көшеде ары-бері жүріп жатқан көп адам (халық)*»; «*Жаңбыр. Күздің сүйк жсаңбыры – Күзгі сүйк жсауын жсауып тұр*». Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдерді сөйлем

семантикасына қатысты іштей мезгіл атаулы сөйлем, мекен атаулы сөйлем деп саралана береді. Мысалы: *XXI ғасыр; Жаз. Шілде айы. 2017 жыл мезгіл атаулы сөйлемдер болса, Ауылдың сырты. Жайлау. Қонақүй. Пойыз іши* деген сөйлемдер мекен атаулы сөйлемдер болып табылады.

Эмоциялы атаулы сөйлемдер аты атап тұрғандай сөйлеушінің әрекет, зат пен құбылысқа қатысты эмоциясын білдіру мақсатын көздейді. Мысалы: *Ду-ду күлкі...* (Ә.Кекілбаев).

Тақырып атаулы сөйлем – дәстүрлі анықтама бойынша оқырманға кейінгі сөйлемдердің не туралы екендігін алдын ала хабарлау мақсатында қолданылатын сөйлем түрі. Түркітанымда тақырып атаулы сөйлемге қатысты бірізді пікір жоқ. Мәселен, татар тілін зерттеуші Ф.С.Сафиуллина мұндай синтаксистік құрылымдарға атаулы сөйлем деп қарамайды, түрік тілінде зат атаулы сөйлемдер қатарында қаралады. Қазақ тілтанымында атаулы сөйлемдердің жіктемесінде Т.Ермекова кітап-журнал сыртына жазылған атауларды осы сөйлем түрінің бірі ретінде қарастырады. Мұндай сөйлем түрлеріне қатысты Ж.Жақыпов «тақырып атаушы сөйлем контекстік тұрғыдан алғанда сөйлем шарттарына келе бермейді, сөйлем жүгін көтере алмайды. Сондықтан контекст мазмұны арқылы сөйлем мүшесі ретінде түсіндіріліп, со-лай қабылданады. Тақырып атаушы сөйлемнің коммуникативтік мақсатпен айырықшаланған, синтаксистік жағынан кесінді, семантикалық жағынан бөлінбес бөлшегі болып табылады» деген тұжырым жасайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Атаулы сөйлемнің екі негізді сөйлемдерден айырмашылығын атаңыз.
2. Атаулы сөйлемді сөйлем ретінде танудағы интонацияның рөліне тоқталыңыз.
3. Атаулы сөйлемдердің түрлерін атап, мысал келтіріңіз.
4. Атаулы сөйлемге қатысты түркітанымдағы көзқарастарға тоқталыңыз.
5. Атаулы сөйлемдерге тән белгілерді атаңыз.

Семинар тақырыптары:

1. Атаулы сөйлемнің жіктемесі: құрылымдық және семантикалық аспект.
2. Атаулы сөйлемдегі негізгі мүше қызметіндегі жұмсалатын сөздер.

Әдебиеттер:

1. Әмір Р. Жай сөйлемнің типтері // Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 664 - 676 бб.
2. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі: филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1999. – 66 б.
3. Ермекова Т. «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. – Алматы: Білім, 2002. – 132 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

Атаулы сөйлем және жақтық мағына.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Садуакасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы.
- А.: Қазақстан, 1994. – 128 б.
2. Темірбекова Г. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер. филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 22 б.

4 СӨЙЛЕМ МУШЕЛЕРІ СИНТАКСИСІ

4.1 Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Бастауыш. Баяндауыш

Сөйлем – жеке сөзден немесе сөздердің тіркесінен тұратын синтаксистік құрылым. Сөйлем құрамындағы сөздер өзара грамматикалық байланысқа түсіп, бірін-бірі анықтаپ, толықтырып, пысықтап тұру арқылы белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Осылайша сөйлем арқылы берілетін ой мазмұнының бір бөлшегін құрайды. Сөйлем құрамына енетін сөздердің өзара байланысы семантикалық және грамматикалық қатынасқа негізделеді.

Сөздердің сөйлем мүшесі қызметін атқаруы олардың сөйлемде бір-бірімен байланысқа түсінен, қарым-қатынаста қолданылуынан көрінетін мағыналар болып табылады. Осымен байланысты сөйлем мүшелері категориясы синтаксистік категория қатарында қаралады. Сөздердің сөйлемде атқаратын қызметі олардың өзара байланысқа түсетін сөздерімен арада туындастын синтаксистік қатынас арқылы анықталады: артибутивтік қатынастағы сөздер анықтауыш қызметін атқарса, объектілік қатынастағы сөздер толықтауыш болып келеді, ал адвербиалдық (мекендік, мезгілдік, мақсаттық, себептік, амалдық) қатынастағы сөздер пысықтауыш қызметін атқарады.

Сөйлемдегі сөздердің сөйлем мүшесі болуының басты шарттарына мыналар жатады:

- 1) толық (лексикалық) мағыналы сөз болуы;
- 2) белгілі бір сұраққа жауап беруі;
- 3) белгілі бір грамматикалық тұлғада тұруы;
- 4) езі байланысқа түсетін сөзben синтаксистік қатынас құрауы;
- 5) сөйлем ішінде белгілі бір орнының болуы.

Сөйлем мүшелері грамматикалық жасалу жолы және тұлғасы мен мағынасы жағынан жалпыланған категориялар болып келеді. Сөйлем мүшелері сөздердің сөйлемде атқаратын қызметіне қарай екіге бөлінеді: тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері оның (сөйлемнің) негізгі тірегі болып табылады. Сөйлемнің сөйлем ретінде танылуының басты шарты предикативтілік те осы бастауыш пен баяндауыш мүшелер арқылы жасалады және предикативтіліктің көрсеткіштері болып

табылатын интонация, модальділік пен жақ және шақтық (предикативтілік) осы тұрлаулы мүшелер арқылы анықталады.

Сонымен қатар, сөйлемді құрамы мен құрылымы, магынасы жағынан айқындауға негіз болады. Мәселен, сөйлемдердің бір неғізді немесе екі негізді, толымды немесе толымсыз, жалаң немесе жайылма дег ажыратылуында осы тұрлаулы мүшелердің қатысы неғізге алынады.

Тілдік зерттеулерде бастауыш пен баяндауышқа қатысты *субъект* және *предикат* деген терминдер де қолданылады. Бұл терминдердің алғашқысы лингвистикаға тиесілі болса, кейінгілері логика саласына қатысты. Алайда бастауыш пен субъект, баяндауыш пен предикат үнемі тен түсіп, сәйкес келе бермейді. Мысалы: *Мен кітапханада боламын* деген сөйлемде бастауыш (мен) пен субъект, баяндауыш (боламын) пен предикат сәйкес келеді. Ал мына бір сөйлемде: *Бізге кітапханада болу керек* деген сөйлемде логикалық бастауыш – субъект сөйлемнің толықтауыш мүшесіне сәйкес келген.

Бастауыш семантикалық жағынан сөйлемде айтылған ойға неғіз болып, баяндауыш арқылы берілетін әрекеттің немесе басқа да сапаның иесін білдіреді. Грамматикалық жағынан атау септігі тұлғасында тәуелденіп те, тәуелденбей де жеке және көпше тұрады. Сәйкесінше *кім?* *кімдер?* *не?* *нелер?* *кімі?* *несі?* деген сұрақтарға жауап береді.

Бастауышқа тән белгілер:

- сөйлемнің бас мүшесі болып табылады;
- сөйлемде басқа мүшелерге тәуелсіз болып келеді;
- грамматикалық тұлғасы жағынан атау септігінде тұрады;
- семантикалық жағынан айтылған ойдың, қимылдың субъектісі;
- сөйлемдегі «темалық» жүкті арқалап тұрады.

Бастауыш қызметінде ең көп жұмсалатын сөз таптараты зат есімдер, одан кейін есімдік сөздер. Сонымен қатар, бұлардан басқа сөз таптарының барлығы да бастауыш қызметін атқара алады: сын есім, сан есім, етістік, үстей. Мәселен, бастауыш зат есім: *Тұтін арасында ерсілі-қарсылы жосылтып Омар жүр* (*F.Мұсірепов*); есімдік: *Ол көзілдірігін мұқият сүртіп шықты* (*Д.Исабеков*); Ел

алдында астындағы аты кішілеу, қолындағы шайы аспандап желбіреген ақ жейделі біреу кетіп бара жатты («Жас Алаш»); сан есім: Алтау ала болса, ауыздагы кетеді, тортеву түгел болса, төбедегі келеді (Мәттел); Жырма бес беске бөлінеді; қимыл есімі: Үйлену – оңай, үй болу – қыын (Мәттел); есімше (заттанған): Жаңагы қарайғандар тезек теріп келе жастқан мәңгүрт қазақтар болып шықты (Ә.Кекілбаев); Көрмес – түйені де көрмес (Мәттел); үстене: Ертең - демалыс.

Бастауыш құрылымдық жағынан былайша сараланады:



Сызба 10. Бастауыштың құрылымдық түрлері

Дара бастауыш деп, аты көрсетіп тұргандай, бір гана сөзден болған бастауышты атайдыз. Мысалы: *Айша осыны қатты уайымдайды еken* (Ш.Мұртаза). *Жақсы – ісімен жақсы* (Мәттел).

Бастауыштың күрделі түрі кемінде екі сөздің тіркесінен тұрады және олар жеке дара емес, тобымен баяндауышпен предикаттық қатынасқа түсіп байланысады. Күрделі баяндауыштар күрделі зат есім, күрделі сын есім, күрделі сан есім және негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесінен, тұрақты сөз тіркестерінен жасалады. Мысалы: *Салтанат сарайының алдында ұлттық күй киген қызы-жігіттер тұрды* (Газеттен); *Есіктен салқын ауамен бірге үстіне қалың тон киген жуан қара кіріп келді* (Т.Ахтанов); *Ауылдың маңы – терең сай* (Абай).

Үйірлі бастауыш: *Білегі жуан бірді жығады. Білімі жуан мыңды жығады* (Мәттел); *Жер ортасына келген жасамыс Тәттімбеттің көрген қызығы, кешкен бақыты Саржайлуда жастыр* (Т.Әлімқұлов).

Бастауыштың ой иесі болып табылатындығын екі жақты қарастыруға болады: тілдік және логикалық жағынан. Осыған сәйкес бастауыштың екі түрі бар:



Сызба 11. Бастауыштың тілдік және логикалық аспекттеге қарай жіктелуі

Бастауыш сөйлемдегі ойдың иесі ретінде анықталады және бұл тілде грамматикалық жағынан әртүрлі көрініс табады. Субъект тілде көрініс тапқанда атая септік тұлғасында тұрса, ол грамматикалық бастауыш болып табылады. Мұндай жағдайда ой иесі – субъект логикалық тұрғыдан да, тілдік тұрғыдан да өзара бір-біріне сәйкес келеді. Мысалы: *Багила өзіндегі кілттен есікті ашип кірді* (*Д.Исабеков*). Сонымен қатар, логикалық тұрғыдан алғанда ой иесі, яғни субъект грамматикалық жағынан атая септікте емес, басқа септік тұлғасында да келе береді. Мысалы: *Оның ары қарай оқығысы келмедин* (*Д.Исабеков*). Осы сөйлемде атая септік тұлғасында келген грамматикалық бастауыш жоқ, алайда *оқығысы келмеген кім?* екендігін анықтауға болады, сөйлемде логикалық бастауыш бар. Логикалық бастауыш сөйлемде ілік септік тұлғасында келген. Грамматикалық бастауыш баяндауыш мүшемен қызыса байланысады, логикалық бастауыш баяндауыш мүшемен қызыса байланыспайды. Тағы бір мысал: *Мениң қартаігым келмейді* (*Д.Исабеков*).

Баяндауыш – іс-қимылды білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше. Сөйлемге тән предикативтілік баяндауыш мүше арқылы көрінеді. Баяндауыш мүшениң семантикалық белгісі – қимылды, күрделі процестерді білдіру, ал грамматикалық белгісі – негізінен жіктік жалғауы тұлғасында келу. Сонымен қатар, баяндауыш нөлдік тұлғада да тұра береді (бұйрық рай, жіктік жалғауының үшінші жағы). Жіктік жалғауы баяндауыш болатын сөзге жалғанатындықтан, басқаша бұл қосымшаны баяндауыштық қосымша, баяндауыш логикалық предикатпен сәйкестенетіндіктен предикаттық қосымша деп те аталаپ жүр. Баяндауыш мүше қызметінде келген сөздің грамматика-

лық тұлғасы, жіктік жалғауы арқылы сөйлемде айтылмай тұрған бастауышты тауып алуға болады: (*Ол*) Тамаша күлдіргіш еді, байсалды кейітпен тұрып-ақ жүртты қалай күлдірудің есебін табады (*Ш.Хұсайынов*).

Баяндауыш жасайтын тағы бір грамматикалық тұлға *-нікі*, *-дікі*, *-тікі* жүрнақтары. Мысалы: *Заман – жастардікі*.

Баяндауыш қызметін атқаруға бейім сөз табы – етістік, дегенмен барлық сөз таптары дерлік баяндауыш қызметінде келе береді. Есім сөздер баяндауыш қызметінде жұмысалғанда сөздердің орны тәртібі үлкен рөл атқарады. Мысалы: *Айжан – студент; Арман – кішкентай*.

Баяндауыштың жасалу жолдарына келсек, олар зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстене, *бар*, жоқ модаль сөздері және көмекші етістіктермен түйдектеліп келген еліктеуіш сөздерден, тұрақты тіркестерден жасалады. Мысалы, етістік: *Аңқау Ұзақ бұл сұраққа шын қысылып қалды* (*К.Жұмаділов*); зат есім: *Жым-жырт жиынның ішінен алдымен сойлегені – майысқақ Қаратай* (*М.Әуезов*); оның көзінде тағылық қорқыныш (*З.Шашкин*); сын есім: *Түсі ойлы кісідей салқын* (*М.Әуезов*); сан есім: *Біз төртеуміз*; есімдік: *Мөшке бұлақ басында бүйігіп отырган төрт-бес қораш үй мынау* (*Т.Әлімқұлов*); модаль сөздер: *Көршілес Қара батыр, Әнет, Торғай, Топайдан да талай ауыл бар* (*М.Әуезов*); Әбіш өзінің қазіргі мінезі туралы ашилған жоқ (*М.Әуезов*); Әсіресе, ажымы мол улкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді (*М.Әуезов*); еліктеуіш сөз бер көмекші етістіктің тіркесі: *Асқар ызалы күлкімен мырс етті* (*С.Мұқанов*); тұрақты сөз тіркестері: Осы дағаның үстінен қаралып қараган қаңқалы Қаратая қанша ұзасаң да көз жаздырмайды (*Т.Әлімқұлов*); *Бірен-саран арбаларына шелек тиеген сауыншылар козге туследі* (*К.Оразалин*).

Баяндауыш қызметінде келген сөздің қай сөз табына қатысты болып келуіне қарай қойылатын сұрақтар да сол сөздің семантикасымен үйлес қойылады. Мысалы: *Таудың ауасы – тап-таза (қандай?)*; *Мениң інім – дәрігер (кім?)*; *Біз қазір демалыстамыз (қайдамыз?)*; *Қонақтар екінші қабатқа орналасты (қайтті?)*. Күн әли бата қоймаса да, мұнда қара көлеңке, әрі ауа қоңыр салқын екен (*Д.Исабеков*), баяндауыштың сұрағы – қандай?.

Баяндауышқа тән грамматикалық белгілер:

- сөйлемнің негізгі ұйытқы мүшесі;
- баяндауыш қызметіндегі сөз жіктік тұлғада келеді;
- сөйлемдегі орны – сөйлемнің соңы;
- логикалық предикат пен грамматикалық баяндауыш сәйкес келеді;

- сөйлемде көбінесе «рема» жүргін арқалап тұрады.

Баяндауыш мүшениң қай сөз табынан болуына қарай олар есімді баяндауыш және етістік баяндауыш деп жіктелсе, құрылымына қарай төмендегідей үшке бөлінеді:



Сызба 12. Баяндауыштың құрылымдық түрлері

Дара баяндауыш бір сөзден, күрделі баяндауыштар екі немесе одан артық сөздерден, атап айтқанда етістіктің аналитикалық формаларынан, күрделі етістіктерден, күрделі есім (зат есім, сан есім, сын есім) сөздерден, күрделі ұsteулер мен еліктеуіш сөздерден жасалса, қүранды баяндауыштар есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы жасалады. Мысалы: *Таң атқанша көзі бадырайып оюу жасаты* (Ә.Кекілбаев); *Бұл озі – оте жаукешті халық* (К. Исабаев); *Улken қызы – мектепте мұғалім*; *Тақтай тас сарт-сүрт сыннып жасатыр* (Ә.Кекілбаев); *Қазіргі Шөнишік адам баласын көзге ілмейді* (К.Жұмаділов); *Дайыр – Оразбайдың аталаас, ауылдаас жақыны* (М.Әуезов); *Қазаныш мәтүшкес ас үйде тамақ істеп жасатыр екен* (Ж.Аймаутов); *Ақерке осы мекемеде қызмет етеді;* *Қонагуар, жылды жұз, жақсы мінез үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін жайлы үя сияқты екен* (М.Әуезов); *Надя мен Тайман күнодан шыққан бетте әлгі үшеуінен оп-опай сөз жазып қалды* (З.Қабдоллов).

Бақылау сұрақтары:

1. Сөйлем мүшелеріне тән белгілерді атаңыз.
2. Бастауыштың грамматикалық белгілеріне тоқталыңыз.
3. Логикалық бастауыш пен грамматикалық бастауыштың арақатынасы.
4. Субъекті мен грамматикалық бастауыштың сәйкестігі деген не?
5. Логикалық бастауыштың тілдік көріністеріне мысал келтіріңіз.
6. Баяндауышқа тән грамматикалық белгілерді атаңыз.
7. Бастауыштың түрлері мен жасалу жолдары.
8. Баяндауыштың түрлері мен жасау жолдары.

Семинар тақырыптары:

1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бастауыш: анықтамасы, грамматикалық белгілері, жасалу жолдары, түрлері.
2. Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі баяндауыш: анықтамасы, грамматикалық белгілері, жасалу жолдары, түрлері.

Әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қаирғі қазақ тілі: синтаксис. – А.: Қазақ университеті, 2012 ж. – 186 б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік Тілді дамыту институты, 2016. - 464 б.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -А.: Абзал-Ай, 2013. -640 б.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Сөз таптарының бастауыш қызметін атқарудагы ерекшеліктері.
2. Сөз таптарының баяндауыш қызметін атқарудагы ерекшеліктері.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.

2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.

3. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.

4.2 Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш. Анықтауыш. Пысықтауыш

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің маңайына топтасып, солар арқылы берілетін ойды толықтырып, нақтылап, айқындаپ тұратын мүшелер тұрлаусыз сөйлем мүшелері деп аталады. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне анықтама берудеғының еңбектерде екі түрлі аспект негізге алынып жүр: бірі – семантикалық аспект, екіншісі – синтаксистік аспект. Семантикалық аспект тұрғысынан алғанда сөз таптары белгілі бір сөйлем мүшелері қызметін атқаруға бейім келеді. Сондықтан да сөздерді сөз таптарына таптастыруда ұстанатын белгі сөздердің сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметі. Зат есімдер семантикалық ерекшеліктеріне қарай негізінен бастауыш және толықтауыш қызметті атқаруға бейім келеді. Бұдан зат есімдер басқа сөйлем мүшесінің қызметін атқара алмайды деген сөз туындауы тиіс. Зат есімдер баяндауыш, анықтауыш қызметін де атқара алады. Сын есімдер, сан есімдер семантикалық ерекшеліктеріне байланысты негізінен анықтауыш болса, үстен пысықтауыш қызметін атқарады.

Синтаксистік түрғыдан сөздердің сөйлем мүшесі ретінде қызметтін анықтауда олардың басқа сөздермен өзара синтаксистік қатынас құрудагы ерекшеліктері негізге алынады. Мәселен, қабыса байланысқан сөз тіркестері анықтауыш және пысықтауыш, матаса байланысқан сөз тіркестері анықтауыш, менгеріле байланысқан сөз тіркестері толықтауыштық қатынасқа негізделеді де сәйкесінше қандай қатынаста тұрса, сондай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Сөздердің белгілі бір морфологиялық тұлғалары олардың қандай синтаксистік қызмет атқаратындығының көрсеткіші бола алады. Мысалы, ілік септік тұлғасы анықтауыштың, табыс септік жалғауы тұра толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші болып табылады.

Толықтауыш сөйлемнің негізін құрауға қатыспағанымен, сөйлемнің бас мүшелерін мағыналық жағынан нақтылау арқылы толықтырып, сөйлем іргесін көңейтеді. Толықтауыш дегеніміз – атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде келіп, іс-әрекеттің нысаны болатын тұрлаусыз сөйлем мүшесі. Толықтауыш мүшеге тән грамматикалық белгілер мыналар:

- сөйлемнің негізін құрауға қатыспайды;
- атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрады;
- басқа сөздермен меңгеріле байланысады;
- толықтыратын сөзімен обьектілік қатынаста тұрады;
- сөйлемнің «тема» және «рема» бөліктерінде орналаса береді.

Толықтауыш мағыналық және тұлғалық жағынан ерекшеленетін тұра **толықтауыш** және **жанама толықтауыш** деп аталады.

Тұра толықтауыштың тұлғалық көрсеткіші табыс септік болса, мағыналық жағынан қымылдың тұра нысаны болып табылатын табыс септік жалғаулы сөз сабакты етістіктермен тіркеседі. Мысалы: *Ол кітапты сарт еткізіп жаба салды; Мен осыдан уш сагат бұрын сениң портретіңді салатын суретшіні көрдім* (Д.Исабеков). Тұра толықтауыш қызметіндегі табыс жалғаулы сөз нөлдік тұлғада да келе береді. Табыс септік жалғауының сақталуы немесе түсіріліп айтылуындағы ерекшеліктер төмендегі жағдайлармен байланысты болып келеді:

1) тұра толықтауыш өзі тіркесетін сөзбен қатар келгенде нөлдік тұлғада тұрады: *Әйттеуір бір қуанышты құнді ойлат тауып оған ет, май, қант апарамын* (Д.Исабеков);

2) алшақ тұрып тіркескенде табыс септік жалғауын сактайды: *Жігіт кешірім отініп, есікті бұрынғы қалпынша жартылай жауып кетті* (Д.Исабеков);

2) тәуелдік жалғаулы болса: *Проводник кеп Қаратайдың төсегін жақалады; ... машина қызын мектепке апару үшін есік алдында күтіп тұрап еді; Жасын Багланың тонын кигізді* (Д.Исабеков).

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларында тұрып, баяндауыш арқылы айтылатын іс-әрекеттің немесе сапаның жанама нысаны қызметін атқаратын сөздер **жанама толықтауыштар** деп аталады. Мысалы: *Жасын жеңіл көтеріліп ас үйге қараі жү-*

гірді. Сәлден соң кофе қайнатқышты барлық керек-жарагымен подносқа салып әкелді (Д.Исабеков).

Сөздерді сөйлемдегі қызметіне қарай тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне талдау барысында қындық тудыратын жайттың бірі – толықтауыш мүше мен пысықтауыш мүшениң аракатынасы. М.Балақаев былай деп жазады: «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тұлғасына қарап айырудың гылыми негізі әлсіз, дұрысында сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі жайлыш мәселені сөз тіркесі жайлыш іліммен тығыз байланыста қарастырган дұрыс. Сонда өзара тіркескен сөздер тоғының қандай қарым-қатынасты білдіруіне қарап, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс танитын боламыз» [3, 153]. Яғни болатын барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздер жанама толықтауыш ғана емес, пысықтауыш қызметін де атқаратын жағдайлар болады. Мұндайда М.Балақаев көрсеткендей, тұлғалық емес, магыналық фактор шешуші қызмет атқаруы керек. Жанама толықтауыштар түрлі септіктер арқылы жасалатындықтан, сәйкесінше олардың магыналары да әртүрлі болады.

Барыс септік тұлғалы жанама толықтауыштар әрекеттің багытын, кімге арналғанын, мөлшер-шамасын, сапаға қатысты нысанды білдіреді: *Екі қолын кемпірге қарай созды; Жасынга сұраулы пішінмен қарады; Бұдан кейін көп біле беруге тырыспа; Қыз көшеде қыдырып жүрген адамдарға, мұз сұңгілердей тұп-тұзу аспанга атылып жатқан фонтандарға тесіле қарап тұр екен; Штангадан жуз жиырма. Арқама салса екі жүзге дейін көтере алам, - деді ол күліп; Семьяның тұңғышы болған соң мектеп бітіргеннен кейін әкесі бірнеше күнге уақыт тауып, Алматыға өзі алып шықты; Әкесі «Жоқ уайымдамай-ақ қой», - дегендей қызына күле қарап, басын шайқады (Д.Исабеков).*


Жатыс септік тұлғалы жанама толықтауыштар кімде? неде? деген сұраққа жауап беріп, нысанның немесе сапаның кімге тән екендігін білдіреді: *Аружанда мениң телефон нөмірім бар. Шығыс септік тұлғалы жанама толықтауыштар кімнен? неден? деген сұраққа жауап беріп, заттың неден жасалғанын, қимылдың себебін білдіреді: Қызыл кірпіштен салынған үй; Әрілік шөптерден жасалған өмдік сусын; Жігіт селт еткен жоқ. Айтқан сөзінің оған зәредей әсер етпеуінен вокзал бастығының өзі шошынайын деді*

(Д.Исабеков). Көмектес септік тұлғалы жанама толықтауыштар кіммен? немен? деген сұраққа жауап беріп, құралдың мағынаны, бірлескен әрекетті білдіреді: *Оның Жасынмен бұл кездесуі маҳаббат жолындағы алғашқы «ресми кездесуі» болғандықтан ба, кеудесіндегі жұдырықтай жүргегі қамысты қолдің желді күнгі қогасында кешеден бері бір сатке де тыным таппады; Балаларымен де сирек сойлеседі* (Д.Исабеков). Әркім өз шаруасымен айналысын отыр.

Анықтауыш – сөйлемде зат есімнен немесе зат есім орнына жұмсалған басқа сөз табынан болған мүшелерді әр қырынан сипаттап, анықтап тұратын тұрлаусыз сөйлем мүшесі. Анықтауыш мынандай белгілер арқылы сипатталады:

- сөйлемнің негізін құрамайды;
- анықтайтын сөзінің алдында тұрады;
- анықтайтын сөз бен анықтауыш қызметін атқаратын сөз өзара матаса және қабыса байланысады;
- анықтауыш қызметіндегі сөз ілік септігінде, анықтайтын сөздің алдында еш қосымшасыз қатар келетін қатаң орын тәртібі арқылы байланысады.

Анықтауыш мағынасына қарай екіге сараланады:



Сызба 13. Анықтауыштың жіктелуі

Сапалық анықтауыштар анықтайтын сөздерімен қатар тұру арқылы қабыса байланысады. Сапалық анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптары: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістіктің есімше тұлғасы. Мысалы, сын есімнен: *Жұрт жазғы ул-кен үйлерді қоймаларга тастап, енді кішілеу-кішілеу қоңырқай үйлер котеріскең* (М.Әуезов); сан есімнен: *Өзі күткендей жесі бұған үрысқан жоқ, бесінші сыныптағы баласына зекіді* (Д.Исабеков);

есімдіктен: *Үйдегі осындаи шудан соң Багила класты аяғынан тік тұрғызды* (Д.Исабеков); есімше: *Сатырылысқан адамдардың арасынан оған кездесе кетүді тілегенін мойындаады* (Д.Исабеков).

Меншіктік анықтауыш ілік жалғауы арқылы жасалады және өзі қатысты сөзбен матаса айланысады. Мысалы: *Сәргел ректордың кабинетінен көнілді шықты* (Д.Исабеков).

Анықтауыштар құрылымына қарай үшке бөлінеді:



Сызба 14. Анықтауыштың құрылымдық түрлері

Дара анықтауыштар бір ғана сөзден тұрса, күрделі анықтауыштар кемінде екі сөзден тұрып, сол тобымен өзі қатысты зат есімді анықтайды. Ал үйірлі анықтауыштар кемінде екі сөздің «предикаттың қатынас» құрып, сол тобымен басқа зат есімді анықтайтын анықтауыштың түрі. Мысалы: *Оның бұл жаңа әдісі көп ұзамай өз жемісін берді; Төбеден шақырайған жарық терезенің ашиқ сары пердесіне шағылышып, сүт бетіне біркелкі тараган кепірез тамишындаи Багиланың мінсіз ақ жузіне жарасымды сарғыш реңк қосып тұр* (Д.Исабеков); *Білім жоқ үл – исі жоқ ғұл* (Мәтеп).

Пысықтауыш – етістік сөз табынан болған баяндауыштың сапасын, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын көрсететін тұрлаусыз сөйлем мүшесі. Пысықтауышқа тән белгілер:


- сөйлем негізін құрауга қатыспайды;
- үстен, еліктеуіш сөздер, етістіктің көсемше тұлғасы, жанама септікте тұрган зат есімдерден, сирек те болса сын есімдерден жасалады;
- пысықтауыш мүше қызметіндегі сөз өзі қатысты сөзбен қабыса, жанаса және менгеріле байланысады;
- пысықтауыш мүше пысықтайтын сөздің алдында келеді, сөйлемде кез келген позицияда тұрады. Ең жиі кездесетін орны – баяндауыштың алдында тұру. Пысықтауыш мүше өзі пысықтайтын

сөзбен тығыз грамматикалық байланыста болмайтындықтан оның сойлемдегі орны біршама еркін болып келеді, баяндауыш мүшемен тығыз мағыналық байланыста болады.

Пысықтауыш мүше қызметінде жұмсалатын сөз таптары, жанама септікте келген зат есімдер: *Екі аптадан кейін конференцияда баяндама жасауы керек; Тәшикендеге шықсаң болды, алдыңынан жаюолы дастарқан пайды бола кететінін, бір сомга жетер-жетпес ақшага меймілденіп тоятыныңды ерекше ықыласпен айтты* (Д.Исабеков); сын есім: *Осылай екеудің бірнеше минут үнсіз тұрды; Оның үстінен Багиланың өз қабілеттің де мугалімдері жасасы айтып жүргіді* (Д.Исабеков); көсемше тұлғалы етістік: *Бұлар үйге даудырлай кіріп келгенде, ас қамымен жеріп алі халатын да шешіп үлгермеген, жасы отызға жетер-жетпес қара торы әдемі келінішек есік алдында уяла күлімсіреп салем берді* (Д.Исабеков).

Пысықтауыш мүше қызметінде жұмсалу үстеулерге тән синтаксистік белгі болып табылады және бұл сөз табы пысықтауыштың барлық мағыналық түрлерін жасайды.

Пысықтауыш құрамына қарай үшке бөлінеді:



Сызба 15. Пысықтауыштың құрылымдық түрлері

Дара пысықтауыштар бір ғана сөзден тұрса, күрделі пысықтауыштар кемінде екі сөзден тұрып, сол тобымен өзі қатысты баяндауыш мүшени пысықтайды. Ал үйірлі пысықтауыштар кемінде екі сөздің «предикаттық қатынас» құрып, сол тобымен баяндауыш мүшеге қатысты айтылады. Мысалы: *Демесін жүрттый қақ жасып кеп Ардақты қолтығынан сүйемелден тұрғызылды; Ол алаңында жатқан нәп-нәзік, жұп-жұмсақ әлжесуз саусақтарын үнсіз сипалап отырып қалды* (Д.Исабеков); *Білімі жоқ ұл – исі жоқ ғул* (Мәттел).

Пысықтауыштың мағыналық түрлері: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, мақсат пысықтауыш, мөлшер пысықтауыш, себеп пысықтауыш, қимыл-сын (амал) пысықтауыш. Пысықтауыш түрлерінің атауы көрсетіп тұрғандай, мезгіл пысықтауыш іс-әрекеттің мезгілін, мекен пысықтауыш орнын, мақсат пысықтауыш қимылдың мақсаты, себеп пысықтауыш іс-әрекеттің себебін, мөлшер және амал немесе қимыл-сын пысықтауыштары қимылдың орындалу тәсілдері мен шама-мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Ол ерте кетеді, кеш келеді. Бұларың сабагы ерте басталады. ... Өмірдің мейірбандығы мен жомарттығы күндіз-түні дамыл көрмейтін осы әкесінің арқасында екенін бірте-бірте ұза бастады; ... Жасы отызға тақап қалған, ұзын бойлы, ашаң қара торы жігіт бұлардың үстіне кіріп келді де, салқын амандасты (Д.Исабеков).*

Бақылау сұрақтары:

1. Тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне тән белгілерді атаңыз.
2. Толықтауыштың мағыналық белгісіне тоқталыңыз.
3. Толықтауыштың тұлғалық белгілерін атаңыз.
4. Тура толықтауыштың грамматикалық сипаты және нөлдік тұлғада келуі.
5. Анықтауыш мүшеге тән белгілерді атаңыз.
6. Анықтауыштың түрлеріне жеке-жеке сипаттама беріңіз.

Семинар тақырыштары:

1. Тура толықтауыштардың жасалу жолдары: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл.
2. Жанама толықтауыштардың білдіретін мағыналары.
3. Жанама толықтауыш пен пысықтауыш мүшениң ажырату жолдары.
4. Анықтауыштардың жасалу жолдары.
5. Пысықтауыштың мағыналық түрлері және жасалу жолдары.

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –Алматы: Мемлекеттік Тілді дамыту институты, 2016. - 464 б.

2. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –А., 1992.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Мәлшер пысықтауыш туралығының ой-пікірлер.
2. Пысықтауыштың (анықтауыш, толықтауыш) жасалу жолдары.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. –А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
3. Кепбаева Ж. Қазақ тіліндегі мәлшер үстендер. Фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайыдалған диссер. авторефераты. – Алматы, 2003.

4.3 Жай сөйлемнің күрделену жолдары

Сөйлем арқылы берілетін ақпарат мазмұны көлемі жағынан әртүрлі болып келеді және бұл сөйлем құрылымына әсер етеді. Сөйлем мүшелері синтаксисі сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінен басқа айқындауыш мүшелер, сөйлемнің бірыңгай мүшелері, сөйлемнің үйірлі мүшелерін де қарастырады және осы аталғандар, олардан басқа оқшау сөздер мен синтаксистік оралымдар жай сөйлемді құрылымы жағынан күрделендіреді. Күрделенген сөйлемдерді арнайы қарастырган Қ.Есенов қазақ тілінің күрделенген сөйлемдерінің коммуникативтік қызметі және құрылымы жағынан әртүрлі болып келетіндігін айтады. Мұндай сөйлемдердің бірқатарында сөйлем мүшелері қызметі жағынан біркелкі болып қайталанса, енді бір сөйлемдерде айтушының көзқарасы қоса білдіріледі. Синтаксиске қатысты еңбектерде күрделенген сөйлемдер қатарына айқындауышты, қыстырмалы, қыстырынды сөйлемдерді, есімшелі және көсемше оралымды сөйлемдерді, қаратпа сөзben келген сөйлемдерді жатқызады. Қ.Есенов

сабактас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңары мен күрделенген жай сөйлемдерді шатастырmas үшін «тәуелді конструкция» деген терминді ұсынады.

Ж.Жақыпов синтаксистік теория түрғысынан күрделенген сөйлемдерді жартылай предикатты сөйлемдер және олар мәннәтін факторына сүйеніп айқындалатындығын айтады. Сейтіп, күрделенген сөйлемдерді жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің арасындағы аралық құбылыс деп таниды. Оның пайымдауынша, егер күрделенген сөйлемдер құрмалас сөйлемдерге қарай ауысып бара жатқан тілдік құрылым болса, онда сөйлемге тән предикативтіліктің де жартылай шамасы, мәні болатындығын атап көрсетеді.

Ж.Жақыпов күрделенген сөйлемнің синтаксистік мағынасы қосымша предикативтілікте болатындығын, яғни толық предикативті сөйлем жартылай предикативтеген құрылым арқылы қосымша предикативтілікті қосып алып күрделенетіндігін айтады. Сейтіп, Ж.Жақыпов күрделенген сөйлемдерге мынандай анықтама береді: қосымша (жартылай) предикативтілігі бар күрделенген сөйлем деп тәуелді бөлігінің субъектісі сол сөйлемде болмағанмен, контекстен, жағдаяттан табылатын сөйлемді айтамыз [2, 150-151]. Осылайша, автор күрделенген жай сөйлемдер табиғатын түсіндіруде оған коммуникативтік қырынан келген.

Дәстүрлі грамматикада жай сөйлемдердің күрделену жолының бірі ретінде айқындауыштар аталады.

Айқындауыштар анықтауыштардың ерекше түрі ретінде қаралады. Айқындауыштардың қызметі анықтай тусу, нақтылау немесе түсіндіру болғандықтан анықтауыш мүшемен ұксас болып келеді. Айқындауыш мүшениң сөйлемдегі қызмет айтылатын ойдың кейір тұстарын нақтылай көрсетуде ерекше рөл атқарады. Олар өзі қатысты сөздің артынан келіп, бүтін сөйлемнің немесе сөйлемдегі бір мүшениң мағынасын дәлелдей, нақтыладап, айқындауыштарды. Б.Шалабай анықтауыш мүшелер синтаксистік қызмет атқарса, айқындауыш мүшелер синтаксистік ғана емес, стилистикалық да қызмет атқаратындығын айтады.

Айқындауыш мүшелер өзі анықтайтын сөзбен грамматикалық жағынан ығызып байланыста болады және ол сөздермен қосақтасып, қосарланып келеді. Сондай-ақ, сөйлемдегі анықтайтын мұ-

шениң мазмұнын ашу үшін оның алдында, не сөйлемнің ортасында, анықтайтын сөзден кейін келіп, сәйкесінше анықтайтын сөздің алдында келгенде өзінен кейін, ортасында тұрганда екі жағынан үтір қойылып, оңашаланған түрде келеді.

Айқындауыш мүшениң анықтауыштан ерекшеліктерін Б.Шалабай былайша саралап көрсетеді: біріншіден, жасалатын сөз таптары бөлек, осымен байланысты мағыналық ерекшелік келіп шыгады. Айқындауыштар затты сын-сапасы жағынан емес, өзара ұқастығы мен қатыстылығы, белгілік-белгісіздік тұрғысынан сипаттау ынғайында анықтайды.

Айқындауыш мүше құрылымындағы сөздер тұтасымен біргана сұраққа жауап береді, ал анықтауыштар өз алдына бір сұраққа, ал оған қатысты анықталатын сөз өз алдына дербес сұраққа жауап береді. Сонымен қатар, анықтауыштар анықтайтын сөзімен бағыныңқы-басыңқылық сипатта сабактаса байланысса, айқындауыштарда мұндай ерекшелік жоқ. Олар өзара тен дәрежеде болады.

Қазақ тіліндегі айқындауыштың түрлері:



Сызба 16. Айқындауыштың түрлері

Қосарлы айқындауыштар екі сөздің, атап айтқанда екі есім сөздің қосарланып айтылуынан жасалады. Қосарлы айқындауыштардың ерекшелігі ретінде тіркесе, қосарлана келген сөздердің өзара мағыналық жағынан мәндес болып келетіндігін айтуга болады. Екі жалпы есімнің бірі – заттың ұфымы ретінде, екіншісі – оны толықтыруши сапа ретінде балама қатынасқа құрылады да, ерекшелеп, айқындауыштардың көрсетеді. Мысалы: *әйел-ана*, *ұшқыш-космонавт*.

Қосалқы айқындауыштар құрылымдық жағынан екі зат есімнің тіркесінен тұрады. Мұндай айқындауыштың түрлері көп жағдайда жалқы есім мен оның сапасын көрсету үшін жұмсалатын зат есімдердің тіркесінен тұрады. Мысалы: *Жарас ағай, Айса ақсақал, Ермек инженер*.

Оңашаланған айқындауыштар нақтылау, айқындау қызметін сипаттау арқылы білдіреді. Мақсаты – сөйлемдегі бір мүшеге қа-тысты ойды ерекше даралап көрсету, оған тындаушы немесе оқырман назарын аударту, ұғымды күшейту. Айқындалатын мүшениң қай сөз табынан болуына орай оңашаланған айқындауыштар мағыналық жағынан онымен үндес болып келеді. Кейде оңашаланған айқындауыш алдыңғы сөздің ерекше белгісін қайталау арқылы оған назар аударту мақсатында ерекше ой екпінімен айтылады. Мысалы: *Момын, қанша ашуланса да қатты созі жоқ, балалары мен күйеуіпің қас-қабагына қарап, солардың денсаулығы мен жақсы тұрмысына өмірін бағыштаған, дүниеде жамандық бар деп ойламайтын дарқан адам* (Д.Исабеков).

Сөйлемде оңашаланған айқындауыштар үтір, сызықша және жақша арқылы ажыратылып тұрады. Мысал: *Алғашқы кезде – онда бұл онда не екінші, не ушинші класта болатын – әкесі бас агроном болып жүрген сохозда екі жыл құргақшылық бол, жоспар орындалмagan соң оны қызметтен алып тастаған* (Д.Исабеков).

Сыртқы тұрпаты жағынан оңашаланған айқындауыштар қыстырма сөздерге, сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне, ал қосарлы айқындауыштар қос сөздерге ұқсас болып келеді. Бұлардың айырмашылығы мағынада болып табылады. Мәселен, қыстырма сөздердің сөйлемдегі қызметі ойға қақысты сөйлеушінің көзқарасын білдіру болса, айқындауыштар ойды нақтылау, дәлелдей түсу қызметінде жұмсалады. Ал сөйлемнің бірыңғай мүшелері жеке дербес лексикалық бірліктер болғандықтан жеке ұғымдарды білдіреді, ал айқындауыштар бір ұғымды нақтылау қызметін атқарып, тобымен бір мағыналық тұтастықта болады. Қосарлы айқындауыш синтаксистің нысаны болса, қос сөздер лексика жүйесінің бірлігі болып табылады.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде жиі кездесетін құбылыс саналады. Зерттеушілер арасын-

да сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің қалыптасып, пайда болуына қатысты екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі – бұл құбылысты сөйлем құрылымының жайдан күрделігे қарай өтуімен байланыстырыла қарастырылса, екіншісі, керісінше, күрделі синтаксистік құбылыстарды ықшамдау нәтижесімен байланыстыру. Мәселен, Р.Әмір бірыңғай сөйлем мүшелеріне берген анықтамасында бұл құбылысты күрделі ойды ықшамдау амалынан туындаған деп түсіндіреді. Ал М.Балақаев керісінше, бірыңғай мүшелер арқылы сөйлем іргесінің қеңітіндігін айтады.

Сөйлемнің бір мүшесіне ғана байланысты болып, бірдей сұраққа жауап беретін және бірдей қызмет атқаратын, өзара салаласа байланысқан мүшелер сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп атлады. Мысалы: ... *бәрінің де өз ойы, өз мақсаты, өз дәрежесінде ақылы мен құлықтары бар* (Д.Исабеков). Мен үш жылга созылған ойларым мен шартарапқа шартыған қиялдарымды, ұмытылmas сәттерім мен азатқа түскен шақтарымды қия алмай тұрмын (Д.Исабеков).

Бірыңғай сөйлем мүшелеріне тән грамматикалық белгілерге мыналар жатады:

- 1) бірыңғай сөйлем мүшелері бірдей синтаксистік қызметте жүмсалады;
- 2) бәріне бірдей белгілі бір сұрақ қойылады;
- 3) сөйлемнің бірыңғай мүшелері бір сөз табынан болады. Мысалы: *Өзін қашан да сылат-сипат жүрт алдында ізетті, алғыр, сытайы, ақылды бол көрінуге тырысады* (Д.Исабеков);
- 4) тұлғалас болып келеді: *Жалған наымыс – адам өз алсіздігін, өз дәрменсіздігін сезінгенде ғана бас көтерерін, оның білімсіздікпен егіз екенін Багила білген жоқ* (Д.Исабеков);
- 5) бірыңғай сөйлем мүшелері өзара салаласа байланысады, ал өздері қатысты сөзben сабактаса байланысады; бірыңғай мүшелер өзара жазуда үтірмен ажыратылады.

Бірыңғай мүшелер арасындағы салаластық байланыс екі тәсілмен жүзеге асады. Олар: өзара интонация және жалғаулық шылаулар арқылы байланысу. Бірыңғай сөйлем мүшлерін байланыстыруға қатысатын жалғаулықтар мыналар: ыңғайластық жалғаулық, кезектес және қарсылықты жалғаулықтар. Мысалы: *Бұл сөздер оның*

ұстамды бет-пішінінен, салқын да сабырлы даусымен, сенімді де ның қымылдарымен етene қабысады (Д.Исабеков); Ұзын шашы мен қауғадай сақалына және музыка жайлы айтқан әңгімелеріне қарап болса болар деп сенген (Д.Исабеков). Сөйлем ішінде бірыңгай мүшелерді жинақтап тұратын сөз жалтылауышы сөз деп аталады.

Сөйлемнің үйірлі мүшелері. Өз ішінде «бастауыш-баяндауыштық қатынаска құрылған», алайда сөйлем деңгейіне жетпеген сөйлем мүшелері үйірлі мүшелер деп аталады. Мысалы: *Білегі жуан бірді жығады* (Мәтел); *Нагашылары келді деп қой сойдырып жатыр*. Басқаша айттар болсақ, үйірлі мүшелерді құрмалас сөйлемдермен шатастырмау үшін, үйірлі мүшеге тән грамматикалық белгілерді білу керек. Үйірлі мүшелерге тән ерекшеліктерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- үйірлі мүше құрамындағы сөздер предикаттық қатынаска ажыратыла алатын бірліктерден тұрады;
- үйірлі мүшелер құрамындағы «баяндауыш» мүше есім сөздер, есімдік және етістіктің есімше тұлғасынан болады;
- сөйлемнің кез келген мүшесі үйірлі мүше бола алады. Үйірлі мүшелер мақал-мәтелдердің құрамында көп кездеседі. Мысалы: *Аузы күйген үрлеп ішеді; Ұстазы мықтының ұстамы мықты; Құлақ естігенді көз көреді; Балалы үй – базар*.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Қазақ тілінде синтаксистік құрылымдарда сөздердің белгілі бір орныңқан өзіндік орны бар. Сөздердің сөйлемдегі орналасу тәртібі басқа синтаксистік амалдармен бірге сөздердің сөз тіркестеріне және сөйлемдерге бірігуіне қызмет етеді. Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі де-геніміз – сөйлем мүшелерінің бір-бірімен белгілі бір синтаксистік қарым-қатынасқа түсіп құрылуы немесе сөздердің сөйлем ішінде белгілі бір тәртіппен орналасуы.

М.Балақаев сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі атқаратын қызметтерді билайша саралап көрсетеді:

- 1) сөздерді байланыстырудың бір тәсілі болып табылады (аналитикалық тәсілдің қатарында қаралады);
- 2) бастауыш пен баяндауышты ажырату қызметін атқарады;
- 3) анықтауыш пен баяндауышты ажыратады. Осы тұста, синтаксистегі сөздердің орын тәртібі атқаратын маңызды қызметтің

бірі ретінде сөйлемнің актуалды мүшеленуін жүзеге асыруы қызметін атауга болады. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің өзгеруі оның құрылымы мен мазмұнының өзгеріске түсіне тікелей ықпал етеді. Сөйлем мүшелерінің қалыптасқан орын тәртібі бар. Әдетте, тұрақты болып келеді. Дегенмен, сөйлем мүшелерінің бірқатарының орнын ауыстыруға болса, енді бір тобының орны ауыстыруға келмейді, тұрақты болып келеді. Мәселен, баяндауыш мүшенің орны – сөйлемнің соңғы позициясында тұру. Бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады, анықтауыш анықтайдын сөзінің алдында, ал сөйлемнің толықтауыш және пысықтауыш мүшелері өздері қақысты сөздердің алдында тұрады.

Сөйлемнің оқшау боліктегі және оларға тән ерекшеліктер. Сөздер белгілі бір заңдылықтарға бағына отырып, өзара байланысқа тұсу арқылы сөйлем құрамына енеді және белгілі бір ойды жеткізуге қызмет етеді. Сөйлемнің негізгі құрамымен, яғни басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, олардан ерекшеленіп айтылатын сөздер *оқшау сөздер* деп аталады. Осындағы *оқшау сөздер* терминіне тоқталар болсақ, бұл - шартты атау. Олай дейтін себебіміз, сөйлемнің негізгі құрамымен байланысқа түспей, оқшау тұратын тек сөздер ғана емес, сөз тіркестері мен сөйлем де болуы мүмкін. Әрине, оқшау сөздер сөйлем негізгі сөйлем құрамымен байланыска түспейді дегенді де шартты деп қарған дұрыс. Жазуда оқшау сөздер тыныс белгі, үтірмен ажыратылады. Оқшау сөздердің үш түрі бар: *қыстырма сөздер; қаратпа сөздер; одагай сөздер*.

Оқшау сөздер синтаксистік категория қатарына жатады. Өйткені оқшау сөздер мәнмәтін арқылы көрінеді. Сонымен қатар, оқшау сөздерді жеке алып қарғанда дербес сөйлемдер беретін эмоцияны, мәнді бере алады. Бірақ оларды негізгі ойды беретін сөйлеммен мағыналық жақтан теңестіруге болмайды. Оқшау сөздер негізгі сөйлемдегі ойды толықтыру, ондағы ойға айтушының көзқарасын білдіру, сөйлеушінің эмоциясын беру сияқты жанама қызметтерді атқарады.

Қыстырма сөздер – сөйлемдегі ойға айтушының қалай қарайтындығын білдіретін оқшау сөздер. Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспайды, сөйлем мүшесі қызметін атқар-

майды, жазуда сөйлемдегі орнына қарай үтірмен ажыратылады. Мысалы: *Мәлікеден естіген бұл хабар, шынында да, жасаң қызды қатты шошындыры* (Д.Исабеков); *Жасынның ерекше адам екенін білем, ол сенікі емес. Сондықтан, ауыр болса да айттайын, сенің оны ұмытқаның жөн* (Д.Исабеков).

Қыстырма сөздер мағынасына қарай бірнеше топқа ажыратылады:

- Сөйлеушінің айтылған ойға қатысты түрлі эмоциялық халін, көңіл-күйі мен сезімін білдіретін қыстырма сөздер: *бақыттымызға орай, бағына қарай, амал қанша, несін айтасың, оқінішке орай, амал нешік және т.б.*;

- Сөйлеушінің айтылған ойды құптауы мен құптаамайтындығын, оған күмәнін қоса білдіретін қыстырма сөздер: *арине, сәрі, тегі, рас, сөз жоқ, расында, шынында, мүмкін, ұмытпасам*;

- Айтылған хабардың кімнің тарапынан екендігін көрсетеді: *меніңше, оның айтудынша, сеніңше, елдің айтудынша, менің байқаудынша*;

- Тыңдаушының назарын өзіне аударту үшін айтылады: *айтпақшы, оның үстіне, ол ол ма, мінекі, қане*;

- Сөйлеушінің айттар ойының желісін көрсетуде қолданылады: *қысқасы, біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, сонымен, жоғарыда көрсетілгендей және т.б..*

Қаратпа сөздер адамның назарын аударту үшін қолданылса, **қыстырынды сөйлемдер** негізгі сөйлемде айтылатын оқиға желісіне қайшы мәнде немесе, керісінше оған ұстеме мән қосу қызметін атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жай сөйлемнің күрделену жолдарын атаңыз.
2. Айқындауыш мүше дегеніміз не?
3. Айқындауыштың анықтауыш мүшеден ерекшеліктерін атаңыз.
4. Айқындауыш мүшениң анықтауыш мүшемен ұқсастықтарына тоқталыңыз.
5. Айқындауыш мүшениң түрлеріне мысал келтіріңіз.
6. Бірынғай сөйлем мүшелеріне тән грамматикалық белгілер.

7. Сөйлемнің үйірлі мүшелеріне тән белгі қандай?
8. Оқшау сөздердің анықтамасы және оларға тән белгілер.

Семинар тақырыптары:

1. Күрделенген жай сөйлемдер мен күрылымы жай (күрделі емес) сөйлемдерді ажырату жолдары.
2. Күрделенген жай сөйлемдерге қатысты ғалымдардың пікірі.
3. Құрмалас сөйлем мен күрделенген жай сөйлемдердің арақа-тынасы.
4. Жартылай предикативтілікке қатысты пайымдаулар.

Әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксис. – Алматы, 2012. – 186 б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 100-103 бб.; 149-158 бб.

СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы) тақырыбы:

1. Синтаксистік оралымдар туралы түсінік: есімшелі ора-лымдар.
2. Синтаксистік оралымдар туралы түсінік: көсемшелі ора-лымдар.

СӨЖ тапсырмасын орындауға қажетті әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, син-таксис. –Астана, 2002. – 784 б.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.
3. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. –Алматы, 1974.

5 Практикалық тапсырмалар

5.1 Сөз тіркесі синтаксисі бойынша орындайтын тапсырмалар

Тапсырманың мақсаты: Сөз тіркестері туралы теориялық түсінікті практикалық тұрғыдан негіздеу арқылы дәріс материалдарын толыққанды игерту. Сөздердің сөйлем ішінде бір-бірімен байланысу тәсілдерін, өзара тіркестен туындайтын синтаксистік катынастың түрлерін, сөздердің тіркесу формаларын меңгерту көзделді. Сөз тіркесінің табиғатын толық әрі дұрыс тану, басқа өзіне үқсас тіл бірліктерінен ажырата алу да осыларға тікелей байланысты болып келеді.

Тапсырманың дәйектемесі: Сөздердің синтаксистік байланысу тәсілдері мен түрлері, сөз тіркесін құраушы сынарлар арасындағы синтаксистік қатынас және оның түрлері – сөз тіркесі синтаксисінің басты үғымдары және нысаны.

1-тапсырма. Сөйлемдегі сөздердің тіркесімін тиісті бағандарга бөліп жазыңыз. Үлгі:

Күрделі сөз, етістіктің аналитикалық формасы	Түйдекті тіркес	Тұракты тіркес	Сөз тіркесі (синтаксистік тіркес)
Жасап көру	түсіну үшін	сазға отырғызу	шынайы болмыс
...

Линкольннің хаты
(1855 жылы баласы оқытын мектептің директорына жазған хаты)

Баламның барлық адам бірдей әділетті емес, әр адам шынайы болмысқа ие болмайтынын білуге мәжбүр екенін түсінемін. Бірақ оған әр онбағанға қарсы тұратын батырдың, өзімшіл саясаткерді сазға отырғызар адал көшбасшы табылатынын айтып түсіндіріңіз. Егер дұшпан бар болса, онда дос та табылады деп үйретіңіз. Мұ-

ның барлығын санамен түсіну үшін көп уақыт қажет екенін түсінімін. Мандай терімен тапқан бір доллар жолдан тауып алған бес доллардан артық екенін түсініп ессін.

Сіз оған керек кезінде жеңіле білу мен өз жеңістеріне риясыз куануды үйретіңіз. Қолыңыздан келсе, оны жалған күлуден бойын аулақ ұстап, тек шынайы түрде жымиодың құпиясын көрсетіңіз. Мақтаншақтар мен бұзықтарды жеңу өте оңай екенін ертерек білуге баулыңыз. Оның кітаппен достасуына күш салыңыз. ... Арасында мәңгілік құпиялар туралы ойланатын бос уақыты болсын. Аспандагы құсты, омартағы араны бақыласын, атқан таң мен көк шалғынның кереметіне көз салсын.

Мектеп қабырғасында жүргенде алаяқтық жасағаннан гөрі жеңіліс тапқан әлдекайда мәртебелі болатынын үйретсөніз екен. Өзгелер бұрыстығын дәлелдеп тұрса да, өзінің «меніне» деген сенімінің нық болуына тәрбиеленіз. Жұмсақ адаммен жұмсақ, қатығез адаммен қатал болуга үйретіңіз. Менің ұлымға ілесіп жаңсақ басудан сақтайтын рухани қуат беріңіз. Кез келген адамды тыңдалап, әр сөздің мәні мен магынасын түсініп, електен өткізіп, тек дұрысы мен ақиқатын таңдауга дағылданырыңыз. Қайғырып отырып та қүле білуге болатынын көрсетіңіз...

Көз жасын көрсету ұят еместігін түсіндіріңіз. Арсыздардың қылышына қүле білсін, мақтанға бой үйретпесін. Өз ақылы мен күш-куатын ең жоғары бағага сатуда үйретіңіз. Бірақ ешқашан жүрек пен жаңын саудаға салмасын. Ысқырығы жер жаратын боскеуделерді тыңдамауга, өзінікін дұрыс деп білсе, орнынан тұрып күресуге бел шешіп кіріссін. Оған мейірімді болыңыз. Дегенмен, тым жұмсақтық таныта берменіз. Өйткені тек отқа салған құрышғана мықты болып шығады.

Ұлымға ымырасыздыққа баратын батылдық беріңіз. Қайратты болуға рұқсат етіңіз. Әрдайым өзіне деген сенімі нық болсын. Сондаға оның адамгершілікке деген сенімі зор болмақ. Менің айтқанымды орындау оңай емес. Қолыңыздан келгенін жасап көріңіз. Менің кішкентай ұлым сондай жақсы бала! («Ана тілі» газетінен, 27 қараша, 2014 ж.).

2-тапсырма. Сөйлемдегі сөз тіркестерін бағанга жазып, байланысу тәсілдеріне сәйкес тиісті белгіні қойыңыз. Үлгі:

Мысал:	Синтетикалық тәсіл	Аналитикалық тәсіл	Синтетика-аналитикалық тәсіл
Нар тастар		+	

1. Теңіз шетінде қырдан домалап түскен нар тастар жатады. Теңіз толқыса су ішінде, қайтса құрлықта қалады. Ол тастың екі Отаны бар, бірақ екеуі де оны мойындағайды (*О.Бекей*).

2. Халықты қалқан тұтатындар бар, халыққа қалқан болатындар бар. халықты қалқан тұтатындар, әдетте, «жасасын халық» деп ұранды салады да, өзі сол халықтың ығына тығыла қалады. Ал халыққа қалқан болатындар үнемі алда жүреді, еліне атылған оқقا қеудесін төсейді. Халықты қалқан тұтатындар халықтың мойнына мініп алып, уралайды, биіктө келеді. Ал халыққа қалқан болатындар халықтың аяғына үзенгі болып, ел-жүрттың еңесін биіктеткісі келеді (*О.Бекей*).

Құмымырскаларды байқап жүріп, олардың еңбекқорлығына, шыдамдылығына, қайтсе де алға қойған мақсатқа жетудегі талпындарына қызықтым. Бүркітке қарап байқағыштыққа, тез шешім қабылдай алушылыққа бейімдедлім. Барыстан ептілік пен шыдамдылықты көрдім. Бедене құсқа қарап сүйіспеншілікті, қасындағы адамдарға жана шырлық көрсетуді үйрендім. Нағыз даналық пен парасат әр кезде біздің қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүргегінің есігі оған ашық болуы керек (<https://massaget.kz>).

3-тапсырма. Берілген сөздерден әр түрлі байланысу тәсілдері арқылы сөз тіркестерін құрастырып, кестеге жазыңыз. Үлгі:

Мысал:	Синтетикалық тәсіл	Аналитикалық тәсіл	Синтетика-аналитикалық тәсіл
Университетке дейін бару	-	-	+

Университет, қабат, факультет, мамандық, технология, көрініс, табыс, тәртіпті, заманауи, үш қабатты, озық, өнерпаз, ақылы, жеңіл, ойнау, білім беру, сөйлеу, көрсету, оку, сыйлау, сипаттау, өткізу, жоспарлау, басқару.

4-тапсырма. Мәтіннен сөз байланыстарының тиісті түріне мысал тауып, бағанды толтырыңыз. Үлгі:

Сабактаса байланысқан сөз тіркестері	Салаласа байланысқан сөз тіркестері	Предикаттық қатынастағы сөз байланыстары

... Күн ашық еді. Ауылдағы бар әйел біздің үйге ағылып келіп жатты. Тегіс жиналған соң өзара шай үстінде ақылдасып, жасау жияр отауды ауыл шетіндегі көк шалғын аланда тігуге келісті. Үй тігілген соң әйелдер біртіндеп жасауларды апарып көгалға жағалай жая бастады. Алдымен әжемнен келе жатқан үлкен кілем жайылды. Кілемнің өрнектері күн көзіне мың құбылып айналала әр бергендей. Оның қасына кішірек кілем жайылды. Бұл шешемнен қалған кілем еді. Отаудың өзі арнайы тігілгендіктен бе, ішіндегі басқұр, уық, бауына дейін көз тартады. Алты қанат ақ отау ашық күнде ерекше әсем көрінеді екен.

Сәлден соң әйелдер үйге үлкен екі сандық алып кірді. Иші толған асыл бұйымдар мен қымбат күмдер екен. Төрдің бір бұрышына апарып сол көйлектерді шығарып ілді. Іргеге әшекейлі ағаш төсек құрылды. Оған мамық салынып, үстін майда жібекпен көмкерді. Енді зер салып қараған кісіге бұл отаудың мұнтаздай жаңа, мол жиһазды үй екенін бірден білер еді (Б.Момышұлы «Ұиқан ұя»).

5-тапсырма. Сөз тіркесі сыңарлары және бастауыш пен баяндауыш арасындағы синтаксистік қатынастың түрлеріне мәтіннен мысал алып, кестенің толтырыңыз. Үлгі:

Атрибутивтік қатынас	Объектілік қатынас	Адвербиалдық қатынас	Предикаттық қатынас
Италиялық суретші

Италиялық ұлы суретші Леонардо да Винчидің атақты туындыларының бірі – «Мона Лиза», оны «Джоконда» деп те атайды. Бұл – майлы бояумен ағаш тақтайда салынған сурет, көлемі бар болғаны – 77 x 53 см. Қанша адам ғылыми тұрғыдан зерттесе де, талай суретші бұл еңбектің көшірмесін жасаса да, әлі ешкім осы туындының жұмбагын шеше алған емес. Бұл сурет туралы Джоржио Вазари былай деп жазады: «Өнердің табиғатты қалай дәл сипаттайтындығын көргісі келген әрбір адам бұны бас мүсінінің кескініне қарап-ақ байқауына болады. Өйткені Леонардо бұл жерді өте дәл бейнелеген. Көзінде тірі жанның жанарында болатын ұшқын бар».

Байқасаныздар, Мона Лизаның қасы жоқ. Бұл ерекшелік суреттегі сұлудың маңдайын жазық етіп көрсетіп, адамға ерекше әсер етеді. Суретшінің ай жүзді аруды неге қастан жүрдай еткені – ұлы картиналың мың құпиясының бірі. Әлде ортағасырлық аруларда осындай сән болды ма екен?! Бұл да жұмбақ! («Мәдениет» журналынан. №3, 2016 жыл).

6 - тапсырма. Мәтіннен анықтауыштық қатынасқа құрылған сөз тіркестерін тауып, байланысу формаларына қарай топтастырыңыз. Үлгі:

Мысал:	Қабыса байланысқан	Матаса байланысқан
бұл қыз	+	
Джоконданың әйелі		+

Кылқалам әрлеген, келбеті әлемді тамсандырған бұл сұлу қыз кім? Бір нұсқа бойынша, бұл – флоренциялық бай саудагер Франческо дель Джоконданың әйелі. Ең көп таралған нұсқа да осы. Қазір ғалымдар бұл нұсқаны теріске шығаруда. Суретшінің хаттарын зерттеп, «бұл картина да Винчи Флоренциядан кетіп қалғаннан кейін салынған» дейді. Тағы бір түспал – Леонардо да Винчи марқұм анасын кескіндеген. Сондай-ақ, суретшіге көмекші болған Салаи сұлу деген болжам да бар. Зерттеушілердің біразы суреттегі Салаи сұлу екендігіне шуббеланбайды және суретке анықтап қараса, көрінер-көрінбес етіп жазылған «S» әрпін байқауға болатындығын айтады. Ал соңғы нұсқа тіптен қызық. Бұл – Леонардо да Винчидің автопортреті. Дарын иесі өзіндегі қарама-қайшылықты әйел бейнесі арқылы паш етпек болған-мыс.

Бұл еңбекке қарап отырғанда, алдында картина емес, тірі адам отырғандай күй кешесің. Жанарында ұшқын бар. Мұрнында, аузында, күтім көрген қолдарында – бәрінде жан бар сияқты, жүргегі соғып тұргандай. Бір сөзben айтқанда, суретші суретке жан бітіргендей. «Джоконданың» жұмбақ күлкісінің сырын да әлі ешкім аша алмай келеді. Бір қараганда, күлімсіреп отырған сияқты, енді бір қараганда, мұнға батқандай болып көрінеді. Шеберлік деген – осы! Леонардо бұл суретті салуға жарты өмірін арнаған деседі. Қайда барса да тастамай, алып жүрген. Бұл еңбегін суретші ең қымбат бағаға да сатпаған көрінеді. Өмірден өтерінің алдында бұл еңбегін өзінің көмекшісі Салаиге аманат етіп тапсырып кетеді. Әлемдегі ең танымал көркем сурет «Джоконда» Лувр мұражайында сақтаулы. 1960 жылы картина оқ өткізбейтін эйнекпен қапталған.

Соңғы зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша сурете үш бояу қабаты бар. Шамасы, Леонардо картинаны бір кенепкек бірнеше мәрте салса керек. Бұл бояу қабаттары картина құпиялағын қалынданда түскен және бұл құпиялардың сыры жақында ашыла қояр ма екен?! («Мәдениет» журналынан. №3, 2016 жыл).

7-тапсырма. Мәтіннен меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін тауып, сыйарлар арасындағы синтаксистік қатынасты анықтаңыз. Үлгі:

Мысал:	Толықтауыштық қатынас	Пысықтауыштық қатынас
некерлерін ертіп шыгады	+	
таңтертең саятқа шығу		+

Шыңғыс ханның сұнқары

Бір күні таңтертең Шыңғыс хан некерлерін ертіп саятқа шыгады. Некерлерінің қолында садақ, қорамсағы толы жебе. Шыңғыс ханның өзі қолына ең жақсы көретін сұнқарын қондырып алған. Сұнқарға ешбір мерген шақ келмес еді. Өйткені, қырағы құс жемтігін құзар шындан көріп, адам аяғы жетпес жерге онай жетер еді. Саятшилар көңілді болғанмен, алдыларынан көлденең аң шыға қомайды. Бұған қынжылған Шыңғыс хан қосқа қанжығасы бос келе жатады. Ашумен біреуді ренжітермін деп, некерлерінен бөлектеніп, көпшіліктен жалғыз сұрылып шыгады. Орман ішінде ұзақ жүріп қалады. Шаршап-шалдығып, кенезесі кеүіп кері қайтады. Сол жылы куанышылық болып, өзендердің арнасы кеүіп қалған екен. Бір жұтым суга зар болып келе жатқанда, о, тәнірім, қарсы алдындағы жартастан тамшылап ағып тұрған бұлақты көреді. Қолындағы сұнқарды шешіп, күміс тостақты тамшылап ақсан бұлаққа тосады. Тостақ кенересінен асып, шұпілдеп толғанша асықпай күтеді. Толған тостақты абайлап ұстап аузына жақындағы бергенде, жанындағы сұнқары қанатын қағып-қағып жібереді де, тостақтағы су төгіліп, ыдысы анадайға домалап кетеді. Шыңғыс хан кәріне мінеді. Бірақ өзі қатты жақсы көретін сұнқары да шөлдеген болар деп ойлап, сабырга келеді. Тостақты көтеріп, қайтадан тамшының астына тосады. Тостақ тола салысымен сұнқар оны тағы да қағып жібереді. Шыңғыс хан бұл құсты ерекше бағалайтын, бірақ мынау қылығы шымбайына жатады. Қыльшын қыннан сұрылып алады да, екінші қолымен тостақты қайтадан тамшының астына тосады. Бір көзімен суды бақса,

екінші көзімен сұнкарды қадағалап тұр. Тостақ толған кезде сұнкар қайтадан қанатын қағады. Бірақ Шыңғыс хан лезде құстың басын шауып тастайды. Дәл сол кезде су тамшысы да тоқтап қалады. Не де болса судың бастауын көруім керек деп шешеді. Жартастың басына шыгады. Жартастың ең биігінде қайнар бар екен. Ішінде осы жерді мекендейтін өте улы жылан өліп жатыр екен. Жаңағы суды ішсе, тіл тартпай кететінін түсінді. Шыңғысхан қосқа өлі құсын ұстап келеді. Келе салысымен таза алтыннан сұнкардың ескерткішін құйдырады. Алтын сұнкардың бір қанатына «Егер досың саган ұнамсыз мінез танытса да, ол саган дос болып қала береді» деп жаздыртады. Екінші қанатына «Ашумен жасалған іс жақсылыққа апармайды» деп жазыпты (<https://massaget.kz>).

8- тапсырма. Мәтіндең сөз тіркестерін құрылымдық түрлеріне қарай тотастырыңыз. Үлгі:

Мысал:	Жай сөз тіркесі	Күрделі сөз тіркесі
сол шыбық	+	
оның түбіне жету		+

1. Фылым-білім деген – түпсіз тұнғызық. Жұмыр жердің бетінде оның түбіне жеткен жан жок. Дегенмен шетсіз-шексіз ілім-білім жолында әркім өзінің өресі, шама-шарқы жеткен жерге бір белгі – шыбық шашып қалдыrsa, сол шыбық өсіп, өзінен кейінгіге сая болып, жол нұсқап жатса, есте қалған деген сол болады (Б.Момышұлы).

2.Маңдай терің тамған еңбегің мен ақылың жұптаса қол ұстасып жүрмесе, тапқаның табаныңың астында тарыдай шашылады (Б.Момышұлы).

3.Алатын кезде – алға озып, беретін кезде артта бұғып қалатын, алғаны мен бергенін жілкө тізіп санайтын адамнан аулақ жүр. Ондай адамнан құтылудың өзі – үлкен олжа (Б.Момышұлы).

9 - тапсырма. Мәтіннен қабыса байланысқан сөз тіркестерін тауып, сыңарлар арасындағы синтаксистік қатынасты анықтаңыз.

Осында келгелі бері оны алаңдап іздел жүр еді, кездесті. Тағы да сол салқын бейне, салқын жанар, тағы да қас-қағым сэт! Бағи-ла оның сезін тыңдай алмаганына, жүзіне жақын жерден анықтап қарай алмаганына қатты өкінді. Өзімді-өзім жеңемін, бір бейта-нысты ұмыту қыын емес шығар деген сенімінің табан асты құл-талқан боп, жүргегінің әлі тулас жатқанынан Бағила ол жігіттің жан түбінен берік орын алғанын, енді оны ешқашан ұмыта алмасын анық сезді (Д.Исабеков. Қарғын. 55 б.).

10 - тапсырма. Мәтіндегі сөз тіркестеріне кешенді (құрылымдық түрі, байланысу формасы, байланысу тәсілі, сыңарлар арасындағы синтаксистік қатынас) талдау жасаңыз.

Арт жағынан екпіндей естілген ат тұғығы бірте-бірте жақындал, енді-енді өзін қоянның көжегі құрлы көрместен таптап өте шығар-дай құлак түбінде дүрсілдейді. Сосын кейін жалт қараған, самсаған қамыс арасынан көлік үстіндегі кісі сұлбасын болжады. Болжаган бойда әлдеқандай бұлдыр сана жетегіне ілесіп, жалт етіп жолдан шықты да қалың арасына жата кетті. Сол сол-ақ екен, құйындағы ұшқан торқасқамен Орынбай жанынан зу ете түсті (А.Мекебаев. Бойжеткен // Құпия қойма. 277 б.).

5.2 Сөйлем түрлері бойынша орындаитын тапсырмалар

Тапсырманың мақсаты: Қазақ тіліндегі сөйлемдердің құрылымындағы ерекшеліктер, сейлеу жағдаяты мен мәннәтінге тәуелді сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін тану, сөйлемдердің толымды және толымсыз түрде келуінің лингвопрагматикалық қырларын практикалық тапсырмалар арқылы нақты талдаулар негізінде бекіту.

Тапсырманың дәйектемесі: Сөйлем категориясын, сейлемнің лингвистикалық табигатын әртүрлі аспектіден түсінуде оның (сөйлемнің) әртүрлі типтерін ажыратада алушының маңызы зор.

11 - тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерге кешенді талдау жасаңыздар.

Түсі сүйк. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ ұйықтап отыр. Зор дауысында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтеддер айтылып кетеді.

Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын таңдана шешіп отыр. Осы бар ұлкениң мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де түспалдаған, орағытып ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзі мен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгермей, адасып қап отыр. Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң еді шығып болмайды. (М.Әуезов. Абай жолы.).

12 - тапсырма. Мәтіндеңін сөйлемдерге кешенді талдау (құрылымы, айтылу мақсаты) жасаңыз.

Сөздер айтысы

Бір күні сөздер айтысып қалыпты. Қай әріптен басталатын сөздер жақсы екенін санапты.

А әрпінен бастайық. Адам. Арман. Асқар. Адамшылық. О-о, қандай ақсақ сөздер!

Б-ны алайық! Бақыт. Байлық... Жоқтан бар жақсы. Екіншіден бірінші жақсы.

Одан кейін Ш-дан басталатын сөздер шеру тартады. Шабыт. Шалқар. Шуақ. Шалқыма.

Мәссаған! Қазақтың сөзінін жаманы жоқ екен-ау ... (А.Тымболова).

12 - тапсырма. Мәтіндеңін сөйлемдерге айтылу мақсаты қарай талдау жасаңыз.

Бір күні үйге шаршап келдім. Салтанат жалғыз өзі уыз пісіріп отыр екен. Мені көрген соң жайғана күлімсіреп қарады да: «уыз жейсің бе?»- деді. «Әкеле фой». Ол орта кесеге толтырып, әлі қата қоймаған балдай уызды ұсынды. Бір-екі қасық ұрттай бергенімде:

- Сен маган ренжіп жүрсің бе, Қайыркен, - деді мақпалдай жұмсақ үнмен.

- Жоқ, о не дегенің! Мен саған ешқашан, ешқашан ренжімеймін. Эйтсе де, маган бір-ак нәрсе түсініксіз. Сен неге көнілсізсің, Салтанат?

- Оны өзім де білмеймін. Бір түрлі, көп нәрсеге бұрынғыдай қызықпайтын секілдімін. Зауқым жоқ. Көнілденейінші деймін,

күләйінші деймін. Қолымнан келмейді, әлсіз секілдімін. (Д.Исабеков . Гауһартас. 207 бет).

13 - тапсырма. *Көркем шыгармадан парцеляцияланған сөйлемдерді тауып, парцеляттардың қай сөйлем мүшесіне қатысты екендігін анықтаңыз.*

5.3 Сөйлем мүшелері бойынша орындайтын тапсырмалар

Тапсырманың мақсаты: Сөйлем мүшелері туралы теориялық түсініктерді практикалық тұрғыдан негіздеу арқылы дәріс материалдарын толыққанды игерту. Сөздердің сөйлемде атқаратын қызметін, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерден басқа айқындауыш мүшелер, үйірлі мүшлереді ажыратса алуды тәжірибеде сөйлем талдау арқылы менгерту көзделді.

Тапсырманың дәйектемесі: Сөйлем мүшелері жай сөйлем синтаксисіндегі басты мәселенің бірі болып табылады. Сөйлем мүшелерінің орнын дәл анықтау синтаксистің көптеген мәселе-лерін дұрыс түсінуге жол ашады.

14 - тапсырма. *Мәтіндең сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңыз.* Бақтияр, Байжұма, Нұрғазылар базарга апарып сататын малдарын матастырып, жабагы жүн мен терілерін де көлікке артып алысқан. Осылайша, жылда ел жайлауға көшер алдында жұрттың Шәуешекке бір барып қайтатын әдеті. Бұларды қыр елі «базаршылар» деп дабырайтып атайды. (Қ.Жұмаділов. Соңғы көш. 31 б.).

15 - тапсырма. *Сөйлем мүшелеріне талдаңыз.*

Шіркін, Сұлтан жігіттің сұлтаны еді фой. Сырт келбетіне көркі де сай, маңдайы кере қарыс, қаршыға көз, екі иығына екі кісі мінгендей, әулиемін деген адамды пысы басып тұратын деген жігіттің сырттаны еді. Үнемі ұстарамен бастырып жүретін қап-қара көмірдей сұлу мұрты акқуба өңіне жарасып, маржандай аппак ірі тістері ақсиып домбырамен ән шырқап отырған кездері әлі көз алдында. (С.Жұнісов. Жапандағы жалғыз үй. 86 б.).

16 - тапсырма. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне мән беріңіз. Не байқадыңыз.

Сағыныш

Сағындым, жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме еken бар аған,
Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек-гайбатқа бораған.
Қажет жерін де қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның занғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте.
Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға,
Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.
Сағынбай барсаң, теніз де сениң тебіренбес жастық шағындаидай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.
Сағынбай барсаң, таулар да сениң алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауын мүмкін, дүниені мынау кеткен еken деп тас қаптан.
Үмітке толы, арманға толы, әр жерде бір түп қарагай,
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін, жамырасуға жарамай.
Биікте тұрган таулар да мынау нұрына таңың боялған,
Сені мен мениң ғасырлап күткен сағынышынан оянған.
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсан биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.
Көкірегінде сағыныш барда, мұрат та сенде бар жаным,
Алдыңда тұрган қырраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
Жазира белдер қуанышынды болмасын мәңгі шектемек,
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.
Мен мұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

(Т.Айбергенов).

16 - тапсырма. Оқшау сөзбен келген сөйлемдерді тауып, олардың қолданылу себебін түсіндіріңіз.

Мен алпысқа толғанда Оралхан маған арнап екі-ақ абзац сөз жазды. Бірақ сол екі ауыз сөзге ол ширек ғасыр бірге болған ғұмырымызды сидырып жіберді.

«Аға! Мен Сізді ешқашанда аты-жөнізбен атаған емеспін. Ең алғаш көргеннен бастап «Аға» деп амандастым және сол 1967 жылдан бері туған ағадай шыншыл көнілмен сыйлап, құрмет тұтып келемін. Бәлкім, осынау алды мен арты айырбастала беретін

алдамшы өмірде сынаптай толқыған әрі айнығыш заманда туған ағайынымен де ат құйрығын кесісердей дүрдараздық болар да, бірақ Сіз бен біздің арамызда ширек ғасырдан бері ағалық-інілік жарастыққа жарықшақ түскен жоқ (тіл-көзден сактасын). Мен Сізді, Аға, жаһандағы жалғыз үстазым деп, жар айтудан ұялмас едім, әрі осының өзін мақтан тұтар едім.

Карғадай кезімде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үштөрт очеркімді оқып, ауылда қаперсіз жүрген кезімде республикалық басылымға жұмысқа шақырдыңыз.

Университеттің үшінші-ақ курсында сырттай оқып жүргеніме қарамастан, ең бір қын да жауапкершілігі үлкен бөлімдерді сеніп тапсырыдыңыз. Бұдан кейін де әдебиет пен журналистикадағы соқпағы соқтырмалы кезеңдерді бірге өткізіп келе жатырмыз. Мен кейде туған айымыз бен күніміздің (28 қыркүйек) дәл келуін ырымдап, жақсылықтың нышанына балаймын. Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қарандырышы, Аға, мен көрінем бе екен?» (1992 ж.).

Сонғы сөйлем ... Сұрапыл сұмдық сұрақ. Төменге қараймын, енді Оралхан көрінбейді. «Шолпандай таң алдында туып-батты».

Сонда ... Қатон-Қарағайға, Шыңғыстайға барғанда, ал қара көк аспанда бір қыран биіктен төменге қарап, баяу қалықтап жүрді де қойды. Енді биіктеп кеткен Оралхан шығар ... (Ш.Мұртаза).

17 - тапсырма. Жай сөйлемдердің күрделену жолдарын көрсетіңіз.

Қысқасы, бұл жерден ең төтесін атағанда, көп кітаптан Абай байлаган жол сорабы осы еді (11 б.). Құнанбай айналадағы топтан, әсіресе қаланың саудагерлері, молдасы, қалпесінен қымсынып қалды (12 б.). Абай тақап келгенде, үй иесі шықкан еді (32 б.). От үстінде, ұзын аяқ мосыда үлкен қара шәугім асулы тұр (32 б.). Жастар жиыны тарқағанда, Абай Шүкіманға қайта-қайта бір сөзбен алғыс айта берді (43 б.). Өткен қыста, әкесін жол жүргізем де-ген сылтаумен Абай өз еркімен болыстықтан түскенде, Жиренше өз еркімен биліктен түспей, әлі де Коңырқекшениң, сол Мамайдың бір боп келе жатқан (50 б.). Құнанбайдың үлкен шаңырағында, Ұлжанның қолында малға ие боп қалған Оспан еді (53 б.). («Абай жолы» романынан).

Тест тапсырмалары

1. Синтаксистің зерттеу нысанын анықтаңыз.

- A) сез, сөзтүлға, дыбыс, интонация;
- B) сөзтүлға, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін;
- C) морфема, күрделі синтаксистік тұтастық;
- D) синтагма, сөйлем, сөзжасамдық тұлғалар;
- E) сөйлеу, синтаксистік тіркестер, сөз этимологиясы.

2. Синтаксистің негізгі ұғымдарын көрсетіңіз.

- A) мағына, тұрақты тіркес;
- B) интонация, омоним қосымша;
- C) сөйлем, синтаксистік қатынас;
- D) сез құрамы, аналитикалық тәсіл;
- E) предикаттық қатынас, тубір морфема.

3. Сөз тіркесіне беріліп жүрген анықтаманы табыңыз.

- A) бірынгай мүшелердің өзара салаласа байланысуы;
- B) кез келген екі немесе одан да көп сөздердің тіркесімі;
- C) предикаттық қатынаска құрылған сөздердің байланысы;
- D) толық мағыналы сөздердің тек қана сабактаса байланысуы;
- E) толық мағыналы сөздердің сабактаса әрі салаласа байланысуы.

4. Сөз тіркесі синтаксисінің жеке сала болып қалыптасу кезеңін табыңыз.

- A) XX г. 30 жылдары;
- B) XXI ғасырдың басы;
- C) өткен ғасырдың аяғы;
- D) XX г. 80-інші жылдары;
- E) XX г. елуінші жылдарынан кейін.

5. Жалпы тіркестердің қалай жіктелетіндігін көрсетіңіз.

- A) сез, сөз тіркесі, сөйлем;
- B) түйдекті тіркес, синтаксистік тіркес, сөз;
- C) атаулы тіркес, тұрақты тіркес, сөйлем;
- D) синтагма, түйдекті тіркес, номинативті тіркес;
- E) жай сөйлем, атаулы тіркес, фразеологиялық тіркес.

6. Синтаксистік бірліктерді қалыптастыратын амалдардың көрінісі қалай аталады?

- A) синтаксистік форма;
- B) синтаксистік мағына;
- C) синтаксистік қызмет;
- D) синтаксистік категория;
- E) грамматикалық категория.

7. Сөз бен сөздің, синтаксистік бірліктердің арасындағы жалпылық сипаттағы қатынасты білдіретін мағына қалай аталады?

- A) ауыспалы мағына;
- B) номинативті мағына;
- C) синтаксистік мағына;
- D) лексикалық мағына;
- E) фразеологиялық мағына.

8. Коммуникативтік бірліктер қатарын табыңыз.

- A) сөз, түйдекті тіркес, сөйлем;
- B) сөйлем, мәтін, құрмалас сөйлем;
- C) сөз тіркесі, сөзтүлға, тұракты тіркес;
- D) синтагма, сөз, дыбыс, түбір мен қосымша;
- E) фразеологиялық тіркес, интонема, атаулы тіркес,

9. «Сөз кисыны» терминінің авторын көрсетіңіз.

- A) Қ.Жұбанов;
- C) М.Балақаев;
- B) С.Аманжолов;
- D) Т.Сайрамбаев;
- E) А.Байтұрсынұлы.

10. Қазақ тілтанымында сөз тіркесі синтаксисінің нысаны мен сөз тіркесі болу шарттарын анықтаң берген ғалым кім?

- A) Р.Әмір;
- B) Б.Шалабай;
- C) Қ.Жұбанов;
- D) М.Балақаев;
- E) С.Аманжолов.

11. «Валенттілік» терминің ғылыми айналымға енгізген ғалымды табыңыз.

- A) Л.Теньер;
- B) В.Г.Адмони;
- C) С.Д.Кацнельсон;
- D) Ю.Д.Апресян;
- E) Н.И.Степаненко.

12. Сөздің мағыналық әлеуетінің мүмкіндігі мен екінші сөз мағынасының байланысу мүмкіндігінің сәйкес келуі қалай аталады?

- A) сыртқы валенттілік;
- B) синтаксистік валенттілік;
- C) семантикалық валенттілік;
- D) морфологиялық валенттілік;
- E) сөздердің тұлғалық жағынан байланысуы.

13. Қазақ тіл білімінде «тіркесім», «тіркесімділік» терминдерін алғаш қолданып, анықтamasын берген ғалым кім?

- A) Ә.Қайдар;
- B) С.Нұрханов;
- C) Р.С.Әміров;
- D) М. Балақаев;
- E) Е.Жанпейісов.

14. Сөздердің бір-бірімен семантикалық және синтаксистік жағынан үйлесімді байланысуы басқаша қалай аталады?

- A) өріс;
- B) категория;
- C) валенттілік;
- D) парадигмалық қатар;
- E) синтагмалық түзілім.

15. Сөз тіркесі синтаксисін зерттеген ғалымдар тобын белгілеңіз.

- A) М.Балақаев, О.Төлегенов, Р.Әмір;
- B) М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, Р.Әмір;
- C) Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Исаев;
- D) А.Ысқақов, А.Аблақов, Т.Сайрамбаев;
- E) Б.Шалабай, Ф.Қалиев, З.Бейсембаева.

16. Предикаттық қатынасқа ең жақын келетін баламаны табыңыз.

- A) синтаксистік қатынас;
- B) анықтауыштық қатынас;
- C) толықтауыштық қатынас;
- D) пысықтауыштық қатынас;
- E) бастауыш-баяндауыштық қатынас.

17. Еркін сөз тіркесін табыңыз.

- A) елге бару;
- B) қонақ күту;
- C) көз тоқтату;
- D) салы суға кету;
- E) жүгіре жөнелу.

18. Атрибутивтік қатынасқа тән байланысу формаларын белгілеңіз.

- A) қызы, жанасу;
- B) қабызы, матасу;
- C) жанасу, матасу;
- D) қабызы, қызы;
- E) менгеру, жанасу.

19. Сөздердін байланысу тәсілдерін көрсетіңіз.

- A) коммуникативтік, номинативтік;
- B) қызы, қабызы, матасу, менгеру;
- C) атрибутивтік, адвербиалдық, предикаттық;
- D) синтетикалық, аналитикалық, синтетика-аналитикалық;
- E) коммуникативтік, предикаттық, аналитикалық.

20. Сөз тіркесіне тән синтаксистік қатынастың түрлерін табыңыз.

- A) предикаттық, адвербиалдық, объектілік;
- B) атрибутивтік, объектілік, адвербиалдық;
- C) синтетикалық, атрибутивтік, объектілік;
- D) коммуникативтік, предикативтік, анықтауыштық;
- E) синтетикалық, аналитикалық, синтетика-аналитикалық.

21. Салаласа байланысқан сөздерді сөз тіркесі деп қарайтын ғалым.

- A) Р.Әмір;
- B) Б.Шалабай;

- C) М.Балақаев;
D) А.Аблаков;
E) Т.Сайрамбаев.

22. Предикаттық қатынастағы сөздердің формасын көрсетіңіз.

- A) көптік пен тәуелдік жалғаулары;
B) ілік септік пен тәуелдік жалғауы;
C) атау септік пен жіктік жалғаулары;
D) жанама септіктер мен жіктік жалғаулары;
E) атау мен іліктен басқа септік пен жіктік жалғау.

23. Салаласа байланысқан сөз тіркесі сыйарлары арасындағы қатынастың түрі.

- A) предикаттық;
B) тең дәрежедегі;
C) анықтауыштық;
D) толықтауыштық;
E) бағыныңыз-басыңызық.

24. Түйдекті тіркесті көрсетіңіз.

- A) жаңа көлік;
B) үйге дейін;
C) кітап оқыту;
D) қымбат пәтер;
E) кеше айтыпты.

25. Аналитикалық тәсілмен жасалған сөз тіркесін белгілеңіз.

- A) сөздікті қарады;
B) оқу үшін келдік;
C) ішкі бөлменің кілті;
D) тәбе шашы тік тұрды;
E) газеттен оқып отыр.

26. Объектілік қатынастағы тіркестердің байланысу формасын табыңыз.

- A) қысыу;
B) матасу;
C) қабысу;
D) жанасу;
E) менгеру.

27. «Ортақ басыңғылы менгеру» терминін алғаш қолданған ғалым кім?

- A) М.Балақаев;
- B) А. Аблақов;
- C) Б. Шалабаев;
- D) Т.Сайрамбаев;
- E) А.Байтұрсынұлы.

28. Синтетикалық тәсілмен жасалған сөз тіркесін табыңыз.

- A) адам өмірі;
- B) орманды жер;
- C) келген студент;
- D) әлеуметтік желі;
- E) ұялы телефонның бағасы.

29. Анықтауыштық қатынасқа ғана құрылатын сөздердің байланысу формасын көрсетіңіз.

- A) қабысу;
- B) матасу;
- C) жанасу;
- D) қызысу;
- E) менгеру.

30. Матаса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.

- A) ғылыми кітап;
- B) атақты ғалым;
- C) институттың маңы;
- D) ғылыми монография;
- E) университеттің студенттері.

31. Сөз тіркесінің түрлері қалай ажыратылады?

- A) басыңқы сыңарына қарай;
- B) бағыныңқы сыңарына қарай;
- C) байланысу формаларына қарай;
- D) сөздердің байланысу тәсіліне қарай;
- E) сөздер арасындағы синтаксистік қатынасқа қарай.

32. Бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңардың қосымшасыз, қатан орын тәртібі арқылы байланысуы қалай аталады?

- A) қызысу;
- B) қабысу;

- C) матасу;
- D) жанасу;
- E) менгеру.

33. Етістікті сөз тіркесін белгілеңіз.

- A) ұшқан ұя;
- B) қалың орман;
- C) бәріне белгілі;
- D) жылдам қозғалу;
- E) оқыған азаматтар.

34. Тура объектілік қатынастағы сөздердің тұлғасы қай септікте тұрады?

- A) ілік септік;
- B) атау септік;
- C) табыс септік;
- D) барыс септік;
- E) көмектес септік.

35. Бағыныңқы сыңары етістіктен жасалған сөз тіркесін анықтаңыз.

- A) қазір көру;
- B) қонаққа кету;
- C) жазылған хат;
- D) ерекше құрмет;
- E) күнделікті жағдай.

36. Синтетика-аналитикалық тәсілмен жасалған сөз тіркесін табыңыз.

- A) дүкенге кету;
- B) өзіне жаздыру;
- C) күзге дейін болу;
- D) қатты қуанып қалу;
- E) оқушының түсініктемесі.

37. Үстеулі сөз тіркесінің түрін көрсеткен ғалымдарды табыңыз.

- A) М. Балақаев, Р.Әмір;
- B) К. Аханов, М. Серғалиев;
- C) Т.Сайрамбаев, Ә.Аблаков;
- D) Б.Шалабай, М.Балақаев;
- E) Т.Сайрамбаев, Р.Әмір.

38. Басыңқы сыңары есімшеден болған тіркесті көрсетіңіз.

- A) осы сөздік;
- B) кеше кеткен;
- C) оқыған жігіт;
- D) білгенге маржан;
- E) мектептерде болу.

39. Тұра объектілік қатынастағы тіркесті табыңыз.

- A) хабар айту;
- B) кішіден ізет;
- C) алыстан келу;
- D) үлкенге құрмет;
- E) барға қанағат ету.

40. Адвербиалдық қатынастағы тіркес жасалатын байланысу формасын көрсетіңіз.

- A) қызыу, қабысу;
- B) менгеру, жанасу;
- C) матасу, менгеру;
- D) қызыу, меңгеру;
- E) матасу, қызыу.

41. Сөйлемге берілген анықтаманы табыңыз.

- A) атрибуттік қатынастағы сөздердің жиынтығы;
- B) сабактаса байланысқан объектілік қатынастағы сөздер тобы;
- C) предикаттық қатынастағы біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тізбегі;
- D) адвербиалдық қатынасқа құрылған сөздердің жиынтығы;
- E) заттың қимылын білдіріп, ойды тиянақтайтын мүшелердің тобы.

42. Сөйлемнің түрін ажыратыңыз.

Сойлей-сойлей шешен боласың.

- A) жалаң сейлем;
- B) атаулы сейлем;
- C) жақсыз сейлем;
- D) белгісіз жақты сейлем;
- E) жалпылама жақты сейлем.

43. Грамматикалық бастауышы жоқ, оны баяндауыш аркылы табу мүмкін емес сөйлем түрі қалай аталады?

- A) жалаң сөйлем;
- B) атаулы сөйлем;
- C) жақсыз сөйлем;
- D) толымсыз сөйлем;
- E) жайылма сөйлем.

44. Сөйлемнің атқаратын қызметін көрсетіңіз.

- A) объектілік;
- B) атрибуттық;
- C) номинативтік;
- D) адвербиалдық;
- E) коммуникативтік.

45. Сөйлемге тән белгілерді көрсетіңіз.

- A) номинативтілік, интонация, модальділік;
- B) предикативтілік, модальділік, интонация;
- C) коммуникативтік, модальділік, интонация;
- D) адвербиалдық, модальділік, предикативтік;
- E) толымдылық, анықтауыштық, коммуникативтік.

46. Ойға катысты мүшелердің қатысына қарай жіктелетін сөйлем түрі.

- A) жалаң, жайылма;
- B) атаулы, жайылма;
- C) болымды, болымсыз;
- D) толымды, толымсыз;
- E) мүшеленетін, мүшеленбейтін.

47. Бір тұрлаулы мүшеге негізделетін сөйлем қалай аталауды?

- A) екі құрамды сөйлем;
- B) мүшеленетін сөйлем;
- C) көп құрамды сөйлем;
- D) бір құрамды сөйлем;
- E) жалаң, жайылма сөйлем.

48. Үйірлі мүшемен келген сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Құлак естігенді көз көреді.
- B) Еңбек тұбі – береке.

- C) Кітап – оқығандікі, білім – тоқығандікі.
- D) Менің байқауымша, сіздің халық – ақын халық.
- E) Менің мақсатым – қаржыны баланың біліміне құю.

49. Айқындауышты сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Хат сұрауга тыйым салынган.
- B) Мәдениетті адамды ісі мен сөзінен танисын.
- C) Түгел сөздің – түбі бір, түп атасы – Майқы би.
- D) Тіліңмен орақ оғрышың-ай сенің!
- E) Құні бойы сарылып үйде отырганы!

50. Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Шіркін, осы ауылдың жастары-ай!
- B) Күтпеген жерден жолығуы-ай!
- C) Айнала тым-тырыс.
- D) Сенің-ақ сағына беретінің-ай.
- E) Өркенің өскір!

51. Альтернативті сұрапты білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мынау егіс жаздық па, құздік пе?
- B) Билетті қай рейске алдыңыз?
- C) Анықтама бүросына телефон соғып білесің бе?
- D) Содан бері талай жыл өтті емес пе?
- E) Бөлім бастығы әр құжатты мұқият қарай ма?

52. Қосалқы айқындауышты сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Кім білсін, бұл да бір қажетке жарайтын дүние шығар.
- B) Өзімнің қыраныма, Нұрланыма, қолдаушы боламын ғой.
- C) Ертең кешке Аскар ағайдың үйіне жиналатын болдық.
- D) Кездесуге опера-балет өнерінің майталмандары келеді.
- E) Истің мән-жайын білу үшін Сәкеннің көршісінің есігін қақты.

53. Мақсат пысықтауышы бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жасымдағылым бар деп ескермедім.
- B) Жогары, төмен үйрек-каз, ұшып тұрса сымпылдан.
- C) Оның даусы шаршағандықтан бәсек шықты.
- D) Есенбек сылқ-сылқ құлді.
- E) Абай үншіл жүйрік домбыраны әдейі Әйгерім үшін тартатын.

54. Құрама баяндауышты сөйлемді табыңыз.

- A) Сұлтан – оқушы.
- B) Құс қалықтай ұшты.
- C) Жания қымет көрсетті.
- D) Назерке көрсетіп қойды.
- E) Көзінше айта алмадым.

55. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін табыңыз.

- A) хабарлы, жақты, жақсыз;
- B) лепті, бұйрықты, атаулы;
- C) толымды, толымсыз, сұраулы;
- D) сұраулы, толымды, атаулы;
- E) бұйрықты, сұраулы, хабарлы.

56. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Жел күшеге тусты.

- A) жақты, жайылма;
- B) толымды, атаулы;
- C) толымды, жайылма;
- D) жақты, жалаң;
- E) жақсыз, жайылма.

57. Сұраулы сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Жарықты жасып жібересің бе?

- A) демеу мәнді;
- B) ашық сұрақ;
- C) альтернативті;
- D) риторикалық;
- E) негізгі сұрақ.

58. Сұраулы сөйлемнің түрін көрсетіңіз.

*Махаббат-гадауатпен майдандасқан,
Қайран мениң жүргегім мұз болмай ма? (Абай).*

- A) тілек мәнді сұраулы сөйлем;
- B) ашық мәнді сұраулы сөйлем;
- C) сұрау түріндегі хабарлы сөйлем;
- D) риторикалық сұраулы сөйлем;
- E) етініш мәнді сұраулы сөйлем.

59. Ашық сұрақты білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ботақан, енді қашан келесің?
- B) Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?

- C) Жыласам ба еken, қуансам ба еken білмеймін?
D) Құйрығы жоқ, жала жоқ, жылан қайтіп күн көрер?
E) Махаббат-гадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім
мұз болмай ма?

60. Айқындауыштың түрлерін көрсетіңіз.

- A) сапалық, меншіктік;
B) дара, күрделі, үйрлі;
C) есімді, етістікті, құранды;
D) оңашаланған, қосарлы, қосалқы;
E) қыстырма, қаратпа, одагай.

61. Толықтауыштың грамматикалық түрлерін белгілеңіз.

- A) тұра, жанама;
B) жақты, жақсыз;
C) тұра, ауыспалы;
D) сапалық, меншіктік;
E) меншікті, жанама.

62. Қосалқы айқындауышты табыңыз.

Сол бүйрет бетінде отырган Илияс айтқан Айса ақсақалдың ауыльна келдім.

- A) Илияс айтқан;
B) Айса ақсақал;
C) ақсақалдың ауылы;
D) Илияс айтқан ауыл;
E) бүйрет бетінде отырган.

63. Пысықтауыштың түрін анықтаңыз.

Бұл хабарды естігенде ол қуанғаннаң жылап жібереді.

- A) мекен пысықтауыш;
B) мақсат пысықтауыш;
C) себеп пысықтауыш;
D) амал пысықтауыш;
E) мөлшер пысықтауыш.

64. Жай сөйлемді күрделендіретін синтаксистік құрылымдарды көрсетіңіз.

- A) тыныс белгілер, тұrlаусыз мүшелер;
B) бірынғай мүшелер, айқындауыштар;
C) қыстымалар, тұrlаулы мүшелер;

- D) тұрлаусыз мүшелер, баяндауыш;
- E) бірыңғай мүшелер, бастауыш мүше.

65. Бастауышқа берілген анықтаманы табыңыз.

- A) жанама септіктерде тұрып, қымылдың объектісі болатын мүше;
- B) сөйлемдегі зат есім мен есімдіктен болған кез келген мүше;
- C) жіктік жалғауына тұрып, сөйлемдегі ойды тиянақтайдын мүше;
- D) атау септікте тұрып, қымыл не сапаның субъектісі болатын мүше;
- E) сөйлемді аяқтап, іс-қымылды білдіретін сөйлемнің мүшесі.

66. Асты сызылған сөдер тобының қызметін көрсетіңіз.

Артынан, Абай ұғындырган соң, олар үндемей қалысты (М.Әузев).

- A) қыстырма сөздер;
- B) қосалқы айқындауыш;
- C) сөйлемнің үйірлі мүшесі;
- D) оңашаланған айқындауыш;
- E) жанама толықтауыш мүше.

67. Оңашаланған айқындауышқа берілген анықтаманы табыңыз.

- A) зат есімнің зат есіммен тіркесіп, оның сапасын анықтайдын сөз;
- B) анықтайдын сөйлем мүшесімен тұғалас келіп, түсіндірмелі мағынада қолданылатын сөз;
- C) мағыналас екі жалпы есімнің бірі зат атауы, екіншісі оның заттық сапасы ретінде тіркесетін сөздер;
- D) сөйлем құрылымындағы ойға қатысы жоқ сөздер;
- E) сөйлемін анықтауыш мүшесі.

68. Бір құрамды мүшеленбейтін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) жалаң сөйлем;
- B) атаулы сөйлем;
- C) жайылма сөйлем;
- D) белгісіз жақты сөйлем;
- E) жасырын жақты сөйлем.

69. Пысықтауыш мүшениң қызметін көрсетіңіз.

- A) іс-эрекетті білдіру;
- B) заттың қимылы мен сапасын білдіру;
- C) қимылды іске асыруши субъекттің білдіру;
- D) сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын мүше;
- E) қимылдың түрлі сапалық белгісін анықтау.

70. Бір құрамды мүшеленбейтін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) жалаң сөйлем;
- B) атаулы сөйлем;
- C) жайылма сөйлем;
- D) белгісіз жақты сөйлем;
- E) жасырын жақты сөйлем.

ГЛОССАРИЙ

Актант – етістік арқылы белгіленген іс-әрекет үдерісіне қатысы бар адам немесе затты білдіретін сөйлемнің кез келген мүшесі.

Айқындауыш мүше - сөйлемнің грамматикалық құрылымындағы тұрлаулы мүшелер мен тұрлаусыз мүшелерден басқа, сол мүшелерді мағыналық жағынан айқындай, нақтылай және дәлелдей түсетін мүше.

Аналитикалық байланыс – сөздердің қосымшасыз, орын тәртібі, интонация арқылы байланысуы.

Анықтауыш – зат есім не зат есім орнына жұмсалған басқа сөздерден болған мүшени түрлі қырынан анықтап тұратын тұрлаусыз сөйлем мүшесі. Өзі анықтайтын сөзben қабыса және матаса байланысады. Мағынасына қарай сапалық анықтауыш және меншіктік анықтауыш деп екіге бөлінеді.

Альтернативтік сұрапты білдіретін сөйлем – мазмұнında сұрапқа жауап болатын «бағдар, із» қамтылатын сұраулы сөйлемнің түрі.

Атаулы сөйлем – құбылысты, болмысты, белгілі бір заттың ісін, сынын баяндамай, тек солардың өзін атап қана қоятын мүшеменбейтін сөйлем түрі.

Бастауыш - сөйлемде айтылған ойдың иесі бола отырып, ойдың кім? не? туралы еkenін білдіріп, баяндауышпен қыса байланысатын тұрлаулы сөйлем мүшесі.

Баяндауыш – бастауышқа тән белгілер мен іс-әрекеттерді білдіріп, сөйлемнің ұйытқысы болатын тұрлаулы мүше. Предикативтік іс-әрекетті, сапаны білдіреді.

Болымды сөйлем – объективті болмысты, ойлаган ойды жеткізуде шындықты бейнелеп, болған немесе болатын құбылысты хабарлайтын сөйлем.

Болымсыз сөйлем – объективті болмысты, ойлаган ойды жеткізуде құбылыстың болмайтындығын хабарлайтын сөйлем.

Бүйректы сөйлем – біреуді іске қосу, әрекетке барғызу мағынасында айтылатын сөйлем.

Бірынғай мүшелер – сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметі бірдей және өзара тұлғалас болып келетін сөйлем мүшелері.

Бірыңғай мүшелер бір ғана сұраққа жауап береді, бір-бірімен салаласа байланысады, бәрі бір сөзге қатысты болады.

Валенттілік – сөздердің бір-бірімен семантикалық және синтаксистік жағынан үйлесімді байланысуы.

Грамматика – көне грек сөзі, *gramma* – «әріп, жазу» дегенді білдіріп, өзара байланысты бірнеше мағынада қолданылады: 1) тілдің құрылышы – тілдік қарым-қатынастың негізін жасайтын тілдік тұлғалардың, сөз тудыру тәсілдерінің, синтаксистік құрылымдардың жүйесі; 2) тілдің құрылышы мен оның заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы, сөзжасам, морфология мен синтаксисті біріктіреді; 3) жоғарыда аталған тілдің осы құрылымдық жүйесін зерттейтін саланың жалпы атауы, тілдің грамматикалық құрылышын қарастыратын ғылым; 4) жеке категориялардың грамматикасы.

Грамматикалық бірліктер – сөз, сөзтүлға, синтаксистік құрылымдар: сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем; сонымен қатар грамматикалық мағынаны білдіретін құралдар: қосымша морфемалар (жұрнақ пен жалғау), шылаулар.

Екі құрамды сөйлем – бастауыш-баяндауыштық негізде құралған сөйлем.

Жай сөз тіркесі – толық мағыналы өзара синтаксистік қатынаска құрылған екі сөздің тіркесі.

Жай сөйлем – бір сөзден немесе бірнеше сөз тіркесінен құралған, өз алдына дербестігі бар, бір предикативтілік негізге құрылған, шындық болмыстың өзі не оның бір сапасы туралы сөйлеушінің ойы.

Жанама толықтауыштар – өзін менгеретін сөздермен (сөйлем мүшелерімен) ілік және табыс септігінен басқа септіктерде келу арқылы байланысатын, сөйлемді мағыналық-мазмұндық жағынан жанамалай толықтырып тұратын толықтауыш түрі.

Жанасу - бағыныңқы сыңардағы сөздің басыңқы сыңардағы сөзбен ешбір қосымшасыз бірде қатар, бірде алшақ тұрып байланысуы.

Жақсыз сөйлем – бастауышы жоқ, сөйлем арқылы берілетін ой басқа сөйлем мүшелері арқылы түсінікті болып, іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемнің түрі.

Жакты сөйлем – грамматикалық бастауышы бар немесе бастауышы ерекше айтылмай, бірақ оны баяндауыш арқылы тауып алуға болатын сөйлемнің түрі.

Категория – кең мағынада жалпы қасиетке ие болатын тілдік элементтің кез келген тобы, тар мағынасында бірыңғай тілдік бірліктердің жиынтығы.

Коммуникация – адамдар арасында болатын қарым-қатынастың ерекше түрі, араласу, ойлармен, идеялармен, деректермен бөлісу, латынның communicatio байланыс, қатынас деген сөзінен пайда болған.

Контекст – талдауға түсетін бірлікпен қоса сол бірліктің мағынасын ашуға жеткілікті мәтіннің бір бөлігі.

Күрделі сөз тіркесі – бағыныңқы не басынқы сынары, болмаса екейі де екіден артық, бірнеше сөзден тұратын (мәселен, түйдекті тіркес, күрделі сөз, тұракты тіркестер) құрылымы күрделі тіркес.

Қабысу – бағыныңқы сынардағы сөз бен басынқы сынардағы сөздің ешбір қосымшасыз қатар тұрып, орын тәртібі арқылы байланысуы.

Қызысу – бастауыш пен баяндауыштың тұлғалық және жақтық жағынан байланысуы.

Қосалқы айқындауыш – өзара мағыналық байланыстағы екі зат есімнің тіркесінен жасалып, бірінші сынары кісі ұғымындағы зат атаулары жалқы есім, екінші сынары заттың заттық сапасын білдіретін сөздер болады, өзара айқындауыштық қатынаска құрылады.

Қосарлы айқындауыш – өзара мағыналас екі жалпы есімнің бірі зат атауы, екіншісі оның сапасы ретінде тіркесіп, күрделі атау жасайтын сөздер. Қосарлы айқындауыштар дефис арқылы жазылады, өзара дербестігін сақтай отырып, грамматика-семантикалық жағынан тығыз байланысты болады.

Қыстырма сөз – сөйлемдегі ойға және оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын білдіретін оқшау сөздін бір түрі.

Лепті сөйлем – адамның көніл-күйі мен эмоциясын білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер.

Матасу – ілік септіктең сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысы.

Мәтін – мазмұн тұтастыры мен ой тиянақтылығы жағынан бүтіндік сипатымен ерекшеленетін күрделі семантикалық және синтаксистік құрылымы бар сөйлеу туындысы. Құрылымдық түргыдан бір сөйлем немесе өзара мағыналық жағынан бір-біріне тәуелді бірнеше сөйлемдер тізбегінен тұрады.

Мәтін синтаксисі – әртүрлі деңгейдегі мәтіннің құрылу ерекшеліктерін, мәтін түзетін сөйлемдер арасындағы қатынасты, сөйлемдердің өзара байланысуын, мәтіннің категорияларын қарастыратын, тілдік жүйенің ең жоғары сатысы.

Менгеру – багыныңқы сынардағы сөздің атап мен іліктен басқа септіктің бірінде келуі арқылы басыңқы сынармен байланысуы.

Модальділік – сөйленімде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасын (объективті) және сөйлеушінің қатынасын (субъективті) көрсететін категория.

Объективті модальділік - сөйлемдегі хабарламаның шындық болмысқа қатысы.

Оңашаланған айқындауыш - өзі айқындастын сөзден кейін тұрып, оны саралай, дәлелдей, нақтылай түсетін, айтылуда басқа мүшелерден ерекшеленіп, жазуда ұтірмен немесе сызықшамен ажыратылатын мүше.

Парцелляция – тұтас бір сөйлемнің бірнеше дербес фразаларға бөлшектенуі.

Предикативтілік – сөйлемді сөйлем ететін басты синтаксистік категория. Предикативтіліктің мағынасы мен қызметі сөйлем мазмұнын шындық болмысқа тенестіру болып табылады. Оның ажырамас қасиеттері - модалдылық, шақтылық, жақтылық тәрізді синтаксистік категориялар арқылы іске асады.

Просодикалық элементтер - 1. Мағынаны ажырату үшін қолданылатын фонетикалық құралдар жүйесі. Продосиканың бөліктепері: сөйлеу әуезі; екпін; тембр (әуен); ритм (ыргак). 2. Қабылдауда (тонның биіктігі, жиілігі, жоғарылығы, төмендігі, дауысталу, ұзактық) болатын суперсегментті фонетикалық сипаттама. 3. Сөйлеудің жасалуы үшін қажетті суперсегменттік құралдар: сөйлеу сегменттерін жіктеу немесе біріктіру.

Психологиялық бағыт – тіл біліміндегі тілді адамның психологиялық жағдайына және психологиялық қызметіне байланысты құбылыс ретінде қарастыратын зерттеу бағыты.

Пысықтауыш - сөйлемде негізінен етістікten болған мүшеге қатысты болып, оны мекен, мезгіл, мақсат, орындалу амалы жағынан нақтыладап, анықтап тұратын мүше.

Риторикалық сұрақты білдіретін сөйлем – айтылған ой мазмұнына тындаушыны сендіру және оның назарын өзіне аударту мақсатын көздейтін және ой мазмұны эмоционалды, экспрессивті берілетін сұраулы сөйлемнің түрі.

Рема – сөйлемдегі керекті ойдың басты бөлігі, қажетті коммуникативтік бөлік. Сөйлемнің ремалық бөлігі ақпаратты қабылдаушыга белгісіз, жаңа мағлұматты жеткізеді.

Семантикалық валенттілік – сөздердің мағыналық жағынан сәйкес, үйлесімділікте келуі.

Синтаксис - сөздердің бір-бірімен байланысу амалдарын, сөз тіркесін, сөйлем құру тәсілдерін, сөйлем құрамы мен түрлері, сөйлемдердің ірі бірліктерге бірігу тәсілдері мен түрлерін, ондағы же-ке-жеке сөйлемдердің бір-бірімен қатынасын зерттейтін ғылым.

Синтаксистік байланыс – сөздерді әр түрлі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы мағыналық, тұлғалық жағынан байланысқа түсіретін сөз тіркесі мен сөйлем жүйесін құрастыратын формалардың көрінісі. Синтаксистік байланыстың екі түрі бар: синтетикалық байланыс және аналитикалық байланыс.

Синтаксистік қатынас – синтаксистік құрылымдардың (сөз тіркесі, сөйлем) сыңарларының арасында болатын қатынас. Синтаксистік қатынас синтаксистік құрылым сыңарларының категориялық-семантикалық және грамматикалық қасиеттеріне негізделді. Синтаксистік қатынастың мынандай түрлері бар: предикаттық (бастауыш-баяндауыштық) қатынас; атрибутивтік (анықтауыштық) қатынас; объектілік (толықтауыштық) қатынас; адвербидалдық (пысықтауыштық) қатынас.

Синтаксистік мағына – синтаксистік категориялар мен синтаксистік құралдардың ішкі мазмұны. Сөйлем мен сөз тіркесі құрамындағы тіл құралдарының өзара байланысынан, қарым-қатынасынан пайда болады.

Синтаксистік талдау - сөйлемді оны құрайтын сөз тіркестеріне, сөйлем мүшелеріне, сөйлемнің түрлеріне (құрылымы, мақсаты, қызметі және т.б.) қарай талдау.

Синтетикалық байланыс – сөздердің өзара қосымшалар арқылы байланысуы.

Сөз тұлға – грамматикалық тұлғасы бар сөз.

Сөз және оның формаларының синтаксисі - белгілі бір формадағы толық мағыналы сөздің өзі сиякты басқа сөзді бағындыру қасиеттерін, олардың сөз тіркесі мен сөйлем мүшесі бола алу мүмкіндіктерін қарастырады.

Сөз тіркесі – толық мағыналы екі не одан да көп сөздердің синтаксистік қатынасты білдіру үшін өзара сабактаса және салаласа байланысқан тобы.

Сөз тіркесінің синтаксисі - сөздердің тіркесімділік қасиеттерін, олардың тіркесу заңдылықтары мен байланысу формаларын, тәсілдерін, сөз тіркесінің түрлерін қарастырады.

Сөйлем – синтаксистің негізгі грамматикалық категориясы, коммуникацияны жузеге асыратын сөйлеу бірлігі, сол себепті коммуникативтік бірлік болып табылады.

Сөйлем синтаксисі сөйлемнің құрылу принциптерін, сөйлемнің құрылымдық түрлерін, сөйлем мүшелерін, мағыналық түрлерін қарастырады.

Сөйлем синтаксисі – сөйлемдердің түзілу тетіктерін, құрылымы мен құрамын, түрлерін, құрделену жолдарын, жеке-жеке сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдерін, сол арқылы қурделі ой түзу заңдылықтарын зерттейтін синтаксистің құрамдас бір саласы.

Сөйлемді зерттеудің құрылымдық аспекті - синтаксистік бірліктердің құрылышын, құрылымдық схемасын көрсетіп беру, талдап беру.

Сөйлемді зерттеудің семантикалық аспекті - сөйлемді мағыналық тұрғыдан топтап, жіктеу.

Сөйлемді зерттеудің коммуникативтік аспекті - оның функционалды мүмкіндігін қараша, сөйлемді сөйлеу бірлігі ретінде контекст арқылы динамикалық сипатын түсіндіру.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері - сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, өзара тұлғалас сөйлем мүшелері.

СубSTITУЦИЯ - бірін екіншісімен алмастыру әдісі.

Субъект – пайымдалатын затты белгілейтін логикалық термин. Грамматикада субъект сөйлемдегі ойды белгілеуші мүше, ойдың иесі.

Сұраулы сөйлем – қандай да бір жауап, хабар алу мақсатында ерекше интонациямен айтылатын сөйлем.

Тема – сөйленімнің ремалық бөлігі сүйенетін арқау. Ол әрқашан алдыңғы контекстке және ситуацияға бағытталып, содан бастау алады.

Толықтауыш - субъект (бастауыш) қимылдының жүзеге асуына себепші, оның әсеріне, ықпалына ұшырайтын, оған жанама да, тікелей де қатысты болып, субъект әрекетін толықтырып, нақтылай түсетін объекттің білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Толымды сөйлем – айтылатын ойга қатысты мүшелер түгел қатысқан жай сөйлемнің түрі.

Толымсыз сөйлем – айтылатын ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаган, бірақ контекст арқылы ол ойды айқындауға болатын олқы сөйлемдер.

Транспозиция - сөйлем ішіндегі сөздер мен сөздердің орын алmasуы.

Тұрлаулы мүше – сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелері.

Тұрлаусыз мүше – тұрлаулы мүшелердің айналасына топтасып, соларға қатысты болатын, заттың сындық, сапалық, заттық т.б. қасиеттерін, қимылдың тарау аумағын, көлемін, бағытталған нысанын т.б. білдіріп, сөйлемді семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтырып тұратын мүшелер.

Түйдекті тіркес – өзара грамматикалық байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің бір сыңары ретінде оның құрамына енетін тіркестер.

Тура толықтауыш - мағыналық жағынан етістіктің сабақты түрінен болған іс-әрекетке тікелей байланысты болып, сонымен гана бір тіркес құрайтын заттық-объектілік қатынастағы толықтауыш түрі.

Тіркесім – басқа жоғары деңгейді жасау үшін қолданылатын тіл бірліктерінің тіркесу қасиеті.

Хабарлы сөйлем – объективті шындықтың үзіктерін, қандай да бір әрекет, құбылыс пен заттар туралы ақпаратты хабарлау мақсатында айтылатын сөйлем.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Адмони В.Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики. –Ленинград: Наука, 1988. – 240 с.
2. Ақыжанова А.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі парцелляция құбылысы: филолог. ғылым. канд. ... автореф. Алматы, 1999. – 25 б.
3. Аманжолов А., Әбілқаев А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. –Алматы: Ғылым, 1962. -17-18 бб.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. –А.: Санат, 1994.
5. Арнольд И.В. Основы научных исследований в лингвистике. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2016. – 144 с.
6. Аташев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің акуталды мүшленуі. Филол. ғыл. канд. ғыл. дисс. автореф. –А., 1995. – 20 б.
7. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. –А.:Санат, 1996. -202-203 бб.
8. Ахметова М. Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. -Орал: Ағартушы, 2008. –148 б.
9. Әлиева М. Есімдіктердің басыңқы сыңардағы валенттілігі. Фил. ғылм. канд. дисс. –Алматы, 2001.
10. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – А.Арыс, 2007. – 304 б.
11. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983.
12. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – А.: Санат, 1998. -192 б.
13. Базарбаева З. Интонация мен синтаксистік аракатынасы // Кітапта: Қазақ грамматкасының өзекті мәселелері. –Алматы: Кие: лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 397-423 бб.
14. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.– А.: Жазушы, 1989. – 320 б.
15. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –А.: Абзат-АЙ, 2013. – 640 б.
16. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
17. Балакаев М. основные типы словосочетания в казахском языке. – Алма-Ата: Из-во АН КазССР, -18-19с с.

18. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Арыс, 2008. – 592 б.
19. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –А.:Санат, 1997. – 240 б.
20. Балқыбекова Ы. Қазіргі қазақ тілінде бір сөздің қайталануы арқылы жасалған сөз байланыстары. Фил. ғылм. канд. дисс. –Алматы, 1998.
21. Бозбаева А. Толымсыз сөйлем: құрылышы, синтаксистік жүйедегі орны. Фил. ғыл. канд. дисс... авторефераты. –Алматы, 2005. – 25 б.
22. Большой энциклопедический словарь. –М., 2002
23. Ванников Ю.В. Синтаксические особенности русской речи (явление парцеляции). Москва, 1969.
24. Виноградов В.В. Понятие синтагмы в синтаксисе русского языка // Кітапта: Вопросы синтаксиса современного русского языка. –М., 1950.
25. Виноградов В.В. Избранные труды. Исследование по русской грамматике. –Москва, 1978.
26. Виноградов В.В. Стиль «Пиковой дамы» // «Пушкин. Временник пушкинской комиссии», 2. М.-Л., 1936.
- <http://dic.academic.ru>
27. Ермекова Т.Н. «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) курсы бойынша теориялық және практикалық сабактардың мазмұны. –А.: Білім, 2002. -132 б.
28. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисіндегі прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 198 б.
29. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. –Алматы, 1974.
30. Жақыпов Ж. Толымсызбен толықтыру. – Қарағанды: Болашақ, 2010. – 69 б.
31. Жақупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі: филолог. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1999. – 66 б.
32. Жолшанаева М.С. Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі. Алматы: Тоганай Т, 2007. – 176 б.
33. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -А.:Абзал-Ай, 2013. -640 б.

34. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -582 б.
35. Зейналова З.С. Семантическая структура и валентность глаголов обозначающих понятие «перемещение предмета в пространстве при динамическом воздействии на него» в современном английском и азербайджанском языках. Автореферат канд. диссер.. –Тбилиси, 1986.
36. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М.: Едиториал УРСС, 2003. - 368 с.
37. Исаев С. Қазақ тілі жайындағы ойлар. –Алматы, 1997. -210-211 бб.
38. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. – Л: Наука, 1986. – 300 с.
39. Керімбекова Ұ. Бастауышсыз толымсыз сөйлемдер. Қазақстан мектебі. 1976. №2, - 45-47 бб.
40. Керімбекова Ұ. Анықтауышсыз толымсыз сөйлемдер. Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. 7- шығуы. 1976. –Алматы, 1971. 83-88 бб.
41. Крючков С.Е. О присоединительных связях в современном русском языке. // Вопросы синтаксиса современного русского языка. Москва, 1950.
42. Колшанский Г.В. Логика и структура языка. – М.: Высшая школа, 1965. - 240 с.
43. Кошевой К.К. Суждение и предложение и павловское учение об условных рефлексах. – Пермь: Пермское кни. изд-во, 1959. –101 с.
44. Кепбаева Ж. Қазақ тіліндегі мөлшер үстендер. Фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайыдалған диссер. авторефераты. – Алматы, 2003.
45. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. – 784 б.
46. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Монография – оқулық. – А.: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. -7-10 бб.
47. Кордабаев Т., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі: Оқулық. – А: Дәуір, 2014. – 240 б.

48. Қордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. –Алматы, 1975.
49. Лингвистический энциклопедический словарь. –М., 1990.
50. Майзель С.С. Изает в турецком языке. –М.-Л., 1957. – 184 с.
51. Мыркин В.Я. Текст, подтекст и контекст. Вопросы языкоznания. 1976, № 2, С. 86-93.
52. Мыркин В.Я. Типы контекстов. Коммуникативный контекст. Филоло-гические науки. 1978, № 1, С. 95-98.
53. Мухин А.М. Морфологические категории и функциональный синтаксис. – СПб.: Наука, 2002. – 178 с.
54. Новый словарь иностранных слов. Минск, 2005.
55. Нұрханов С. Тіркесім және оның түрлері // Қазақстан мектебі, 1965. №12. -71-74 бб.
56. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 176 б.
57. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
58. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формант-тарының құрылышы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 196 б.
59. Панфилов В.З. К вопросу о соотношении языка и мышления // Мысление и язык. – М.: Политиздат, 1957. – 407 с.
60. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. –Москва, 1956.
61. Пешковский А.М. Интонация и грамматика // Известия по русском языку и словесности. Кн.2, – Рязань, 1928.
62. Садуакасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы. - А.: Қазақстан, 1994. – 128 б.
63. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –А.: Рауан, 1991. – 30-31 бб.
64. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –А.: Арыс, 2010. -640 б.
65. Сайрамбаев Т., Ибраимов Ә. Үстеулердің басыңқы сынарда жұмсалуы. ҚазМУ Хабаршысы, филология сериясы. № 18, 1998.
66. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірme сөздік. – А.: Словарь-Сөздік, 2002. – 304 б.

67. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қымыл есімінің семантикасы мен функциясы. Филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1991.
68. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Филол. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1999. -47 б.
69. Сафиуллина Ф.С. Явление парцелляции в современном татарском языке // Советская тюркология. № 4, 1974. 3-9 с.
70. Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері (етістік бас мүшелі сөйлемдер). Фил. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1997.
71. Серебренников Б.А. Язык отражает действительность или выражает ее знаковым способом? // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
72. Сквородников А.П. О классификации парцеллированных предложений в современном русском литературном языке // Научные доклады высшей школы. “Филологические науки”, №2, 1978. 58-67 с.
73. Сквородников А.П. О классификации парцеллированных предложений в современном русском литературном языке // Научные доклады высшей школы. “Филологические науки”, №2, 1978. 58-67 с.
74. Степanova M.D. O «внешней» и «внутренней» валентности слов. ИЯШ, 1967. №3, 13-19 сс.
75. Сыздықова Г. Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік. Филол. ғыл. док. ... дисс. авторефераты. –Астана, 2010. – 40 б.
76. Сыздықова Г. Валенттілік байланыстағы сөз таптарының сипаты // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2010. № 3 (1). – 171-175 бб.
77. Темірбекова Г. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер. филолог. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 22 б.
78. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлемнің типтері. – Алматы, Мектеп, 1976. – 180 б.
79. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –А.: Қазақ университеті, 2012 ж. -5-8 бб.
80. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. Москва, 1957.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
-----------------------	----------

1 Синтаксистің жалпы мәселелері

1.1 Синтаксис: зерттеу нысаны, негізгі ұғымдары	5
1.2 Синтаксисті зерттеудің аспектілері	15
1.3 Синтаксистің зерттелу тарихы	24
1.4 Валенттілік теориясы және синтаксистік валенттілік	34

2 Сөз тіркесі синтаксисі

2.1 Сөз тіркесі – синтаксистің нысаны	42
2.2 Сөз тіркесінің басқа тілдік бірліктермен арақатынасы	50
2.3 Сөздердің синтаксистік байланысу тәсілдері мен байланысу түрлері	58
2.4 Сөз тіркестерінің түрлері	69

3 Жай сөйлем синтаксисі

3.1 Сөйлем және оған тән басты грамматикалық белгілер	74
3.2 Жай сөйлемнің түрлері	85
3.3 Сейлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі	91
3.4 Толымсыз сөйлемдер	105
3.5 Парцеляцияланған сөйлемдер	114
3.6 Атаулы сөйлемдер	123

4 Сөйлем мүшелері синтаксисі

4.1 Сөйлем мүшелері. Бастауыш. Баяндауыш	128
--	-----

4.2 Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш	135
4.3 Жай сөйлемнің күрделену жолдары	142

5 Практикалық тапсырмалар

5.1 Сөз тіркесі синтаксисі бойынша орындастын тапсырмалар ..	151
5.2 Сөйлем түрлері бойынша орындастын тапсырмалар	159
5.3 Сөйлем мүшелері бойынша орындастын тапсырмалар ...	161
Тест тапсырмалары	164
Глоссарий	178
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	185

Жолшабаева Майра Сатыбалдықызы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ

Oқы күралы

(5B020500 - филология: қазақ филологиясы мамандығы
студенттеріне арналған)

Беттеген:
Қасымов С.А.

Баспаға 22.01.2018 берілді. Пішімі 60x84^{1/16}
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 12.
Таралымы 500 дана.

ЖК «БАЛАУСА» баспаханасында басылды
Байланыс тел.: 8 705 325 72 79, 8 702 109 94 49
E-mail. Kasim_ser@mail.ru



Жолшабаева Майра Сатыбалдиевна

1974 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданында дүниеге келген. 1996 жылы эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология факультетін бітірген. 1996-1999 жж. осы университетте күндізгі аспирантура белгімінде оқыған. 2001 жылы кандидаттық, 2009 жылы докторлық диссертация корғаган. 2016 жылғы «Жоғары Оқу орнының Үздік Оқытушысы» атағының иегері. Қазір Судейман Демирель атындағы университеттің «Тілдік білім беру» кафедрасының профессоры болып қызмет аткарады.

Айналысатын негізгі ғылыми бағыттары: синтаксис, морфология, қазақ тілінің функционалды грамматикасы, лингвистикалық семантика.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірme сөздігін құрастыруши автордың бірі, «Қазіргі қазақ тілі: функционалды грамматика», «Қазіргі казақ тілі: жай сөйлем синтаксисі», «Қазақ тілінің этнограмматикасы» атты оқу құралдары және «Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі», «Қазақ тіліндегі етпістіктер және аспектуалды семантика» монография мен 70 жылдық ғылыми макаланың, «Қазақ тілі» пәнінен мектеп оқулықтарының авторы.